

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» ШЖҚ РМҚ

**«Нұрпейіс оқулары» аясындағы
«Жаңа тарихи сана қалыптасуы контекстінде Отан
тарихын зерттеудің мәселелері»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
15 наурыз 2024 жыл**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«Проблемы изучения Отечественной истории в контексте
формирования нового исторического сознания»
в рамках «Нурпеисовских чтений»
15 марта 2024 года

**«НҰРПЕЙІС ОҚУЛАРЫ»
АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ
(15 наурыз 2024, Алматы)**

КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

II ТОМ

**Алматы
Қыздар университеті, Наурыз - 2024**

УДК 001(063)
ББК 72
Ж 66

ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ

ҚАНАЙ Г.Ә. PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Басқарма Төрағасы-Ректор

ҚАБЫЛДИНОВ З.Е. тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
директоры

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

АШИРБЕКОВА Ж.Б. тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтының
директоры

ЖҰБАНЫШОВ Б.Т. тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.
Бағдарлама көшбасшысы

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

СМАНОВА А.М. тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Ж 66 «ЖАҢА ТАРИХИ САНА ҚАЛЫПТАСУЫ КОНТЕКСТІНДЕ ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Қыздар университеті, 2024. - 231 бет.
«ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ НОВОГО ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ» сборник материалов международной научно-практической конференции. – Алматы: Қыздар университеті, 2024 - 231 стр.

Жинаққа «Қазақстан тарихы көшпелілер өркениетінің құрамдас бөлігі ретінде», «Отан тарихын зерттеудегі жаңа трендтер және тарихи сабақтастық мәселелері», «Тарихи санақалыптастырудағы гуманитарлық ғылымдардың рөлі», «Гуманитарлық пәндерді оқытудағы жаңа әдістер және патриоттық тәрбие беру мәселелері» атты бағыттарда талдау жасалған баяндамалар мен тарих ғылымының түрлі аспектілеріне арналған зерттеулер топтастырылды. Жинақ гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандарға, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

Научный сборник включает доклады участников конференции по различным проблемам исторической науки по направлениям «История Казахстана как составная часть кочевой цивилизации», «Новые тренды в изучении отечественной истории и проблемы исторической преемственности», «Роль гуманитарных наук в формировании исторического сознания», «Проблемы патриотического воспитания и новые подходы в методике преподавания гуманитарных дисциплин». Сборник предназначен для специалистов в области гуманитарных наук, студентов и преподавателей высших учебных заведений, а также широкой общественности.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-601-224-741-1

© Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2024

ТАРИХИ САНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТАН ТАРИХЫНЫҢ РӨЛІ

ТОҚБЕРГЕНОВА З.С.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада тарих ғылымының тарихи сананы қалыптастырудағы рөлі көрсетілген. Отандық тарих ғылымында өткен тарихты үзінділер түрінде емес, мүмкіндігінше тұтас процесс ретінде қарастырып, ежелгі және орта ғасырлық тарихқа баса көңіл бөлу, Қазақстан тарихының кеңестік кезеңін қайта қарап, қазақ диаспоралары туралы тарихты зерттеуге басты назар аударумен бірге елімізді мекендейтін этникалық топтарына тиісті мән беру қарастырылғанына тоқтала отырып, студент жастарға өткен оқиғаларды және олардың бүгінгі күнге әсерін түсінуге және бағалауға көмектесетіндігі баяндалған.

Тірек сөздер: Отан тарихы, тарихи сана, қоғамдық сана, тарихи фактілер, рухани өмір, дүниетаным.

Аннотация. В статье показана роль исторической науки в формировании исторического сознания. Подчеркивается, что в науке отечественной истории историю прошлого следует рассматривать не в виде фрагментов, а как можно более целостный процесс, делая упор на древнюю и средневековую историю, пересмотреть советский период истории Казахстана, акцентируя внимание на изучение истории казахской диаспоры и приданию должного значения этносам, населяющим нашу страну. Сообщается, что это помогает студенческой молодежи понять и оценить события прошлого и их влияние на сегодняшний день.

Ключевые слова: Отечественная история, историческое сознание, общественное сознание, исторические факты, духовная жизнь, мировоззрение.

Annotation. The article shows the role of historical science in the formation of historical consciousness. It is emphasised that in the science of national history the history of the past should be considered not as fragments, but as a holistic process as possible, with an emphasis on ancient and medieval history, revisit the Soviet period of the history of Kazakhstan, focusing on studying the history of the Kazakh diaspora and giving due importance to the ethnic groups inhabiting our country. It is reported that this helps young students to understand and appreciate the events of the past and their impact on today.

Keywords: History of the Motherland, historical consciousness, social consciousness, historical facts, spiritual life, worldview.

Тарихты оқыту процесінде білім беруді ізгілендіруді қамтамасыз ететін білім беру, танымдық, тәрбиелік, дүниетанымдық секілді алуан түрлі міндеттер шешіледі.

Дегенмен, ең маңыздыларының бірі – күрделі де сан қырлы рухани құбылыс болып табылатын тарихи сананы қалыптастыру міндеті болып табылады. Ғылымда тарихи сана деп жеке адамдар, әлеуметтік топтар, таптар, халықтар, ұлттар өздерінің шығу тегі туралы, өз тарихындағы ең маңызды оқиғалар мен өткеннің көрнекті қайраткерлері, олардың тарихының басқа адамдар қауымдарының және бүкіл адамзат қауымының тарихымен байланысы туралы түсініктерін қалыптастыратын білімдер жүйесі, ұсыныстардың, көзқарастардың, дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, салттардың, идеялардың, ұғымдардың жиынтығы ретінде түсініледі. Осылайша, адамдардың (халықтардың, ұлттардың) қауымдастығы өзінің өткенін ұғына отырып, оны кеңістік пен уақытта оның барлық үш күйінде – өткен, қазіргі және болашақта жаңғырта алады, сол арқылы заман мен ұрпақтың байланысын, жеке тұлғаның өзіне адамдардың белгілі бір қауымы – халыққа немесе ұлтқа тиесілілігін сезінуіне ықпал етеді.

Тарихи сана мәдениетіміздің, дәстүрлеріміздің және құндылықтарымыздың қалыптасуына қандай факторлар мен оқиғалар әсер еткенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге ата-бабаларымыз, олардың жетістіктері мен қателіктері, мәдениетіміздің дамуына әсер еткен тарихи тұлғалар мен оқиғалар туралы білуге мүмкіндік береді.

Тарихи сана білім беруде маңызды рөл атқарады, өйткені ол студент жастарға өткен оқиғаларды және олардың бүгінгі күнге әсерін түсінуге және бағалауға көмектеседі. Ол сыни ойлауды дамытуға, ақпарат көздерін талдауға және өз көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі.

Тарих ғылымы – ұлттың, елдің тәуелсіздігінің және тарихи сананы қалыптастырудың іргетасы болып табылады. Өйткені, мемлекетіміздің тарихы – оның дүниежүзілік қауымдастықтағы орнын ашып көрсететін басты фактор болып отыр. Тарихсыз қоғам, халық, мемлекет болмайтыны айдан анық. Бірақ

сол тарихтың ғылымға негізделіп, шынайы, түбегейлі жан-жақты зерттелмеуі тарихи сананың, ұлттық рухтың әлсіреуіне әкелетініне, әсіресе өткен жиырмасыншы ғасырдың ұрпақтары талай рет көз жеткізді. Ендеше отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе – сол ғылымның теориялық және методологиялық ұстанымдарына арқа сүйеп, іргелі зерттеулер жүргізу арқылы болашақтың зиялы ұрпақтарын тәрбиелеу болып отыр.

Халқымыздың тарихи санасын тәрбиелеудің маңыздылығына Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше мән бере отырып, «Ұлттық тарихи санасын нығайту өте маңызды. Барлық дамыған мемлекет өздерінің өткен жолының канондық образын қалыптастыруға ерекше назар аударады. Бұл істе ел тарихының көптомдық басылымы шешуші рөл атқарды. Тәуелсіздік жылдарында заманауи ғылыми талаптарға жауап беретін Қазақстанның көптомдық тарихын дайындаудың стратегиялық міндеті толыққанды шешілмей келді. Сондықтан «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаламда Қазақстан тарихының көптомдық жаңа басылымын дайындау мәселесін көтердім», деп атап өткен болатын.

Кез-келген мемлекет өзінің өркендеу барысында ең алдымен мемлекеттің тарихына мән береді. Елімізде де тарих ғылымы қоғамдық-саяси өмірдің алдыңғы қатарына көтерілді. Өйткені мемлекетіміздің тарихы ұлттық сананың негізгі тірегі болып отыр. Тарихты өткен өмір ғана - деп білу қате пікір. Шынайлықты тапқан тарих адамзаттың әлемдегі өзіндік орнын анықтап берсе, ал бұрмаланған тарих адамзаттың өздігін жоғалтып жібереді. Атап айтсақ, Түркияда республика құрылғаннан бастап отан тарихы ғылымын дамытуға, жетілдіруге ерекше мән беріліп келеді. Бастама ретінде 1930 жылы түрік елінің басшысы Мұстафа Ататүрк: «Алдымен ұлтқа тарихын, ұлтының асыл екенін, барша мәдениеттің анасы – алдыңғы қатардағы ұлттың ұрпағы екенін үйретуге тиіспіз», - деп атап өтеді (Аманжолов, Рахметов, 1997:18).

Отандық тарих ғылымында өткен тарихты үзінділер түрінде емес, мүмкіндігінше тұтас процесс ретінде қарастырып, ежелгі және орта ғасырлық тарихқа баса көңіл бөлу, Қазақстан тарихының кеңестік кезеңін қайта қарап, қазақ диаспоралары туралы тарихты зерттеуге басты назар аударумен бірге елімізді мекендейтін этникалық топтарына тиісті мән беру қарастырылған болатын.

Профессор Т.С.Садықов «Академик М.Қ.Қозыбаев және Отан тарихын кезеңдеудегі жаңа методологиялық ұстанымы» тақырыбындағы өз баяндамасында: «Кезеңдерге бөлу тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызды терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады» - деген болатын (Садықов, 2018:27).

Ғалым тарихшылар ортағасырлық тарихқа баса көңіл бөлуді ұсына отырып: «Ортағасырлық Отан тарихын оқытуда біріншіден, қазақ хандығының орталықтанған билік жүйесіне тоқталса. Оқулықтарда бұл мәселе жалпылама түрде аталады. Екіншіден, ортағасырлық көшпелі халықтың рухани мәдениетіне мән берілсе. Өйткені қазақ халқының хандары, билері, ақындары, жыраулары, ойшылдары мен әншілері ислам дінінің білгірлері, ислам өркениетінің өкілдері» - дейді (Қазақ мемлекеттілігінің тарихы, 2007:414).

Ғалым Б.Кәрібаев «Ортағасырлық қазақ даласы туралы мәселе көтерілгенде рухани өмірдің саясаттағы, әлеуметтік қоғамдағы ықпалы мен рөліне кеңірек тоқталса. Бұл ата-бабамыздың дәстүрлі рухани жолын, мәдени жетістіктерін Ұлы Далада пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралағаны жастардың тура жолдан адаспауына үлесін қосады. Жаңа заман тарихында қазақ хандығының патшалық Ресейдің боданына айналу тарихы өзіндік өзекті мәселелерге толы. Ол кезде қазақ хандығына өз территориясын сақтап қалу қаншалықты маңызды болса, ал патшалық билікке экономикалық табыс көзі тиімді болды» - деп ойын білдіреді (Кәрібаев, 2014:448).

Ал, ғалым тарихшылар Омарбековтер: «Бұл идеология ХҮІІІ ғасырдағы ресейлік зерттеушілердің еңбектерінен анық байқалады. Зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде ХҮ ғасырдың ортасынан қазақ хандығы тұтас саяси құрылым ретінде өмір сүріп, ХҮІІІ ғасырдан бастап әрбір жүз өз хандарын сайлай бастағанын тілге тиек етеді» - дейді (Омарбеков, 2004:96).

Тарихи сана қоғамдық сана элементтерінің бірі болып табылады және қоғам мен жеке адамның дүниетаным жүйесінде дербес және өте маңызды орын алады. Ол тарих фактілерін білумен шектелмейді, тарихи тәжірибе идеясымен сәйкестендірілмейді, соған қарамастан оларды өз мазмұнына қосады. Оның маңызды құрамдас бөлігі де жалпыланған тарихи тәжірибе мен тәжірибеден туындайтын тарих сабақтары болып табылады.

Тарихи сананың қалыптасуы тарих шындығы негізінде ғана мүмкін болады. Өткенді бұрмалау, оның кез келген бетін субъективті түсіндіру, сондай-ақ тарихи фактілер мен оқиғаларды үнсіз қалдыру бүгінгі күнді ғылыми тұрғыдан түсінуді сөзсіз жоққа шығарады және болжамды болашақ бейнесін бұрмалайды.

Осы Отан тарихы адамдарға тиісті білім мен дағдыларды игеруге, тарихи перспективаға кең көзқарас алуға, қазіргі заманғы саяси процестерді бағалау мен түсінуде тәуелсіз ұстанымды дамытуға мүмкіндік береді.

Отан тарихы курсына, кез келген басқа тарихи пәндер сияқты, тарихшылық принципі өте маңызды. Бұл принцип кез келген тарихи оқиғалар мен фактілерді әртүрлі әлеуметтік топтар мен топтардың, жекелеген тарихи тұлғалардың өзіне тән менталитетін ескере отырып, тиісті тарихи уақыт контекстінде зерттеуді көздейді. Мұнсыз өткен кезеңде болған процестердің мәнін дұрыс түсіну және түсіндіру мүмкін емес.

Тарихи санаға қалыптасуы тарихшылық принципін қолдануға негізделген тарихи білімдер жатады. Тарихшылық принципі шындыққа осы көзқараста жатыр, бұл кезде шындық уақыт өте өзгереді. Тарихшылық принципі объектіні белгілі бір ішкі құрылымы бар жүйе ретінде қарастыруды, оның даму процесін зерттеуді, объектінің сапалық өзгерістерін, бір күйден екінші күйге өту заңдылықтарын анықтауды; тарихшылық принципі құбылыстар мен оқиғаларды басқалармен байланыста, тарихтың нақты тәжірибесімен байланыстыра отырып, тарихи тұрғыдан қарастыруды көздейді.

Тарихшылық принципі қазіргі уақытта құбылыстардың әртүрлі түрлерін талдауда қолданылады және белгілі бір ғылымның зерттеу әдістемесінде қолданылады. Ол сондай-ақ әртүрлі пәндерді оқыту әдістемесінде: жаратылыстануда да, гуманитарлық ғылымдарда да (ғылым мен техника тарихы, басқару тарихы, экономикалық ілімдер тарихы) пайдаланылады. Белгілі бір ғылым саласында ашылған жаңалықтардың, елеулі оқиғалардың, белгілі тұлғалардың хронологиясы пәнді оқытуда бұлтартпас құрамдас бөлік, өткен тәжірибені білу, өткен тәжірибеге сүйену әр түрлі мамандардың кәсіби шеберлігінің, кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Тарихшылар өткенімізді «қараламау» туралы үндеулерден бас тартуы керек (сталинизм мен постсталинизмді, социализмнің кеңестік үлгісін, әміршіл-әміршіл жүйені және т.б.). Өйткені, тарих «жаман» немесе «жақсы» болуы мүмкін емес. Ол қандай болды, солай бола береді, ал ол туралы шындық қана халықтың санасын босатады, оның ақыл-ойын тазартады және оның ар-ұжданын оятады. Тек Қазақстанның шынайы тарихының сабақтарында ғана ғылыми тарихи сананы қалыптастыруға болады.

Отанының, халқының басынан өткенін нақты білетін, рухани дүниесі бай азаматтарды қалыптастыру қазіргі күннің талабы, ал ондай қалыптасқан азамат ел тірегі болары анық. Қазіргі уақытта азаматтардың тарихи санасын қалыптастыру қоғамның сұранысынан туындап отыр. Оған жаңа процестердің пайда болуы, көп ұлтты мемлекет болуымыз және тағы басқаларды жатқызуға болады. Сондай-ақ азаматтарымызда кең тарихи сананы қалыптастыруға мемлекет тарапынан да ерекше мән беріліп жатыр. Қазақстан тарихын әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінде оқыту деңгейін үздіксіз жетілдіріп отыру осының бірден-бір дәлелі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов К., Рахметов К. *Түркі халықтарының тарихы*. – Алматы, 1997. – 288 б.
2. Садықов Т.С. Академик М.Қ. Қозыбаев және Отан тарихын кезеңдеудегі жаңа методологиялық ұстанымы // «Қозыбаев оқулары – 2018: Еуразиялық әлеует және жаһандық сынқатерлер жағдайындағы жаңа даму мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Петропавл, 2018. – 25-29.
3. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). *Монографиялық зерттеу*. – Алматы: «Адамар» ЖШС, 2007. – 432 б.
4. Кәрібаев Б.Б. *Қазақ хандығының құрылу тарихы*. Монография. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
5. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. *Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас*. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ

ӘБДИҚАЛЫҚ К.С.

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

АБДИКАЛИКОВА Э.С.

*тарих пәнінің мұғалімі, «64 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Арал қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Бұл мақалада 1905-1907 жылдардағы алашқозғалысының алғашқы қалыптасу кезеңі жүйелі сөз етіледі. Ұлт зиялыларының отаршылдыққа қарсы алғашқы қозғалысын айқындайтын саяси күрестің бастапқы сатылары талқыланып, тарихи мәні зерделенеді. Алаш партиясының көсемі Ә.Бөкейхановтың мақалаларын негізге ала отырып, К.Нұрпейісов сынды тарихшы ғалымдардың пікірлері сараланады. Алашқозғалысының осы алғашқы қалыптасу кезеңі ұлттық әдебиеттен де орын алғандығымен дәлелденеді.

Тірек сөздер: ұлт зиялылары, азаттық күрес, петиция, манифес, мемлекеттік Дума, т.б.

Аннотация. В этой статье систематически рассматривается первый период становления движения Алаш в 1905-1907 годах. Обсуждаются начальные этапы политической борьбы, определившие первое движение национальной интеллигенции против колониализма, анализируется его историческое значение. На основе статей лидер партии Алаша А.Бокейханова анализируются мнения таких ученых - историков, как К.Нурпейсов и др. Этот первый период становления движения Алаш подтверждается тем, что он имеет место и в национальной литературе.

Ключевые слова: национальная интеллигенция, освободительная борьба, петиция, манифест, Государственная дума, и др.

Annotation. This article systematically examines the first period of formation of the Alash movement in 1905-1907. The initial stages of the political struggle that determined the first movement of the national intelligentsia against colonialism are discussed, and its historical significance is analyzed. Based on the articles of the leader of the party Alash A. Bokeikhanova, the opinions of such scientists - historians as K. Nurpeisov and others are analyzed. This first period of the formation of the Alash movement is confirmed by the fact that it also takes place in national literature.

Keywords: national intelligentsia, liberation struggle, petition, manifesto, State Duma, etc.

XX ғасырдың басында отаршылдықтың уытынан қазақ халқының болашағына қауіп төнді. Жергілікті халықты орыстандыру, шұрайлы жерлерін тартып алып, Ресейден әкелінген жерсіз шаруаларды қоныстандыру саясаты жедел жүріп жатқан кезең еді. Мұндай жағдай Ресейге бодан болған бұратана халықтың бәрінің басына туды. Ресейдің ішкі өмірінде жағдай ауырлап, наразылық күшейіп, патша үкіметіне қарсылық ұлғайды. Мұның аяғы XX ғасыр басындағы буржуазиялық төңкерістерге ұласқаны белгілі. Осы уақыт алғашқы орыс революциясымен қоса, отарлық саясатқа наразылық танытқан ұлт қозғалысын да алып келгені тарихтан мәлім. Сол кезеңнің өзінде Ә.Бөкейханов «бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық жолындағы қозғалыс тасқыны құрсауына енді» деп жазды.

Қазақ тарихында Алаш қозғалысының орны бөлек екені бәрімізге аян. Тарихшы ғалымдардың айтуынша, «Алаш» қозғалысы «ұлт интеллектуалдарының қозғалысы» болып табылады. Расымен де бұл қозғалыс – ұлттық сана-сезімді оятуда жаңаша ой-пікірлердің қалыптасуына жол ашқан ұлт-азаттық күрестің бір түрі. Алаш қозғалысының 1905-1920 жылдарда еліміздегі Қарқаралы петициясын ұйымдастыру, баспасөз бетінде үгіт-насихат жұмысын жүргізу, мемлекеттік Думаға депутат сайлау, бүкілодақтық съезд өткізу, «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасау, мемлекеттің тәуелсіздігін жариялап, Алашорда үкіметі, Алаш автономиясын құру сияқты саяси күрестің күрделі сатыларынан өткендігін тарихтан білеміз.

Алаш қозғалысын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, оның тарихы 1905 жылғы Ресей патшалығының озбырлық саясатына қарсы жазылған Қарқаралы құзырхатынан бастау алады. Белгілі тарихшы ғалым М.Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» атты еңбегінде «Ұлттық интеллигенцияның дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады. Ол жөнінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Х.Ғаббасов сияқты қайраткерлердің кезінде айтқан пікірлерін келтіруге болады. Бірақ біз бұл мәселенің дау туғызбайтын шындық екендігін ескере отырып, тек М.Дулатовтың айтқан пікірімен шектелуді жөн көрдік. Ол «Қазақ» газетінде 1913 жылы былай деп жазған еді: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да бас пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жөн-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды» (Қойгелдиев, 1995: 92-б.) дей келіп, «Сонымен, 1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сапаға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса, ең алдымен, патшаға, орталық билікке петиция жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелдіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезі қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам, арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал және Торғай облыстары қазақтары жазған петицияға 44 адам, ал белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына 14,5 мың адам қол қойған еді» (Қойгелдиев, 1995: 94-96 бб.) деген пікір білдіреді. Осындай деректерге сүйенер болсақ, Алаш қозғалысының Ресей патша үкіметінің отаршылдығын әшкерелеген петициялардан бастау алатынына шүбә келтірмеуге болады.

Бұл тарапта тарихшы ғалым, академик К.Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» деген зерттеу еңбегінің екінші тарауын арнайы «Алаш қозғалысының бастау көздері» деп алып, осы кезеңге кеңінен тоқталған. Алаш зиялыларының көзі тірісінде «Алашорда тарихы бойынша очерктер» деген кітап жазған С.Брайнин, Ш.Шафиро «Насквозь либеральная политика алашской интеллигенции обнаруживалась в каждом шаге ее якобы революционной деятельности в 1905-1907 гг.» (С.Брайнин, Ш.Шафиро, 1935: 18-

б.) деп бұл мәселені сол уақытта-ақ нақтылап берген еді.

Енді осыларды сол кезеңдегі ұлт зиялыларының өз пікірлерін негізге ала отырып та қарастырайық. Ә.Бөкейханов 1910 жылы жарық көрген «Қазақтар» еңбегінде «1905 жылдың басындағы «халық қалаулыларының басқосуын шақыру», халық мұңын айтатын арыз-тілек хаттарды (петицияларды) жазуға рұқсат беру жөніндегі шаралар қазақ даласында да азаттық қозғалысын өрістетті. Сәуірдің 17-сіндегі Жарлық көңіл-күйді одан сайын көтерді. 1905 жылдың көктемінен бастап халық көп жиналған жайлаулар мен жәрмеңкелерде қазақ жұртының қамын қозғайтын саяздар басталып, оларда жоғары мәртебелі есімдерге берілетін арыз-тілек хаттар жазылып, жаппай қол қойылып жатты.

Ол құжаттарда дінге және жерге қатысты мәселелер саяси-бостандық мәселелерінен алда тұрды» (Бөкейханұлы, 1994: 5) дей келе, осы хатты әзірлеуге қазақ зиялыларының толықтай ат салысқанынан хабардар етеді. Одан әрі «1905 жылдың маусымында қазақ даласының қақ орта тұсында Қарқаралы Қоянды жәрмеңкесінде 14500 қазақтың атынан Министрлер Советінің төрағасына аттандырылған арыз-тілек хат азаттық аңсаған халықтың ояңған санасының алғашқы үн қатуы болған.

Арыз-тілек хаттың алғашқы баптары қазақтың дін ісін Ішкі істер министрлігі қарамағынан босатып, жоғарыға тәуелсіз діни басқарма құру керектігін айтудан басталып, жер, тіл, сот туралы мәселелерді қозғай келе, Мемлекеттік Думаны шақыру, оған қазақтың депутаттар қатыстыру жөніндегі талаппен түйінделді» (Бөкейханұлы, 1994: 5) деген деректердің өзі қазақ елінің құқығын қорғаған азаттық қозғалыстың алғашқы нышандары екенін айқындай түседі. Ал осықазақ даласы топырағында болған бұл оқиғалар сол уақытта өмір сүрген ақындар шығармашылығынан да қалыс қалған жоқ. Мәселен, Нарманбет ақынның «Қазақты жүруші едің қойдай бағып» деген өлеңінде Қарқаралы петициясы туралы, осы іске ұйытқы болған Алаш азаматтарының ел ісіндегі адал қызметі сипатталған еді. Тіпті, мұны М.Әуезовтің 1923 жылы жазған «Ахаңның елу жылдық тойы» деген мақаласынан да аңғарамыз: «1905 жылы Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хукіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылардан орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған» (Байтұрсынов, 1991: 19). Бұл жөнінде ғалым К.Нұрпейісовтің «Шындығында да Мұхтар Әуезов дұрыс көрсеткеніндей, Қарқаралы петициясын дайындауға Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев сияқты сол кездегі қазақ интеллигенциясының көшбасшылары ат салысқаны даусыз» (Нұрпейісов, 1995: 40) деген пайымдауы да өте орынды.

Қазақ топырағында болған екінші елеулі оқиғаны Ә.Бөкейханов былай жазады: «Қазанның 17-сіндегі Манифест қазақ тіліне аударылып, бүкіл қазақ даласына таратылды. Қалаларда тұратын қазақтар Манифесттің қысқаша мазмұны берілген жеделхаттарды алып мез-мейрам болысты...

Қалаларда қазақтар барша адамның теңдігі, ұждан бостандығы, халық билігі туралы жалынды сөздер айтқан зиялыларға қосылды» (Бөкейханұлы, 1994: 5).

Халел Досмұхамедов, Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Жаһанша Досмұхамедов сынды қазақ зиялыларының осы уақыттағы белсенділігі жайлы ғалым К.Нұрпейісов аталмыш еңбегінде біршама деректер, оның ішінде КР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінен алынған мәліметтерді келтірген. Қазақ зиялыларының патша өкіметі жариялаған «17 Октябрь Манифесіне» үміт артқаны да ақындар шығармаларында арқау болды. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақтың осы күнгі әңгімесі» өлеңінде осы уақыттың кейбір ызғары барынша бедерленген.

Одан әрі тарихқа көз жіберсек, ұлт зиялыларының қозғалуына үлкен ықпал еткен үшінші елеулі оқиға мемлекеттік Думаларға депутаттық сайлау болатын. «1905-1907 жылдар Қазақстанның саяси өмірі мен ұлттық интеллигенцияның тарихында I және II Мемлекеттік Думаға (бүкілроссиялық парламент – авт.) сайлауға дайындық пен оны өткізуге байланысты оқиғалар ерекшеленді. Бұл науқандарға ұлттық интеллигенцияның белгілі өкілдері белсенді түрде араласты» (Нұрпейісов, 1995: 40). 1906 жылғы Мемлекеттік I Дума да, 1907 жылғы II Дума да патша әмірімен күшпен таратылғаны, 1907 жылы II Думаны таратқан патшаның 3 июньдегі жарлығы қазақ сынды бірқатар ұлттарды сайлану құқынан айырғаны тарих дерек көздерінен мәлім.

I және II Мемлекеттік Думаға депутат болған қазақ зиялыларының ұлт тағдырына алаңдаушылығы жайлы айта келіп, ғалым К.Нұрпейісов Б.Қаратаев қаайрықша тоқталады. «Бақытжан Қаратаевтың II Мемлекеттік Думаның 1907 жылы мамырдың 16-сында өткен мәжілісінде сөйлеген сөзін ерекше атау керек. Өзіне берілген 10 минут ішінде столыпиндік аграрлық реформаны, оның негізгі бағыттарының бірі – Орталық Россиядан Қазақстанның далалық облыстарына орыс шаруаларын жаппай

көшіру ісін әшкерелеп, мұны Қазақстан мен Орта Азияны отарлауды күшейтетін және жергілікті халықтарды тонауды шырмау шегіне жеткізетін мемлекеттік саясат ретінде айыптады» (Нұрпейісов, 1995: 42) дей келе, «Б.Қаратаевтың патша үкіметінің аграрлық саясатына берген батыл да әділ бағасы Мемлекеттік Думаның депутаттарына ғана емес, көпшілік қауымға да үлкен әсер етті. Бұл туралы әртүрлі саяси партиялардың газеттері өз пікірлерін жазып, кейбір саяси қайраткерлер өз ойларын білдірді. Дәл сол кезде қазақ саясаткері большевиктердің көсемі В.И.Лениннің назарына ілікті» (Нұрпейісов, 1995: 43) деп ұлт зиялыларының патша үкіметі саясатын сынға алудағы негізгі мәселелерін, яғни, «қазақтар өз ата қонысынан жаппай айырылып, өз жерінде босқындарға айналып отырғандығын ашына баяндағанын» сол съездегі есептердің деректері арқылы нақты көрсетіп берді.

III Мемлекеттік Думаға қатысты Әлихан Бөкейханов бастапқыда «Алайда 1907 жылғы маусымның 3-індегі заң 4 жарым миллион қазақ халқын сайлау хұқынан айырды. Өкімет, шамасы, мемлекеттік Думаға, өзі күшпен жерін тартып алған халық өкілдерінің қатысуын артықшылық деп тапқан болуы керек» (Бөкейханұлы, 1994: 5) деп хабардар етсе, «Үшінші Дума һәм Қазақ» («Қазақ», 1913, №9) мақаласында «1907-інші жылда 3-нші июньде екінші Дума қуылып, енді келер думаларды сайлауға «3-нші июнь Законы» шықты. Бұл Закон бойынша бүтін қазақ халқы депутатсыз қалды. Қазақ халқы надан, Думада депутаттық бұған қол емес деді» деп орыс отаршылдарының саяси қулығын осылай жеткізеді. Осы тарихи мәселелерді зерделеген ғалым Д.Қамзабекұлы «Біздіңше, XX ғасыр басында алаш жұртын, оның көзі ашық азаматтарын осы 1907 жылы маусым айындағы ұлт хұқының аяққа тапталуы оятты» (Қамзабекұлы, 2008: 77) деген пікір білдіреді.

Расында да қазақ зиялыларының ызасын тудырған осы жайттар алаш қозғалысының қалыптасу жолындағы алғашқы нышандары десек қателеспейтін шығармыз. Осы тарихи шындықтар да әдебиеттен орын алып, мұны ақындардың кейбірі ашық, кейбірі тұспалдап жазды. Бұл тараптағы оқиғаны тұспалдап баяндаған Міржақып Дулатовтың «Жұмбақ» атты өлеңін нақты мысалға алуға болады. Жалпы, ұлт зиялыларының алдына қойған негізгі мақсатын М.Дулатов 1907 жылы «Серке» газетінің бірінші санында жарық көрген «Біздің мақсатымыз» атты мақаласынан да айқын ашып береді. Қазақтың қалай жерден айырылғаны туралы «...Енді бұл чиновниктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып әперуде. Чиновниктерді арқаланған олар өздеріне жайлы қазақ жерлерін еркін иемденуде...» (Дулатов, 1991: 211) деп күйіне жазған. Сөйтіп, ел үшін еміренген қазақ зиялылары өз ойларын патша үкіметінің қылышынан қан тамып тұрған уақытта да осылайша жеткізе білді. Түйіндей келе, 1905-1907 жылдардағы Қарқаралы петициясы, октябрь Манифесі, мемлекеттік Дума, т.б. шаралардағы ұлт зиялыларының отаршылдыққа қарсы саяси күресінің XX ғасыр басындағы әдеби мұралардан да көрініс тауып отыруы алаш қозғалысының алғашқы қалыптасу кезеңін айқындай түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
2. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – Алма-Ата-Москва, 1935.
3. Бөкейханұлы Ә. Қазақтар//Ана тілі. – 1990. – 29 қараша.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Атамекен, 1995.
6. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіресі, 2008.
7. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991.

О КАЗАХСКОМ ПАТРИОТИЗМЕ: ЕГО ИСТОКИ, ТРАДИЦИИ, ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ

АЙТЕНОВА АСИЯ БАТЫРХАНОВНА

историк-архивист, Национальный архив РК
Астана, Казахстан

Аннотация. Мақалада «қазақ» терминін талдау негізінде қазақ патриотизмінің бастаулары мен дәстүрлері қарастырылады. «Қазақ» этнонимінің «қыпшақ» этнонимімен бір мезгілде VIII ғасырда пайда болуы мүмкін екендігі атап өтіледі. Дереккөздерді талдау негізінде автор қазақ патриотизмінің қалыптасуы осы кезеңдегі қазақ рулары «Түркеш» және «Қарлұқпен» байланысты, қазақ патриотизмінің рухани-адамгершілік бағдарлары кейінгі кезеңдерде де сақталған деген тұжырым жасайды.

Тірек сөздер: ұлтжандылық, қазақ, қыпшақ, бастау, дәстүр, сабақтастық.

Аннотация. В статье рассматриваются истоки и традиции казахского патриотизма на основе

анализа термина «қазақ». Отмечается, что этноним «қазақ» мог возникнуть в VIII веке одновременно с этнонимом «кыпчак». На основании анализа источников автор делает вывод, что формирование казахского патриотизма связано с казахскими родами этого периода «тюркеш» и «карлук», и что духовно-нравственные ориентиры казахского патриотизма сохранились и в последующие периоды.

Ключевые слова: патриотизм, қазақ, қыпшақ, истоки, традиции, преемственность.

Annotation. The article examines the origins and traditions of Kazakh patriotism based on the analysis of the term “Kazakh”. It is noted that the ethnonym “Kazak” could have arisen in the 8th century simultaneously with the ethnonym “Kypchak”. Based on the analysis of sources, the author concludes that the formation of Kazakh patriotism is associated with the Kazakh clans of this period “Turkesh” and “Karluk”, and that the spiritual and moral guidelines of Kazakh patriotism were preserved in subsequent periods.

Key words: patriotism, Kazakh, kypshak, origins, traditions, continuity.

Сегодня общество нуждается в правдивой и объективной истории, анализ которой позволит разрешить многие актуальные и недостаточно изученные проблемы современного общества и, в частности, проблемы формирования исторического самосознания народа, без которого невозможно стать истинным патриотом своей страны и своего народа. На наш взгляд, сегодня целесообразно говорить не о казахстанском, а о казахском патриотизме, так как первое понятие увязывается лишь с периодом независимости, но такой подход слишком упрощенно смотрит на национальные духовные и морально-нравственные ценности – это язык, семья, традиции и обычаи, которые формируют у людей чувство патриотизма. Поэтому мы озаглавили статью как «казахский патриотизм», главным словом которого является «казах – казак - қазақ» и хотим начать свою статью с вопроса - когда же появился этноним «қазақ» и где заложены истоки казахского патриотизма? (как известно, с 1925-го до 1936 года в русскоязычной транскрипции правильно писалось «казаки», «Казахская АССР», но потом, в 1936 году, вероятно, из политических соображений вторую букву «к» в слове «казак» изменили на букву «х»: «казах», «Казахская ССР»).

В исторической науке сложилось представление, что этноним «қазақ» появился в XIII веке, а именно он был засвидетельствован в арабо-кыпчакском словаре, составленном в 1245 году в Египте во время правления кыпчакских мамлюков. Но если углубиться в отечественную историю, то увидим, что данный этноним намного древнее. Так, некоторые исследователи, опираясь на письменные источники, время появления этнонима «қазақ» относят к VIII веку (История Казахстана..., 1997: 297; Мұратхан Қани, 1993: 19-20, 122-123). По мнению казахских исследователей, «само слово «қазақ» возникло в регионе обитания кыпчаков...» (История Казахстана..., 1997: 299-300). А первое упоминание в письменных источниках этнонима «кыпчак» также относится к VIII веку, 759-760 году и зафиксирован под названием «тюрк-кыпчак» (Кляшторный, Султанов, 1992: 118-119).

Академик М. Қозыбаев отмечал, что этнонимы «қазақ» и «кыпчак» появились одновременно, но в определенный период истории род «қазақ» вошел в состав кыпчакского этноса и лишь с ослаблением последнего получил известность (а «кыпчаки», соответственно, вошли в состав казахского этноса как отдельный род) (Қозыбайтегі, 1993: 8, 10). Исследователи Н. Мыңжан и Ж. Мырзақанұлы также считают, что до образования казахского этноса этноним «қазақ» являлся самоназванием одного из тюркских родов (Қозыбайтегі, 1993: 10; Жакып Мырзақанұлы, 1993: 35).

Еще одним доказательством в пользу сказанного нами мнения, что этноним «қазақ» появился в VIII веке является мнение известного ученого, академика А. Марғұлана, который писал об образовании на реке Сырдарье после 744 года (т.е. в VIII веке) политического союза под названием «Алаш» - первого политического объединения собственно казахских племен (Марғұлан, 2012: 123). Что интересно, в этот же период тюркские племена карлуков переселились из Алтая и Тарбагатай в Семиречье к западным тюркам – тюркешам (Марғұлан, 2012: 123). Монгольский исследователь-тюрколог Ислам Қабышұлы подтверждает мнение казахских исследователей о том, что ядром казахских родов и племен стал Тюркешско-Карлукский политический союз (по всей видимости, понятие «Еліміз Алаш, керегеміз ағаш» появилось в тот период – А.А.) (Ислам Қабышұлы, 2007: 70-71). Исследователи отмечают, что тюркешаи (или иначе «сары үйсін», один из самых сильных родов племени дулат) - это древние тюрки и относятся к казахской группе, а Тюркешский каганат - первое казахское государство, и тем самым солидарны с мнением академика А. Марғұлана об образовании первого казахского политического союза «Алаш» в VIII веке (Мұратхан Қани, 1993: 126; Жакып Мырзақанұлы, 1993: 37, 45; История казахской..., 2007: 123-124).

Что касается карлуков, то их коренная территория - восточно-казахские земли, Алтай и Тарбагатай, их уход к тюркешам, «в Страну десяти стрел» («Он оқ елі») после победы уйгуров над тюрками в 744 году также свидетельствуют о них (или части их), как о древнеказахских племенах («болат карлуки» - арғыны, «боло» - китайских источников) (Мұратхан Қани, 1993: 134-135;

Кляшторный, Султанов, 1992: 106; Жакып Мырзақанұлы, 1993: 46; История казахской..., 2007: 135-136, 138). В Орхано-Енисейских тюркских памятниках VIII века карлуки известны под названием «үш карлык» («үш ұлыс қазақ»), а Карлукский каганат, около 200 лет процветавший на территории Казахстана, внес весомый вклад в формирование казахской государственности (История казахской..., 2007: 142; История Казахстана..., 2010: 306, 310). Академик М. Козыбаев писал, что в период существования Карлукского союза (*Алтай-Қарлық*) одним из могущественных племен были болат-карлуки, т.е. аргыны (Қозыбайтегі, 1993: 10). Исследователь Ж. Мырзақанұлы отмечает, что болат-карлуки были предками казахов Среднего Жуза (Жакып Мырзақанұлы, 1993: 46).

На основании сказанного следует вывод, истоки казахского патриотизма берут свое начало от кочевников тюркешей (*т.е. западных тюрков*), для которых национальным идеалом было обожествление триады: *семья-род-государство*, осознание ее как единого целого (История казахской..., 2007: 134; История Казахстана..., 2010: 302). Чувство патриотизма означало уважительное отношение к отцу и матери (*т.е. семье*), родовым старейшинам (*роду*), хану (*государству*) (История казахской..., 2007: 134). На наш взгляд, такую древнеказахскую патриотическую триаду возможно объяснить с помощью исторически значимого слова «қан»: 1) глава семьи – қан (*с древнетюркского языка «қан-Қап» означает «отец»*) (Древнетюркский, 1969: 419; Древние тюркские, 1971: 50); 2) глава рода («қан» - «кровь» - *признак родства*); 3) глава государства – қан-хан («хан» – *огузская форма произношения слова «қан»*) (Кадырбаев, 1997: 36; История казахской..., 2007: 203). С одной стороны, указанная патриотическая триада означает уважительное отношение кочевников Тюркешского каганата к родовым традициям и обычаям, к духам своих предков, с другой - свидетельствует о демократических особенностях западно-тюркского (*тюркешского*) кочевого общества, в котором играли большую роль и оказывали большое влияние на хана родоуправители (Кляшторный, Султанов, 1992: 98). Здесь целесообразно привести слова известных ученых-тюркологов С. Кляшторного и Т. Султанова, что «структура авестийского скотоводческого социума, т.е. воплощение космического порядка среди людей предельно проста: глава дома, глава рода... и глава страны (*царь*)», которые указывают на преемственность идеологических ценностей кочевников Центральной Азии (Кляшторный, Султанов, 1992: 30).

Современные казахи, мусульмане по религиозному вероисповеданию, в повседневной жизни почитают духов своих предков (*аруақ*), лишь формально веруя в мусульманского Аллаха, что может свидетельствовать о казахах, как о прямых потомках тюркской знати, так как «... основным культом вельмож был культ предков, абсолютно чуждый народной религии..., - и так как - тюркютская знать имела культ предков-героев» (Гумилев, 1993: 79, 82). Вместе с тем, тюркские каганы поклонялись также духу неба - «көк Тәңірі», которому приносили жертву, как в свое время их предки - хуннские шаньюи (Гумилев, 1993: 155). Однако современные казахи приносят жертву лишь духам своих предков, иначе говоря, на первом месте для них стоит древнейший культ предков, как и для древних тюрков. Формально же казахи отправляют свои религиозные молитвы в мусульманских мечетях, вновь призывая к милости духов предков и что немаловажно, редко упоминают имя верховного бога всех тюркских народов, бога Неба – Тенгри (*Тәңірі*), что, вероятно, связано с вытеснением последнего мусульманским богом Аллахом, чего не произошло с культом предков. Факт сохранения у современных казахов сложного родо-племенного устройства общества с присущим ему делением на 3 жуза может убедительно свидетельствовать о первостепенном значении в жизни казахов почитания духов предков, так как оно берет свое начало от самой родо-племенной структуры кочевого тюркского общества, что нашло свое яркое выражение в вышеуказанном почитании западными тюрками - тюркешами «семьи-рода-государства».

Известный исследователь, один из лидеров общетюркского освободительного движения З.В. Тоған писал о другом проявлении патриотизма кочевников-тюркешей, а именно, что они во время военных походов отделяли скелет (*кости*) умерших на поле сражения воинов от мякоти (*мяса*), заворачивали в кожу, привозили к себе на родину и потом хоронили, чтобы не оставлять на чужбине (История казахской..., 2007: 132-133). Это свидетельствует о важной и первостепенной роли в жизни кочевых кыпчакских племен родной земли - земли своих предков.

Средневековые арабские письменные источники свидетельствуют, что при правлении в Египте кыпчаков-мамлюков государственные вопросы решались на основе законов под названием «сийаса» («*три йаса*» - *отсюда казахское «саясат»*), а мусульманские законы («*шаригат*») по своему применению были менее значимыми (*несмотря на то, что они жили среди мусульман и сами приняли ислам*) (Батыршаұлы Бақытты, 2005: 134-135). Другой пример патриотизма тюрков-кыпчаков подтверждается фактом издания специального указа кыпчакским султаном Египта, согласно которого все кыпчакские воины и эмиры собирались раз в неделю, каждую среду на площади возле дворца султана и пили национальный напиток кымыз (Батыршаұлы Бақытты, 2005: 154).

В чем была сущность патриотизма для кочевников - тюркешей, кыпчаков, казахов? Во-первых, она заключалась в их непрерывной борьбе за независимость, за свою землю, за сохранение национальных ценностей: языка, традиций и обычаев, за право не быть «китайцами» и оставаться самими собой во времена Тюркского каганата, не быть «русскими» - в период царского правительства и советской власти, целью которой была массовая русификация казахов. Так, выдающийся казахский просветитель и политик Мустафа Шокайұлы писал о полном игнорировании советской властью национальных интересов коренного населения, «...о гибели в буквальном смысле слова нашей нации под властью большевиков» (Садыкова, 2001: 64, 246). Таким образом, это была патриотическая идея национальной независимости.

Во-вторых, она заключалась в их консолидирующей роли, стремлении объединить под своим началом все кочевые племена Центральной Азии в единое государство, начиная с Тюркской империи - до Кыпчакского ханства (*Деит-и-Кыпчак*) и Ак Орды. Это была общетюркская, иначе говоря, общеевразийская идея, так как «... тюркские каганы стали создателями первой евразийской империи» (Кляшторный, Султанов, 1992: 88).

В-третьих, она заключалась в их общечеловеческой гуманитарной миссии, стремлении создать для всех народов, как кочевых, так и оседлых - для всех своих подданных благоприятные условия для сохранения этнического своеобразия, для свободного духовного и экономического развития, и действительно они достигли своей цели, даже «... рабы стали рабовладельцами» (Гумилев, 1993: 311, 337). Кочевники-кыпчаки мыслили в общеевразийском масштабе, их идеей была экономическая интеграция народов (Гумилев, 1993: 41).

Идеологические установки и ориентиры казахского патриотизма не изменились и в период Казахского ханства, и в последующий колониальный период начала XIX-го - конца XX веков. Основным их содержанием также были вышеназванные идеи независимости и консолидации тюркских народов. Так, лидером патриотических идей, лидером национально-освободительного движения в начале XX века был Мустафа Шокайұлы, писавший: «Мы должны бороться всеми доступными средствами за осуществление национального идеала» (Шокай, 2011: 237). Сегодня не утратили своей актуальности его слова о том, что «надо открыть глаза нашим, просветить их, они еще очень плохо видят» (Шокай, 2011: 375). По утверждению известного турецкого мыслителя Зия Гекалпа необходимо, прежде всего, укрепить патриотическую мораль, патриотизм (Тарих адамзат ақыл-ойының, 2006: 272). У древних тюркских племен патриотическая мораль была очень сильной, каждый кочевник-тюрк готов был пожертвовать своей жизнью за свою страну и свой народ, так как последний был тенью бога Тенгри на земле (Тарих адамзат ақыл-ойының, 2006: 273). Известный тюркский исследователь, знаток тюркских языков М. Кашгари призывал соотечественников любить свое Отечество, быть честными и правдивыми (Нарынбаев, 2009: 185). Великий казахский поэт, деятель Алаш Мағжан Жұмабай посредством поэзии воспевал свою готовность жертвовать собой ради Отечества, ради своего народа:

«Не көрсем де Алаш үшін көргенім,

Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім...» (Нысанбаев, 2009: 315).

Сегодня как никогда актуальны вышеназванные патриотические идеи, поэтому казахстанцы, в первую очередь, сами казахи, говоря словами М. Шокайұлы, «должны бороться всеми доступными средствами за осуществление национального идеала», а для Казахстана это - формирование подлинно национального государства, идеология которого будет основана на историческом опыте и идеологических ценностях кочевников-кыпчаков. Основой формирования национальной идеологии должна быть сама история казахов-кочевников, как неотъемлемая часть всемирной истории.

Сегодня для формирования у подрастающего поколения патриотизма, любви к своему Отечеству, его истории и культуре, к своей земле необходимо, прежде всего, воспитание духовности через религию, нравственность и мораль. Потому что для предков казахов-кочевников духовные и человеческие ценности стояли на первом месте. Духовное наследие казахских биев указывает на тот факт, что сущность человека, его внутренний стержень заключается в его духовности, его духовном богатстве (Раев, Молдабеков, 2007: 407). Для Мағжана Жұмабая весьма важна традиция приоритета духовности (Нысанбаев, 2008: 295-296).

Важную роль в воспитании патриотизма у подрастающего поколения должны играть заветы предков, основанные на морально-этических нормах поведения и психологии. Потому что согласно древних тюрко-кыпчакских традиций, известных, в частности, из древнетюркских рунических памятников, выполняющий заветы предков народ обретет счастье, иначе говоря, будет единым и целостным народом (Нысанбаев, Аюпов, 2009: 60). Во всех словах и заветах великих тюркских мыслителей, начиная от Анарыса и до представителей казахской интеллигенции Алаш звучат мысли о честном служении своему Отечеству, своему народу (Раев, Молдабеков, 2007: 231, 316).

В тюркской культуре всегда сохранялась преемственность в передаче духовных и культурных ценностей потомкам, начиная с великих тюркских мыслителей Анарыса, Йолыг-тегина и Тонькека,

Коркыта, Аль-Фараби, К.А. Яссауи, Ж. Баласағуна, М. Кашғари (Нысанбаев, Аюпов, 2009: 65). Так, в древнетюркском, или иначе кыпчакском языке использовалось слово «халпат», позднее, - «бақсы» в значении «передающий, доставляющий знания», иначе говоря, учитель, но смысл этого слова был более глубоким и означал «учитель-мудрец» (Нысанбаев, Аюпов, 2009: 65). М. Кашғари говорил, что ключ к счастью лежит в знаниях (Нарынбаев, 2009: 183). Как завещал великий тюркский мыслитель Йолыг-тегин, для потомков, духовно защищенных, сохранивших национальные традиции и язык и не свернувших с пути, завещанного предками, нет опасности оказаться в неограниченном влиянии чужой культуры (Нысанбаев, 2008: 214, 231).

Исходя из вышесказанного следует вывод, что сегодня для формирования казахского патриотизма необходимо воспитывать подрастающее поколение на примере предков-героев, на примере собственной национальной истории.

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА

1. История Казахстана в пяти томах. 2 том. - Алматы: Атамұра, 1997.
2. Мұратхан Қани. Қазақтың көне тарихы. - Алматы: Жалын, 1993.
3. С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. - Алматы: Рауан, 1992.
4. Манаиш Қабашұлы Қозыбайтегі. Ата тарихы туралы сыр // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993, № 1.
5. Жақып Мырзақанұлы. Қазақ шежіресінің жазба тарихи деректермен байланысы жөнінде // Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының хабарлары. 1993, № 1.
6. Әлкей Марғұлан. Шығармалары. 13 том. - Алматы: Алатау, 2012.
7. Ислам Қабышұлы. Тұран әлемі. - Алматы: Санат, 2007.
8. История казахской государственности (древность и средневековье). - Алматы: Адамар, 2007.
9. История Казахстана в пяти томах. 1 том. - Алматы: Атамұра, 2010.
10. Древнетюркский словарь. - Ленинград: Наука, 1969.
11. Древние тюркские диалекты и их отражение в современных (тюркских) языках. - Фрунзе: ГІІм, 1971. Под редакцией Батманова И.А.
12. А.Ш. Кадырбаев. За пределами Великой Степи. - Алматы, 1997.
13. Л.Н. Гумилев. Древние тюрки. - Москва: Т-во «Клышников-Комаров и К», 1993.
14. Батыршаұлы Бақытты. Мысыр мамлук мемлекетінің Деуіті-Қытшақпен байланыстары. ХІІІ-ХV ғғ. - Алматы, 2005.
15. Бахыт Садыкова. М. Чокай в эмиграции. - Алматы, 2001.
16. Мустафа Шокай. Туркестан – наша общая колыбель (Туркестан в документах личного архива М. Шокая 1920-1940 гг.). 1 том. - Алматы: Қазығұрт, 2011.
17. Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. Түркі халықтарының тарихи ойы. 10 том. - Астана: Фолиант, 2006.
18. Азиз Нарынбаев. Махмұд Қашғари шығармашылығындағы түркі халықтары көзқарасының бейнеленуі // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: Жазушы, 2009.
19. Әбдімәлік Нысанбаев. Қазақстанның философиялық мұрасы және оның маңызы // Әлемдік философиялық мұра. 20-томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: Жазушы, 2009.
20. Д. Раев, Ж. Молдабеков. Билердің бірлік идеясы және битану // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20-томдық. Қазақ би-шешендерінің дүниетанымы және философиясы. 9 том. - Астана: Аударма, 2007.
21. Ә. Нысанбаев. Мағжан дүниетанымы туралы сөз // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20-томдық. ХХ ғ. басындағы қазақ философиясы. 11 том. - Астана: Аударма, 2008.
22. Ә. Нысанбаев, Н. Аюпов. Түркі фәлсафасы жайында // Әлемдік философиялық мұра. 20-томдық. Қазіргі түркі философиясы. 20 том. - Алматы: Жазушы, 2009.

ЗАМАН ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЗГЕРУ КЕЗЕҢДЕРІ

КАНЕНОВА Г.Т., БИЖАНОВА Г.Х.

аға оқытушы, магистрлер Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық институты
Арқалық, Қазақстан

Андатпа. ХХІ ғасырдың индустриалдық қоғамына тән нарықтық және өркениеттік құндылықтар, батыстық универсализм мен бұқаралық мәдениет дамыған елдердің жаңа постиндустриалды ақпараттық қоғамға өтуі барысындағы трансформациялық үрдістер нәтижесінде өзгерістерге ұшырауы мақаланың өзектілігі ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: Мәдениет, білім, дәстүр, қоғам, отырықшылық, көшпенділік.

Аннотация. При переходе развитых стран к новому постиндустриальному информационному обществу, рыночные и цивилизационные ценности, характерные для индустриального общества ХХІ века, западного универсализма и массовой культуры, подвергаются изменениям в результате трансформационных процессов.

Ключевые слова: культура, образование, традиция, общество, оседлость, номадизм.

Annotation. *During the transition of developed countries to a new post-industrial information society, market and civilizational values characteristic of the industrial society of the 21st century, Western universalism and mass culture are subject to changes as a result of transformation processes.*

Key words: *culture, education, tradition, society, settlement, nomadism.*

Бүгінгі күні дәстүрді қайта жаңғырту және оны жаңартулармен үйлестіру өзекті мәселеге айналғандықтан өзіндік сара жолды анықтау барысында қазақстандық зерттеушілер ұлттық тарих пен мәдениеттің өте ертедегі қабаттарына дейін үңілуде. Орталық Азия территориясындағы негізгі этникалық және лингвистикалық субстрат түрінде көрінетін түрік дәстүрімен қатар, прототүрік және онан арғы кезеңдердегі ирандық компоненттің дәстүрі, мәдениетке ықпалы зерттеу объектілеріне айналууда. Тәңірлік, шамандық діндердің шығу тегі мен олардың мәні, сонымен қатар араб-парсы-түрік өркениеттерінің нәтижесінде қалыптасқан ислам діні мен оның таралуы және ресейлік империялық отаршылдық саясатпен қатар орыс мәдениетінің ұлттық дәстүрлі мәдениетке тигізген әсері әр түрлі ғылыми еңбектер мен жұмыстарда сөз болды. Ал кеңестік дәуірде тоталитарлық режим тұсындағы мәдени саясат пен батыстық вестерннің дәстүрлі мәдениетті өзгеріске ұшыратуындағы тегеуріні кейінгі кезеңдердегі ғылыми әдебиет пен мерзімдік басылым беттеріндегі көсемсөздің рухани азығына айналды десе де болғандай.

Қазақстандық қоғамның қазіргі қалыптасқан ахуалы мен оның болашақ дамуының рухани бағдарын анықтаудағы бәрін жаңадан бастап «Батыстық жолға түсу» стратегиясы өзін-өзі ақтамайды. Батыс өзінің дәстүрлі еуроорталықтық көзқарасынан бас тартып, шығыстық рухани құндылықтарға иек артып жатқан тұста өзінен-өзі жеріген халықтардың ұлттық апатқа ұшырауы сөзсіз.

Сондықтан да бүгінгі күннің басты міндеті ұлттық дәстүрді заман талабына сай өзгерте отырып, модернизацияны жүзеге асыру болып отыр. Өтпелі кезеңнің қазіргі жүргізіліп отырған реформалары мен өзгерістерінің табысты нәтижеге жетіп, экономикалық серпін жасау үшін қоғамның барлық құрылымдарын қамтитын және біріктіретін жалпы ұлттық идеяның қажеттілігі туындап отыр. Кейбір зерттеушілер Батыс пен Шығыстың дүниетанымдық формаларының синтезі ретінде еуразияшылдықты насихаттап, оны қазақ менталдылығының негізгі өзегі деп қарастырып жүр. Ал кейбір идеологтар мен саясаткерлер исламды маңызды элемент түрінде алға тартады. Исламның қазақ даласына енуі оның ықпалы туралы әр алуан пікірлер кездеседі. Бастапқыда суфизм формасында оңтүстік оазисте белең алған ислам орта ғасырларда қазақтар арасына кеңінен тарады деп кесіп айту қиын, ал XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында заман талабына жауап бере алатындай күйдегі жадидтік исламның Еділ бойынан өлке ішінде жаппай тарала бастауы Қазан төңкерісінің жеңісімен тоқтатылды. Жалпы айтқанда ислам жергілікті этнос ішінде жүйе құрастырушы күшке айнала алмағандықтан қазақтар бұл суперөркениеттің құрамына кірген жоқ, көшпелі қазақтардағы тәңірлік, шамандық және генотеистік діндер кейінгі исламмен қатар дамыды. Діни жүйелер бұлай бір-бірімен қабаттаса келгендіктен біз оларды құбылыстардың синкреттік ағымында қарастырамыз.

Жоғарыда келтірілген рухани бағдарлардың қазіргі уақытта қоғам мен қарапайым халық арасында кеңінен қолдау таппай отырған себебі соңғы ғасырдағы қазақ мәдениетінің бастан өткізген түбегейлі өзгерістерінен туындайды. Бір ғасырдың ішінде көшпенділікке негізделген қазақ мәдениеті дәстүрлі мәдениеттен (отарлық ықпалдарды қоспағанда) социалистік, тоталитарлық мәдениет арқылы, жаппай батыстық мәдени экспансияны бастан кешіре отырып, жаңа өзіндік мәдениетке ұмтылууда. Бұл өзгерістерде тек саяси-элеуметтікпен қоса, мәдени ақпараттарды тарату мен мұраланудың өзі де мүлдем басқаша болып шыға келді (жазусыз мәдениет, кітап мәдениеті, экрандық мәдениет). Қазіргі өркениеттік кезең тек дәстүрлі этникалық мәдениеттердің ғана емес, батыстың классикалық мәдениетінің де дағдарысқа ұшырауымен сипатталады.

Қазақ мәдениетінің дәстүрлік уақыты оның ұлт болып қалыптасуымен және өзіндік төл мәдениеттің пісіп-жетілуімен байланысты. XX ғасырдың басына дейін көшпелілік өмір салтын жалғастырғандықтан бұрынғы архетиптік түрік мәдениетінің басты құндылықтарын бойына толық сақтаған негізгі түріктік этностың біріне қазақтар жатады. Әдебиеттерде кездесетін кейбір пікірлерде орта ғасырларда Қазақстан территориясында (оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарына қатысты) отырықшылыққа тән суармалы егіншілік пен қала мәдениетінің гүлденуі, рухани мәдениеттегі жетістіктері туралы баса айтылады да, көшпенділік туралы үндемеуге тырысады. Бұл мүмкін көшпенділікке деген еуроорталық көзқарастың салдарынан болар. Әрине табиғатта таза көшпенділіктің болмайтынын мойындай отырып X-XII ғасырларды исламдық өркениеттің Қазақстанға қатысты «ренессанстық» уақыты ретінде, шарықтап өрлеген өркениеттің түркістандық тармағы ретінде қарастырамыз. Бұл кезеңде Орталық Азия мен оған жапсарлас жатқан аймақтардың номадалары өркениеттік уақыт өрісіне тартылғанымен, кейін ыдырау және этностық қалыптасу кезінде уақыттың дәстүрлі түсініктерін қайтадан жандандырды.

Қазақтың дәстүрлі төл мәдениетінің қалыптасуы мен кемеліне келу уақыты Алтын Орданың ыдырауы мен Қазақ хандығының өмір сүрген кезеңдері, яғни ХҮ-ХҮІІІ ғасырлар аралығын қамтиды. Бұл тұста қазақ халқы көшпенділікке негізделген материалдық мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, рәміз-рәсімдерін, әдеп жүйесі мен жеті аталық үрдісін, космогониясы мен дүниетанымдық синкретизмін онан әрі дамыта отырып, өзіндік менталдық ерекшеліктерін қалыптастырады. Осы ыдырау уақытында даланың көшпелі өркениеттерінен қалған соңғы тұяқтар Қазақ хандығы мен Қалмақ мемлекеті бір-бірімен өшпенділікпен соғысып жатқанда көрші отырықшы империялар үздіксіз күшеюі үстінде болды.

Енді осы еуропалық өркениеттің белең алып, еуразиялық көшпенділіктің дағдарысқа ұшыраған тұсында таза көшпенділік өмір қамын ұстанған қазақтардың мәдениетіндегі жалпы тенденциялық ерекшеліктерін жыраулар поэзиясы арқылы талдап көрейік.

Әдетте, қазақ жырауларының авторлық поэзиясы ХV-ХVІІІ ғасырлар аралығында Дайырқожа Қодан-тайшы, Қазтуған Сүйінішұлы, Асан Қайғы; Доспанбет, Шалкиіз Тіленшіұлы; Жиенбет Біртоғашұлы, Марқасқа жырау; Ақтамберді Сарыұлы, Тәттіқара, Үмбетей Тілеуұлы, Бұхар Қалқаманұлының есімдерімен белгіленеді. ХІХ ғасырға қарай жыраулардың орнына Қазақстанда ақындық мектеп қалыптасады. Жыраулар шығармашылығы мәселесі күні бүгінге дейін шешімін таппай келді. Ауызша таралуына байланысты бұл жанр авторлық екендігіне қарамастан фольклорға жатқызылады. Ауызша авторлық поэзияның бір ерекшелігі ол тек көшпелі халықтарға ғана тән, ал отырықшы халықтарда ұшыраспайды. Е.Тұрсынов жыраулар шығармашылығындағы фольклордық поэзияда кездеспейтін жанрлар жүйесін белгілейді: терме, толғау, арнау, үндеу, мақтау және т.б. Ә.Қодар өз монографиясында ұлттық әдебиеттің кейбір теориялық мәселелерін қайта қарай отырып, бұл құбылысты «көшпенділік апокалипсисінің жақындауын алдын ала сезінген түркі рухының соңғы серпілісі, софистика мен трагедияның нышандары бар далалық интеллектуализмнің қияға шырқауы, Ұлы Дала сахнасы болған өзіндік көшпелі театр» деп сипаттайды. Негізгі сипаттамалары бойынша жыраулар поэзиясы - ерте түрік поэзиясының мұрагері. Егер руналық жазбаларда түрік рухының құдіреттілігі бейнеленсе, жыраулар поэзиясында - оның жоғалуына байланысты қайғы орын алады [1, 102 б.].

ХVІ-ХVІІ ғасырларда Қазақ хандығының тұсында жыраулар дала еркіндігі мен рулық демократияның туын жоғары ұстаушы апологеттері болды. ХVІІІ ғасырлардан бастап дала поэзиясына жаңа элементтер ене бастайды, жігіттің идеалы өзгере бастайды. Бұрынғы көзсіз ерлік пен батырлықтың, гедонизмнің (бұл дүниенің қызығынан ләззат алу) орнына еңбек, білім, ақыл, қайырымдылық насихаттала бастайды. Қазақтың реформатор ханы Тәукенің тұсында хандықтың саяси-әкімшілік (кейбір зерттеушілердің ойынша Үш жүзге бөліну осы тұста) және заң жүйесіне (Жеті Жарғы) едәуір өзгерістер енгізілді. Алайда бұл «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныштық заман жоңғарлардың әскери-мемлекеттік күшеюіне жағдай жасады және ақырында ХVІІІ ғасырдың басындағы жоңғар шапқыншылықтарына әкеліп соқты. ХҮІІІ ғасырдың 20-жылдарындағы «Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама» кезіндегі халық басына төнген қайғы-қасірет «Елім-ай» деп аталатын зарлы әнмен бейнеленеді. Ал азаттық жылдарындағы жауынгерлік рухтың қайта жанданып көтерілуі тарихи батырлық жыр-дастандарды дүниеге әкелді [2, 76 б.].

ХVІІІ ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап Қазақ даласы мен жүздері көрші Ресей империясының қол астына өте бастайды да ХІХ ғасырдың 20-жылдары (1822ж. Орта жүзде, 1824ж. Кіші жүзде) хандық билік толығымен жойылады. Ал Орталық Азиядағы соңғы таза көшпелі әскери мемлекет Жоңғария тағдырдың тәлкегімен мүлдем тарих сахнасынан жойылды. Қазақ саяси тарихы мен мәдениетінің бұдан кейінгі дамуы тікелей отаршылдықпен байланысты болды.

Сонымен қазақ мәдениетінің дәстүрлі кезеңі - «алтын заманнан» «қилы заманды» бастан кешірді. «Ақыр заман» туралы (қарақытайдың қаптауымен түсіндірілетін) түсінік жер жаннаты «Жерұйық» туралы утопиялық арман-аңсарды туғызды. Осы себептерден қазақтың сөздері, өлеңдері мен әндерінен билік, еркелік, еркіндікпен қатар арман, зар-шер, қайғы, ойларына уайым араласады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі осындай қарама-қайшылықты ерекшеліктерді қазақы өмір сүру тәртібін, оның салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарынан көрінетін дүниетанымдық және ментальдық ерекшеліктерін «қазақшылық» деген ұғымға сыйдыруға болады.

Көшпенділік пен отырықшылықтың, қала мен дала, Батыс пен Шығыс, еркіндік пен бодандықтың, дәстүр пен еуропалық метрополиядан енген жаңа тәртіптердің шегіне жете шиеленісуі «Зар-заман» ағымы ақындарының шығармалары арқылы пайымдай аламыз. Олар ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өміріне тән барлық құбылыстарды аяусыз сынға алады. Әлеуметтік үйлесімділік уақыты ретінде өткен дәуірді идеалдандыра отырып, бүгінгі заманның келешегінен де үмітін үзіп, түңіледі. Қазақтар ата-бабадан қалған рухани құндылықтарын ұмытып, елдің ішін әділетсіздік, арамдық, өтірік, есек-аян, ақымақтық басып кетті, тіпті мал да айдауға көнбей қойды. Көңіл қуантатын еш нәрсе таппаған зар-заман

ақындарының кеудесін кернеген мұң, зар, шер әбден күнәға батқан замандастарының құлағына жете қоймайды.

XIX ғасырда қазіргі қазақтың рухани мәдениетінің негізін салушылар - Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылық қызметін ғылыми әлемде әдетте ағартушылық деп аталатын идеялық ағымға біріктіреді. Кейбір зерттеушілер бұл қалыптасқан парадигмамен келіспейді. Олардың пікірінше, жоғарыда аталған ағымның кейбір өкілдері (Шоқан, Ыбырай) патшалық ресейдің отаршылдық қызметінде тұрып, орыстандыру саясатын жүргізсе, ал Абай атеист, діни реформатор. Мәселенің бұлай қойылуы сыңаржақтылықпен шектеседі. Ресейдің империялық отаршылық саясатымен қоса, орыстың озық ойлы, адамзатты ардақтаушы ұлы мәдениеті де өмір сүрді. Мұны Шоқан немесе Ыбырай түсінбеді десек қателік болар. Сонымен қатар қазақ ағартушылығының тарихи және геосаяси ерекшеліктеріне орай еуропа ағартушылығынан айырмашылықтары болғанымен жалпы ортақ белгілері де жоқ емес. Егер зар-заман өкілдері дәстүршілдікке бой ұрса, бұлар білім мен ғылымды бақытқа жеткізетін күш ретінде жоғары қойды. Өз халқының төл мәдениетін заман ағымына бейімдеп, жоғары көтеріп, жалпы адамзаттық мәдениетке тең етіп қосу уақыттың талабы еді. Жалпы алғанда, ағартушылық XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында отаршылдық езгідегі Шығыс елдерінің әлеуметтік-саяси және рухани дамуын сипаттайтын реформаторлық түрде көрінген саяси және мәдени модернизация үшін болған күрестің идеялық бастамасы болып табылатын маңызды фактор. Бұл шығыстық қоғамдардың мәдени өмірін қайта құрудың ұзаққа созылған және күрделі үрдісінің негізін қалады [3, 143 б.].

XX ғасырдың басынан бастап бүкіл Шығыс елдерін қамтыған реформаторлық қозғалыс батыстық империализмге қарсы және қоғамның мәдени-этникалық және саяси негіздегі сара жолын анықтаудағы күреске ұласып ұлтжандылық өз күшіне енді. Бастапқыда Анадолыда қалыптасқан ең дамыған түрік державасы түрік ұлтжандылығы ғасырдың басында бүкіл түрік тілдес елдер мен халықтарды қамтып, түрік интеллектуализмнің идеялық субстратына айналды. Кейбір зерттеушілердің ойынша өркениеттік түрік бірлігінің идеалды мүмкіндігі - біртұтас Түркістан идеясы - христиан, ислам және буддизм сияқты ескі белдеулік өркениеттердегідей мәдени-конфессиялық идентификацияға негізделмей, этникалық идентификациямен сипатталады. Ұлттық зиялы қауымның қалыптасуымен және оның басшылығымен («Оян, қазақ» М.Дулатов) ұлттық өзіндік сананың оянуы қазақ қоғамында бірнеше идеялық ағымдарды туғызды. «Түркофилдік», «пантүркизм», «панисламизм» деген сияқты айыптаушылар А.Қасымжановтың айтуынша кейінгі кеңестік дәуірдің шығармаларында ұшырасатын түрік қауіпіне қарсы интернационализм идеологиялық жүйесінің қажетті блогы болды.

Ислам ықпалы басым болған зиялы қауымының бір тобы М.Сералиннің ұйымдастыруымен басылып шыға бастаған «Айқап» журналының төңірегіне жиылды. Қазақстанда XX ғасырдың басына қарай азаматтық сипаттағы оқу орындарына қарағанда діни бағыттағы мектептер уақыттың өскелең талаптарын қанағаттандырудан қалды. Орта Азия ортодоксалдарымен қайшылықта болған Еділ бойында қалыптасқан діни мектептерді қайта құру жолындағы қозғалыс жадиизм деп аталды. Қазақ зиялыларының бір тобы (М.Көпеев, М.Кошманов, Е.Тіленбайқызы, Г.Мұсағали, т.б.) осы жадидтік оқу орындарын тәмамдап (Уфа, Қазан қалаларындағы медреселер) қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Жадиизм қазақ мәдениетінің рухани тәжірибесінде белгілі дәрежеде ізін қалдырды [4, 142 б.].

Қазақ зиялыларының отаршылдыққа қарсы санасы жарқын реформашыл либерал-демократтық сипаттағы бір тобы (А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Айтмауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов және т.б.) бастапқыда «Қазақ» газетіне топтасып кейіннен Алаш ұлттық қозғалысын басқарып, Алаш Орда үкіметін құрды. Олар жалпы Ресейлік федерация құрамында қазақтардың тең құқықтығын талап етіп, жерді басып алуды тоқтатуды, орыстандыру саясатына қарсы ұлттық-мәдени тиесілікті сақтауды ұран қылып көтерді. Саяси позицияларына қарай ұлттық мемлекет құру идеясы барысында (автономия түріндегі) ұлттық армияны құру жоспарланды. Алаштықтар оперативті шығармашылық элита құру және отаршылдықтың болмысын, этапты түрде реформалау нәтижесінде ұлтты жаңа сатыға көтеру қажеттіліктерін түсінеді. Ондағы мақсат еуропалық мәдениетті игеру ғана емес, сонымен бірге ұлттық дәстүрге реставрация жасау еді. Ә.Қодар Алаш партиясының мәдени саясатындағы үш тенденцияны айқындайды:

- а) ағартушылық (А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов);
- ә) көшпелі әлеммен ностальгиялық қоштасу (Ж.Аймауытов, М.Әуезов);
- б) жаңа ұлттық мифтік шығармашылық (М.Жұмабаев) [5, 120 б.].

Сонымен, екі ғасырға жуық уақыт ішінде Ресей империясының құрамында қазақтың дәстүрлі мәдениеті отаршылдық саясат пен отаршылдық және батыстық экспансияның әсерінен елеулі трансформациялық (өзгерістік) үрдістерді басынан кешірді. Еуроорталықтық әдебиеттерде кездесетін мәдениеттің өміріне қауіп төндіретін тағылардың вертикалды басып кіруі деген ой керісінше жүзеге асты.

Жерді тартып алу нәтижесінде ғасырлар бойы қалыптасқан рулар арасындағы жайылымдық жерлерді пайдалану мен көшу бағыттары, отаршылдық болыстық жүйенің енгізілуінен даланың демократиялық институттары мен тәртіптері бұзылып, ақша мен капиталдың күнделікті өмірге кіруі дәстүрлі құндылықтарды теріске шығара бастады. Соғыс арқылы емес, мысқылдап жүргізілген отаршылдық саясаттың салдарына қарсы бас көтерулер бытыраңқылық пен ауызбірліктің жоқтығынан нәтижесіз аяқталды.

Қазіргі уақытта этникалық қайта өрлеу, ұлттық мәдениет пен өнерді жаңғырту барысында мемлекеттік деңгейде көптеген мәдени іс-шаралар атқарылуда: ана тілді ресми деңгейге көтеру, ұлттық сана мен тарихи сананы қалпына келтіру, ұлттық дәстүрлер мен мейрамдарды қайта дамыту және т.б. Алайда бұл жетістіктер мен жалпы ұлттық мәдениеттің жүйелі, тұрақты және үдемелі дамуы ақпарат көздері арқылы жан-жақты таратылып, күнделікті өмірге шексіз ағынмен еніп кеткен «вестерннің» көлеңкесінде қалып қойып отыр. Бүгінгі күні қазақтың дәстүрлі мәдениеті батыстық бұқаралық мәдениеттің экспансиясы мен тегеурінін бастан кешіріп отыр [6, 145 б.].

Сонымен, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің заман ағымына байланысты икемделіп, бұрынғы нормалар мен ережелердің басқаша мазмұнға ие бола бастауының өзі дәстүрлердің жаңарып отыруын талап етеді. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші ұлттың болашағына кері әсер етпей, қайта оның қайта жаңғыруына жол ашатын басқа мәдениет ағымының халық арасында таралуы - заман талабы да болуы ғажап емес. Өзінің ұлттық ерекше қасиетінді сақтай отырып, жаңалықтарды бойына сіңдіріп, көш соңында қалмай заман ағымына ілесіп отыру - қазіргі уақыттың басты талабы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кодар А. *Очерки по истории казахской литературы*. - Алматы, «Жазушы», 1999. – 102 б.
2. Әбдікәдімұлы Ә. *Қазақстан тарихы*. - Алматы, «Ғылым», 1997. – 76 б.
3. Мұра. *Авторлар жинағы*. - Алматы, «Жазушы», 1990. – 143 б.
4. Қасабек А.Қ. *Өркениет және ұлттық философия*. - Алматы, «Рауан», 2001. – 142
5. Сатеришинов Б.М. *Қазақстан мәдениетінің тарихы мен теориясының кейбір мәселелері*. – Алматы, «Нұрлы әлем», 2001. - 120 б.
6. Асылбекұлы С. *Қазақ мәдениеті - қазақ мемлекеттілігінің жүрегі*. - Алматы, «Аруна», 2003. – 145 б.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ БАУЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБДРАЗАКОВА АЛМАГУЛЬ УМУРЗАКОВНА

п.ғ.м., аға оқытушы

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада қазіргі білім беру жүйесінде патриотизмді тәрбиелеудің ерекшеліктері қарастырылған. Патриоттық тәрбиені зерттеудің өзектілігі қоғамның қарқынды әлеуметтік-мәдени дамуы, Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа белсенді интеграциялануы, ұлттық басымдықтардың қалыптасуы мен жаңаруы жағдайында туындайтын объективті тенденциялар мен қайшылықтарға байланысты туындайды. елдің дамуы. әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы, оның ішінде жас ұрпақты тәрбиелеу жолдары.

Түйін сөдер: ұлттық сана, патриотизм, тарих.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности воспитания патриотизма в современной системе образования. Актуальность исследования патриотического воспитания возникает в связи с объективными тенденциями и противоречиями, возникающими в условиях быстрого социокультурного развития общества, активной интеграции Казахстана в международное сообщество, формирования и обновления национальных приоритетов, развития страны. стратегия социально-экономического развития, включая пути воспитания подрастающего поколения.

Ключевые слова: национальное сознание, патриотизм, история.

Annotation. The article discusses the features of instilling patriotism in the modern education system. The relevance of the study of patriotic education arises in connection with objective trends and contradictions that arise in the conditions of rapid socio-cultural development of society, the active integration of Kazakhstan into the international community, the formation and renewal of national priorities, and the development of the country. strategy for socio-economic development, including ways to educate the younger generation.

Key words: national consciousness, patriotism, history.

Бүгінгі күні деструктивті ықпалдағы жастарға өзін-өзі анықтауына, олардың патриоттық сенімдері мен азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал ететін бағдарламалық құжаттарда көрсетілген білім беру саласындағы тұтас, жүйелі мемлекеттік саясат қарсы тұруда. ҚР «Білім туралы» Заңы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаты ретінде азаматтыққа, еңбекқорлыққа, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған ортаға, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуді бекітеді [1].

Патриоттық тәрбие беруде жасөспірімдердің қазақ тарихын зерделеуінің маңызы ерекше, оның барысында олар халықтың тарихи тәжірибесін түсінеді, ұлттық мәдениетке құндылық көзқарасын қалыптастырады, олардың азаматтық ұстанымын, өзін-өзі жүзеге асырудың бағыттары мен әдістерін тандайды. Патриотизмнің тарихи көзі туған жеріне, тіліне, дәстүрлеріне деген ынтымақтастықты қалыптастырған жекелеген мемлекеттердің ғасырлар және мыңдаған жылдар бойы бекіген тіршілігі болып табылады (Монография, 2009:3). Соңғы онжылдықтарда ұлттық тарихты оқып-үйрену процесінде мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру мүмкіндіктерін толыққанды іске асыруда қателіктерге жол беріліп келді. Оқулықтар мазмұнына енген аса маңызды тарихи оқиғаларды талқылау, қарама-қайшы баға беру, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дағдарыстық құбылыстармен тұспа-тұс келген 1990 жылдардағы ашылған тарихи фактілер аясында еліміздің өткенін қайта қарастыру ұлттық тарихты оқу процесінің тәрбиелік әлеуетін төмендетті. Оқу-тәрбие процесінің тәрбиелік функцияларын және ұлттық тарих курстарының мазмұнын күшейту бүгінгі таңда білім беруді жаңғыртудың мақсаттарының бірі болып табылады. Патриоттық тәрбие беру мақсаты өз Отанын сүйетін, еліне адал, оған өзінің еңбегімен қызмет етуге және оның мүдделерін қорғауға дайын нағыз патриотты тәрбиелеу болып табылады (Ғазалиев, 2015:11).

Жалпы білім беретін мектептің алдында жасөспірімдерде ұлттық тарих пен мәдениетке құндылық көзқарасты қалыптастыру міндеті тұр; халықтың әскери және еңбек ерліктеріне мақтаныш сезімі; еліміздің мәдениетін, өмірінің әлеуметтік және өндірістік салаларын дамыту, оның халықаралық деңгейде позициясын нығайту мақсатында практикалық қызметте белсенді азаматтық ұстанымды жүзеге асыруға дайын болу. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие мәселелерін дамытуда жасөспірімдік кезеңге жеткіліксіз көңіл бөлінуде; Қазақстан тарихы курстары мазмұнының білім беру әлеуеті және оны басқа гуманитарлық пәндермен және сыныптан тыс жұмыстармен байланыстыра жүзеге асыру жолдары арнайы зерттеуді қажет етеді.

Осылайша, жалпы білім беретін мектептерде ұлттық тарихты оқыту үдерісінде жасөспірімдерді отансүйгіштікке тәрбиелеуді теориялық негіздеу мен әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми мәселесін шешу қажеттілігі артып отыр. Жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін ескеру және қазіргі қоғамның деструктивті құбылыстарының әсерінен патриоттық құндылықтар туралы тарихи білімнің құнсыздануын болдырмау маңызды (Устьякин, 1996:23). Патриоттық тәрбиенің әлеуметтік мәртебесінің өсуі, жасөспірімдерде патриотизмді қалыптастырудағы ұлттық тарих курстары мазмұнының маңызды әлеуеті және оны тиімді жүзеге асыру үшін тиісті ғылыми-теориялық және әдістемелік қамтамасыз етудің жоқтығы арасындағы қалыптасқан қарама-қайшылықты шешу қажеттілігі, бұл ғылыми мәселенің жеткіліксіз өңделуі мақаланың өзектілігін анықтайды.

Бүгінгі күні балаларымыз неліктен патриот болуға ұмтылмайды?

Егер балаларды отансүйгіштікке үйрету қажет бола бастаса, онда отаны балаларды жақсы көрмейді деген сөз, яғни мемлекетте, ішкі ахуалда бір өзгеріс болып жатыр. Патриотизм- ол шынайы ішкі сезімнен туындайтын отанға деген махаббат, жеке жан күйзелісі. Отан ол мемлекет те емес, билік те емес. Отан адамды өмір нәрімен байланыстыратын туған жері. Ал егер адамдарды балалық кезінен билікке сүйіспеншілікке дағдыландырса, бұл тәрбие адалдық пен табынушылықты туғызады. Сондықтан, отаныңның тағдыры шешілетін тарихи сәтте тәрбиелі адам отанына деген махаббат пен мемлекетке деген адалдықтың арасында тандау жасау керек болған жағдайда дұрыс тандау жасамауы әбден мүмкін. Өйткені туған жеріне деген сүйіспеншілік кейде мемлекетке, билікке қарсы шығуға итермелейді. Патриотизм туралы сөз болғанда көбінесе соғыс жағдайы, қан-төгіс туралы әңгіме болады. Балаларға патриотизм туралы түсінік бергенде Ұлы Отан Соғысы туралы айтылады, ал соғыстағы жеңістің құны туралы неге айтылмайды. Соғыс басталғанға дейінгі өлім жазасына кесілген командирлер, әскери мамандар туралы айтыла ма екен? «Молотов Риббентроп» пактісі, Сталиннің кешірілмес күнәләрі, із-түссіз жоғалған, көмусіз қалған, тұтқынға түскен миллиондаған солдаттар туралы айтыла ма екен? Соғыстан кейін лагерлерге тоғытылған жеңімпаздар, түкпірдегі ауылдарға жөнелтілген инвалидтер, соғыста жетім қалған балалар тағдырлары ашылады ма екен? Концлагерь құрбандарының көмілген орнына салынған көпқабатты үйлер?

Оқулықтар мазмұнына енген аса маңызды тарихи оқиғаларды талқылау, қарама-қайшы баға беру, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дағдарыстық құбылыстармен тұспа-тұс келген 1990

жылдардағы ашылған тарихи фактілер аясында еліміздің өткенін қайта қарастыру; ұлттық тарихты оқу процесінің тәрбиелік әлеуетін төмендетті. Оқу-тәрбие процесінің тәрбиелік функцияларын және ұлттық тарих курстарының мазмұнын күшейту бүгінгі таңда білім беруді жаңғыртудың мақсаттарының бірі болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептің алдында жасөспірімдерде ұлттық тарих пен мәдениетке құндылық көзқарасты қалыптастыру міндеті тұр; халықтың әскери және еңбек ерліктеріне мақтаныш сезімі; еліміздің мәдениетін, өмірінің әлеуметтік және өндірістік салаларын дамыту, оның халықаралық деңгейде позициясын нығайту мақсатында практикалық қызметте белсенді азаматтық ұстанымды жүзеге асыруға дайын болу (Тихомиров, 2008:25).

Патриоттық тәрбиенің әлеуметтік мәртебесінің өсуі мен Қазақстан тарихы курстары мазмұнының маңызды әлеуеті арасындағы қалыптасқан қарама-қайшылықты шешу қажеттілігі отансүйгіштік және оны тиімді жүзеге асыру үшін тиісті ғылыми-теориялық және әдістемелік қамтамасыз етілмеуі, осы ғылыми мәселенің жеткіліксіз дамуы «Жалпы білім беретін мектептерде ұлттық тарихты оқыту үдерісінде жасөспірімдерді патриоттыққа тәрбиелеу» зерттеу тақырыбын таңдауды айқындады.

Мақалада жалпы білім беретін мектептің 5-7-сыныптарында оқитын 364 оқушының патриоттық ұстанымын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері сараланған. Сауалнама жүргізу кезінде жасөспірімдерге «Қазіргі мектеп оқушысының өмірінде тарихи-патриоттық білімнің маңызы қандай?» деген сұрақ қойылды. Нәтижесінде 5-7 сынып оқушыларының оларға деген қызығушылықтары әртүрлі екені анықталды. Сонымен, бұл білім 5-сынып оқушыларының 31%-ы, 6-сынып оқушыларының 42%-ы үшін маңызды, қалған оқушылар өз жауабын нақты тұжырымдай алмады. Сауалнама барысында 7 сынып оқушыларының 41 пайызы өмірлік ұстанымын анықтау үшін тарихи-патриоттық білімнің қажет екеніне сенімді екені анықталды.

Сауалнамаларды талдау барысында жасөспірімдердің белгілі бір бөлігі ерлік, елдегі ұлттар мен ұлыстардың теңдігі, азаматтық және ұлттық болмыс, жанқиярлық, өзін-өзі жоққа шығару, бүкіл халықтың игілігі үшін еңбек ету, бұқаралық сана сияқты патриоттық құндылықтардың мәнін түсінбейтіні де белгілі болды. Мектеп оқушыларының мінез-құлқы мен іс-әрекетін бақылау мектептегі және одан тыс іс-әрекеттерге байланысты жауапкершілікпен орындауға деген ұмтылыс оларда қызықты және сабақта алған біліміне негізделген жағдайда ғана пайда болатынын көрсетті.

Зерттеу барысында бұл қайшылықты құбылыстың себептері нақтыланды: сыни тұрғыдан ойлаудың жеткіліксіз дамуы; қызығушылықтың болмауы және жүйелі патриоттық білімнің болмауы; өтпелі жас кезеңінің қиындықтары (жеке және ұжымдық қарым-қатынастағы қиындықтар; өзіншілдіктің әртүрлі формадағы көрінісі; өмірге деген пассивті, инфантильдік қатынас, қоғамдық пайдалы іс-әрекеттерге деген қажеттілікті жоққа шығару).

Эксперимент нәтижелерін ескере отырып, қалыптастырушы кезеңнің бағдарламасы нақтыланды, оның аясында патриоттық тәрбие мазмұнымен және оны жүзеге асыру технологияларымен қатар көрсеткіштерді нақтылау және жағдайды анықтау жоспарланды. Ұлттық тарихты зерделеу процесінде жасөспірімдерді патриоттық тәрбиелеудің тиімділігінің шарттары анықталды.

Зерттеу барысында мұғалімдердің тарих пәнін оқыту үдерісінде патриоттық тәрбиені жүзеге асыруға дайындығын және сыныптан тыс жұмыстарды дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

Оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие патриоттық құндылықтар мен тарихи-мәдени дәстүрлер негіз болатын гуманитарлық пәндердің тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру арқылы даму мүмкіндіктеріне ие.

Ұлттық тарихты оқып-үйрену процесінде жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруді жүзеге асырудағы басымдықты әлеуметтік-мәдени, белсенділікке бағытталған, интегративті және жас ерекшеліктеріне байланысты тәсілдер алады, олар тарихи материалдың аксиологиялық құрамдас бөлігіне мән беруді, жасөспірімдердің пәндік позициясын ынталандыруды көздейді.

Жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесінде ұлттық тарихты оқып-үйрену кезінде жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру патриоттық идеялар мен құндылықтар басым болатын ұлттық тарих және басқа гуманитарлық пәндер бойынша оқиғаларда, құбылыстарда және фактілерде толық бейнеленген педагогикалық бейімделген білімдерді дамыту бойынша арнайы ұйымдастырылған және өткізілетін іс-шараларға негізделеді (Рогова, 1996:143).

Жалпы білім беретін мектептердегі жасөспірімдерге патриоттық тәрбие берудің мазмұны оқу материалының бейнелілігін ескере отырып қалыптастырылады; қолжетімділік және эмоционалды байлық; иллюстративтілік; маңыздылығы мен өзектілігі; патриоттық позицияның көрінісінің жарқын мысалдарының болуы (Быков, 2004:134). Патриоттық тәрбиені жаңғырту дегеніміз, ең алдымен, жасөспірімдерде тарихи шындыққа сәйкес келетін патриоттық құндылықтар туралы түсініктерді қалыптастыруға жағдай жасау; Отанға деген сүйіспеншілікке, ұлттық тарих пен мәдениетке құндылық көзқарасқа тәрбиелеу; сыни ойлау қабілеті, Қазақстанның тағдыры үшін жауапкершілік сезімі және

әлеуметтік маңызды іс-шараларда патриоттық сезімдерді жүзеге асыруға ұмтылу.

Патриоттық сананы қоғамдық өмірде бекітетін бірден-бір институт-білім беру ұйымдары. Міне сондықтан білім беру ұйымының түпкі стратегиялық нысанасы мүлде жаңаша, шығармашылық тұрғыдан айлай алатын, танымдық мәдениеті биік адамдардың жаңа легін, дүниеге мәдени тұрғыдан жоғары жауапкершілікпен қарай білетін, ақыл-ойы жоғары азаматтарды қалыптастыру идеясы болуға тиіс (Джакубақынов, 2021:15). Кез келген елдің болашағы әрі сол заманның бөлінбес бөлшегі -бұл оның жас ұрпағы екендігі белгілі. Сондықтан қазақстандық қоғам дамуының табысы жастардың жеке тұлға ретінде қалай бейімделуіне, мәдениет пен тарихтың, салт-дәстүрдің, жалпы қандай ұлттық құндылықтары оның тұлғасының дүниетанымдық өзегін құрайтынына, оның азаматтық жауапкершілігінің деңгейі қандай болатындығына байланысты. Осы жағдайда жастардың тәрбиесінің салмағы арта түсетінін анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://kodeksy-kz.com/ob_obrazovanii.htm

2. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру: теория және практика: Монография. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.-Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2009.-126 б.

3. Ғазалиев А.М., Сүлейменов Т.С., Головачева В.Н. Огольцова Е.Г. ЖОО студенттерін Жаңа Қазақстандық Патриотизмге тәрбиелеу: Монография/ Ғазалиев А.М., Сүлейменов Т.С., Головачева В.Н. Огольцова Е.Г.; Қарағанды Республикасы Білім және ғылым министрлігі; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.-Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2015.-195 б.

4. Устякин В.Н. Патриотическое и нравственно-эстетическое воспитание учащихся при изучении предметов гуманитарного цикла: автореф. дис. . канд. пед. наук. М., 1996. - 23 с.

5. Тихомиров Г.А. Социально-философское исследование феномена патриотизма: автореф. дис. . филос. наук. — Чебоксары, 2008. 25 с.

6. Рогова Р.М. Развитие гуманистического мировоззрения и ценностных ориентаций личности. М.: Ин-т развития личности РАО, 1996. - 143 с.

7. Быков А.К. Патриотическое воспитание в процессе изучения предметов гуманитарного цикла (литературы, обществознания, истории): метод, рекомендации для общеобр. учреждений. М.: ГосНИИ семьи и воспитания, 2004.-136 с.

8. Джакубақынов Б.Б., Қурақбаева А.Ж., Сочин С.А., Кангалаков М.С. Қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі негізінде білімгерлердің әскери-патриоттық тәрбиелеуге дайындығын қалыптастыру. Оқу құралы.-Алматы:New book, 2021.-232б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МҰРАСЫ

ТІЛЕБАЛДЫ ЖҰЛДЫЗ ҚАБЫЛДАҚЫЗЫ

магистр, аға оқытушы

Жугинисова Ж. 3 курс студенті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ахмет Байтұрсыновтың Қазақ ұлттық қозғалысының дамуындағы рөлін және оның қазіргі Қазақстандағы мұрасы туралы кең қарастырылған. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсыновтың Қазақ ұлттық қозғалысындағы рөлін жан-жақты түсіндіру үшін оның Қазақ ұлттық бірегейлігін, тілі мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі жан –жақты сараланған.

Тірек сөздер: Қазақ автономиясы, Ресей империясы, маса, қазақ фольклоры, партия.

Аннотация. В статье подробно рассматривается роль Ахмета Байтурсынова в развитии казахского национального движения и его наследие в современном Казахстане. Кроме того, для всестороннего разъяснения роли Ахмета Байтурсынова в Казахском национальном движении всесторонне дифференцирован его вклад в развитие Казахской национальной идентичности, языка и культуры.

Ключевые слова: Казахская автономия, Российская империя, комар, казахский фольклор, партия.

Annotation. The article examines in detail the role of Akhmet Baitursynov in the development of the Kazakh national movement and its legacy in modern Kazakhstan. In addition, for a comprehensive explanation of the role of Akhmet Baitursynov in the Kazakh National Movement, his contribution to the development of the Kazakh national identity, language and culture is comprehensively differentiated.

Keywords: Kazakh autonomy, Russian Empire, mosquito, Kazakh folklore, party.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) - Қазақ ұлттық қозғалысында шешуші рөл атқарған көрнекті қазақ ғалымы, педагог, ақын және қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынов Торғай облысында кедей отбасында дүниеге келген. Қиындықтарға қарамастан, ол білім алып, мұғалім болды. 20 ғасырдың басында ол Ресей империясының құрамында Қазақстанның автономиясын жақтаған Алаш қозғалысына

қосылды. Байтұрсынов Алаш партиясының негізін қалаушылардың бірі және "Қазақ" газетінің редакторы болды. Ол қазақтардың бірлігіне, олардың тілі мен мәдениетін сақтауға, сондай-ақ саяси реформаларға шақыратын мақалалар жазды. Байтұрсынов сонымен қатар көрнекті ғалым және педагог болды. Ол араб графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін жасап, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқулықтар жазды. Оның жұмысы қазақ білімі мен мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосты. Қазан төңкерісінен кейін Ахмет Байтұрсыновты большевиктер тұтқындады және өлім жазасына кесті. Алайда кейінірек үкім бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Ахмет Байтұрсынов 1937 жылы түрмеде қайтыс болды. Қайғылы қазаға қарамастан, Байтұрсыновтың мұрасы қазіргі Қазақстанда өмір сүруді жалғастыруда (Абуов, 2016:112).

Байтұрсыновтың Қазақ ұлттық қозғалысы үшін қосқан үлесі:

Ол Алаш қозғалысының негізін қалаушылардың бірі болды.

Оның "Қазақ" газеті ұлттық қозғалыстың үніне айналды.

Ол жаңа қазақ әліпбиін жасап, қазақ білімі мен мәдениетінің дамуына ықпал еткен оқулықтар жазды.

Оның ұлттық бірлік, тіл мен мәдениетті сақтау, сондай-ақ саяси реформалар туралы идеялары қазақ халқын шабыттандыруды жалғастыруда.

Ахмет Байтұрсынов 20 ғасырдың басында Қазақ ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Осы ретте Ахмет Байтұрсыновтың бір еңбегіне қысқаша талдау жүргізіп оның әлі күнге дейін құнын жоғалпаған мұра екенін дәлелдеп көрейік.

Ахмет Байтұрсыновтың Кітабы: "Маса" (1911)

Қысқаша мазмұны: «Маса» ("масса") - Ахмет Байтұрсыновтың 1911 жылы жарық көрген мақалалары мен эсселерінің жинағы. Бұл кітапта Байтұрсынов 20 ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси мәселелеріне өз көзқарасын баяндайды.

Кітап үш бөлікке бөлінген:

Бірінші бөлім Қазақстандағы қоғамдық жүйенің сынына арналған. Байтұрсынов қазақ қоғамы надандық, кедейлік және саяси езгіге байланысты құлдырау жағдайында екенін айтады. Ол қазақтарды ағартушылық пен саяси белсенділікке шақырады.

Екінші бөлім ұлттық өзін-өзі анықтау мәселелеріне арналған. Байтұрсынов қазақтардың өз тәуелсіз мемлекетін құруға құқығы бар деп мәлімдейді. Ол сондай-ақ барлық түркі халықтарының бірлігін жақтайды (Байтұрсынов, 2018: 68).

Үшінші бөлім Білім және мәдениет мәселелеріне арналған. Байтұрсынов қазақ қоғамының ілгерілеуі үшін білім берудің маңыздылығын атап өтті. Ол сондай-ақ қазақ тілі мен мәдениетін дамытуды жақтайды.

Кітаптан алуға болатын негізгі идеялар:

Қазақ халқының ағарту және саяси белсенділігінің қажеттілігі.

Қазақтардың ұлттық өзін-өзі анықтау құқығы.

Қазақ тілі мен мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың маңыздылығы.

«Маса» кітабы қазақтардың ұлттық сана - сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды және кітапта бейнеленген мәселелер әлі күнге дейін қазақ қоғамында көрініс тауып жүргенінің айқын дәлелі.

Соның бірі қазақ тілі мен әдебиетін дамытуға қосқан үлесі. Ахмет Байтұрсынов араб графикасына негізделген қазіргі қазақ әліпбиін жасаушылардың бірі болды. Ол сондай-ақ қазақ тілін стандарттауға және байытуға көмектескен көптеген оқулықтар мен көркем әдебиет туындыларын жазды. Сондай-ақ, ұлттық бірлікті насихаттауда Ахмет Байтұрсынов барлық қазақтардың рулық қатыстылығына немесе тұрғылықты аймағына қарамастан бірлігінің сенімді жақтаушысы болды. Ол қазақтарды өздерінің ұлттық мақсаттарына жету үшін бірігуге және бірлесіп жұмыс істеуге шақырып, мақалалар жазды және сөз сөйледі. Ахмет Байтұрсынов қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға қатты алаңдады. Ол қазақ фольклорын жинады және жариялады, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңыздылығы туралы мақалалар жазды. Байтұрсыновтың идеялары мен қызметі Қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға қатты әсер етті. Ол қазақтар арасында ұлттық сана-сезімді оятуға көмектесті және қазіргі қазақ мемлекетінің дамуына негіз салды. Ахмет Байтұрсыновтың Тәуелсіз Қазақстандағы мұрасы елеулі болып қала береді және оның идеялары мен еңбектері қазіргі қазақ қоғамына әсерін тигізуде. Ең алдымен оның идеяларын жалғастыруымыз керек. Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық бірлік, мәдени сақтау және саяси өзін-өзі анықтау туралы идеялары бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді. Қазіргі қазақстандық саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері өз сөздері мен бағдарламаларында Ахмет Байтұрсыновтың еңбектері мен идеяларына сүйенуі керек. Келесі ұсыныс оның еңбектерін білім беруде қолдану: Байтұрсыновтың лингвистика, әдебиет және тарих бойынша еңбектері қазақстандық мектептер мен университеттерде оқу үшін міндетті болып табылады. Оның еңбектері қазақтардың жас ұрпағына өз

тарихы мен мәдениетін түсінуге көмектеседі. Байтұрсыновтың Ұлттық бірлік туралы идеялары әртүрлі этникалық топтардың адамдары бейбітшілік пен келісімде бірге өмір сүре алатын Қазақстанда үйлесімді және ұйымшыл қоғам құруға ықпал етеді. Байтұрсыновтың мәдени мұрасы білім мен мәдени дамудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл қазақтарды жоғары академиялық және мәдени стандарттарға қол жеткізуге шабыттандырады. Сөз соңында айтарым Ахмет Байтұрсыновтың мұрасы қазіргі қазақ қоғамында қуатты күш болып қала береді. Оның идеялары мен еңбектері қазақтардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыруды, бірлік пен үйлесімділікке ықпал етуді және білім беруді, мәдениетті және азаматтық белсенділікті дамытуға шабыттандыруда таптырмас құрал екенін мойындауымыз керек. Оның еңбектері өзекті болып қала береді: Байтұрсыновтың лингвистика, әдебиет және тарих бойынша еңбектері қазақстандық мектептер мен университеттерде зерделеніп, талқылануда. Оның ұлттық бірлік, мәдени сақтау және саяси өзін-өзі анықтау туралы идеялары бүгінгі күнге дейін өзекті болып қала береді және оны қазіргі қазақстандық саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері жиі келтіреді. Байтұрсыновтың идеялары қазақтарды өздерінің ұлттық бірегейлігін сақтау және дамыту жөніндегі жұмысқа шабыттандырады. Оның мұрасы бірліктің, білімнің және мәдени көріністің маңыздылығын еске салады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абуов А. Ахмет Байтұрсынов: Тұңғышалық билік. – Алматы, 2016. 112б
2. Ахмет Байтұрсынов және оның Қазақ ұлттық қозғалысының дамуына қосқан үлесі. Ұжымдық монография. - Алматы: ҚазҰУ Баспасы, 2018. 68б
3. Сейденов Т. А. Ахмет Байтұрсынов: өмірбаяны және тұлғасы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
4. Кенжебаев Р. А. Ахмет Байтұрсынов-көрнекті мәдени қайраткер. - Астана: Нұрлан, 2010.

ҚАЗАҚ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

ТЕМІРХАНОВ Ғ.Б.

тарих пәні мұғалімі №202 мектеп-гимназия
Алматы қ., Қазақстан

Аңдатпа. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне үлкен әсер етті. Отаршыл билік қазақ халқының мүддесі мен құқығын елемей, рухани дамуына кедергі жасады. Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде орын алған құбылыстардың қазақ қоғамының қоғамдық санасында маңызы зор. Осындай елеулі өзгерістер ұлттық сананың оянуына жағдай жасады, қазақ қоғамында жаңа идеялар мен ойлардың қалыптасуын айқындады. Ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы біркелкі болмады, ол күрделі және ұзақ процесс болды. Бірақ XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы халықтың интеллектуалдық күштерінің дамуының жаңа дәуірі болды.

Тірексөздер: Ұлттық интеллигенция, Мемлекеттік Дума, Патша манифесті, жер мәселесі.

Аннотация. Изменения в социально-экономическом и политическом развитии Казахстана во второй половине XIX - начале XX века оказали большое влияние на духовную жизнь казахского народа. Колониальные власти игнорировали интересы и права казахского народа, препятствовали его духовному развитию. Явления, происходившие в социально-экономической и политической жизни Казахстана в рассматриваемый период, имеют большое значение в общественном сознании казахстанского общества. Столь значительные изменения создали условия для пробуждения национального самосознания, определили формирование новых идей и мыслей в казахском обществе. Формирование национальной интеллигенции не было единообразным, это был сложный и длительный процесс. Но конец XIX и начало XX века были новой эпохой развития интеллектуальных сил народа.

Ключевые слова: Национальная интеллигенция, петиция, Государственная дума, царский манифест, земельный вопрос

Annotation. Changes in the socio-economic and political development of Kazakhstan in the second half of the 19th - early 20th centuries had a great impact on the spiritual life of the Kazakh people. The colonial authorities ignored the interests and rights of the Kazakh people and hindered their spiritual development. The phenomena that occurred in the socio-economic and political life of Kazakhstan during the period under review are of great importance in the public consciousness of Kazakh society. Such significant changes created conditions for the awakening of national self-awareness and determined the formation of new ideas and thoughts

in Kazakh society. The formation of the national intelligentsia was not uniform; it was a complex and lengthy process. But the end of the 19th and beginning of the 20th centuries was a new era in the development of the intellectual forces of the people.

Keywords: *National intelligentsia, petition, State Duma, tsar's manifesto, land question*

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары көп емес еді. Оның себебі қазақ даласында орта мектеп мұғалімдерін дайындайтын курстар мен мектептердің жоқтығы, арнайы оқу орындарының ашылмағандығы. Түрлі мекемелер мен әкімшілік мекемелерде жұмыс істейтін қазақ мамандары негізінен орыс оқу орындарында білім алды. Өйткені патша үкіметі орыс оқу орындарынан қазақ жастарына санаулы ғана орындар бөлуге мәжбүр болды. Ол мұндай шараға менеджмент жүйесінің ұлттық кадрларға деген сұранысын қанағаттандыру үшін барған.

Осы мақсатта генерал-губернатор кеңсесі тарапынан қазақстуденттерге жылына 3-4 шәкіртақы тағайындалған. Осы қордың негізінде қазақ жастары Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава сияқты қалаларда түрлі мамандықтар бойынша білім алды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазан қаласы қазақ мамандарын дайындайтын маңызды орталыққа айналды. Мысалы, 1916 жылға дейін Қазан университетінде 26 қазақ жастары оқыды. Олардың 16-сы заңгер, қалғаны медицина саласында білім алса, университетті барлығы 14 қазақ түлек бітіріп шықты.

Сол кездегі Қазан университетін бітірген жастардың арасында Ахмет Бірімжанов, Мұхамеджан Қарабаев, Әбубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Мәметов, Иса Қашқынбаев, Шафқат Бекмұхамедов сынды қазақ халқының қоғамдық-саяси шараларына белсене араласқан азаматтар болды. Қазан малдәрігерлік институты қазақ жастары білім алып жатқан жоғары оқу орындарының бірі. 1877-1917 жылдар аралығында мұнда 13 қазақ студенті оқып, оның 11-і бітірді. Институтты бітірген Есенғұлов Түбек 1916 жылғы Жетісу оқиғасында белсенді қоғамдық қызметімен ерекшеленді. Қазан мұғалімдер семинариясы қазақ жастары көп келетін оқу орындарының бірі болды. Қазан төңкерісіне дейін мұнда 17 қазақ студенті оқып, оның 13-і диплом алды.

Семинарияны бітіргендердің қатарында С. Мендешев, М. Тұнгачин, Н. Залиев сияқты кейінгі кезеңде қоғамдық белсенділігімен танылған адамдар болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ жастарының ең үлкен білім ордасы, әрине, Санкт-Петербург қаласы болды. 1889-1894 жылдары саяси оқиғаларға толы империяның орталығында Ә. Бөкейханов, 1900-1905 жылдары Темір жол көлігі институтында М. Тынышбаев білім алған. Әсіресе, Санкт-Петербург университеті қазақ жастарының нағыз білім ошағына айналды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында (17 жылға дейін) 20-ға жуық қазақ шәкірті оқып, жоғары білім туралы диплом алды. Олардың ішінде XX ғасырдағы қазақ қоғамының саяси өміріне белсене араласқан Бақытжан Қаратаев, Бақыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Жаһанша Сейдалиев, Айдархан Тұрлыбаев, Жаһанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков сынды қайраткерлер бар.

XX ғасырдың алғашқы он жылында Санжар Асфендияров, Сәдуақас Шәлімбаев, Халел Досмұхамедов және басқа да бірқатар қазақтар Санкт-Петербург медицина академиясының дипломдарын алды. Сондай-ақ, кейбір қазақ жастары Ресейден тыс шетел университеттерінде білім алды. Мысалы, Ғалым Ахмедов жинаған мәліметтер бойынша 1917 жылға дейін тек бір ғана Стамбул университетінде Ә. Ғайсин, С. Шанов, Д. Көлбаев, М. Тұрғанбаев және Ә. Машаев сияқты қазақтар білім алған. Қазан төңкерісіне дейін 120-ға жуық қазақ жоғары білім туралы диплом алды.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көпшілігі гимназиялар мен про-гимназияларды, медициналық училищелер мен курстарды, мұғалімдер даярлайтын семинарияларды бітіргендер болды. Интеллигенция тарихын зерттеуші профессор В. Қ. Григорьевтің айтуынша, бұл топтағы ұлт зиялыларының саны 700-ге жуық. Бұл топқа Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Мырзағазы Есболов, Телжан Шонанов, Сейдәзім Қадырбаев, Жұмағали Тілеулин, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Омар Қарашев, Сағындық Досжанов, Отыншы Әлжанов тағы басқалар кірді. Қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің үлкен саяси орталықтарда білім алуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды өз көзімен көріп, қоғамдық жаңару жолына түскен орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын сезініп, қоғамдық қатынастарын жақсартып, саяси белсенділігін арттырды. Саяси өмірге енді араласа бастаған қазақ жастары бұл тарихи кезеңде ең алдымен ұлттық мәселе мен оны шешудің жолдарын ойлайтыны даусыз.

Саяси істерге араласу үлкен қалаларда оқитын студенттердің ғана құбылысы емес еді. Өмірде болып жатқан саяси оқиғаларға назар аудару, түрлі үйірмелерге араласу Омбы, Семей, Орал сияқты жергілікті орталықтардағы орта мектептерде оқитын жастарға да тән іс болды. Мәскеу университетіне түсер алдында Семейдегі гимназияда оқыған Х. Ғаббасов Бичевин деген кісі ұйымдастырған революциялық үйірмеге қатысқанын, 1905 жылғы оқиғаның гимназияларға, оның ықпалындағы клубқа үлкен әсер еткенін айтады. 1905 жылғы оқиғалардың үлкен әсері болғандығын, оның ықпалымен алдымен

Бекметов, сонынан Қозыбағаров басқарған қазақ жастарының да үйірмесі құрылып, оның жұмысына Омбыдан саяси қызметі үшін қуылған Жақып Ақбаевтың да араласқанын, үйірме мүшелері халық арасына «саяси әдебиеттер және қазақтарды отырған жерін өз еркімен бермеуге, елінің мүддесін қаптанға айырбастаған сатқын болыстармен» күресуге шақырған үндеу таратқандарын жазады.

Алайда ұлттық интеллигенцияның дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске қатысуы 1905 жылы болатын. Өйткені 1905 жылғы Ресейдегі саяси оқиғалар қазақтардың ұлттық санасының оянуына түрткі болды. 18 ақпанда Николай II Ішкі істер министрі А. Булыгин дайындаған рескриптке қол қойды. Онда заң жобаларын дайындау мен талқылауға «халық сайлаған» адамдарды тарту керектігі айтылды. Сол күні мемлекеттік қызмет пен халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатында жеке адамдар мен қауымдарды орталық үкіметке өз ұсыныстарын беруге шақыратын құжат пайда болды. Осы қауымының әрбір әрпіне сенген қауымдар, муниципалитеттер, думалар, земство жиналыстары, жеке азаматтар үкіметке түрлі қауылылар, өтініштер, ұсыныстар жолдады.

болмайды және оның түпкілікті тұжырымдарына енеді. Гуманитарлық ғылымдарды оқу барысында студенттер мазмұндамасын игереді, материалдық және рухани мәдениеттің маңыздылығын түсінеді. Болашақ оқытушыларға патриоттық тәрбие беру жүйесі – бұл мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиелеуге жан-жақты дайындау мақсатында университеттегі барлық ғылыми-тәрбие процесінің студенттердің санасына, сезімдері мен мінез-құлқына біртұтас ұйымдастырылған, біртіндеп, үздіксіз, белсенді әсерін қамтамасыз ететін мақсаттар мен міндеттердің, мазмұнның, принциптердің, әдістер мен құралдардың, ұйымдастырушылық формалардың бірлігі. Біздің қоғамымыздың қазіргі даму жағдайында оны табысты жүзеге асыру жастардың жоғары руханилықты, адамгершілікті және шынайы патриотизмді белсенді жандандыру негізінде ғана мүмкін болады. Болашақ мұғалімді оқушылардың патриоттық тәрбиесіне тиімді даярлау үшін біз ұсынатын білім, білік және дағды көлемін түпкілікті деп тануға болмайды. Уақыт талаптары мен қоғамның одан әрі даму процестері өсіп келе жатқан ұрпақтың патриоттық санасын қалыптастыруға өз түзетулерін енгізеді. Оқытушының жеке тәжірибесі оқушыларды патриоттық тәрбиелеу тәжірибесіне өз толықтыруларын әкеледі.

Аталмыш мақалада болашақ оқытушылардың мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруге дайындығының көрсеткіштері ретінде компоненттер мен өлшемдерді таңдауда біз Н.Д. Хмель әзірлеген мұғалімнің кәсіби дайындығы тұжырымдамасын басшылыққа алдық. Осы тұжырымдамаға сәйкес кәсіпті игеру үш аспектіде жүреді: мазмұнды, жеке, технологиялық және патриоттық тәрбиеге дайындық кем дегенде үш компонентті қамтуы керек (біз мотивациялық, мазмұнды және белсенділікке тоқталдық):

- мотивациялық іс-әрекеттің мотивтерінде, қажеттіліктерінде, жеке тұлғаның іс-әрекетке қатынасында, жеке тұлғаның кәсіби мүдделерінде, жеке тұлғаның белсенділігінде анықталады;

- мазмұнды іс-әрекет объектісінің мәні туралы теориялық білім жүйесінің болуымен сипатталады, оның өзгеруі болашақ мұғалімнің оқушыларды патриоттық тәрбиелеуге дайындығының мақсаты болып табылады, сонымен қатар патриоттық тәрбиенің әдістері, әдістері, әдістері, формалары мен құралдары туралы білім;

- тәжірибеде зерттелетін "мұғалім-оқушы" жүйесінде нәтижелі өзара іс-қимыл қамтамасыз етілетін іскерліктер, дағдылар, әдістер, қызмет тәсілдері кешенінен тұратын технологиялық дайындықтармен іске асырылады.

Зерттелетін дайындықтың жоғарыда аталған компоненттері критерийлерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар біз болашақ мұғалімдердің мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруге дайындығын анықтау ретінде келесі компоненттер мен өлшемдерді ұсынамыз.

Аталған критерийлерге сәйкес біз болашақ мұғалімдердің мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруге дайындығының деңгейлік градациясын қолдандық, онда жоғары, орта және төмен деңгейлер бөлінді.

Болашақ мұғалімнің патриоттық тәрбиеге дайындығының компоненттері мен критерийлері.

I. Мотивациялық

1. Педагог мамандығына оң көзқарас.
2. Патриоттық қызметке қажеттілік.
3. Тұрақты өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған мотивация.
4. Гуманитарлық цикл пәндерін оқу барысында алынған білім негізінде патриоттық сананы қалыптастыру үшін қажетті дағдыларды игерудегі белсенділік.

II. Мазмұнды

1. Патриоттық тәрбиенің мәнін, қоғамның осы мәселеге қойылатын жаңа талаптарын білу.
2. Гуманитарлық цикл пәндерін білу негізінде патриоттық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін анықтай білу.
3. Патриоттың қасиеттерін қалыптастыра білу.
4. Оқушыларды патриоттық тәрбиелеудің құралдарын, нысандары мен әдістерін білу, гуманитарлық пәндер циклін оқу барысында алған білімдерін патриоттық тәрбие бойынша практикалық қызметте қолдана білу.

III. Белсенді

1. Патриоттық сипаттағы іс-шараларды өткізу дағдыларының болуы.
 2. Ұжымды басқара білу, патриоттық бағыттағы оқушылардың жұмысын ұйымдастыру.
 3. Гуманитарлық пәндер циклін зерделеу негізінде әскери-қолданбалы сипаттағы дағдыларды меңгеру.
 4. Патриоттық тәрбиеде тарих, этнопедагогика және басқа да гуманитарлық пәндер бойынша білімді қолдана білу.
 5. Болашақ мұғалімнің белсенділігі, тәртіптілігі, жақсы физикалық дайындығы.
- Жоғары деңгейдегі болашақ мұғалімнің кәсібіне және оның тәрбие қызметі сияқты аспектілеріне

оң көзқараспен қарауымен сипатталады. Өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған, педагогикалық ойдың дамуын бақылайды, үнемі арнайы әдебиеттерді оқиды. Қызығушылығы бар және жаңа білім мен дағдыларды игеруде белсенді. Педагогикалық процестің мәнін түсінеді, оның компоненттерін, заңдылықтарын, қозғаушы күштерін біледі. Функционалды пәнаралық сауаттылықтың жеткілікті деңгейіне ие. Тәрбие қызметінің әдістемесін, атап айтқанда-патриоттық тәрбиенің мәнін меңгерген. Балалар ұжымын басқару қызмет объектісінің ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Оқушылар мен әріптестер арасында жеткілікті беделге ие, үнемі спортпен шұғылданады, өзінің тәрбиелік қызметінде қолданатын хоббиі бар. Белсенді, бастамашыл, тәртіпті.

Орта деңгей болашақ мұғалімнің мамандыққа деген оң көзқарасымен сипатталады, бірақ педагогикалық қызметтің тәрбиелік аспектісіне әрдайым оң көзқарас бола бермейді. Өзін-өзі тәрбиелеу анда-санда жүзеге асырылады. Педагогикалық процестің жекелеген компоненттерін біледі, көбінесе олардың арасында байланыс орнатады, бірақ басқаруда ол теориялық білімге сүйенбейді, қызмет объектісін жетілдіру тәсілдерін нашар біледі. Патриоттық тәрбие идеясын қабылдайды, бірақ практикалық қызметте патриоттық тәрбие элементтерін қолдану туралы Жеке білімі бар, оларды нашар дайындыққа байланысты сирек қолданады. Балалар ұжымын басқару деңгейі әлсіз, өйткені оның дамуының мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ оқушыларға патриоттық тәрбие беру дағдылары жеткіліксіз. Оқушылар арасындағы әлсіз билік, спортпен шұғылдану және басқа да құмарлықтар эпизодтық болып табылады.

Төмен деңгей болашақ мұғалімнің мұғалім мамандығына бей-жай қарамайтындығымен, педагогикалық қызметтің тәрбиелік аспектісіне, атап айтқанда патриоттық тәрбиеге оң қатысы жоқ екендігімен сипатталады. Жаңа білім мен дағдыларды игеруде пассивті, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған емес. Педагогикалық процестің компоненттерін бөлу қиынға соғады, балалар ұжымын басқару тиімсіз жүзеге асырылады. Оның қосымша қызығушылықтары, қабілеттері жоқ (музыкалық аспаптарда ойнау, спортпен шұғылдану, туризмге, шахматқа деген құштарлық, сурет салу қабілеті және т. б.) оның негізінде оқушыларды баурап, беделге ие бола алады. Ол пәндік сауаттылықтың төмен деңгейіне ие, бұл оған мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру бойынша өзіндік жұмысты тиімді құруға мүмкіндік бермейді.

Болашақ мұғалімдерде оқушыларды патриоттық тәрбиелеуге дайындық деңгейлерін анықтауды біз ғылыми зерттеу әдістерінің кешенін қолдана отырып жүргіздік: сауалнама және тестілеу; бақылау, әңгімелесу, оқу құжаттамасын талдау (студенттің үлгерім деңгейі, тәртіптілігі, белсенділігі, жолдастарымен қарым-қатынасы); педагогикалық практикадан кейін студенттер ұсынған. Құжаттаманы талдау, тәуелсіз сарапшыларды тарту және басқалар. Педагогикалық қызметке, атап айтқанда мектептегі тәрбие жұмысына мотивацияны анықтау үшін сауалнама, тесттер ұсынылды. Студенттердің жауаптарын талдай отырып, оларды патриоттық тәрбиеге дайындықтың үш деңгейіне бөлді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың деректерін талдау студенттік ұжымдарда бізбен сипатталатын қатынастар дамығанын көрсетті: жалпы мейірімді, бірақ өзара қорлау мен дөрекілікке жол беріледі, күдік пен өзара дұшпандық орын алады. Сонымен қатар, біз бақылау және эксперименттік топтардағы студенттік топтардағы ұжымдық ұйымшылдық пен тұлғааралық қатынастарды бағалауда ерекше айырмашылықты анықтаған жоқпыз. Әрі қарай тәжірибелік-эксперименттік қызметімізде біз студенттік академиялық топтар мүшелерінің бірлігін дамытуға және ұжымдық қатынастарын қалыптастыруға көп көңіл бөлдік. Шынында да, дәл осы жерде тәлімгер-мұғалімнің білікті басшылығымен студенттің жеке басының моральдық-психологиялық қасиеттерін, оның дүниетанымын, өмірге және жолдастарына деген көзқарасын қалыптастыру мүмкіндігі бар. Академиялық топтың тәрбиелік мүмкіндіктері курстағы, факультеттегі оқу-тәрбие процесінің жалпы бағытымен анықталады, олар сонымен қатар студенттердің қызығушылығы мен белсенділігінің дәрежесіне байланысты.

Тәуелсіз сарапшылардың бағалауы, өзін-өзі бағалау, тестілеу, сауалнама, сондай-ақ ғылыми зерттеудің басқа әдістері бойынша болашақ мұғалімдердің оқушыларды патриоттық тәрбиелеуге дайындығының көрсеткіштері мен өлшемдеріне сәйкес эксперименттің барлық қатысушылары жоғары, орташа және төмен дайындықтағы үш топқа бөлінді.

Болашақ мұғалімнің патриоттық тәрбиеге дайындық деңгейін анықтау үшін (X) барлық критерийлер бойынша алынған сандық мәліметтерден қажетті соманы (Z) олардың санына (n) бөлу керек, яғни $X = Z \cdot n$. Осылайша, жоғары дайындықты көрсеткен студенттер саны-0 адам, орташа дайындығы - 85 адам, төмен дайындығы-124 адам.

Эксперименттің деректері студенттердің едәуір бөлігі патриоттық тәрбиенің мазмұны туралы, "Отан", "парыз", "ар-намыс", "қадір-қасиет" сияқты ұғымдардың мәні туралы әлсіз түсінікке ие екендігін көрсетті. Болашақ мұғалімдердің көпшілігінде тәрбие жүйесінің тұтас көрінісі, атап айтқанда мектептегі тәрбие жұмысының жалпы жүйесіндегі патриоттық тәрбиенің орны мен рөлі туралы түсінік жоқ. Демек,

оқу процесінде де, сабақтан тыс уақытта да оқушыларға патриоттық тәрбие беру бойынша іс-әрекеттің дағдылары мен дағдылары нашар қалыптасқан.

Ұжымда және оқушылар арасында, әріптестер ұжымымен оң қарым-қатынас орнату қабілетін, педагогикалық ЖОО түлектерінің белсенділігін, тәртіптілігін, жауапкершілігін, үлгерімін көрсететін көрсеткішті айқындай отырып, біз мынадай нәтижелерге қол жеткіздік: эксперименттік топ студенттерінің 69,5% -ы және бақылау тобы студенттерінің 59,8% - ы өз міндеттеріне байсалды қарамайды, белсенді емес, үлгерімі нашар, өзін-өзі жетілдіруге бағытталмайды, ұжымдық қатынастар өздерінің сұраныстары мен мүдделерімен салыстырғанда онша маңызды емес деп танылады. Ұжымдағы қарым-қатынас туралы жас ерекшелік психологиясы туралы білімді өз қызметінде пайдаланбаңыз, олар ұжым дамуының социометриялық сипаттамасын жасай алмайды, оны дамытудың мақсаттары мен міндеттерін таяу уақытта да, перспективада да анықтай алмайды, сонымен қатар патриоттық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін анықтай алмайды.

Зерттеудегі қойылған міндеттерге сәйкес біз болашақ мұғалімдерді гуманитарлық пәндер циклін оқу процесінде патриоттық тәрбиеге тиімді дайындауға ықпал ететін әдістемені ұсынамыз. Ең алдымен, Қазақстан тарихы, Қазақ әдебиеті, этнопедагогика, педагогика оқытушыларына аталған пәндер курсына білімнің патриоттық аспектісін өзектендіру бойынша ұсыныстар берілді.

Біздің тақырыпқа сәйкес келетін ерте зерттеулерге теориялық талдау жүргізіп, өзіміздің зерттеу қызметіміздің мақсаттары мен міндеттерін анықтап, анықтаушы эксперименттің нәтижелерін талдай отырып, біз болашақ мұғалімдерді кешенді – белсенді тәсіл негізінде оқушыларды патриоттық тәрбиелеуге дайындау бойынша жұмысымыздың нақты жоспарын жасадық:

1. ЖОО-дағы оқу-тәрбие процесінің гуманитарлық циклінің мазмұнына талдау жүргізді; оның тәрбиелік мүмкіндіктерін; оны қайта құру мүмкіндіктері мен қажеттілігін; тәрбие жұмысын жүргізу шарттарын, оның жеткіліктілігі мен қоғамның қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігін айқындады.

2. Оқушының жеке басын өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі тәрбиелеуге орнатудың орындылығын анықтады.

3. Мұғалімнің қалауын ескере отырып, мақсатқа жету жолдарын анықтады.

4. Материалдың мазмұнын іріктеп, патриоттық тәрбие мен рухани–практикалық қызметке бағдарлана отырып, әр түрдің және жұмыстың барлық кешенінің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық міндеттер жүйесін әзірледі.

5. Патриоттық тәрбиенің құрамдас бөліктерінің қалыптасу дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретін нәтижелерді талдау критерийлерін таңдады.

6. Білім алушылардың "басқалар үшін" қызметін, азаматтық белсенділігін, шығармашылық қызметке, өзін-өзі дамытуға қажеттілігін дамытуға бағытталған таңдалған критерийлер негізінде ағымдағы бақылау және түзету жоспарын жасады.

7. Алынған нәтижелер мен оларды талдау педагогикалық зерттеу әдістерін қолдана отырып жүргізілді.

8. Ақпаратты өңдеу және оны дамытудың осы кезеңіндегі педагогикалық процестің тиімділік дәрежесін анықтау, болашақ мұғалімдердің оқушыларға патриоттық тәрбие беру дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында біздің жұмысымыздың келесі кезеңін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде осы ақпаратты пайдалану.

Біздің зерттеу жүйесінде педагогикалық практика ерекше орын алады. Мұнда біз эксперименттік топтың әрбір қатысушысының жеке жұмысын нақты қадағаладық, қажетті кеңес бердік, туындаған қиындықтарды жеңуге көмектестік, бірақ жалпы алғанда, жеке қабілеттерді, алынған қасиеттерді жандандыру мақсатында студент-практиканттарға үлкен дербестік бердік, оларды өзін-өзі дамытуға, шешімдерді өз бетінше іздеуге бағыттадық.

Студенттердің оқушыларды патриоттық тәрбиелеуге дайындығын жетілдіруге ықпал ететін тұжырымдар мен ұсыныстар қарастырсақ:

1) Тәуелсіз Қазақстан Республикасы қоғамының одан әрі дамуы халық өмірінің барлық салаларында бейбітшілік пен прогрессивті өзгерістерге кепілдік беретін өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесінің жай-күйін түбегейлі жақсартумен тығыз байланысты.

2) Патриоттық сенімдердің қалыптасуына көрнекті ойшылдардың, өткен философтардың, отандық ағартушылардың, педагогтардың шығармаларын терең зерттеу ықпал етеді, олардың зерттеулері жастардың моральдық және азаматтық қасиеттерінің қалыптасуына үлкен әсер етеді.

3) Студенттерді оқушыларды патриоттық тәрбиелеуге дайындау жүйесінде болашақ педагогтердің патриоттық идеялары мен құндылықтарын әзірлеу ерекше орын алады.

4) ЖОО – дағы патриоттық тәрбие жүйесі гуманитарлық пәндерді оқыту шеңберінде үлкен мүмкіндіктерге ие және жан-жақты дамыған педагог-патриотты, оқушыларға патриоттық тәрбие беруді

ұйымдастырушыны қалыптастыруды қамтамасыз ете алады.

5) патриоттық тәрбиенің педагогикалық негізделген мазмұны: жүйелілік, кешенділік, пәнаралық байланыстарды қамтамасыз ету қағидаттарына негізделуге тиіс.

Гуманитарлық пәндер циклін зерделеу барысында болашақ мұғалімді патриоттық тәрбиеге дайындау мәселесін толығымен шешпейді. Біз Қазақстан тарихын, қазақ әдебиетін, педагогикасын, этнопедагогикасын зерделеу шеңберінде зерттелетін сапаны қалыптастыру қарастырылды, өйткені бір жұмыста гуманитарлық циклдің барлық пәндерінің рөлін көрсету мүмкін емес. Студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуін жетілдіру университеттің оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылатындығын және ғылыми негізде жан-жақты жүзеге асырылуы керек екенін көрсетті. Студенттерге патриоттық тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің тиімділігі патриоттық тәрбие субъектілерінің кешенді бағдарламаны қолдануы нәтижесінде арта түсетіні анықталды. Бұл ЖОО студенттеріне патриоттық тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің жалпы идеясы мен жүйелілігін іске асыруға, олардың патриоттық санасы мен жеке тұлғаның патриоттық қасиеттерінің деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрмұратов С.Е. Индустриалды-инновациялық дамудың рухани негіздері. «Әл-Фараби қазақ және әлем философиясы, мәдениеті мен өркениетінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2019. –
2. Айталы А. Қазақстандық патриотизм идеясын дамытудың негізгі бағыттары. Индустриальная Караганда. - 2002. - № 183–185.
3. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.– Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. -216
4. Ерасов Б.С. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік.– Алматы: Раритет, 2004. – 320б.
5. Ахметова Л. Патриотизм: проблемы и перспективы // Казахстанский патриотизм: сущность, значение, проблемы: Сб. материалов межвузовской науч.-теорет. конф. – Алматы, 2003. – С. 15-32.

ҰЛТ БОЛАШАҒЫ БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

САУРБАЕВА РАЙСА САНАКОВНА

магистр, аға оқытушы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Жастар өмірге шынайы қарап, өз тағдырларын өздері басқара алатын азаматтар болуы үшін біз оларға үлгі көрсетуіміз керек. Қазіргі медиа мәдениетті спикерлер емес, өмірдің өзінен алынған нақты оқиғалар қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды жариялау бұқаралық ақпарат құралдарының басты мақсаты болуы тиіс».

Тірек сөздер: қоғам, жаңғыру, мәдениет, рухани, әлеумет, этника, құндылық.

Аннотация. В статье Первого Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» говорится: «Для того, чтобы молодежь могла реально смотреть на жизнь и быть теми гражданами, которые сами могут распоряжаться своей судьбой, мы должны подавать им пример. Современную медийную культуру формируют не ораторы, а реальные события, взятые из самой жизни. Освещение таких событий должно стать главной целью средств массовой информации».

Ключевые слова: общество, возрождение, культура, духовность, социум, этника, ценность.

Abstract. The article of the First President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev «Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru» says: «In order for young people to be able to really look at life and be those citizens who can control their own destiny, we must set an example for them. Modern media culture is formed not by speakers, but by real events taken from life itself. The coverage of such events should be the main goal of the mass media».

Keywords: society, renaissance, culture, spirituality, society, ethnicity, value.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек. Қазіргі медиа мәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиіс»-деп мәлімдеген.

Адамзат алдында тұратын ұлы мұрат–міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, рухани бай және ақылпарасаты мол, мәдени- ғылыми өресі озық азамат тәрбиелеу. Бұл

біздің қоғам алдындағы нақты борышымыз. Бүгінгі әлемдегі елдер мен халықтардың өзара тарихи байланысының дамуы, экономика, мәдениет пен ғылымның әлемдік деңгейге бет бұруы, ертеңгі күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білім мен тәрбиеге ғана тән.

Менің осы мақаладағы негізгі мақсатым - жанашыл жастар санын арттырып, елімізге сапалы, құнды нәрсе әкелетін жастарды шығару. Елбасымыз «Рухани жаңғыру» мақаласында қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар ауадай қажет деп көрсеткен болатын. Осы бағытта алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар мен міндеттер көп. Мағжан Жұмабаев атамыз өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген: «Баланы тәрбиешенің өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайықтап дайындау керек» Иә, Мағжан атамыз айтқан даналық ой бүгінгі күнгі білімді ұрпаққа қаратылып айтылғаны көрініп тұр. Өйткені елдің ертеңі мен болашағы - жастар. Бұл жастар заман талабына сай тәрбиеленіп, өзіміздің қазақи құндылығымызды жоғалтпағаны абзал.

Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолдарымызда, яғни болашағымыз жастардың жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез - келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Біз бүгінгі жаңа атауды ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімпаз жастарымыз ғана табысқа жетеді.

Бүгінде елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөлуде. Жастар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқыланды – оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындығын аңғартады. Статистика агенттігінің жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4, 5 миллионнан астамы жастардың үлесінде. Бұл дегеніміз халқымыздың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше, еліміздің ертеңгі болашағы жастарды бүгіннен бастап тәрбие алуы мен отан сүйгіштік қасиеттерінің дамуына ықпал жасау қажет. Ең әуелі жастар бойына рухани – адамгершілік, саяси интелектік, құқықтық тәрбие басым болған жөн. Жастар жас шыбық сияқты. Қалай исең солай иілуге әзір. Сол себепті жастардың ойын да, бойын да түзу өсіруге халықтың басты парызы деп есептеймін [1, 28 б.]. Біздің жастар еліміздің бір тұлғасы ретінде болғандықтан, мен заман талабына сай көштен қалмай соңғы жаңалықтарға көз жүгіртіп, назардаң тыс қалдырмауға тырысамын.

Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры.

Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаевтың жарияланған жолдауы жастарды бір серпілтіп, бойына жігер сыйлағандай. Себебі еліміздің болашағы – жастарға айрықша көңіл бөліп, Жастар жылын қабылдауға ұсыныс білдіруі қоғамның ауызбірлігін еселеп арттырды. Елбасының үнемі жастарды қолдап, жастар саясатын дамытуды көздейтіні бекер емес. Ол мұны кезекті жолдауында да ашып айтты. Қазақстан жастары үшін 2019 жыл айтулы және жемісті жыл болып есептеледі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынды.

Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев білім беруге, жұмыспен қамтуға, Қолжетімді баспана мен отбасына бағытталған бірнеше бастамаларды ұсынды.

Бұл ретте Ұлт Көшбасшысының ұсыныстары аяқталмады, өйткені алда тағы бір міндет – ірі бизнес-компаниялармен бірге жастар стартаптарын қолдау қорын құру болатын. Бұл тұрғыдан да көптеген елеулі жұмыстар атқарылып жатыр десек те болады.

Жастар – елдің даму қарқынын көрсететін белсенді көрсеткіш. Кез-келген қоғамда елдің өркениет көшіне ілесіп не артта қалғанын жастарының белсенділігінен байқауға болады. Жастық – ол ізденістің бастауы. Осы кезеңде адам өзінің күшіне сеніп, тауды да қопарып тастайтындай көрініп, барлық істе - спортта, саясатта, бизнесте болсын көшбасшылық танытады. Жастар тәрбиесімен жұмысты жақсарту, егемен еліміздің салауатты ұрпақтарын қалыптастыру - басты міндеттердің бірі. Болашағы зор айбынды Қазақстанның сенім артар азаматтары – асқақ рухты жастар десек қателеспейміз. Білімді де білікті жастар - еліміздің ертеңгі тірегі. Сондықтан да, әрқашан жастарды қолдап, олардың әрбір әрекетіне көңіл бөлуді еліміз бірінші орынға қойған. Қазіргі жастар креативті, жан-жақты ізденіп, өзіндік пікір білдіре алады. Өзінің инновациялық жобаларымен халықаралық деңгейдегі сайыстарға қатысып, өзінің жобасын жариялап жатқан жастар да жетерлік. Көшбасшы болуға талпыну арқылы бәсекеге қабілетті, шынайы өмірге бейім жас буынды қалыптастыру мектеп пен мұғалім үшін де міндет деуге болады. [2, 45 б.].

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңгі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан - жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Сондықтан жас ұрпақты шындап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі мектеп алдына қойылып отырған басты міндет.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты - жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу. Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көп этникалық үлкен өмірге еруге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады.

Мемлекет тарапынан жасылынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Өйткені, өмір ағыны тоқтамақ емес, жастық шақтың да жарқ етіп өте шығары баршаға мәлім. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді.. Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екендеріңізді естен шығармаңыздар! Ел ертеңі – білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттайық.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін,-деп, Мағжан ақын айтқандай, еліміздің көк байрағын биіктететін де, әлем алдында оны танытатын да – жастар!

Біздер, жастар- адалдық пен әділдікті паш еткен мерейі үстем, ұрпағы ұлағатты деп басқа ел тамсанғандай еліміздің жарқын болашағына өз үлесімізді қосайық. Надандықтың емі–білім, тәкаппарлықтың емі– имандылық, яғни, мейірім, бауырмалшылық. Олай болса, ойымыз түзу, ниетіміз таза болғай!

Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда,яғни жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез-келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беру керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ.

Жастарымыздың бойында елжандылық, азаматтық пен адамгершілік сезімдері жан-жақты жетілгенде ғана патриотымыз парасаты асқақтай түспейме?

Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғандығы тарихтан мәлім. Жастарды жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жасампаз үлгісін жаңғырта беру мақсатында жаңа ғасырғы еліміздің интеллектуалдық элитасын қалыптастыруға, мемлекетіміздің басты игілігі болып саналатын этносаралық келісімді, татулық пен бірлікті қорғауға шақыруымыз керек. «Біз күш-қайратымызды, жастық жігерімізді тәуелсіз Қазақстанның дамуына жұмсаймыз. Ұлттық мүдде қағидасын сақтау мен ұлттық экономиканы-көтеру жалпы біздің жастардың басты мақсатымыз». Заманның заңғар тұлғаларының бірі – Міржақып Дулатов: «Алыстан алаш десе, аттанамын, қазақты қазақ десе мақтанамын»,- деп айтқанындай арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастарымыз жаңа идеяларды жүзеге асырып, өміршең істердің бастауында тұрғанда бүгінгі жас ұрпақпен әрқашанда мақтанамыз.

Жастардың бәсекеге қабілеттілігі–өркениеттің даму өзгерістеріне орай заман мен қоғам талаптарына сай келетіндей іс-әрекет дағдыларының болуы. Бұл – қандай жағдайда да қоғамнан өз орныңды тауып, оның сұраныстарына жауап бере білу қабілеті. Жастарымыз жаһандану жағдайында өзінің өмір сүру жағдайын қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік саясат пен ұлттық мүдде тұрғысынан әрекет етіп, өмір шындығына белсенді ықпал жасап, жақсы жағына қарай өзгертетін білім, білік және дағдыларға ие болулары керек. Қазіргі заман талабына сай білім алушыларға кәсіби құзыреттіліктер қалыптастыруда жоғары оқу орындарының алдында орасан зор міндеттер тұр. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістер оқытушыдан студенттерді тек білімге ғана емес, өмір сүруге үйрететін қабілеттерді талап етуде. Болашақ мамандардың осынау ақпараттық қоғамнан қалыспай жете ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, іскер ұйымдастырушы, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі уақыттың талабы болып саналады.

Мысалы жастарымыз белгілі бір оқу орнын бітіріп өз мамандықтары бойынша жұмыс жасамай жатады.Осының басты себебі не деп ойлайсыз?

Жоғары оқу орнын бітіріп, қолына диплом алған жастардың ойында тек бір арман, бір мақсат тұратыны белгілі. Ол – жұмысқа орналасу. Оқуын тәмамдаған соң бірден жұмысқа орналасу бақыты өкінішке орай, барлық дипломды мамандарға бұйыра бермейді. Бұл мәселенің біздің елімізде көтерілуі негізгі мәселелердің бірі деп ойлаймын.Мысалы;таңдаудың дұрыс болмауы,жұмыссыздық мәселесі,өзінің қаламай түсуі т.б себептер айта кетсем болады. Әрбір ата-ана балаларына жақсы білім алуға мүмкіндік жасап, кейін сол «білімді баласының» жақсы қызметке орналасуын армандайды. Шыны керек, мемлекет

өзіне қажетті мамандықтарға оқу грантын көп бөледі. Алайда ол мамандардың оқу бітіргеннен кейінгі жұмысқа орналасуына назар аударулары әлі де болса жеткіліксіз.

Себебі оның әуелдегі ойы мүлде басқа болған. Қасындағы жандардың пікірі уақыт өте келе ойының өзгертеді. Мамандық таңдауға бір жағынан ата-анасы себепкер болса, екінші жағынан тұрмыс жағдайы, одан кейінгі қоғамдағы сол мамандығының қажеттілігінің де әсер етуі мүмкін. Ата-анасы мен өзінің бар ойы – грантқа түсу. Ол кезде мамандықты тек балы жететін салаға тапсырады. Дегенмен осы сәтте келешегін аз да болса ойлау керек. 4 жыл тегін оқыды делік, ол ғылымға қызығушылығы болмаса оқыған уақыты зая кетпей ме? Яғни, жан қалауының орындалмауы.

Дегенмен бастысы, сол қолға алған дипломмен жұмысқа тұру ғой. Ата-анасы ауылға келіп жұмыс жасағанды қалайды, ал өзі болса үлкен қалада мүмкіндік көп деп есептейді. Жә, оны қойшы, ауылға келіп жұмыс іздеді делік. Қаншама есіктің табалдырығын тоздырды, ал бірақ нәтиже жоқ. Себебі жұмыс беруші көп жағдайда еңбек өтілі бар мамандарды қабылдайды.

Біз біреулер бастықтың қол астында, яғни өзгенің қарамағында жұмыс істегенді қаламайды. Өзіне-өзі би, қожа болып жүргенді дұрыс көреді. Сол себепті де өзі «шағын бизнес» ашып, жеке кәсіпкер болғанды жеңіл көреді. Мұндағы бар ойы «мен ешкімнің қыспағымен жүрген жоқпын». Бірақ кез келген нәрсенің өз ауыртпашылығы болады емес пе? Қиыншылықпен келген дүниенің қадірі де жоғары тұратыны хақ.[3, 30 б.].

Енді бірі алып-сату не болмаса ғаламтор желісі арқылы ақша тапқанды ақыл көреді. Үйде отырып жұмыс жасаған тиімді шығар. Дей тұрғанмен оның болашағы қандай болмақ? Өзіне пайда әкелгені жақсы, әрине. Кейбірі тіпті жұмысын емес жалақысын сұрайды. Жалақысы жақсы болса қандай тапсырманы болмасын істеуге дайын тұрады. Енді бірі мамандық бойынша емес табылған жұмысқа орналасудың қам-қарекетін іздейді.

Қазіргі кезде жастарды қолдауға көптеген шаралар жасалуда. Мемлекет тарапынан жастарды қолдау үшін жасалып отырған «Жасыл ел», «Жастар кадрлық резерві», «Дипломмен ауылға», «Серпін-2050», «Қолжетімді баспана – 2020» және тағы да басқа бағдарламалар бар. Жастар табанды еңбек етіп, елімізде болып жатқан оңды үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қол жеткізіп, биіктерге көтерілуге болатынын түсінуі маңызды.

Жалпы жақсы тұрғыдан алып қарасақ, жастар қоғамымыздың жүрек дүрсілі. Есігінен енді аттап отырған жаңа ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де осы біздерге тікелей байланысты. «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деп ата-бабамыз айтқандай, бүгінгі жастар елдің болашағы екеніне бәріміз кәміл сенімдіміз. Шыны керек мен үшін өте ауыр мәселелердің бірі бүгінгі жастар бейнесі. Өзіммен теңдей жастардың ойлау қабілеті өзгергендей.

Қорытындылай келе алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Мәңгілік ел болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мен еліміздің татулығының арқасында бейбіт күн кешіп, жыл сайын жылжып, күн сайын өсіп отырған Қазақстанның алар асуы алда екеніне сенемін. Дамыған елдерден даралану үшін, әр Алаш азаматы қол қусырып жатпасы хақ. Сондай-ақ, ұлт болашағы жастардың қолында екен, жүрегімізде «елім» деп лаулаған алау алаш жастарын бір сәтке де жәйбарақаттылыққа салынуына жол бермесі анық. Себебі, Қазақстанның гүлденуі- жастардың қолында!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жарықбаев Қ. *Аталар сөзі – ақылдың көзі.* – Алматы: Қазақстан, 1980.
2. Тұрғанбаева Б. *Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту.* Алматы, 1999.
3. Піралиев С.Ж. *Жаһандану үдерісіндегі жастарға ұлттық тәрбие берудің рөлі.* – Алматы: Ғылым ордасы, 2013. – 144.
4. Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортега. *«Әлеуметтану негіздері».* South-Western College Pub, 2018.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ БЕРУ

КУСМАНОВА А.С.

көркем еңбек пәнінің мұғалімі, №1 орта мектеп
Алматы облысы, Іле ауданы, Қоянқұс ауылы

Қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан-Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

«Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дейкеле, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- еңбастысы,әразаматтыңсана-сезіміжаңғыруықажеттігін;
- халқымыздыңдүниетанымыжәнеөмірлікүстанымдарыөзгеругетиісекендігін;
- әйтпесе,басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

Қазақ халқы ежелден ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуін армандаған. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»—ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделді. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақтілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бағдарламасын іске асыру барысында ертеден келе жатқан ұлттық қолөнеріміздің түрі «Құрақ-құрау» өнерімен дамыған Жапония елінің кунусайга техникасымен таныса отырып, оқушылармен айырмашылығымен ұқсастығына зерттеу жұмысын жүргіздік. Нәтижесінде Қазақ халқының құрақ-құрау өнерімен Жапон халқының кинусайга өнерін пайдалана отырып, оқушылармен шығармашылық жұмыстар жасадық.

Құрақ құрау өнері- қазақ халқының ежелден бүгінге дейін өшпей жеткен қолөнерінің бірі. Үлкен тәрбие жатқан бұл өнер түрі қазіргі заманға дейін өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Соңғы жылдары халықтың қайта қызығушылығы артып, күнделікті қолданысқа кеңінен ене бастады. Халқымыздың құрақ құрау өнерінің тарихы тереңде. Әрі берер мағынасы да тәлім -тәрбиеге толы. Әжелеріміз киіз үйдің ішін безендіргенде, көрпе-жастығын құрақ құрау техникасымен келістіріп қолдана білген. Шебер қолынан іс келетін әйелдер көрпеден бастап, кеудешеге дейінгі бұйымдарды құрақпен безендірді. Құрақ құрау үшін, бірінші , керекті материалдар таңдап алынады. Оларды түрі, түсі, матасына қарай сұрыпталады. Жібек, барқыт, сәтен кесінділері жеке-жеке бөліп алған дұрыс. Түрлі-түсті маталардан қиыстырып тігу керек. Құрақ -құрау негізі әртүрлі символдармен де байланысты. Атап айтсақ, үшбұрыш құрағының мәні әлемдегі үш дүниені ұштастыру, үшбұрыш – су, жер, ауа – үш ғаламның белгісі, мағынасы – ғаламдық тепе-теңдік пен тұтастық. Бал арасы ұясы негізінде «Алты табақ» құрағының, мағынасы, тәттілік пен молшылықты білдіреді. Жануар, құс бейнелерін де құрақ өнері арқылы мата бетіне салған. [Құрақ дегеніміз ерте заманнан келе жатқан өнер Каирдің Булат мұражайында қарақұйрық терісінен құрап тігілген өрнектер әлі күнге дейін сақталған, ал Токио мұражайының бірінде Маиома Адоннің /1569-1867/ асыл тастар мен түрлі маталардың қиындыларынан құрап тігілген киім әлі күнге дейін сақталған.[1.3]Ерте заманғы Сақ заманынан бастап, өмір құбылыстарын қолөнер арқылы көрсете білген көшпелілер қолөнер дәстүрінің өзіндік мәні бар. Көшпелілер заманындағы «жүп», «су» сияқты мағыналы ою-өрнектер қазіргі заманымызға дейін мән-мағынасын жоғалтпады. Өсемдікпен пен сұлулыққа құштар халқымыз ұзатылған қызға жасағанда махаббат нышаны ретінде «Акку құрақ» көрпесін арнаған. Осы күнге дейін дәстүрімізді жоғалтпай кеңінен қолдануда, қыз жасауында да көрініс табуда. Құрақпен тұрмысқа қажетті әртүрлі заттарды безендіруге болады. Зат салатын ұлттық нақыштағы әртүрлі қоржындарды, қыз-келіншектерге арналған әр-түрлі бұйымдарды, күнделікті қажетті тұтынатын жастық, аяққап, қолқапшық, түрлі төсеніштерді жатқызуға болады. Арнайы, шағи, шыт, мақпал, қыжым, қамқа т.б маталар қажет болады. Қонағына ерекше көңіл бөлетін халқымыз , төрге шығарып түрлі -түсті қалың көрпелерін төрге төсеген. Қонаққа деген кең пейілдің – сыйластықтың белгісі ретінде көруге болады. Қоршаған ортадағы әрбір зат кішкентай бөлшектерден құралады. Сол сияқты әрбір үйде құрақтан жасалған бұйым болуы отбасының ынтымағы мен берекесін құрайды. Халқымыз құрақты «өте киелі» деп бағалауы – «келген жаман көзден сақтайды» деп ырымдаған. Ежелден аналарымыз ысырапшылдыққа жол бермеген құрақ-

құрау өнерін қыздарына, келіндеріне үйретіп келесі ұрпаққа мирас етіп қалдырып отырған. Өнерлі әжелеріміздің арқасында құрақ-құрау өнері қазіргі заманда түрленіп брендке айналып отыр. Ежелден әжелеріміз мата қиындыларын тастамай үнемдеп өз кәдесіне жаратып отырған. Әр түрлі маталардан әдемі бұйымдар жасаған. Қазіргі қарыштап дамып жатқан заманымызда, алыстан көз тартатын құрақ-құрау техникасымен жасалған сәнді бұйымдар, сәнге айналды. Ұлттық бұйымымыз әр үйдің төрінде жарқырап тұр - деп айтсақ, артық емес. Құрақ - құрау өнерімен айналысудың өзіндік пайдасы бар – адамды шыдамдылыққа, үнемділікке, төзімділік пен сабырлыққа, тазалық пен әсемдікке баулиды. Жан дүниесін байытып қана қоймай, ой-өрісін кеңейтуге септігін тигізеді. Бұрындары қыз балалар кішкентайынан құрақ құрауды біліп, үйренуге міндетті болған. Қазіргі кезде бұл қолөнермен ісмер қыз-келіншектер мен көнекөз әжелеріміз ғана айналысады. Өнерлерін кәсіпке айналдырып отырған қыз-келіншектеріміз аз емес, оның дәлелі әлеуметтік желілердегі жарнамалар куә. Таңғажайып әсемдігімен талайды тамсандырған құрақ-құрау өнері бүгінгі жаһанданған заманда да өз мәнін жоғалтпай, жалғасын тауып, одан әрі дамып, ауқымын кеңейтіп таралуда.

Халқымыздың ұлттық құндылығы қазақтың қолөнер бұйымдары ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып осы күнге дейін жетті. Шебер қиялының шексіздігі мен қолының ісмерлігі көркем өнерге айналдырды. Тұрмыстық қажеттілікке тұтынатын бұйым жасау – ата бабадан жалғасқан өнер. Көздің жауын алатын, күнделікті қажетті өтейтін сәндік бұйымдардың бірі – құрақ көрпе. Біріншіден – өнер, екіншіден – тұрмыстық бұйым, үшіншіден – қолданылған маталардың қиындылары рәсуа болмау үшін пайдаға жарату ойынан туған, ысырапшылыққа жол бермеудің тамаша әдісі.

«Аламан» құрақ жобасы мемлекеттік Қазақстанның әр облысынан жиналған шеберлеріміз ұзындығы 500 метр құрақ көрпе тікті. Шеберлер қазақ қолөнерінің тарихын насихаттап, ұлттық құндылықтарды дәріптеді. Ерекше бұйымды 220 шебер жасады. Көгілдір Ту түстес көрпеміз Гиннес ректордтар кітабына ұсынылды. Оқушыларға ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, өзге ұлттардың құрақ-құрау әдістерін қарастырдым. Ұлтымыздың дәстүрінде бар осы қолөнер түрін әлем елдерінің біразы қолданады. Құрақ өнерін орыстар «лоскутное шитье», жапондықтар «кинусайга», ал ағылшындар «почворк» деп атайды екен. Дамыған Жапония әлемге қолөнердің көптеген түрлерін берді: темари, оригами, икебана, амигуруми, канзаши және т.б. Жапондық шеберлердің әртүрлі материалдарды пайдаланудағы қиялдары шынымен таң қалдырады: олар тіпті ескі жібек шүберектерді де бейнелеу өнеріне бейімдей алды. Кинусайга - жапондық қолөнер, оның мәні мата қалдықтарынан бейнелер жасау. Бұл әдіс патчворк немесе почворкті еске түсіреді, бірақ мата инесіз «тігіледі». Мұнда сурет салу үшін шеберге мата бөліктерін «жабысып» тұратын ағаш тақтайшаға жинақтау керек. Көптеген шығыстық қолөнер түрлерінен айырмашылығы, кинусайга ежелгі империялық династиялар кезінде ойлап табылған жоқ. Жапондық шебер әйел Маэно Такаши ХХ ғасырдың 80-жылдарында ескі кимонолардан құтылудың өзіндік әдісін жасады: ол жай ғана олардан таңғажайып суреттер жасай бастады. Жапондықтар табиғатты қатты құрметтейді және заттар мен бұйымдарды қайта пайдалануға үлкен мән береді. Бүгінде бұл хобби өз ізбасарларын тапты, кейбіреулері көңілді уақыт өткізу үшін қарапайым картиналар жасайды, ал басқалары бұл шығармашылықты шынайы өнерге айналдырады. Кинусайганың көмегімен жапондықтар табиғатты, гүлденген бақтар мен қала пейзаждарын бейнелеуді ұнатады. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында екі елдің қолөнерін салыстыра отырып, «Ер-қанаты ат», «Сырмақ» т.б. шығармашылық жұмыстар жасадық. Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер - дегендей, ауылымыздың тұрғыны құрақ-құрау өнерінің шебері Ыдырыш Уатхан әжеміздің құрақтарынан көрме жасап, кездесу ұйымдастырдық. Кездесуде қыздар жасалған бұйымдарды көріп, жасалу жолдарымен танысып қана, қоймай өмір баянында қызығушылықпен тыңдады. Кейіпкеріміздің балалық шағы Баян -өлгей аймағында өткен. Бала кезінен ісмерлікке жақын болған әже, қолынан шыққан туындыларын, қыздарының жасауын өз қолымен жасаған. Сабақта оқушының жеке басын қалыптастыру процесінақты өмірмен байланысты материалға негізделуі керек, тек осы жағдайда ғана оқыту тиімді болады. Сабақтың тиімді болу шарттарының бірі – білім алушылардың бойында базалық құндылықтарды қалыптастыру. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін «Шебер қолдар», «Алтын оймақ» жобалары арқылы ұлттық құндылықтарды дарыту халықтық қолөнерді меңгерту негізінде жүзеге асырылады. Ұлттық құндылығымыз құрақ -құрау өнерін, қарыштап дамып жатқан Жапон халқының кинусайга қолөнерінің ерекшеліктері мен ұқсастығын зерттеп, дәріптеп біздің де қолөнеріміз дамыған елдермен терезесі тең тұра алатынына куә болдым. Қортындысында екі елдің ұқсас өнерін құрастыра отырып оқушылармен ұлттық нақышта шығармашылық жұмыс жасадық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көркемсуретті Қазақстан тарихы «Қазақ энциклопедиясы» Алматы, 2006

2. Қазақстан Ұлттық энциклопедия 9 том, Ү-І, «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы. Алматы, 2007.

3. Казахстан 1991-2002 годы Информационно-аналитический сборник ТОО «Интеллсервис» Алматы 2020.

4. Нұрбеков Ж. Жетісу – Семиречье-Zhetysay». Фотоальбом. – Алматы: «Эффект» ЖШС, 2009.

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ, КУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ: ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ В ЭПОХУ ЦИФРОВОЙ РЕВОЛЮЦИИ И ФОРМИРОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

АЛИБАЕВА АЙНУР НАЗАРОВНА

докторант

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби

Факультет философии и политологии

Алматы, Казахстан

Аңдатпа: Бұл мақала жаһандану, мәдени коммуникация, гуманитарлық ғылымдар мен цифрлық технологиялар арасындағы байланысты талдауды ұсынады, олардың қазіргі тарихи сананың қалыптасуына әсерін көрсетеді. Жаһандану мәдениет аралық диалогтың маңызды буыны болып табылатын гуманитарлық ғылымдар үшін ұсынатын қиындықтар да, мүмкіндіктер де қарастырылады. Тарихи процестерді түсіну мен түсіндірудегі гуманитарлық ғылымдардың рөлі, сондай-ақ олардың мәдени әртүрлілікті сыни тұрғыдан ойлау мен саналы қабылдауды қалыптастыру қабілеті талқыланады. Цифрлық революцияның ақпаратқа қол жеткізуге және білімді қоғамның қалыптасуына әсері, сондай-ақ цифрлық жалған ақпарат пен контексттің жоғалуына байланысты сын-қатерлер талқыланады. Қорытындыда тарихты зерттеуге және мәдени өзара түсіністікті қалыптастыруға теңдестірілген және жан-жақтықарастыңқажеттілігі, сондай-ақ осы үдерістегі гуманитарлық ғылымдардың маңызды рөлі көрсетілген.

Тірек сөздер: жаһандану, мәдени коммуникация, гуманитарлық ғылымдар, цифрлық технологиялар, тарихи сана, мәдениет аралық диалог, цифрлық революция.

Аннотация: Данная статья представляет анализ взаимосвязи между глобализацией, культурной коммуникацией, гуманитарными науками и цифровыми технологиями, освещая их влияние на формирование современного исторического сознания. Рассматриваются как вызовы, так и возможности, которые представляет глобализация для гуманитарных наук, выступающих важным звеном в межкультурном диалоге. Обсуждается роль гуманитарных наук в понимании и интерпретации исторических процессов, а также их способность формировать критическое мышление и осознанное восприятие культурного многообразия. Освещается влияние цифровой революции на доступ к информации и формирование образованного общества, а также обсуждаются вызовы, связанные с цифровой дезинформацией и утратой контекста. В заключении подчеркивается необходимость сбалансированного и всестороннего подхода к изучению истории и формированию культурного взаимопонимания, а также важная роль гуманитарных наук в этом процессе.

Ключевые слова: глобализация, культурная коммуникация, гуманитарные науки, цифровые технологии, историческое сознание, межкультурный диалог, цифровая революция.

Abstract: This article analyzes the relationship between globalization, cultural communication, the humanities, and digital technologies, highlighting their impact on the formation of modern historical consciousness. The challenges and opportunities presented by globalization for the humanities, an essential link in the intercultural dialogue, are considered. The role of the humanities in understanding and interpreting historical processes and their ability to form critical thinking and conscious perception of cultural diversity is discussed. The impact of the digital revolution on access to information and the formation of an educated society is highlighted, as well as the challenges associated with digital disinformation and loss of context are discussed. In conclusion, the need for a balanced and comprehensive approach to studying history and forming cultural understanding is emphasized, as well as the critical role of the humanities in this process.

Keywords: globalization, cultural communication, humanities, digital technologies, historical consciousness, intercultural dialogue, digital revolution.

В эпоху стремительных перемен, где глобализация и цифровая революция становятся неотъемлемой частью нашего повседневного существования, гуманитарные науки играют ключевую роль в понимании и адаптации к новым вызовам. На переднем плане из этих вызовов выступает вопрос взаимодействия глобализации, культурной коммуникации и формирования исторического сознания. Эта

статья направлена на исследование влияния глобализации и цифровых технологий на гуманитарные науки, особенно в контексте их роли в формировании исторического сознания.

Глобализация, как явление, не только уменьшает географические расстояния, но и сокращает временные интервалы, объединяя людей и культуры на новом уровне взаимодействия. В этом контексте, культурная коммуникация выступает как ключевой элемент, определяющий успешное взаимопонимание между различными общностями. Тем не менее, влияние глобализации идет далеко за пределы лишь экономического и социокультурного взаимодействия, проникая в сферу гуманитарных наук.

Цифровые технологии, в свою очередь, создают новые возможности и вызовы для распространения исторической информации и формирования коллективного исторического сознания. Интернет, социальные сети и виртуальные платформы преобразовывают способы, которыми мы воспринимаем, обсуждаем и передаем знание о прошлом. Термин «цифровая цивилизация» используется часто в современном дискурсе и его содержание определяется контекстом[1]. Существует множество различных определений для этого феномена.

В общем, цифровую цивилизацию можно рассматривать как новый тип развития общества, в котором цифровые и электронные форматы коммуникации и функционирования становятся преобладающими, определяя характер и направленность человеческой деятельности и жизни в целом. На русском языке пока нет фундаментальных научных работ, посвященных этой проблематике, за исключением нескольких книг западных экономистов и философов, переведенных на русский язык, а также отдельных статей в различных СМИ.

Зарубежные авторы, чьи работы являются значимыми на этапе изучения цифровой культуры, включают Чарли Гира, Джарона Ланье, Мишеля Шварца, Мануэля Кастельса, Кима Вельтмана и других.

Одновременно стоит отметить выпуск посвященный «Цифровой культуре» Международного журнала исследований культуры сетевого сообщества «Российская культурология». Среди авторов, которые расширяют методологические основы основной дисциплины, чтобы осветить суть цифровой культуры, необходимо упомянуть культуролога Н. Б. Кириллову, которая интегрирует проблематику цифровой культуры в медиаисследования; О. В. Шлыкову, изучающую социокультурные аспекты мультимедиа и вызовы электронной культуры. Е. И. Ярославцева и другие ученые обсуждают рост динамичности общества в условиях внедрения цифровых технологий, выделяя явление "цифрового кочевничества"[2]. Многочисленные научные работы и конференции по вопросам цифровизации культурного наследия и национальных библиотечных фондов проводились в различных учреждениях, включая Президентскую библиотеку им. Б. Н. Ельцина, Российскую государственную библиотеку, Российскую национальную библиотеку, Ассоциацию по документации и информационным технологиям и другие. Термины "цифровая культура", "мультимедийная культура", "цифровые медиа", "электронные коммуникации" активно входят в научный гуманитарный словарь и культурные практики с конца 90-х годов XX века.

Эта статья предлагает анализ взаимосвязи между глобализацией, культурной коммуникацией и гуманитарными науками, освещая роль цифровых технологий в формировании исторического сознания в современном цифровом мире. Путем рассмотрения этих аспектов нужно стремиться раскрывать вызовы и перспективы, стоящие перед исследователями, образовательными учреждениями и обществом в целом.

Глобализация и культурная коммуникация:

Глобализация, как процесс интеграции и взаимодействия мировых обществ, воздействует на культурные парадигмы, стимулируя более тесные культурные связи между народами. Однако, этот процесс несет в себе как вызовы, так и возможности для культурной коммуникации.

В условиях глобализации происходит наложение культур, что может привести к обогащению и расширению культурного опыта, но также вызывает риск потери уникальности исходных культурных особенностей. Культурная коммуникация становится ключевым инструментом в разрешении этих напряженных ситуаций.

Ключевыми аспектами взаимодействия глобализации и культурной коммуникации являются:

1936 жылдың 29 наурызы мен 22 қыркүйегі аралығында Қабылбек Сарымолдаев КСРО Тамақ өнеркәсібі халкоматының Қазақстан облысы бойынша өкілетті өкілінің орынбасары қызметін атқарды. Осы кезеңде оған аймақтағы тамақ өнеркәсібінің қызметіне көмектесу және жеңілдету, оның тиімділігін қамтамасыз ету және азық-түлікпен қамтамасыз етуді жүктелді. Алайда, 1936 жылдың 22 қыркүйегінде ұйымдық өзгеріс болды. КСРО Тамақ өнеркәсібі халкоматы, Қазақ АКСР тамақ өнеркәсібі халкоматы болып қайта құрылды. Осы қайта құру жағдайында Қабылбек Сарымолдаев Қазақ АКСР тамақ өнеркәсібі халкоматы құрамындағы халық комиссарының бірінші орынбасары болып тағайындалды [25. 23-25-п.].

1937 жылы 26 маусымда «халық жауы» деген негізсіз айыппен қамауға алынуымен оның қызмет жолындағы ілгерілеу сәтсіз аяқталды [26. 188-п.]. Бұл термин сол кезеңде адамдарды сатқын немесе мемлекетке қауіп төндіреді деп таңбалау үшін жиі қолданылды. Осы қамауға алу нәтижесінде Сарымолдаев 28 маусымда тез арада қызметінен босатылды. Өкінішке орай, 1938 жылы 25 ақпанда «халық жауы» және «жапон тыңшысы» ретінде тыңшылық әрекеттерге қатысты деген айып тағылып, өлім жазасына кесілді. Ол 1958 жылдың 29 мамырында, яғни өлім жазасына кесілгеннен кейін жиырма жылдан астам уақыт өткенде ғана Қазақ Компартиясы ОК хатшылығының шешімі тағылған айыптың негізсіз және әділетсіз екенін айқындады [27. 175-п.].

Қорыта келе, Қ.Сарымолдаев қай салада еңбек етпесін өзінің іскерлігін, кез-келген деңгейдегі мәселелерді шеше алатын, мемлекеттік масштабта ойлай білетін, жаңашыл қайраткер ретінде өзін мойындата білді. Ол екі тілде бірдей емін-еркін сөйлеп, екі тілде бірдей баяндама жасап, мақалалар жазып, күнделікті жұмысқа өте белсенді түрде араласып отырған. Істеген мекемелерінде қалайда нәтижеге қол жеткізуді басты міндеті деп білген. Қ.Сарымолдаевтың қызмет орнын жиі ауыстыруы жеке мүдде емес, мемлекет мұқтаждығынан туындағаны анық. Түрлі мемлекеттік қызметтерде белсене араласа отырып, өзінің жаңашыл ой-өрісімен мәселені шешу қабілетін көрсете білді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР ОМА, 787-қ., 2-т., 170-іс, 4-а.п
2. НА РУз. Ф.Р-86. Оп.1. Д.1588.Л.20.
3. ҚР ОМА, 787-қ., 2-т., 170-іс, 6-а.п.
4. Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы: Санат баспасы, 1994. 18 – 19-б.б.
5. ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 486«б»-іс, 36-38-п.; 1039-іс, 32-33-п.
6. Қазыбек М. Дауылда туған дарын. – Алматы, 2011. – 68 б.
7. ҚР ОМА. Ф.30. Оп.1. Д.620. 271-273-п.
8. Сарымолдаев Қ. Сырдарияның ІІІ губерниялық партия конференциясы // Еңбекші қазақ. – 1927. – 31 қаңтар. – №24(752).
9. ҚР ОМА, Р-5-қ., 8-т., 8«в»-іс, 2-п.
10. Сарымолдаев Қ. Былғары, тері зауыттары туралы. // Еңбекші қазақ. – 1927. – 18 желтоқсан. №290 (1018).
11. Сарымолдаев Қ. Өнерлі кәсіптің күрделі міндеттері. // Еңбекші қазақ. – 1928. – 13 қаңтар. №10 (1037).
12. ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 5026-іс, 226-п.
13. ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 2388 «б»-іс.
14. Сарымолдаев Қ. Орал округінде конфискация науқанының қорытындысы. // Еңбекші қазақ. – 1928. – 20 ноябрь. – №267 (1294).
15. ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 5023-іс, 350-п.
16. ҚР ОМА, Р-5-қ., 11-т., 213-іс, 305-а.п.
17. ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 6559-іс, 434-п.
18. ҚР ПА, 141-қ., 16-т., 1219-іс, 2-п.
19. ҚР ПА, 141-қ., 16-т., 6631-іс, 47-п.
20. ҚР ПА, 141-қ., 16-т., 11542-іс, 28-а.п.
21. ҚР ПА, 141-қ., 16-т., 6612-іс, 282-п.
22. ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 11542-іс., 25-26-п.
23. Сарымолдаев Қ. Мал шаруашылығының мемлекеттік жоспары орындалды. // Ауыл коммунисті. – 1936. №2. – 94-98-б.
24. ҚР ПА, 141-қ., 1-т., 11542-іс., 25-26-п.

25. ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 10584-іс., 23-25-п.

26. ҚР ПА. 708-қ., 1-т., 32-іс., 188-п.

27. ҚР ПА. 708-қ., 1-т., 42-іс., 175-п.

28. Шілдебай С.Қ., Қоңыратбаев О.М. Қайраткер Қабылбек. // «Егемен Қазақстан» газеті, 20 Ақпан, 2023, №7.

29. Қайраткер Қабылбек Сарымолдаев. / Құрастырған: Данияров Б., Қазыбек М. – Алматы, 2011. – 134 б.

ҚАЗАҚ ЭТНОНИМИНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

ТҮРҒЫНБАЕВА ЛӘЗИЗА МАРАТҚЫЗЫ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Тарих факультетінің 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Кәрібаев Б.Б

«Қазақ» этнонимінің әлеуметтік мәні мен оның шығу тарихы отандық тарихшы ғалымдардың ортақ пікірге келіп, шешімін таппаған мәселелердің бірі. «Зерттеушілер екі жүз жылдай уақыт «қазақ» этнонимінің шығуын түсіндіру арқалы мәні мен мазмұнын ашуға тырысып келеді. Ғылыми болжамдар мен ойдан шығарылған этимологиялардың ауқымының көптігінен қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікір, әзірге айтылмаған. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеудің қазіргі кезде өзектілігі жоғары. Тарих зерттеушілері XVIII ғасырдың ортасынан бастап «қазақ» этнонимінің шығу тегі мен мағынасы жайында еңбектер жаза бастады. 1950 жылдары С.К.Ибрагимов, М.Ахинжанов, В.П.Юдин және т.б. тарих ғалымдары қатысқан пікірталастардан соң бұл тақырыпты зерттеу тоқтап қалып, тек еліміз тәуелсіздік алғаннан киінгі жылдары ғана ғылыми әдебиет пен публицистикада «қазақ» терминінің мәні жайында қайтадан сөз қозғала бастады.

«Қазақ» сөзі туралы алғашқы дерек 1245 жылы құрастырылып, 1894 жылы Лейденде баспадан шыққан түрік-араб сөздігінде кездесетіндігі туралы тарихшы С.К.Ибрагимовтың «қазақ» туралы зерттеуінде жазған. Түрік-араб сөздігінде «қазақ» этнонимінің мәні «баспанасыз, қуылған кезбе» деген аудармамен көрсетіледі.

Еуропа тарихында «қазақ» атауы жөнінде X ғасырдың басында Византия императоры Константин Порфирордни Дешті Қыпшақтардың аймағында «Кубаннан шығысқа қарай Қазақия елі орналасқан» - деп жазған. Алан мемлекеті мен оның қалалары жайында «Худд әл-әләм» атты еңбек 982 жарық көрді. Парсы тілінде шығарылған бұл еңбекте «Алан елінде «қасак» ұлысы болған...» деген дерек кездеседі [1, 66].

Орта ғасырлардағы араб ғалымдарының еңбектерінде де қазақ этнонимі туралы мәліметтер бар. Араб саяхатшысы және жазушысы Мухаммед әл-Ауфидің 1228 жылы Үндістанда жарияланған «Таңдаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы» атты кітабында «Алтайды мекендеген қарлұқтар... тоғыз ұлысқа бөлінеді: бұлардың үш тайпасы - чыгыл, үш ұлысын «қазақ» - деп көрсетеді [2, 153].

Көптеген ғалымдар «қазақ» сөзінің шығу тегі ежелгі грек және парсы дереккөздерінде айтылған әлеуметтік құрылымы, орналасқан жері, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, киімдері сипатталған біздің заманымызға дейінгі VII-VI ғасырларда өмір сүрген сақтармен байланыстырады. Осы факторларды ескере отырып, ғалымдар «қазақ» этнонимі «сақ», «кас-пи», «қас», «каз», «хаз», «аз», «ка-сақ» тектес атаулардың туындысы деп санайды. Амудария мен Сырдария жағалауларында бұрыннан өмір сүрген сақ тайпалары туралы мәліметтерді грек және Рим тарихшылары растайды. Академик Н.Я.Мари мен чех ғалымы Б. Грозныйдың болжамы бойынша бұл атау «касақ», «кесек» сөздерінен шыққан [3, 198].

Б.Кәрібаевтың «Қазақ халқының құрылу тарихы» монографиясында соңғы уақытта «қазақ» этнонимі жайында жазған қазақ зерттеушілерінің еңбектеріне салыстырмалы талдау жасайды. Автор төмендегідей қорытындыларға келеді. X-XIII ғасырларға дейінгі аралықта «қазақ» сөзі әлеуметтік-этникалық мәнге ауысы бастады. XIII ғасырда моңғолдар жаулап алған аймақтарда билік үшін болған саяси күрестің әсері бұл сөзге тиіп, қазақ атауы уақытша саяси-әлеуметтік мәнге ие болды. Қазақ хандығының құрылу уақытында Керек мен Жәнібек хандардың басшылығымен «көшелі өзбектер» қауымдастығы бөлігі он шақты жылдан киін Дешті Қыпшаққа қайта келгеніне дейінгі аралықта қазақ сөзі саяси-этникалық мәнде қолданылды [4, 223].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ибрагимов С. Тағы бір мәрте «қазақ» термині жайында // ҚазССР ҒА ТАЭИ еңбектері. 1960. 66-71-66.]

2. Бәдірленов Р. «Қазақ» атауының төркіні туралы // Ленин туы. 15-16 наурыз 1990.

3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. – Т.2. – Алматы, 1998.

4. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы: Монография – Алматы, Сардар. – 2014. – 520 б.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ – АЛАШ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ

ҚҰЛЖАН ҚАЙНАР

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті
ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Шолпанқұлова Қ.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз, Қазақстан

Аңдатпа. Сыни сағатта туып, Алаш автономиясының дауысына айналған "Қазақ" газеті халық алдында өз миссиясын орындады. Біріншіден, бұл сол кездегі қазақ халқының ұлттық мүдделерінің, теңдік пен бостандық үшін күрестің, тарих пен мәдениеттің, күнделікті өмірдің айнасы болды. Екіншіден, ХХ ғасырдың басында ол қазақ қоғамының шамиырағы, Еуропалық үлгідегі ұлттық-демократиялық мемлекеттік құрылымның үлгісін көрсеткен Алашорда үкіметінің саяси парақшасы болды. Үшіншіден, қазақ тіліндегі кәсіби газет стилін қалыптастырды.

Тірек сөздер: Ұлт, қазақ, газет, қайраткер, тарих, саясат.

Аннотация. Газета «Қазақ», рожденная в критический час и ставшая голосом Алашской автономии, выполнила свою миссию перед народом. Во-первых, это стало зеркалом национальных интересов казахского народа того времени, борьбы за равенство и свободу, истории и культуры, повседневной жизни. Во-вторых, в начале ХХ века он был маяком казахского общества, политическим листовкой правительства Алашорды, показавшим пример национально-демократического государственного устройства европейского образца. В-третьих, сформировал стиль профессиональной газеты на казахском языке.

Ключевые слова: Нация, Казах, газета, деятель, история, политика.

Annotation. The newspaper "Kazakh", born at a critical hour and became the voice of the Alash autonomy, fulfilled its mission to the people. Firstly, it became a mirror of the national interests of the Kazakh people of that time, the struggle for equality and freedom, history and culture, and everyday life. Secondly, at the beginning of the twentieth century, he was a beacon of Kazakh society, a political leaflet of the government of Alashorda, which showed an example of a national democratic state structure of the European model. Thirdly, he formed the style of a professional newspaper in the Kazakh language.

Keywords: Nation, Kazakh, newspaper, activist, history, politics.

XVIII-XIX ғасырлардағыдай қолға қару алып көтеріліс жасаудың халық үшін тек зиян әкелетіні көзі қарақты әр азамат үшін анық еді. Ұлт тағдырына өздерін жауапты сезінген Алаш қайраткерлері қазақ халқының мүддесін қорғауда білектің күшімен емес, ақыл-ойдың қарымымен есе қайтарудың жолын таңдады. Бұл жол ұлттың мүддесін қорғауда ұлттық-саяси мінберге айналған «Қазақ» газетін өмірге әкелді.

ХХ ғасырдың басында "Қазақ" газеті орыс революциясы мен автократияның күйреуі қарсаңында Бас ұлттық қоғамдық-саяси және ғылыми-әдеби басылымға айналды. "Қазақ" газеті апта сайынғы басылым ретінде жарық көрді. 1913 жылдың ақпаны мен 1918 жылдың қаңтары аралығында 3000 дана таралыммен 265 нөмір шықты. Жеке нөмірлер 8000 данаға дейін шығарылды.

1914 жылғы жаңа жылдық 45 нөмірдегі редакциялық алқа газетті 10 Облыстың қазақтары жазып жатқанын хабарлады. Сонымен қатар, оны Орынбор, Уфа, Қазан, Санкт-Петербург, Мәскеу, Томск, басқа да бірқатар қалалардан, сондай-ақ Түркия мен Қытайдан оқырмандар алады.

"Қазақ" апталық газетінің алғашқы саны 1913 жылы 2 ақпанда Орынборда пайда болды. 1915 жылдан бастап ол аптасына екі рет шыға бастады. Және бірден кеңінен танылды. Ол Қазақстанның түкпір – түкпірінде, сол кездегі дала және Түркістан өлкелерінде немесе тоғыз облыста және бір губернияда (Астрахан) жазылды, бұл туралы "Қырым баласы" ("дала ұлы" - Әлихан Бөкейханның бүркеншік аты) газетінің № 8-де сол кездегі қазақтардың санына арналған мақалада жазды.

"Қазақ" газетін Ресейдің жоғары оқу орындарында-Киевтен қазанға дейін, Санкт-Петербургтен Томскіге дейін оқыған қазақ студенттері де жазды, бұған оның беттерінде жарияланған көптеген хаттары дәлел. Ол бес миллионға жуық халықтың жалпыұлттық басылымына айналды және қазақтардың ұлттық бірігуіне ықпал етті.

"Қазақ" газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынов болды, ол кезде ағартушылық қозғалыстың танымал көшбасшысы, көрнекті ақын, публицист, түркітанушы ғалым. М.Дулатовтың анықтамасы бойынша "Қазақ әдебиеті мектебінің жаратушысы", бірақ ең алдымен-ұлттық даму жолдары туралы кен

ойы мен көзқарасы бар жалынды қоғам қайраткері. Азаттық қозғалысының идеалдарына, қазақ халқының топтасуы мен рухани өрлеуінің мүдделеріне берілгендік, ғылымның көптеген салаларындағы ерекше талант пен энциклопедиялық білім оны ағартушылар мен ұлттың рухани әкелерінің алдыңғы қатарына шығарды. 1914 жылы 19 мамырда баспасөз істері жөніндегі бас басқарманың кеңсесі "Қазақ" газетінің екінші редакторы М. Дулатовтың міндетін атқаруға рұқсат берді. Жалынды публицист, трибуна ақыны, М. Дулатов өзінің қаһармандық және қайғылы тағдырымен көптеген жолдармен XX ғасырдағы Махамбет Өтемісовты еске түсірді. "Қазақ" газетін 1918 жылы (№ 261-265) Жанұзақ Жаныбеков редакциялаған.

Қазақ халқының бостандығы үшін көрнекті күрескер, саясаткер, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, статистик-элеуметтанушы, публицист, энциклопедиялық ойының адамы А. Бөкейханов осы газеттің жетекші бағытын анықтауда, сондай-ақ XX ғасырдың басындағы демократиялық қазақ зиялыларының азаттық қозғалысының басты рөлін атқарды.

Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов ғасырдың ұлттық газетін құра алды. Олар "Қазақ" газетінің айналасына қазақ демократиялық зиялыларының, оның ішінде Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қарашев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Жақып Ақпаев, Халел Досмұхамедов, Сәбит Дөнентаев, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышпаев сияқты көрнекті қайраткерлерді жинай алды.

Бағдарламалық мақалада (авторы Ахмет Байтұрсынов) Газет "ұлттың көзі, құлағы және тілі" деп аталды. А. Байтұрсыновтың пікірінше, газет адамдардың мүдделеріне қызмет етуге, білімді таратушы, халықтың қорғаушысы, оның рухани қорғаушысы болуға арналған. Осылайша, А. Байтұрсынов жалпыұлттық орган құруды ойлады.

Газеттің негізін қалаушылар "қазақ" деп аталды. Халықтың шынайы атауын қалпына келтіре отырып, олар отарлаушылар тарапынан шетелдіктерге деген немқұрайлыққа наразылық білдіріп, қазақтар арасында патриоттық мақтаныш пен бірлік идеясын сепкен.

Ахмет Байтұрсынов газеттің бірінші санында жарияланған бағдарламалық мақаласында отаршылдық режим жағдайында ұлт тағдыры туралы мәселені ашық жеткізді. Ол былай деп жазды: "өзіміздің жеке өмірімізді сақтау үшін біз барлық күш-жігерімізбен ағартушылық пен жалпы мәдениетке ұмтылуымыз керек; ол үшін біз ана тіліндегі әдебиетті дамытуды алғашқы міндетіміз деп санаймыз. Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар адамдар ғана тәуелсіз өмір сүруге құқылы екенін ешқашан ұмытпау керек.»

«Қазақ» газеті XX ғасырдың басындағы азаттық қозғалысының стратегиясын анықтады.

«Қазақ» газеті екінші бағытында тұжырымдамалық мәселелерді көрсетті. Ең алдымен, А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов қазақ ұлтының өркениет, түркі әлемі тарихындағы орнын анықтады. Газет қызметі халықты шоғырландыру, оның ежелгі мәдениетін және Ресей құрамындағы Қазақ ұлттық мемлекеттілігін жандандыру мәселелері болды. "Шаруашылықтағы өзгерістер" сериялық мақалаларында А. Байтұрсынов қазақ халқының дамуының эволюциялық жолын қорғай отырып, адамзат өркениетінің эволюциясы мен мәдениет тарихын берді.

«Қазақ» газеті өз беттерінде халық ағарту, кітап шығару мәселелеріне басымдық берді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлы ағартушылардың дәстүрлерінде тәрбиеленген қазақ демократиялық зиялылары Шығыс пен Батыс ағартушыларының тәжірибесін жинақтап, тұтас доктрина құрды. Мәселен, И. Гаспринскийдің жаңа әдіспен оқыту идеясын қабылдай отырып, олар оны түркі-татар гегемонизмінің идеологиясынан, оқытудың дінмен бірігуінен босатты. Егер И. Гаспринскийдің ізбасарлары жаңа әдіспен дыбыстық оқытудан татар мәдениеті мен жазуының үстемдігін тануға бет бұрса, онда қазақ демократтары Абай, Шоқан және Ыбырайдың ағартушылығынан отаршылдық режимді бұзу, қазақ мемлекеттілігін жандандыру идеясына бет бұрды. Бұл эволюцияда А. Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық ізденістері ерекше рөл атқарды, соның арқасында ұлт қазақ әліпбиін алды, қазақ тілінің фонетикасын, синтаксисін, этимологиясын, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихын дамытты.

"Қазақ" газетінің беттерінде А. Бөкейханов бастаған аграрлық проблеманың көрнекті білгірлері отаршылдықтың мәнін, қазақ шаруаларының құнарлы жерлерін алып қою арқылы қоныс аудару қорын құру тарихын, шаруаларды жерсіздендіру процесін ашты. "Қазақ" газеті А. Бөкейхановтың жер мәселесі жөніндегі тұжырымдамасын қорғауға кірісті, ол егіншілікпен көшпелі егіншілікті, жер массаларының тұтастығын, коммуналдық жер иелену негізінде олардың құнарлылығын сақтауды көздеді. Егіншілік тәжірибесі, агрономия, астық жинаушының күнделікті қажытатын еңбегінің менталитеті болмаған кезде ауыл үлгісіндегі ауылдың құрылуы Башқұртстан мен Қостанай уезінде болғандай, мал шаруашылығы қолөнерінің қайтымсыз жоғалуына, қоныс аударушылардың мұқтаждығына байланысты жердің сатылуына қауіп төндірді.

"Қазақ" газеті мұсылман діні мәселесі бойынша ғылыми негізделген тактикаға ие болды. Ол қазақ халқының артта қалған бөлігі дін болғанын, молдаларды шын жүректен құрметтейтінін назарға алды. А.

Бөкейханов және басқа авторлар 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін бүкіл Ресейде орын алған қуатты мұсылман қозғалысы саналды. Бірқатар мұсылман съездерінің жұмысына қатысқан Бөкейханов бірқатар мақалалар жазды, онда "қазақ" оқырмандарына адамгершілік мәселелері мен оларды Ресей жағдайында шешу жолдарын жан-жақты түсіндірді. "Қазақ" газеті діни құмарлықты тудырмады, керісінше, империя құрамында әртүрлі ұлт өкілдерін біріктіруге шақырды. Газет халықтардың тең құқыққа, жеке басына қол сұғылмаушылыққа, француз және басқа буржуазиялық революциялар рухында дін бостандығына арналған мұраттарын ескерген. "Қазақ" газеті дінді мектептерден және мемлекеттен, діни экстремизмге қарсы бөлуді жақтап, сонымен бірге барлық ресейліктердің заңы алдында жынысын, дінін, ұлтын ажыратпай теңдік жариялап, жеке басына қол сұғылмаушылықты, оның бостандығын қорғады.

«Қазақ» газетінің беттеріндегі жарияланымдардың едәуір бөлігі тіл мен әдебиет, этнография, мәдениет пен этика, педагогика мәселелеріне, нарықтық жағдайларға қатысты халықтың санасын жетілдіруге арналды. Газет өзінің мақсатты жарияланымдарымен ұлттың тарихи санасын қалыптастырды, Абай сияқты көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметі мысалдарында ұлттық мақтанышқа тәрбиелеу міндеттерін айқындады, Абай даналығы деңгейіне көтерілуге, өз халқы үшін қуануға, оның дәстүрлерін, гуманистік принциптерін ұстануға шақырды. Газет демократиялық, тәуелсіз мемлекет құру үшін бірінші кезекте ана тілі мен әдебиетін, кәсібилігін, ұлттық экономиканың байлығын білу қажет екенін дәлелдеді. А. Байтұрсынов "басқалардан қалыс қалмау үшін біз сауатты, бай және мықты болуымыз керек. Сауатты болу үшін үйрену керек. Бай болу үшін кәсібилік қажет. Мықты болу үшін бірлік қажет. Бұл бағытта жұмыс істеу керек". Айта кету керек, газетпен жұмыс істеген барлық авторлық ұжым А.Байтұрсыновтың бағдарламасын толығымен бөлісті.

«Қазақ» газеті шын мәнінде Бүкілресейлік газет болды. Ол халықаралық жағдайды жүйелі түрде талдап, ондағы Ресейдің рөлін анықтап, елдегі және шетелдегі демографиялық жағдайды ашып, бүкіл түркі әлемінің, мұсылман қозғалысының тағдырын бақылап отырды. Газет Мемлекеттік Думаның жұмысына, оның трибунасынан қазақ халқының мүдделерін қорғау мәселелері бойынша ерекше қызығушылық танытты.

Империалистік соғыс басталған кезде, халықаралық капиталдың жетекші елдері арасындағы бейбітшілікті қайта құру кезінде газет өзінің алаңдаушылығын жасырмады. Ал мазасыздық орынды болды. 1916 жылы 25 Маусымда қазақ жігіттерін тыл жұмыстарына реквизициялау туралы патша жарлығы басталды. Жарлыққа дейін де, одан кейін де газет қазақтарды әскерге шақыру туралы мәселені талқылап, олар үшін қазақ әскерлерінің мәртебесін қорғады. Ол империяның субъектісі ретінде ерте ме, кеш пе Отанды қорғау үшін отандастарының тағдырымен бөлісуге тура келетінін халықтан жасырмады. 400 мыңдық армияны жалдауға қабілетті ұлт бола отырып, ол соғыста жеңіске жеткен жағдайда империя құрамындағы дербес автономияға ие бола алады.

«Қазақ» газеті 1916 жылғы оқиғалар бойынша да осы баламаға сүйене отырып, адам шығынынан негізсіз қорықпай, принципті ұстанымға ие болды. Ол қазақтарды майданға шақыру, билікпен келіссөздер мерзімі кейінге қалдырылғанға дейін жанжалды шешудің бейбіт жолдарын іздеуді ұсынды. "Алаш" партиясы мен Алаш-Орда тағдырлы шешімдер қабылдаған екі орыс революциясы кезеңіндегі "Қазақ" газетінің рөлін қайта бағалау тарих ұсынған бостандыққа қол жеткізу және қазақ мемлекеттілігін жандандыру мүмкіндігін соңына дейін пайдалануға ұмтылды.

«Қазақ» газеті қазақ халқының тарихының бетбұрыс кезеңінде жарық көрді және тағдырлы рөл атқарды. Ол концептуалдылығымен, жоғары публицистикалығымен, қазақ әдеби тілінің шырындылығымен, өз халқының өзекті мүдделеріне адал қызмет етуімен ерекшеленді. М. Әуезов 1913-1918 жылдар аралығындағы кезеңді "Қазақ" газетінің дәуірі деп атағаны кездейсоқ емес. Ол 1922 жылы мәдениет қайраткерлеріне ашық хатта ("Қазақтағы қалам қайраткерлеріне. Ашық хат") қазақ баспа сөзінің тарихында ұлттық рухты көтерген, өз бағытын дәл анықтаған халық тәрбиешісінің миссиясын орындайтын "Қазақ" газетін қоспағанда, бірде-бір басылым болмағанын атап өтті.

Газеттің міндеттеріне оның негізін қалаушылар алға қойған мақсаттар кірді: 1907 жылғы 3 маусымдағы заңмен алынып тасталған қазақтардың сайлау құқықтарын қалпына келтіру; қоныс аударуды отарлауға қарсы тұру және ата-баба жерлерін одан әрі меншікке беру арқылы қайтару; "ауыл мектептерінде қазақ грамотасын оқытуға жол беру, осы мектептерде балалар тілінде оқыту" жолымен жасырын және айқын обрусиялық саясатқа қарсы іс-қимыл"және" болыстық кеңселерде және халық соттарында қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізу"; Қазіргі қазақ мемлекетінің негіздерін салудың бастамасы болатын Дала өлкесінде Земствоны заңнамалық енгізу және дамыту; қазақтар үшін әскери қызметке шақыруды енгізу, бұл қазіргі заманғы әскери ғылым мен қару-жараққа жол ашты. Газеттің негізгі және түпкі мақсаты Қазақ ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтіруге қызмет ету болды.

Газет Ресей империясының отаршылдық режимінде өмір сүре алды, бірақ 1918 жылы Қазақстанда

Кеңес өкіметі орнағаннан бері бірден жойылды. Көп ұзамай "Қазақ" газетінің бас редакторы Ахмет Байтұрсынов, оның негізін қалаушылар Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, сондай-ақ Қазақстанның барлық шығармашылық зиялылары да осындай тағдырға тап болды.

Қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы саяси күресте ағарту мен білім беруді қызу қолдады. Зиялы қауым өкілдері саяси сауаттылықты қамтамасыз ету, халықтың тарихи санасын тәрбиелеу үшін баспасөз қажет екенін түсінді.

"Қазақ" газеті өзінің алдына тек ағартушылық мақсаттар қойған жоқ-ол "Алаш" ұлт-азаттық қозғалысын белсенді насихаттайтын арнайы органға айналды. Газетте оны жасаушылардан басқа (Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов) М. Шоқай, М. Тынышбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Г. Қараш, Р. Марсеков, ж. Тілеулин, Ғ. Мұсағалиев, М. Жұмабаев, Х. Болғанбаев, Х. Ғаббасов, Ж. Ақпаев, Ж. Сейдалиев, С.Торайғыров, А. Мәметов, С. Дөнентайұлы, Х. Досмұхамедұлы және басқалар.

"Қазақ" газетін қазіргі қазақ газеттерінің атасы деп атауға болады. 1918 жылы большевиктер билікке келгеннен кейін басылым көптеген жылдар бойы тарих қоймасында қалды. Белгілі жазушы, баспа саласындағы ірі қайраткер Қоғабай Сәрсекеев 2006 жылы "Қазақ" газетін қайта шығарды. Ол оның мазмұнын құруға және басылымды таратуға көп күш жұмсады. Сондықтан "Қазақ" газетінің тарихы екі кезеңге бөлінеді: 1913-1918 жылдар және 2006 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін.

"Қазақ" газеті "Алаш" болашақ қазақ саяси партиясын өсірді, бұл басылымның жабылуына себеп болды. Цензуралық қысымға қарамастан, газет ұлттық баспасөздің ізашары ретіндегі рөлін орындай отырып, қоғамда орасан зор күш пен маңызға ие болды.

XX ғасыр тарихының жарқын, әрі елеулі кезеңі – қазақ оқығандарының әлемдік уақыт көшінен қалмай, қаймана қара қазағын өрге сүйреп, ойраны шыққан ордасын қайта тігіп, мемлекеттік түсінікті санасына ұялатуы болатын. Аталмыш кезеңді зерттегенде негізгі дерек көздің бірі де, бірегейі – «Қазақ» газеті болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
2. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 бет.
3. «Қазақ» газеті. / Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
4. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 бет.
5. Атабаев Қ. Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918) тарих ғыл. док. авторефераты. Алматы, 2000. 49 б.
6. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. Ататек. – 1995. 254 б.
7. Мамания: Тарихи деректер, естеліктер, өлеңдер, құжаттар, пікірлер. – Алматы: Атамұра, 1999. – 272 бет.

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН СОЛТҮСТІК КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫ

АМАНГЕЛДІ Қ.

тарих факультетінің 2 курс магистранты
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанға күштеп жер аударылған Солтүстік Кавказ халықтарының қайғылы тағдырлары, оларды көшіру және қоныстандыру бойынша қабылданған шаралар, осы процесс барысында туындаған қиындықтар қамтылған. Сонымен қатар кеңестік биліктің оларға сенімсіз халықтар ретінде ұстанған саясаты көрсетілген.

Кілт сөздер: депортация, саяси қуғын-сүргін, арнайы қоныс аударушылар, сталинизм.

Ключевые слова: депортация, политические репрессии, спецпереселенцы, сталинизм.

Кеңестік биліктің саяси идеологиясы бойынша атеист, өзінің этногенезісін білмейтін мәңгүрт ұрпақ жасау қажеттілігі 1930-1950 жылдары қарқынды жүрді. Көптеген ұлттар мен тұтастай халықтар өздерінің атамекендерінен Сібірге, Орталық Азия мен Қазақстанға депортацияланды.

Тоталитаризмнің осы ауыр қылмыстарының бірі ретінде саналатын депортациялау үрдісі, олардың этно-элеуметтік және территориялық тұтастығын жоюды көздеген әрекеті болып табылды. Республика аумағына көптеген этностар мен этникалық топтар күштеп қоныс аударылды. КСРО-да ең көп орын алған жаппай қуғын-сүргіндік көші-қондардың төмендегідей түрлері қолданылды: этностың белгілері бойынша депортация («жазаланған халық», «шекараларды тазалау», «сенімсіз халық»); элеуметтік-таптық белгілері

бойынша депортация (1934 жылға дейінгі кулактарды жер аудару) кезінде келгендерді арнайы көшірілгендер (спецпереселенцы) десе; саяси мүдде негізіндегі 1934-1944 жылдары көшірілгендерді «еңбек қоныстарындағылар» деп атады; 1944 жылдан бастап «арнайы қоныс аударылғандар» деген атау қолданылды [1, с.86]. «Депортация» сөзінің өзі өткен ғасырдың 80-ші жылдарының ортасына дейін арнайы сөздіктерде «қылмыстық» немесе «әкімшілік жазалау шарасы» есебінде мемлекеттен жер аудару, қуу деп түсіндіріледі. Депортация латынның deportatio – шығару, қуғындау, көшіру деген мағынасын білдіреді. Депортация жиі басқа бір мемлекетке шығып кеткен шетел азаматтарына немесе азаматтығы жоқ этностарға қатысты қолданылады [2, 86б.].

Депортацияланған халық сенімсіз сатқын этностар қатарына жатқызылып, туған тарихи атамекендерінен күштеп жер аударылды.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі күшпен қоныс аударту операциясы мемлекет қауіпсіздігін күшейту мақсатында жасалса, ал, соғыс кезінде ұлттық-аймақтық автономиялары бар көптеген этностар тұтастай депортацияға ұшырады. Соғыс басталысымен Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Балтық жағалауы, Бессарабия аумақтарынан республикаға арнайы қоныс аударылғандардың, яғни депортацияланғандардың жаңа контингенті пайда болды. Оларға «саяси сенімсіздер» статусы тағылды. Кеңес-Герман соғысы жылдарында алпыстан астам этнос пен этникалық топтар күшпен қоныс аудару үрдісіне ұшырады. Соғыс кезеңінде республикаға арнайы қоныс аударылғандардың алғашқы легін немістер бастады. Келесі депортация үрдісімен әкелінген этностың бірі – финдер. Әскери Кеңестің Ленинград майданы бойынша 1941 жылдың 26 тамызында шыққан №196 сс қаулысына сәйкес Коми АССР-і мен Архангельск облысында тұратын немістермен қоса финдер де көшірілді. 1943-1944 жылдары Қазақстан жеріне Солтүстік Кавказдан, Қырым мен Закавказьеден барлығы 507480 адамнан құралған армян, әзірбайжан, грек, қалмақ, қарашай, ингуш, шешен, балқар, қырым татарлары, түріктер депортацияланады. Солтүстік Кавказ халықтары, соның ішінде шешендер мен ингуштар және т.б. халықтарды күштеп көшіру бойынша белгіленген нүктелерге жер аударту мен пойыздарды жөнелту 1944 жылы 23 ақпанда жергілікті уақытпен 02:00 басталып, сол жылдың 9 наурызында аяқталды. Операция «Пантера» атты радиодан берілген арнайы кодты сөзбен басталды. Жер аударту жергілікті халықтың бірқатар бағынбаушылығы мен тауға қашу әрекеттерімен жалғасты. Ең соңғы болып Шешен-Ингушетияның бұрынғы діни көшбасшылары мен басшы қызметкерлерінен құралған пойыз жіберілді [3,с.19].

«Чечевица» операциясы бойынша бірінші Новосибирск, Омск, Алтай және Красноярск аудандары жоспарланды. Бірақ кейін шешендер мен ингуштарды Қазақстан мен Қырғызстанға көшіру шешімі қабылданды.

1944 жылғы 23 ақпанда шешендер мен ингуштарды Орта Азия мен Қазақстанға толығымен көшіру операциясын барысында жер аударылғандардың тек бір отбасына 500 килограмм жүк алуға рұқсат берілді. Жер аударылған шешендер мен ингуштар өздерінің малдарымен астықтарын өткізіп, жаңа қоныстағы басшыларынан алу міндеттелді. Әр вагонда 45 адамнан болды [4,с.349].

Көшіру операциясына дейін, сондай-ақ операция кезінде таулы аудандарды бомбалау үшін әскери авиация қолданылды. Жазық жерлерде көшіру операциясы қысқа мерзім ішінде (жалпы алғанда бір тәулік ішінде) және айтарлықтай қарсылықсыз және құрбандарсыз жүргізілсе, жинау пункттеріне айдап әкелінген адамдарды жазық жерлерге жөнелтуге табиғи жағдайдың қолайсыздығы мүмкіндік бермеген таулы аудандарда жаппай адам өлімі жағдайлары орын алды. Мысалы, Хайбах таулы мекенінде бірнеше жүздеген адам өртелді, Макажой мекені мен Галанчож көлі аудандарында жаппай адам өлімі туралы мәліметтер бар. Сондай-ақ, Урус-Мартан аудандық ауруханасындағы тасымалдауға жарамайтын аурулар да өлтірілді [4,с.353].

Соғыс жылдарында ең үлкен қасірет - халықтарды депортациялау болды. Депортацияланған халықтарды Орталық Азияға жүк вагондарына тиіп, жер аударды. Көбісі жолда суық пен аштықтан қайтыс болды. Олардың ішінде әсіресе Солтүстік Кавказдан арнайы қоныс аударушыларды айтуға болады. Мәселен, Хажбикар Акиев өзінің естелігінде сол кезде әке-шешесі, жеті бауырымен бірге Ингушетияның Базоркино (қазіргі атауы – Чермень) ауылында тұрып жатқан. Хажбикар Акиевтің айтуынша, 1944 жылы ақпан айының басында Базоркиноға совет әскері келе бастаған. Ел арасында «бұлар совет-герман соғысында шегінген әскерлер» деген сыбыс тараған. Көп ұзамай бұл әскерлердің келу мақсаты не екені де белгілі болған. «Ақпанның соңғы күндерінің бірінде таң бозынан бәрімізді оятты. Ер адамдарды «жиналысқа барасындар» деп алып кетті. Жиналуға уақыт та берген жоқ, адамдар қолға ілінген заттарын асығыс алып жатты. Әскерлер «жастық, көрпеше алындар» деді. Тұрғындарға тіпті ас-су, керек-жарақ заттар алуына да мүмкіндік бермей, жүк вагондарына тиеген. Жолшыбай аштық пен суықтан сәбилер мен қарттар көп өлген. Вагонда әрбір отбасыға бір-бір сәкіден ғана берілген. Бір вагонда төрт-бес отбасы болды. Күн суық, жейтін тамақ, оны пісіретін орын да жоқ. Ортада буржуйка пеш тұрды.

Дәретханамыз – шелек болды, жолшыбай станцияларға тоқтаған кезде тек бір адамға шәйнекпен су алуға немесе шелекті төгуге рұқсат берілді. Ал былайша тіпті су алуға да тыйым салды. Егер адам өлсе, көмуге мүмкіндік болған жоқ. Қаншама адам суықтан, аштықтан өлді. Мемлекет қалайша халыққа сондай озбырлық жасай алады? Мен соны түсінбеймін», – деп ол кезде 12 жаста болған Хажбикар Акиев өзінің естелігінде айтқан[5].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен соғыс кезінде Солтүстік Кавказ халықтары арасынан жер аударылғандардың бірі қарашайлар. 1943 жылғы 12 қазандағы №114-13 Жарлыққа сәйкес қарашайлықтардың ұлттық автономиясы жойылды. Ал 1943 жылғы 14 қазанда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің №1118-342 СС қаулысы бойынша қарашайлар Қазақ және Қырғыз КСР-не көшірілді. Сондай-ақ, бүкіл Кеңес халқы сияқты, қарашайлар да жанқиярлық еңбектерімен қоғамға жаумен күреске өз үлестерін қосты - кәсіпорындарында өндіріс нормаларын асыра орындады, майдангерлерге ақша мен заттар жинаумен айналысты, соғыс майдандарында батыл шайқасты. Қарашай автономиялық облысынан жалпы саны 68 838 адамнан тұратын 14 744 отбасы жер аударылды[6, 92б.]

1944 жылы 5 наурызда ГКО-ның балқарларды көшіру туралы қаулысы қабылданды, ал 1944 жылы 7 наурызда Берия Сталинге телеграф жіберді: «операцияға әртүрлі облыстардан тартылған НКВД әскерлерінің 19 мың офицерлері мен жауынгерлері қатысты, олардың едәуір бөлігі бұған дейін қарашайлар мен қалмақтарды көшіру жөніндегі операцияларға қатысқан, сонымен қатар балқарларды көшіру бойынша алдағы операцияға қатысатын болады. Жүргізілген үш операцияның нәтижесінде КСРО-ның шығыс аймақтарына 650 мың шешен, ингуш, қалмақ және Қарашай қоныс аударды. Берия 7.03.44». Техниканы, НКВД жедел құрамын және Армия бөлімдерін қолдана отырып, режим бүкіл балқар халқын жер аударды. Жалпы алғанда, Қазақстанға 25 мың адамнан тұратын 4660 балқар отбасы, Қырғызстанға 16 516 адамнан тұратын 4178 отбасы келді. Барлық балқарлар республиканың оңтүстік облыстарында қоныстандырылды[7, 241б.]

Арнайы қоныс аударушыларды орналастырумен қатар, колхоз, совхоз, кәсіпорын, құрылыс мекемелеріне жұмысқа тартылғандары – 282276 адам, соның ішінде еңбекке жарамды үлкен адамдары – 477812 адам болса, еңбекке жарамсыздары – 13406 адам болды. Мұндай адамдардың қатарында жас балалар, әйелдер және уақытша жұмысқа араласа алмайтын ауырған адамдар бар еді. Қазақстанға келген арнайы қоныс аударушылардың арасында орта және жоғары білімділері – 21311 адамды құраса, оның ішінде мамандық бойынша 49891 адам тіркеліп, 44272 адамы осы кәсіптік мамандығына байланысты жұмыстарда пайдалануда қызмет атқарды. Еңбекке араласқан арнайы қоныс аударушылардың көпшілігі өз еріктерімен жұмыс істеп, мемлекет тарапынан премия, наградалар алған[8, 94б.].

Кеңес Одағының Халық Комиссарлар Кеңесінің Қаулысына сәйкес Қазақ КСР 40 мың қарашай, 400 мың шешен және ингуш, 25 мың балқар, 28 мың күрд және жалпы құрамында 118 мың отбасы немесе 493 мың адам басқа ұлт өкілдерін тұрақты қоныстандыруға қабылдағаны айтылған. Басқа арнайы қоныс аударушылардың қатарында шешендер мен ингуштар республиканың 15 облысының 154 ауданына қоныстанды. Мәжбүрлі түрде көшірілген халықтардың билікке деген наразылығы туып, олардың арасында өз отандарына қашқандар болды. 1948 жылы 26 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумы «Ұлы Отан соғысы уақытысында Кеңес Одағының шалғай жерлерінен көшіріліп, қоныстандырылған адамдар, міндетті түрде сол жерді мекендемей қашатын тұлғаларға қылмыстық жауапкершілікке тартылады», деген қаулы қабылданды. Ол қаулыда репрессияланған қарашай, шешен, ингуш және т.б. халықтар өздерінің отандарына қайтуға құқығы жоқ екендігі және сол жерге мәңгілікке көшірілгендігі айтылған. Ал қашқан жағдайда, оларды 20 жылға каторгалық жұмысқа жегілетіні көрсетілді [9, с.17].

Кеңес үкіметінің қаһарына ұшырап, арып-ашып келген халықтарға қазақ елі аяушылық сезімімен қарап, үлкен жанашырлық танытты. Сол қамқорлықтың арқасында жер аударылған халықтар тез аяқтарына тұрып кетті. Солтүстік Кавказдан жарты миллионнан астам қарашай, балқар, шешен, ингуш, күрд, қалмақ т.б. халықтар 1943-1944 жылдары республика аумағына жер аударылды. Қуғын-сүргінге ұшыраған осы халықтардың қайсысына болмасын қазақ халқы мейірбандықпен қарап қолдарынан келген көмегін аямады. Жер аударылған ұлттар мен тұтастай халықтар өзінің туған жерінен, тілінен, дінінен айырылуы олардың мәдени дамуында үлкен көп кедергі жасады. Қазақстанға жер аударылған қарашай, қалмақ, шешен, ингуш, күрд, балқар, месхеті түрік және басқа халықтар мен этникалық топтар ауыр жағдайларына қарамастан, халық шаруашылығының барлық саласында еңбек етіп, оның өркендеуіне өз үлестерін қосты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Земсков В.Н. Спецпоселенцы 1930-1960 гг. – Москва: Наука. 2005. – 306 с.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша /Жалпы редакциясын басқарған Е. Арын: Павлодар 2006. – 569 б.
3. Кринко Е.Ф. Депортация народов и административно –территориальные преобразования на Северном Кавказе в 1943 -1944гг. // Вестник Калмыцкого института гуманитарных исследований РАН, №3. 2013. –С.-17-25.

4. Сигаури И.М. 1997. Очерки истории и государственного устройства чеченцев с древнейших времен.–Москва: «Русская жизнь». 1997. – 355 с.
5. Мұқанқызы М., Депортация қуәгер (Акиев Х) «Сол озбырлықты әлі түсінбеймін». https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_stalins_deportation/25271077.html (Айналым күні 16.11.2023).
6. Таиева А.Л. Депортация народов Северного Кавказа в Казахстан (1943-1954гг.)//ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы.– 2006. №1(40).– с. 90-97.
7. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. – С.428.
8. Енсепов Қ.А. Қазақстанға көшірілген халықтар тарихынан (1940-1950жж.)// Отан тарихы. – 2007. №4. - 94с.
9. Кринко Е.Ф. Депортация народов и административно–территориальные преобразования на Северном Кавказе в 1943 -1944гг. // Вестник Калмыцкого института гуманитарных исследований РАН, №3. 2013. –С.-17-25.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ АХМЕТ БІРІМЖАНОВ

АБИШЕВА ЖАНАТ РЫСБЕКОВНА

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдас. профессор м.а.
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Қазақстан тарихы кафедрасы
Астана, Қазақстан

Аңдатпа: Баяндама ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, заңгер, Мемлекеттік Думаның депутаты Ахмет Бірімжановтың қызметін талдауға арналған. Автор А.Бірімжановтың I, II Мемлекеттік Думадағы қызметі мен саяси қайраткер ретіндегі қызметіне тоқталған. Сонымен қатар заң саласында ерекше із қалдырған тұлға ретінде қарастырып, халқына аянбай қызмет еткен А. Бірімжановтың зиялылық келбеті анықталды.

Тірек сөздер: интеллигенция, Мемлекеттік Дума, ұлт-азаттық күрес, аграрлық комиссия, заң, сот.

Аннотация: Доклад посвящен анализу деятельности выдающегося представителя казахской интеллигенции, юриста, депутата Государственной Думы Ахмета Биримжанова в начале ХХ века. Автор остановился на деятельности А. Биримжанова как политического деятеля I, II Государственной Думе. Кроме того, был определен интеллектуальный облик А. Биримжанова, который неустанно служил своему народу, рассматривая его как личность, оставившую особый след в юридической сфере.

Ключевые слова: интеллигенция, Государственная Дума, национально-освободительная борьба, аграрная комиссия, закон, суд.

Abstract: The report is devoted to the analysis of the activities of outstanding representative of the Kazakh intelligentsia, lawyer, deputy of the State Duma Akhmet Birimzhanov in the early 20th century. The author focused on the activities of A. Birimzhanov in the I, II State Duma and as a politician. In addition, the intellectual appearance of A. Birimzhanov, who tirelessly served his people, treating him as a person who left a special mark in the legal sphere.

Keywords: intelligentsia, State Duma, national liberation struggle, agrarian commission, law, court.

Баяндама - «Қазақ елінің тұлғалары: тарих пен тағдыр» №-0123РКИ0120 - ынталы тақырыбы бойынша дайындалды.

ХХ ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін саяси өзгерістер мен ұлттық қозғалыстарға толы кезең болды. Ресейдегі революция қазақ зиялыларының ұлт мұраты үшін бір тудың астына бірігіп, қоғамдық-саяси қызметінің жандануына негіз қалады. Алаш зиялылары қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің идеологиясын, стратегиясы мен тактикасын қалыптастырды. Күн тәртібіне ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту, қазақ халқының азаттығы мен теңдігі мәселелері алдыңғы қатарға шыққан кезде оқыған азаматтар бір атаның баласындай жұмылып, өздерінің білімі мен білігін ел мүддесіне бағыттады. Яғни, жергілікті жерлерде өткізілген жиындарда жер мәселесі, дін бостандығы, сайлауға қатысу, ана тілінде білім беру және т.б. мәселелерді көтерді. Бұқара халықтың саяси санасының оянуына Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Бірімжанов секілді алаш зиялыларының еңбегі зор еді.

Тарих тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметімен өрілетінін ескерсек, қазақ тарихында әліде болса зерттеуді қажет ететін қайраткерлер баршылық. Сондай қайраткерлердің бірі ғана емес, бірегейі, қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, заңгер - Ахмет Бірімжанов.

Ахмет Қорғанбекұлы 1871 жылы 7 желтоқсанда Торғай уезінің Тосын болысының № 1 ауылында дүниеге келген. Арғы аталары атақты Арғын-Шақшақ Қошқарұлы Жәнібек батыр және Шеген би. Ахмет Бірімжановтің әкесі Қорғанбек балаларының заман талабына сай білім алуының қажеттілігін ерте түсініп,

Ахметті Торғайдағы 2 кластық орыс қазақ мектебіне берген. Сөйтіп Ахмет Қорғанбекұлы білімін Торғайдағы түземдіктер үшін ашылған 2-кластық орыс-қазақ мектебінен бастаған. Ахмет зерек, алғыр шәкірт болып, ата-анасының және ұстаздарының үмітін ақтаған. Торғайдағы 2 кластық мектепте білім негіздерінен алғаш ұғым қалыптастыратын барлық пәндерді толық меңгерді және қысқа аралықта өзіне бейтаныс орыс тілін жетік біліп, орысша еркін сөйлеп, жазатын дәрежеге жеткен. Сөйтіп, Ахмет Бірімжанов Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебін тәмәмдағаннан кейін, 1883 жылы Орынборда ер балаларға арналған гимназияда оқуын жалғастырған. Осы гимназияда Ахмет 7 жыл абыройлы оқып, қазақтар арасында өте беделді деп есептелген оқу орнын 1891 жылы күміс медальмен үздік бітірсе, Қазан университетінің заң факультетін 1895 жылы алтын медальмен бітірген [1].

Ахмет Бірімжановтың дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуында терең тарихи негіз бар. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі әлеуметтік-саяси сипаттағы оқиғаларға толы болды. Қазақ қоғамында көшпелі-ұлттық құндылықтар үстем болды. Рулық-туыстық қатынастың сақталуында генеалогиялық таным да өзінің қызметін атқарды. Міне, осындай ортада текті әулеттен шыққан, өлкеде белсенді қоғамдық қызметімен танылған Ахметтің құлықтық идеалының базисі қаланды.

Ахмет Бірімжановтың саяси қызметі I, II-ші Мемлекеттік Думаның жұмысына қатысуымен басталды. Ол Торғай облысынан сайлауға қатысып, бүкіл өлкенің мүддесіне сай қызмет жасады. 1905 жылы 17 қазандағы манифесттің қабылдануымен қазақ қоғамының интеллектуальды құрамының Ресей мемлекетінің саяси үдерісіне қатысуына мүмкіндік туды. Ахмет Бірімжанов басқа да ұлт зиялыларының өкілдері сияқты патша үкіметі тарапынан жасалған шегіністер туралы жаңалықты қуанышпен қарсы алды. Қазақстан бойынша демонстрациялар мен митингілер ұйымдастырылып, онда ұлт зиялылары манифестке қатысты құжатпен халықты таныстырып, саяси және экономикалық құқық үшін күреске шақырды.

Бірімжановтар әулетіне ауылдастары мен руластары тарапынан үлкен құрметтің болуын ескерсек, Ахмет Қорғанбекұлының Торғай облысынан депутат болып сайлануы заңдылық болып табылды. Әскери губернатор Ломачевский «Бірімжанов ешбір саяси партияға жатпайды, қырғыз халқының мүддесін қорғайды. Бірімжанов үгіт-насихат жұмыстарын жүргізбеді, Мемлекеттік Думаның құрамына өз қатарластарының алды ретінде бірауыздан сайланды».

Петербургке келгеннен кейін Ахмет Бірімжанов алдыңғы мәжілістің жұмыстарымен танысады. Халық азаттығы партиясынан басқа ешқандай саяси бағдары болмаған Ахмет Бірімжанов Ресей империясының мұсылман депутаттарын біріктірген мұсылман фракциясына өтеді.

Думада Ахмет Бірімжанов аграрлық комиссияның құрамына қазақ өлкесінен келген өкілдердің санын ұлғайтуға қатысты ұсыныс айтты. Қазақстан мен Сібірден келген депутаттардың кешігіп келуіне байланысты оларға бөлінген орындар келген депутаттардың санына сәйкес келмеді. Алғашқы келісім бойынша аграрлық комиссияның құрамына 5 депутаттың біреуі кіруі керек еді. Комиссияның құрамы туралы мәселе көтерілген кезде Мемлекеттік Думаның нақты құрамын ешкім білмегендіктен алауыздық туындады. Сол себептен комиссияның құрамы 88-ден 99-ға дейін өзгеріп отырды [2]. Маусым айының ортасында Қазақстан, Орта Азия, Сібірден депутаттар келе бастаған кезде аграрлық комиссияның құрамының саны мен сапасы туралы мәселе өзекті бола түсті. Осыған байланысты Думада пікірталас пен алауыздық туындады.

Ахмет Бірімжанов сол уақытта Қазақстаннан бұратана халықтан келген жалғыз депутат ретінде аграрлық комиссиядағы орынның санын көбейту туралы мәселені қарастырды. Әлбетте, маусымның ортасында аграрлық комиссиядағы бос орынның саны 8 болды, ал Орта Азия, Сібір, Қазақстаннан келген депутаттар жұмыстарын енді бастап жатты немесе Петербургке әлі келмеді. Сол себептен әлі келмеген немесе жұмысын енді бастаған 88 депутат аграрлық комиссиядағы 8 орынды бөлуі керек еді. Ішкі Ресейдегі шаруалар мен аймақтағы бұратаналар жердің тапшылығынан қиналып отырғандықтан барлық аймақтың депутаттары үшін осы комиссияда жұмыс жасау өте маңызды болды. Ахмет Бірімжанов қазақтар үшін жер мәселесі өткір екендігін ескеріп, оны талқылауға белсене қатысты.

II-ші Думада да жер мәселесі өзекті болды. Ішкі губерниялардан шаруалардың жаппай қоныс аударуы мәселенің өзектілігін арттыра түсті. Биліктің жер мәселесіне қатысты іс-шарасына бұратаналар ғана емес Сібірдің шаруалары да қарсы шықты. Мысалы, Н.Коншин Думада сөз алған кезде былай деп атап көрсетті: «Сібірге қоныс аудару жалпыресейлік аграрлық мәселені шешуге көмектеспейді. Сібірліктер қолдарында бар сандар мен фактілер арқылы қоныс аудару үшін бос жатқан жерлер туралы мәліметтің дәл еместігін дәлелдей алады. Қоныс аудару ретіндегі бұндай ауқымды жалпымемлекеттік істе кез келген қателіктер тез арада жөнделуі тиіс» [3]. Бұл қоныс аударудың тек бір ғана қыры еді. Н.Коншин жергілікті халықты туған жерінен заңсыз қудалауы, ығыстыру туралы мәселені көтермеді. Осы мәселеге қатысты министрлер Кеңесі төрағасының атына 53 депутат қол қойған сауал жіберілді. Аталмыш сауалдың бастамашысы мұсылман фракциясының өкілі Ахмет Бірімжанов пен Сәлімгерей Жантөрин болды.

Ахмет Бірімжанов ІІ-ші Мемлекеттік Думада жергілікті сотты реформалауға қатысты комиссияның мүшесі болды. Ескеретін бір жағдай, жергілікті сотты реформалауға қатысты бастама жоғары жақтан түсті. Мемлекеттік Думаның 11 мәжілісінде 16 наурызда Заң Министрі жергілікті сотты қайта құру туралы заң жобасын ұсынды. Әсіресе, жергілікті жерлерде сот жүйесін өзгерту бұрыннан қажет етті. Депутаттар 27 наурызда сайланып қойылған ұсынылған заң жобасын талқылау үшін 24 адамнан тұратын комиссияны құру туралы шешім қабылдады. 1907 жылы 14 сәуірде Ахмет Бірімжанов жергілікті сотты реформалау туралы комиссия төрағасының атына арыз жазды. Оның мазмұны төмендегідей: «жергілікті сотты қайта құру туралы заң министрінің жобасының негізгі ережелерін қараған кезде жергілікті сотта сот істерінің тілі және жергілікті соттардың жергілікті тілді білуі туралы мәселені комиссияның талқылауын қою керек» [4]. Кейіннен Ахмет Бірімжановпен бірге Г.Мусин, С.Сундерлянд пен Н.Коншин қол қойды. Олардың арызы 1907 жылы 2 мамырда комиссияның арнайы мәжілісінде қаралды. Осы арызға қатысты бірқатар пікірталастан кейін комиссияның төрағасы соттардың жергілікті халықтың тілін білуге қатысты мәселе империяның шеткергі аймақтарына қатысты болғандықтан бұл мәселе комиссияда қарастырылмайтындығына және де үкіметтің ұсынған заң жобасы мемлекеттің ішкі губернияларындағы жергілікті соттарды реформалауға қатысты болып отырғандығына назар аудартты. Төраға сот лауазымы сайланбалы, сондықтан да ол жергілікті тұрғыннан сайланатындығын және жергілікті халықтың тілін білуі керектігін атап өтті. Бірақ та А.Бірімжанов пен Г.Мусин кейіннен оларға қосылған Н.Коншин мен С.Сундерлянд Қазан, Самара, Симбирск, Тамбов, Қырым секілді кейбір земстволық губернияларда орыс тілін білмейтін бірқатар уездердің бар екендігіне тоқталып кетті. Олар егер де жергілікті мировой судья жергілікті тұрғындардың тілін білмесе онда бұл сот ісінің техникасы мен сот жүйесінің сеніміне теріс әсер ететіндігін айтып өтті. Ахмет Бірімжанов және басқа да депутаттар «осыны болдырмау үшін осындай жерлердегі судьялар жергілікті тілдерді игеру керектігіне қатысты қаулы шығару қажеттігін» ұсынды. Жергілікті халық орыс тілін білмегендіктен ұлттық аймақтар үшін бұл ескертпе үлкен маңызға ие болды. Сот қызметіне қатысты Ахмет Бірімжанов пен басқа да депутаттардың арызы комиссия жұмысының негізгі мәселесі болды. Бірақ та комиссия мүшелерінің көпшілігі жергілікті жердегі судья тұрғылықты халықтың тілін білуі міндетті және осыған байланысты емтихан тапсыру керектігіне қатысты қарсылықтарын білдірді. Комиссия мүшелерінің қарсылығы бойынша жергілікті жердегі судья тұрғылықты халықтың таңдауы арқылы сайланғандықтан жергілікті халықтың салт-дәстүрін, тілін білгендіктен осыған қатысты халыққа сенім арту керектігін алға тартты.

Сотта жергілікті халықтың тілін қолдану мәселесін көтеру Ахмет Бірімжановтың еңбегі болып табылады. Ақиқатына келсек, осы жерде А.Бірімжановтың саяси қайраткер ретінде қалыптасуы басталды. Ол екі - жергілікті сотты қайта құру және әскери-далалық сотты жою комиссияның белсенді мүшесі болды. Екі комиссия да империяның жалпы саяси өмірінде, соның ішінде Далалық өлке үшін де ерекше маңызға ие болды. Шаймерден Қосшығұловпен бірге ол мұсылмандық білім беру туралы заңды дайындайтын комиссияның құрамында болды. А.Бірімжанов мұсылмандық фракцияның бағдарламасын құрастыруға белсене қатысты.

Әлбетте, Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттары кейіннен өлкенің мәдениеті мен ғылымының, халық шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ зиялылары сайлау науқанында, заң шығару бастамасында, партия оппоненттерімен пікірталаста үлкен тәжірибе жинақтап, дала өлкесіне саяси күрестің жаңа мәдениетін алып келді. Олар халық үшін ең қолайлы деп есептеген қоғамдық дамудың эволюциялық жолын таңдады.

Ақпан төңкерісі және де Уақытша үкіметтің орнауы постимпериялық бюрократиялық аппаратта кадрлық ауыс-түйіске алып келді. Ахмет Бірімжанов Әлихан Бөкейхановтың Қостанай қаласындағы Уақытша үкіметтің уездік комиссары қызметіне ұсынысын қабыл алды. Уездің комиссары қызметінде ол өлкенің бірқатар проблемаларына, атап айтар болсақ, аграрлы мәселеден бастап мектептегі білім беру ісіне қатысты мәселелерге кезікті. Саяси қиын жағдай, Ресейдің І-ші дүниежүзілік соғысқа қатысуы, Уақытша үкіметтің шешімдер қабылдаудағы тұрақсыздығы жағдайды ушықтырап жіберді. Уақытша үкіметтің стратегиялық мәселелерді шешудегі баяу қимылдауы Ахмет Бірімжановтың тез шешім қабылдауына алып келді. Уездік комиссар қызметіндегі басты маңызды міндет – тыл жұмысына жұмылдырылған қазақтарды елге қайтару еді. 14 наурыздағы Уақытша үкіметтің қаулысы бойынша қазақтарды тыл жұмысына мобилизациялау тоқтатылды. Мектеп мәселесін де шешу уездік комиссардың құзіретінде болды. Өлкеде орысша білім беру біршама шешілген мәселе болса, ұлттық білім беру мәселесі қиын жағдайда болды. Барлық ауылдардағы мектептер толыққанды бастауыш білім бере алмады. Ахмет Бірімжанов бастаған жаңа билік қазақтардың арасында бастауыш білім берудің таралу дәрежесін анықтау және сәйкесінше шешім қабылдау міндеті тұрды. Бұл мәселені шешу үшін ауылдағы мектептер мен медреселер туралы, олардың саны, қандай жерде орналасқан, қандай қаржыға негізделген, оқушылар мен

мұғалімдердің саны, мұғалімдердің білім деңгейіне қатысты мәліметтерді жинастыру жұмыстары жүргізілді.

1917-1918 жылдар Алаш партиясының съездерін өткізумен сипатталады. Қазақ қоғамының барлық тобы Алаш бастаған қоғамдық-прогрессивтік қозғалысқа барынша тартылды. Өлкенің бірқатар аймақтарындағы алаштық қозғалыстың белсенділігі ең алдымен алаш бағдарламасының қазақ халқына ғана емес, Қазақстан территориясын мекендеген басқа да этностардың толеранттылығымен түсіндіріледі. Осы кезеңде қоғамдық қызметте болашақ мемлекеттіліктің қалыптасуындағы эволюциялық үрдіске негізделетін құқықтанушы-заңгерлердің қызметіне ерекше миссия жүктелді. Осыған байланысты Ахмет Бірімжанов Торғай облысының делегаттар съезінде сот комиссиясының құрамына енді. Аталмыш комиссияның басты миссиясы сот құрылымының жаңа жобасын жасау болды. Комиссияға кірген бесеудің екеуінің журналистік білімі болуы себепті Ахмет Бірімжанов комиссияда басты рөлді атқарды. Алаш қозғалысының дамуының маңызды көрсеткіші 1917 жылы желтоқсанда Орынборда жалпықазақ съезінің өткізілуі болды. Съезд делегаттарының пікірінше, Алаш Орданың Халық Кеңесі басшылық қызметін атқарды. Торғай облысынан Халық Кеңесіне Ахмет Бірімжанов сайланды. Халық Кеңесі съездің шешіміне сәйкес автономия туралы жариялауға құқығы болды. Ахмет Бірімжанов Кеңестің мүшесі болып, үлкен өкілеттілік пен қоғам алдындағы жоғары жауапкершілікті иемденді.

1917 жылы 12 желтоқсанында Жиенғали Тілепбергеновтың «Садақ» журналына жазған хатында «Ахмет Бірімжанов жақсы адам, нағыз қазақ, сыпайы, кең иықты, қара торы кісі. Біз әңгімелесіп тұрған кезде жоғары лауазымдағы орыстардың ұсынған іскерлік қағаздарына ол қол қойып жатқан кезде бізде мақтаныш сезімі болды. Орыстар есіктен иіліп кіріп, жұмыстарын аяқтағаннан соң кетіп жатты» [5].

Ақпан төңкерісі өзінің демократиялық өзгерістерімен тарих сахнасына ұлттық интеллигенция өкілдерін шығарды. Бірақ та уақыттың тығыздығына қарамастан Ахмет Қорғанбекұлы бірқатар жұмыстарды атқарды. Атап айтар болсақ, қазақ және орыс қоныс аударушыларының арасында қақтығысты болдырмау үшін жер комитеттері ұйымдастырылды, тыл жұмысына жұмылдырылған қазақтарды Отанына қайтару жұмыстары жүргізілді, ұлттық білім беру дамыды, Қостанай уезінде земства енгізілді, Құрылтай жиналысына дайындық жұмыстары жүргізілді. Ахмет Бірімжановтың қызметін ұлттық зиялылар басында тұрған ұлт-азаттық қозғалыстан бөліп қарауға болмайды. Ол басқа да ұлт зиялылары сияқты ақпан төңкерісіне сенім артты және қолдады. Қазан төңкерісіне байланысты барлық жаңа өзгерістер тоқтап қалды.

Заң шығару жүйесінде құнды маман ретінде Ахмет Қорғанбекұлы Заң Халық Комиссариатындағы сот құрылыс бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Ахмет Қорғанбекұлы өмірінің осы кезеңінде оның бастамасымен бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтар болсақ, тергеушілер институтына сайлауды ұйымдастыру, тұрғындардың арасында құқықтық білім беруді дамыту, халықтық соттардың резервін құру, жылжымалы халықтық соттар жүйесін қалыптастыру, сонымен қатар ұлттық тілде іс жүргізуді реформалаудың тұтас кешеніне қатысты іс-шараларды жоспарлады. Қазақ халқының мүддесін басшылыққа ала отырып, кеңестік декреттерге қайшы келмейтіндей етіп, сотта жай құқық нормаларын қолдануды ұсынды. Кәсіби заңгер және де халықтық салт-дәстүрлердің білгірі ретінде ол қалың мал мен құнды жою туралы заң жобасын дайындауға қатысты. 1920 жылдардың бас кезінде Ахмет Қорғанбекұлы ҚазАКСР сот қызметкерлерінің І-ші съезінің төрағасы болды. Өлкедегі заңгерлік білім берудің басталуы оның есімімен байланысты еді. Ахмет Бірімжанов және арнайы құрылған комиссия тыңдаушылар үшін заң курстарының бағдарламасын дайындады. Өмірінің соңғы жылдарында Ахмет Қорғанбекұлы Жоғары Соттың Қазақ бөлімінде жұмыс жасады.

Сонымен қазақтың біртуар азаматы, көрнекті алаш қайраткері Ахмет Бірімжанов және XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары қазақ даласына саяси күрестің жаңа мәдениетін алып келді. Олар қоғамды дамытудың қазақ үшін ең тиімдісі эволюциялық жол деп есептеді. Әкесінің XX ғасырдың 20-жылдарындағы қызметін Іңкәр Ахметқызы былай деп еске алады: «Анамның айтуы бойынша әкемнің қатысуымен ең алғаш рет қалың мал мен әмеңгерлікті жою туралы заң қабылданды. Сол жылдары республикада ЖОО болмады, кәсіби заңгерлер жетіспеді. Ахмет Бірімжанов тергеушілер, адвокаттарды жедел даярлайтын курстарды ұйымдастыруға белсене қатысты және де осы курстарда сабақ берді» [2].

Ахмет Қорғанбекұлы және оның пікірлестері басқа да ұлттық-демократиялық партиялар мен ұйымдардың өкілдері сияқты XX ғасырдың алғашқы ширегінде қоғамдық қозғалыста ғаламдық-өркениеттік өзгерістер жасауға тырысты. Тарихи шындықтың субъективті және объективті факторлардың жиынтығы ұлттық және демократиялық күштердің революциялық толқынмен қақтығысының күйреуін алдын ала айқындады. Қазіргі кездегі демократиялық жаңғыру мен мемлекеттің экономикалық дағдарыстан шығуға талпынуы либералдық-демократиялық бағыттағы мемлекеттермен өзара әрекеттестегі қоғамның интеграциялық үрдістерге ұмтылысымен ерекшеленеді. Идеялық бағыттау жүйесіндегі белгілі бір рөлді прогреске ұмтылушы интеллектуальдар легі атқарды. Қазіргі кездегі

әлеуметтік-саяси құрылымдағы көзқарас ХХ ғасырдың бас кезіндегі көсемдердің, соның ішінде Ахмет Бірімжанов секілді қайраткерлердің жалпы бағдарламасымен сипатталады. ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі ұлттық мемлекеттің қалыптасуының басында тұрған Ахмет Бірімжановтың Қазақстан халқының саяси тарихында ерекше рөл атқарғандығы ақиқат. Демек Бірімжанов тағылымы ұлтқа қызмет жасаудың жарқын үлгісі болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Ибраева А. «*edu.e-history.kz*» электрондық ғылыми журналы № 4(20), 2019 // <https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1299>

Султангазы Г.Ж. «*Политическая деятельность Ахмеда Беремжанова*» // *Отан тарихы*. – 2019. - №4. – С. 122-135.

Джапаров Б. «*Неизвестный автограф*» // *Казахстанская правда*. – 2018. 15 февраль.

Құрманбеков Б. «*Дума депутаты А.Бірімжанов*». - Ақтөбе., 2013. – 326.

Т.Какишев *стрела мытарств*. – Астана: Фолиант, 2002. 324 стр

РЕФОРМАТОР ТҰЛҒА – ШЕРХАН МҰРТАЗА

ЕРМАХАНОВА Р.Б.

*Тарих білім бағдарламасы бойынша PhD докторант
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

ДҮКЕНБАЕВА З.О.

*тарих ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақала көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның тұлғасына арналады. Ш.Мұртазаның тұлғалық болмысы арқылы өмірінің негізгі кезеңдері мен қоғамдық-саяси қызметі, қоғам мен мемлекеттің дамуына қосқан үлесі талданады. Сондай-ақ Ш.Мұртазаның басшылыққа алған идеялары мен ұстанымдары, оның шығармасы мен мұрасы бағаланады. Зерттеу аймақтың тарихы мен саясатын зерттеуге маңызды үлес қосады, сонымен қатар көшбасшылық пен әлеуметтік ықпалды дамыту механизмдерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: *тұлға, тарихи сана, идеология, өмірбаян, жазушы, қайраткер, реформатор, рухани мұра.*

Ғасырларды уақыт ұршығында иірген мыңжылдықтар тоғысында Ұлы дала төсінде жаңа тұрпатты қазақ елінің құрылғанына да 32 жыл толды. Бүгіндері еліміздің зар заманда жоғалтқан құндылықтары қайтарылып, бары бүтінделді, азаттықпен бірге сәулелі сәттерге толы шуақты шежіресі де түзіле бастады. Заман талабына сай интеллектуалды ұлт қалыптастыруға бағыт түзеудеміз. Өйткені, біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Міне, осындай ойымыздың дәлелі ретінде, кешегі тарихымыздың кемеңгер тұлғасы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы тарих» [1, 215 б.], - деген екен. Демек, тарихтың негізгі миссиясы ұлттық сананы қалыптастыру, өткеннен сабақ алу, ғибрат алу.

Бүгінгі таңда Жаңа Қазақстанның идеологиялық тұрғысындағы тарихи сананы қалыптастыру мақсатында Отандық тарихты қайта қарастыру міндеті қойылды. Еліміздің өскелең ұрпағына өткен тарихымызды түбегейлі зерделеп, тарихи-мәдени құндылықтарымызды айқындауда тұлғалар тарихының алатын орны маңызды. Осы орайда, Жаңа Қазақстанның жаңа буын жас ғалымдары бірінші кезекте жан-жақты білімді, парасатты, саналы болуы қажет. Осы үш дүниеміз түгел болса, қалған салалардың барлығы дұрыс бағытта дамитыны сөзсіз.

Отандық тарих мазмұнындағы тұлғатану бағытындағы ақтандақтарды объективті бағалау, мәдени-рухани мұрамызды дәріптеу 1995 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының концепциясында» көрсетілген болатын. «Концепцияда» тарих ғылымының жаңа даму бағыттары айқындалып, тарихты зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері мен тарихи зерттеулердің даму болашағы қарастырылды [2, 16.].

Тарихи сананы қалыптастыруда тарих сахынасында орын алған белгілі бір оқиғаның субъектісі ретінде мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы зерттеулер тұлғатану саласында ерекше орынға ие болып отыр. Осындай қайраткерлердің қатарына қазақ халқының көрнекті жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаны жатқызуға болады.

Шерхан Мұртаза – ұлттың ұяты, өмірлік тайталастың тарланы. Осы орайда, айтпағымыз, ұлыларды ұлықтаудың кезеңін уақыттың өзі туғызады. Оларды заманның өрті мен дерті, дауылы мен жауыны, сеңі мен селі шындап шынықтырады. Тарих ұзақ толғатып сирек туатын ұлылар алдына ұлы

мақсат қояды. Әр кезеңнің ғасырға бергісіз біртуар адамдарының өсиет етіп қалдырған ғибратты сөздерінің өзінде үлкен үндестік, ұқсастықтар бар. Олардың - әлем тарихы екіге бөлінеді: бірі – адамдар тарихы; екіншісі – табиғат тарихы. Атақты тарихшы Плутархтың: «Сравнительные жизнеописания» деген еңбегінде: «Біз тарихты емес, өмірбаян жазамыз» [3, 7 б.] - деуі осыдан болар.

Сонымен қатар, 2018 жылғы 21 қараша Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Ұлы даланың ұлы есімдері» туралы келелі мәселелерді де алға тартады. Онда: «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүние жүзіне белгілі тұлғалар бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр.

Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді» [4, 2 б.] - делінген. Осы орайда, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың тәуелсіз еліміз үшін жасаған еңбектеріне, жеткен жетістіктеріне құрметпен қарап, барымызды бағамдай алуымыз қажет. Екіншіден, мемлекеттің жылдам дамуы оның азаматтарының белсенді көмегінің мүмкін емес. Ол тарих сабақтарын кең түрде, терең түсінуден ғана туады. Өйткені бүгінгі болашақ тек өткеннің негізінде қаланады.

Ойымыздың жалғасын алаштанушы, тұлғатанушы ғалым, қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихын зерттеуші, профессор З.О.Дүкенбаева ғылыми зерттеуінде қазақтың шығармашылық интеллигенциясының қалыптасуы тарихын жүйелі әрі жаңа тұрғыдан сараланбай келгендігін алға тартады. Бұл тақырыпта ертеректе жазылған дүниелер жаңғыртуды қажет етеді. Тарихшылар қаламгерлер мен өнер адамдарының қызметін зерттемеді. Тарихшылар мәдениеттің даму үрдісін, ұлттық интеллигенцияның өсіп жетілу жолын негізінен партия мен өкіметтің қаулы-қарардарының қабылданып, іске асырылуы тұрғысынан жазып келді [5, 240 бет] – деген. Міне, осы тұрғыдан алғанда, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, ұлттық идеяны дамыту, жаңа Қазақстанды құрудағы қазақ халқының тарихи тәжірибесіндегі тұлғатану мұрасын тереңнен зерттеу керек екендігін айтқымыз келеді.

Демек, рухани жаңғыру дегенімізге қазақ зиялыларының еңбектері мен өнегелі істерін көпке дәріптеу де кіреді. Халқымыздың ұлттық кодының бір тармағы да осы ұлт интеллигенцияларының құндылығында жатыр. Ұлттың мәңгілік мәйегін ойлаған қазақ зиялыларының тұлғалық ұстанымдарын жаңа заманның талаптарына сай зерттеу, мағынасын ашып көрсету, оны ел игілігіне жарату – бүгінгі ұрпақ үшін, ұлтымыз үшін қымбат құндылық.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуында өзіндік орындары бар тұлғаларымыздың өмірі мен шығармашылық мұраларын ғылыми теориялық-методологиялық тұрғысынан зерттеп, зерделеу арқылы - сол тұғырлы тұлғалардың қазақ халқының саяси ой-жүйесінде ренессанс жасауға ұмытылғандарын, ұлт санасын халықаралық, еуропалық деңгейге көтеруде ұлтты ұйыстырып, елдік мүдде төңірегіне жинап, қазақ ұлттық мемлекеттілігін құрудағы еңбектерін насихаттау.

Тұлғалар тарихы - отандық тарихтың құрамдас бөлігі. Қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – ертеден қалыптасқан үрдіс. Соңғы жиырма алты жылдың ішінде Қазақстан тарихнамасында тұлғатану мәселесі қолға алынып, түрлі қорлар құрылып, зерттелінуде. Әсіресе, еліміздің тарихында елеулі із қалдырған қайраткерлердің жеке өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеу – бұл келешек ұрпақ үшін де, тарих үшін де аса қажет. Қазақтың қария сөздерінде, яғни, шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады [6, 390 б.].

Осындай, бай мұраны зерттеуде Ш.Мұртазаның еңбектерінің қосар үлесі зор. Шерхан Мұртаза Қазақстан тәуелсіздігі тұғырының берік болуына қаламымен де, қайратымен де атсалысқан танымал тұлғалардың бірі. Осыған орай Шерхан Мұртазаның қоғамдық, ұлттық, дүниетанымдық және азаматтық көзқарастары мен тұжырымдамаларының қалыптасуы, дамуы эволюциясын талдау, өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдерін бөліп көрсету тарих ғылымының өзекті міндеттерінің бірі екені ақиқат. Ш.Мұртазаның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, шығармашылық мұраларын кешенді, толық түрде қамтыған еңбектер жоқтын қасы. Сондықтан, өзінің дамуының жаңа бір кезеңіне өткен еліміз үшін ұлттың көрнекті тұлғаларының өмірі мен атқарған істерін білу және есте сақтау өте маңызды болып табылады.

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28-қыркүйекте қазіргі Жамбыл облысы, Жуалы ауданы Мыңбұлақ алқабында дүниеге келген. Дүниенің астаң-кестеңі шығып, ел күйзеліп тұрған, сонымен бірге шешек ауруы шығып, адамдарды жалмап жатқан. Бұл зобалаң Мұртазаның да отбасын айналып өткен жоқ. «Сөйтіп мен, Айшаның айтуы бойынша 1932 жылы қыркүйектің 28-де дүниеге келген екенмін, біздің ауылда сол жылы туған төрт-бес қана бала бар екенбіз. Солардың ішінде қазір, яғни XX ғасырдың

аяғында жарық дүниеде жүрген жалғыз мен. Қазір бүкіл ауылда 1932 жылы туған менен басқа ешкім жоқ. Қалай өлмей қалғанымды күдіреті күшті бір Алла өзі біледі» дейді Шераға өзінің «Ай мен Айша» еңбегінде [7, 49 б.].

Шерхан Мұртаза дүниеге келген Жуалы өңірі даңқты ұлдарымен аты шыққан өлке. Қаршадай кезінен ел басына түскен қиындықтарды көріп өскен Ш.Мұртаза сол халқының барлық жақсы қасиеттерін – дәстүр-салтын, сенім-нанымын бойына сіңіріп, ділің ұғынып, тілін қасиет тұтты. Сондықтан да Шерхан Мұртаза осы туған халқы мен жаралған топырағының шері мен шежіресін шығармаларына арқау етіп, сол арқылы елінің еңсесін көтеріп, халқына қорған боларлық үлкен қайраткерге айналған. Осындай үлкен ұғымға айналған ірі тұлғаларды заманның белгілі бір кезеңдері дүниеге әкелетін сияқты. Әр адам өз уақытының перзенті десек, ұлы тұлғаларды сол өздері өмір сүрген дәуірдің тарихи-әлеуметтік қажеттілігі заңдылығынан сырт алып қарауға болмайды. Ұлы тарихымыздың керуініне қарасақ ұлы тұлғаларды халықтың қайғы-мұңы мен арман-мақсаты, қайрат-жігері сияқты құбылыстары туғызады.

Шерхан Мұртаза өзінің шығармашылығында Барысхан бейнесі арқылы өзінің өміріне ғана тоқталмай, сол заманның қатал тағдырын шынайы бейнелейді. Барысханның жастық шағы сонау 30-жылдардағы қазақ ауылының қиын-қыстау кезеңімен тұспа тұс келеді. Әкесінен ерте айрылған Барысхан анасы Айшамен бірге колхоз жұмысына жастайынан араласып ерте есейеді. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін, одан соң 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы мұның барлығы Шерхан Мұртазаның өмірінен айналып өтпеді. Бес жасқа толғанда әкесі «Халық жауы» деген жалған жаламен қуғын-сүргіннің құрбаны болады.

Екі аяқты, жұмыр басты пенде – ғажайып құбылыс. Дүниеге келген әр адам әлем театрырында өзі кейіпкер болып өмір кешеді. Ал сол кейіпкер тұлға болса – өмір театрырының құдыреті. Мұндай тұлғалар тарихта күнде тумайды, табиғат адам баласына оны анда-санда сыйлайды [8, 4 б.]. Шерхан Мұртаза осындай өз заманы туғызған ердің бірі, кешегі кеңес империясының бүкіл ғұмырын көз алдында өткерді, осы заманда халқының қасірет шеккенің көріп өсті. Міне сол кезеңде халықты оятып, серпілткен дауыс – Шерхан Мұртазаның дауысы болды, оның күрескерлік, азаттық рухқа толы шығармалары болды, өткен замандардағы халқының қамын жеген ұлы тұлғалардың ісін осы заманға лайықты жалғастыра білді. Өз заманының реформаторы бола алған Ш.Мұртаза қазақ қоғамы үшін дүниеге келген тұлға.

Өткен кезеңнің 60-90 жылдары Шерхан Мұртаза «Лениншіл жас» (Жас Алаш), «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (Егемен Қазақстан) газеттері мен «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында қызмет атқарып, қазақ халқының рухына дінгек болатын келелі – ғасырлық мәселелерді көтеріп келген.

Шерхан Мұртаза шығармашылық жұмыстарымен қатар Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен мемлекеттегін нығайту ісіне де өзінің зор үлесін қосты. Қазіргі заманның, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін, ел, туған жер, қазақ тілі туралы мақалалар жазып, белсенділік танытты. Парламент Мәжілісінің депутаты болған тұста қазақ халқының мүддесін қорғаумен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы күресіп, еліміздің тәуелсіздігінің тұғырлы болуына үлкен үлес қосады.

Шерхан Мұртазаның мұралары дәстүр сабақтастығын сақтай алғанымен құнды болып табылады. Жазушы өз еңбектерінде сол дәуірдің тұрмыс-тіршілігін, қоғамның әлеуметтік болмысы мен рухани салт санасын, дүниетанымын шебер көрсете алды.

Өткен ғасырда халықтың қалша мойны – талша болып, коммунистік-сталиндік зұлматтан ел аштан қырылып жатқанда дүниеге келген, өзінің қаламгерлік өмірімен кеңестік дәуірді қақ жарып өтіп, Қазақстан Тәуелсіздігінің Көк туын бірге көтеріскен тарихи тұлға – Шерхан Мұртаза.

Жазушы творчествосындағы ең үлкен сарын, басты пафос өмірдің сұсты келбетін, тіршіліктің қаһарлы сырын реалистік дәлдікпен, азаматтық адалдықпен, суреткерлік шыншылдықпен, қаламгерлік тереңдікпен бейнелеу, адамдар тағдырындағы диалектикалық қайшылықтарды ашу, өмір мен өлімнің мәңгілік тайталасындағы жеке адамның орнын көрсету, жазушы науқандық, өткінші ұрандарға бой алдырмай, көркемдік, идеялық, шыншылдық талаптарын берік те қатал ұстанады [9, 107 б.].

Бүгінгі таңда еліміздің ең басты құндылығы – әлеуметтік әділеттілік болып табылатын жаңа Қазақстанды құрудың батыл және бетбұрысты қадамдары жасалынып жатқанының куәсі болып отырмыз. Әсіресе қоғамды тазарту және заң үстемдігін түбегейлі орнатып, халықтың дәулетін тұлалайға түсірмей, ортақ игіліктерге жұмсау арқылы жаңа, ашық қоғамды өркендету мен экономикалық дамудың бағыт-бағдарын қалың бұқара жан-жақты қолдап, үлкен сенім артып отыр.

Еліміздің саяси жаңару мен жаңғырту барысында «Мемлекет-қоғам-азамат жауапкершілігі» қағидасының барлық уақытта бұлжымайтынын қадағалау аса қажет екені даусыз. Қазақтың піртуар перзенті, қаламгерлік пен қақраткерлікті қатар ұстаған Шерхан Мұртазаның ел мен жер, қоғам мүддесі талқыға түскен тағдырлы кезеңдерде ұлттық жауапкершілікті мойнына алып сезінуі мен соған сәйкес атқарған қызметі сөз жоқ, тарихи тұлғалардың дәреже-деңгейінде ойға оралады.

Шерхан Мұртаза өзінің саналы ғұмырын, қажір-қайратын, білім мен ерең еңбегін егемен елі мен

адал қоғам мұраты үшін аянбай сарп етті. Қазақ әдебиетін дамытуға керемет кітаптары арқылы өз қолтанбасын қалдырып, өткір публицистикалық шығармаларымен қалың әлеуметтің ақ сөзін сөйлейді. Туған халқының жүрегінен орын алған әйгілі адамның өнегесі – қоғам байлығы, ал, рухани мұрасы таусылмас асыл қазына. Ақиқатында, оның сөнбес жұлдызды тұғыры қазақ жұртының ұзына бойғы төл тарихы мен мәдени өмірінде ылғи да жарқырап тұратыны анық. [10, 11 б.].

Ендеше, өскелең ұрпақтың бойынша ұлттық рухты қалыптастыру, рухани-адамгершілік мәдениетке тәрбиелеуде Шерхан Мұртаза шығармашылығы еліміздің тәуелсіздігін баянды, болашағын жарқын ететін ұрпақ тәрбиесінде алатын шамшырақ болатыны даусыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. *Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, Публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу/құрастырған Р.Нұрғалиев.* – Алматы: Жалын, 1991. – 399 б.
2. *Ұлттық тарихтың приоритеттері. Қазақстан республикасының тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы.* – Алматы: Қазақстан, 1995 ж. 1 б.
3. Плутарх «Сравнительные жизнеописания» М.: Издательство Альфа книга, 2017 ж. 7 б.
4. Назарбаев Н. *Ұлы даланың жеті қыры// Егемен Қазақстан, Астана, 2018 ж. 21 қараша №223. 2 б.*
5. Дүкенбаева З.О. *«XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ұлт зиялылары» /Оқу құралы, Павлодар, 2008. 240 б.*
6. Дүкенбаева З.О. *Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы. Алматы. «Ғылым» баспасы. 2003 жыл. 390 б.*
7. Мұртаза Шерхан. *Ай мен Айша: роман. Алматы: Қазақстан, 2008ж. 49 б.*
8. Қозыбаев М. *Тұлғалар тұғыры.* – 2009 ж. 4 б.
9. Саурықов Е., Тамабаева Қ., Елубаева Р., Кембаева А. *Ш.Айтматов және Ш.Мұртаза: ой-таным үндестігі//Keruen" scientific journal №(74) 2022, 107 б.*
10. Төлепбергел М. *Шындықтың шыр айнасы. Егемен Қазақстан// 2022 ж. № 172. 11 б.*

THE ACTIVITY OF ZH. SHAYAKHMET AS THE FIRST SECRETARY OF THE CENTRAL COMMITTEE OF THE COMMUNIST PARTY OF KAZAKHSTAN (1946-1954)

AKHMETKALIEVA A.

Abay Myrzakhmetov Kokshetau University

According to the educational program

7M01608-History, 2nd year undergraduate student

scientific supervisor: Abay Myrzakhmetov Kokshetau University

Senior lecturer, postdoctoral fellow Samat Zhumatay

of L.N. Gumilyov Eurasian National University

Zhumabay Shayakhmetuly (1902-1966) made a great contribution to the socio-economic and cultural development of Kazakhstan and "belongs to the key political figures in the history of Kazakhstan of the twentieth century" [1]. He was the first secretary of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan in 1946-1954, Chairman of the Council of Nationalities of the Supreme Soviet of the USSR (1950-1954), member of the Central Committee of the CPSU (1952-1956), deputy of the Supreme Soviet of the USSR of 1-4 convocations, deputy of the Supreme Council of the Kazakh SSR of 2-4 convocations, delegate of the XVIII Party Conference of the CPSU (b) (1941), XIX Congress of the CPSU (b) (1952) and the XX Congress of the CPSU (1956).

Zhumabay Shayakhmetuly was born on August 30, 1902 in village No. 1 (Zhanday) in the Sherbakul district of the Omsk region [2]. From 1909 to 1913 he studied at the Aschilykul village school. Russian Russian-Kazakh College in Poltava in the village of Poltavka, Omsk district, which he graduated from in 1917. Zhumabay showed an aptitude for exact sciences and languages from an early age, quickly learned Russian, knew Tatar well, later studied Persian at the Moscow Institute of Oriental Studies. Starting from the second half of 1917, as well as in 1918 and 1919, he was employed by local farmers. From December 1919 to December 31, 1921 He worked as a teacher at the Ashchily-Kul village school. During this period, he was influenced by the educational and methodological works of I. Altynsarin. From 1922 to 1923 he worked as secretary of the Tekin executive committee, from 1923 to 1925 – an employee of the Cherlak district criminal investigation department, clerk of the Cherlak district executive committee, in 1925 Shayakhmetuly moved to Petropavlovsk, where he worked in the Akmola Gubadmotdel (provincial administrative department), first as a senior clerk, then as an inspector of the Petropavlovsk district criminal investigation department. Here he worked as the secretary of the Akmola provincial Commission for the Korenization of the Soviet apparatus, when the Kazakh language was introduced into office management, the education system and the media. Later, he worked as an instructor for the Petropavlovsk District Committee of the Kosci Union. The management noted his natural intelligence, dedication, ability to languages, desire to continue his education and sent him to study at the Moscow Institute of Oriental Languages named after N. Narimanov at the Faculty of International Trade (Persian department) [3]. Since 1928

with a break from studying in Moscow (1932-1933), Shayakhmetuly worked in the police and state security agencies. He finished his service with the rank of second lieutenant [4].

In June 1938, Shayakhmetuly was transferred to work in Alma-Ata, and in July – to party work. At the II Congress of the Communist Party (Bolsheviks) of Kazakhstan, he was elected a member of the Central Committee (CC), and at the first organizational plenum – the third secretary of the Central Committee of the KP (b) of Kazakhstan. Nikolai Skvortsov was elected the first secretary, and Salken Daulenov was elected the second.

Having started his work as secretary of the Central Committee of the KP (b) of the republic, Shayakhmetuly quickly mastered the style and methods of party leadership, proved himself an energetic and capable organizer, a demanding party leader. In June 1939, Shayakhmetuly was approved as the second secretary of the Central Committee of the KP(b) of Kazakhstan. The country, like the whole world, lived in anticipation of the coming war. "Being the second secretary of the Central Committee, T. Shayakhmetuly was directly involved in the management of agriculture, in particular, livestock issues. In the pre-war years, a well-known success was achieved in the agriculture of the republic: there was an expansion of acreage, crop yields increased, and livestock numbers grew" [5].

The Great Patriotic War was a difficult ordeal for the country. During these years, Shayakhmetuly's organizational potential was revealed. On the first day of the war, June 22, 1941, he delivered a speech in Alma-Ata at a 25,000-strong rally in the park named after him. Gorky addressed all Kazakhstanis: "All our enterprises, plants, mines, factories, mines, crafts, rail transport, aviation must now rebuild their work. Each of them should become a fortress of defense. Each of us should have a developed sense of responsibility to the Motherland, high consciousness, vigilance, dedication, heroism, belligerence and fitness" [6]. Kazakhstan has turned into an arsenal of the front. During the Great Patriotic War, ZhumabayShayakhmetuly became the Commissioner of the State Defense Committee for the Kazakh SSR for the construction of the Guryev–Orsk oil pipeline, the collection of scrap metal, chairman of the Republican Commission for the Collection of warm clothes for the Red Army, was responsible for the deployment of civilians, industrial and defense enterprises, universities, cultural and educational institutions, scientific research in Kazakhstan institutes, employees, specialists, and their family members evacuated from the western territories of the USSR.

The war became a catalyst for the development of Kazakhstan's industry. "The deployment of over 100 evacuated enterprises in Kazakhstan has led to the emergence of new industries – mechanical engineering, machine tool construction, ammunition production, chemical industry and ferrous metallurgy. During the war, the republic's light, textile and food industries were replenished with more than 50 evacuated enterprises. New branches of the light and food industry were created: confectionery, meat canning, fish canning, knitting, cotton spinning, fur, etc. The sewing, textile, leather, and shoe branches of light industry have received serious development" [7]. 9 out of 10 bullets fired at the enemy were cast from Kazakh lead and copper. There was Kazakhstani manganese in the armor of tanks, planes and ships. The central newspaper of the Soviet Union, Pravda, wrote in its editorial: "Kazakhs fight well at the front, their fathers, mothers, and wives work well for the front in the rear. Kazakhstan mightily supports the front with all the riches of its land, with all the treasures of its mountains" [8].

In May 1945, Gennady Andreevich Borkov, who previously held the post of first secretary of the Khabarovsk Regional Party Committee, was appointed to replace Skvortsov of the Central Committee of the CPSU (b). He had a business relationship with Shayakhmetuly, he relied on him in many matters. Borkov saw that Shayakhmetuly was already an established leader, who had seven years of work as secretary of the Central Committee of the party, an understanding of almost all sectors of the national economy of Kazakhstan, personnel issues, he was well known in the republic and beyond, the leadership of the USSR trusted him, so Borkov, after working for a year in this position, said in Moscow: "What should I do in Kazakhstan? All issues are solved by Shayakhmetuly."

In April 1946, Shayakhmetuly was appointed, and in June he was approved by the first secretary of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan at the XV plenum of the Central Committee of the KP (b) of Kazakhstan. In the same year, he became a member of the Commission on Foreign Affairs of the Council of Nationalities of the Supreme Soviet of the USSR. According to the memoirs of his then 15-year-old son Noel, in the summer of 1946 at the aviation parade in Tushino, which he attended with his father, Stalin, approaching Shayakhmetuly, introduced him to the leaders of the country present: "Comrades, this is ZhumabayShayakhmetuly– the first national Secretary of Kazakhstan," meaning obviously that Shayakhmetuly became the first ethnic Kazakh to hold this post. It was a difficult time when the country was recovering from the most devastating war in human history. In Kazakhstan, there was a re-evacuation of people and industrial enterprises, some of which remained in the republic and became the basis of new industries.

As noted by academician M.Kozybayev: "Years of work of Zh.Shayakhmetuly's position in the top leadership of the republic was associated with the persecution of the national intelligentsia by the regime, which

had been going on since the 30s. Perhaps, for the sake of truth, it should be noted that according to the documents of the archive of the former Central Committee of the CPSU, it is thanks to the integrity and personal intercession of J. In the late 40s - early 50s, large-scale repressions against the intelligentsia were prevented in the republic. Zh.Shayakhmetuly since the end of 1943. he prevented the implementation of repressive measures that unfolded on the basis of a special resolution of the Central Committee of the CPSU (b), adopted in connection with the work of the Tatar party organization on the ideological education of the population. Due to this, in the early 50s, K.I. Satpayev, the dismissed President of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, the writer M.O. Auezov and many others escaped arrest. Zh. Shayakhmetuly also showed firmness in defending the assessment of the Kenesary Kasimov movement as national liberation. Only the intervention of the Central Committee of the CPSU (b) and an accusatory article in the newspaper Pravda about the Kenesara movement and the book of E. Bekmakhanov was forced by J. Shayakhmetuly to step back from his position and admit a "mistake" [9].

In October 1952, at the XIX Congress of the CPSU (b), Shayakhmetuly was elected a member of the Central Committee of the CPSU and to the Presidium of the Congress. As D.A. Kunaev wrote in his memoirs: "The revival among Kazakhstanis was caused by the scene when Stalin sat down in the presidium with Shayakhmetuly and began to talk about something with him. It turns out that Stalin was interested in the development of animal husbandry in the republic" [10]. During this conversation, Stalin set a meeting for Shayakhmetuly on October 21, 1952. In the journal of the record of persons accepted by I.V. Stalin on this day, it is recorded that at 22.15 he was visited by: G.M. Malenkov, I.A. Benediktov, Minister of Agriculture of the USSR, A.I. Kozlov, Head of the Agricultural Department of the Central Committee of the CPSU (b), former Minister of Livestock of the USSR, Zh.Shayakhmetuly, Chairman of the Government of the Kazakh SSR E.B. Taybekov. The conversation lasted until 23.35 at night [11]. It was about the creation of a livestock base of union significance in Kazakhstan, the return of Kazakhs to their ancestral occupation – animal husbandry.

Zh.Shayakhmetuly paid great attention to the development of Kazakh schools, especially in the industrial centers of Kazakhstan, appealed to the government of the country Malenkov and the Central Committee of the CPSU Khrushchev. For example, in 1953, he wrote to them about the absence of a Kazakh secondary school in Langer, whose students, after graduating from the seventh grade, are deprived of the opportunity to continue their education [12].

After the death of I.V. Stalin, the plans of the country's leadership changed dramatically. Instead of animal husbandry, Khrushchev proposed to create a grain base in the East. In 1953, at the September plenum of the Central Committee of the CPSU, he announced a program for the development of virgin and fallow lands. As John Dornberg, one of the first Western biographers of Brezhnev, writes in his book "Brezhnev: The Disguises of Power": "From that moment a confrontation began with the leaders of the Communist Party of Kazakhstan, in particular, with the first Secretary of the Central Committee ZhumabayShayakhmetuly" [13,p.132]. Shayakhmetuly could not agree with the pace, scale and methods of virgin land development. In his memoirs, Khrushchev recalled: "... Shayakhmetuly continued to defend a lower figure. I then analyzed his position and realized that he knew about all the possibilities of Kazakhstan. Why did the regional committee secretaries take a different position? I got the impression that there were political, more precisely, nationalist motives here. Shayakhmetuly understood that if the area for grain was increased, the Kazakhs themselves would not be able to process them. There were many people of other nationalities living in Kazakhstan, mainly Ukrainians and Russians. He understood, and no one hid it, that he would have to call for help from volunteers who wanted to go to the development of virgin lands. We were sure that there would be the right number of them, but he did not want that at all, because then the proportion of the indigenous population in Kazakhstan would decrease even more. The secretaries of the regional committees, like the communists, looked at this issue from a more correct position, without separating the interests of the Kazakh people from the interests of all Soviet people" [14].

Khrushchev realized that he would not be able to convince Shayakhmetuly, so he took drastic measures. "On January 30, 1954, Shayakhmetuly and members of the bureau of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan were summoned to Moscow to meet with N. Khrushchev, L. Brezhnev, P. Ponomarenko and members of the Central Committee Secretariat. At it, they were sharply criticized "for their behavior", and at the same time and there, Shayakhmetuly and second secretary Ivan Afonov were removed from their posts. A week later, Brezhnev and Ponomarenko arrived in Alma-Ata to seal the legitimacy of the decision made in the Center at the plenum of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan. The plenum ended with the "election" of Ponomarenko and Brezhnev" [13, p. 132-134]. In April 1954, Shayakhmetuly was appointed first secretary of the South Kazakhstan Regional Committee of the Communist Party of Kazakhstan. Before that, the issue of leaving Shayakhmetuly as the branch secretary of the Central Committee was discussed, given his extensive work experience, authority among the people and party bodies, but Khrushchev did not support this proposal. According to the oral memoirs of Shayakhmetuly's eldest sons Ravil and Noel, one of the main reasons for their father's dismissal from work was that he opposed the choice by the USSR Ministry of Defense of the

lands of Kazakhstan for the construction of launch pads for launching heavy long-range ballistic missiles, the secret scientific research site No. 5 (NIIP-5), the construction of which was supervised by Brezhnev.

Shayakhmetuly worked in the South Kazakhstan region until June 1955. He began to have health problems, so he could no longer work fully. At the sixth plenum of the regional party committee, he was released from work.

These dramatic events of the mid-1950s were accompanied by Khrushchev's policy of discrediting Shayakhmetuly in the eyes of the Kazakh people and in the media, and later by complete oblivion. Since 1954, his name has not appeared in newspapers, magazines, textbooks, reference books, encyclopedias. In the 1960s, he was mentioned only in the Encyclopedia Britannica [15].

ZhumabayShayakhmetuly was formed as a statesman and party leader in the conditions of the harsh Stalinist management style, when full dedication, discipline, honesty, and asceticism were required from the leader. In accordance with these requirements, Shayakhmetuly himself worked with full dedication, and was able to appoint talented and qualified workers from various regions of Kazakhstan, honest, skillful, respected and decent people to key areas of work. Shayakhmetuly paid special attention to national personnel when he was nominated for responsible positions: "In recent years, the cadres of the national intelligentsia have grown, a network of higher educational institutions has spread, and the number of students has increased at the expense of Kazakh youth. The Central Committee of the KP (b) of Kazakhstan has achieved some success in nominating national cadres. Currently, out of 729 secretaries of city and district committees of the Kazakh party, there are 395 or 54 percent. Of the 70 secretaries of the regional committees of the Kazakh party, 36, or 51 percent. Among the chairmen of the regional executive committees, there are 87.5 percent of Kazakhs" [16].

During the period when Kazakhstan was led by Shayakhmetuly, such bright national cadres as D. Kunaev, J. Tashenev, M. Uzhikov, A. Tazhibaev, D. Kerimbayev, I. Omarov, E. Taybekov, M. Butin, J. Zhangozin, S. Baishev, S. Sharipov, K. Satpayev, S. Zhanbayev were nominated for high state and party posts, A. Sembayev, G. Karzhaubayev, Sh. Kabylbayev, M. Beisembayev, A. Kanafin, R. Ilyashev, H. Arystanbekov and many others. So, he drew attention to the future secretary of the Central Committee for Ideology M. Suzhikov, who was born and took his first steps in Soviet and party work in the Astrakhan region of the RSFSR, and appealed to the Central Committee of the CPSU (b) with a request to send M. Suzhikov after graduating from the Higher Party School in Moscow to work in Kazakhstan. Subsequently, Suzhikov worked his way up from the secretary of the Aktobe regional Party Committee for personnel to the secretary of the Central Committee. Shayakhmetuly played a major role in the career of D. Kunaev, a graduate of the Moscow Institute of Non-Ferrous Metals and Gold. His appointment as director of the Ridder mine was signed by Shayakhmetuly on April 26, 1940 [17]. After Shayakhmetuly's business trip to Leninogorsk in 1942, he recommended him to N. Skvortsov for the post of Deputy Chairman of the Council of Ministers, and a year later, in June 1943, for the post of third secretary of the Central Committee of the KP(b) of Kazakhstan [18]. But in 1943, the appointment did not happen. In December 1951, Shayakhmetuly signed a resolution of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan on the appointment of D. Kunaev as President of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR [19]. During all the years of his work, Shayakhmetuly took care of and highly appreciated D. Kunaev for his intelligence, intelligence, ability to work with people and saw his prospects.

Shayakhmetuly did not support the practice of recruiting personnel based on kindred and clan interests, and did not allow managers to move from one position to another in whole "teams". As Bayken Ashimov, ex-Chairman of the Council of Ministers of the Kazakh SSR, noted in his speech on September 5, 2002 on the 100th anniversary of Shayakhmetuly: "Under ZhumabayShayakhmetuly, Kazakhs ceased to be divided into zhuzes, tribes and clans. And if this line, pursued by Shayakhmetuly at that time, had continued, the Kazakhs today would have lived more cohesively and achieved more tangible successes."

For many years, Nurtas Ondasynov, Chairman of the Council of People's Commissars (Council of Ministers), worked shoulder to shoulder with ZhumabayShayakhmetuly The Kazakh SSR in 1938-1951 . It was a strong, fruitful, honest relationship between two strong personalities who put state interests above their own ambitions and preferences. Kakimbek Salykov, a poet and public figure, recalls his conversations with Ondasynov when he was already retired in Moscow: "Nureke treated Zhumeke with great respect. He talked about the fact that he did not divide people according to the juz and brought facts to prove it. Zhumeke was the head of the republic, who could find common ground with Stalin on issues of Marxism-Leninism, despite the fact that Stalin considered himself a theorist. Zhumeke, Nureke said, was well versed in a life full of problems and difficulties. I remember that he (Ondasynov – Author's note) He also said: if Kunaev became a friend of Brezhnev, and you say that it was beneficial for the Kazakhs, then in this case Stalin respected Shayakhmetuly and, for sure, it benefited the Kazakhs" [20].

Shayakhmetuly contributed to increasing the role of women in the life of the country, at meetings of the Bureau of the Central Committee, issues of increasing their role in all spheres of life of the republic, including

public administration, were regularly considered, but not all of them had the opportunity to get higher education due to the long distances from villages to cities, material and household restrictions of that time. Shayakhmetuly convinced I. Stalin and the People's Commissar of Finance of the USSR A. Zvereva to open the State Women's Pedagogical Institute (ZHENPI) in Alma-Ata with full state support: free tuition, meals, provision of summer and winter clothing, covering the cost of purchasing textbooks, writing materials, personal hygiene items, medical care. Many outstanding women, figures of education, science and culture came out of the walls of this institute.

In the 1940s, young people began to enroll in new universities: the Institute of Foreign Languages, the Institute of Physical Culture, the State Conservatory, the Karaganda Mining Institute, the Shymkent Institute of Chemical Technology. A number of new pedagogical colleges have started operating in the republic.

On the initiative of J. Quotas for national personnel were allocated to the leading universities of the USSR. Every year, about 2,000 graduates of schools of the republic were enrolled under these quotas. They were paid for travel and provided financial assistance through the Kazakh Permanent Mission in Moscow, as well as through the relevant ministries of the Kazakh SSR.

Shayakhmetuly actively supported education, science, and scientists. On his initiative, Kanysh Satpayev was transferred to work in Alma-Ata in 1941 from the position of chief geologist of the geological exploration department of the Karsakpai Copper Smelter to the position of director of the Institute of Geological Sciences, and from 1943 he was simultaneously chairman of the Kazakh branch of the USSR Academy of Sciences. According to the former president of the Academy, Academician Sh. Chokin: "To be fair, science was given great importance back then, even during the war, graduate students were exempted from conscription into the army, and those at the front were allowed to go home. In 1946-1950, at the expense of the state, personal cottages were built for all academicians and presented to them for their great contribution to science. A large residential building for scientists was built in Alma-Ata on Gorky Street (now Zhibek Zholy)" [21].

Zh. Shayakhmetuly made a great contribution to the achievement of the industrial power of Kazakhstan and the training of professional engineering and technical personnel. New industries were created on the basis of the evacuated enterprises. All his awards were for achievements in the field of agriculture: The Order of the Red Banner of Labor (1939), the Order of the Badge of Honor (1942), three Orders of Lenin (1945, 1947, 1952). Shayakhmetuly's "Eagle of the East" for his contribution to the development of the human, industrial and agricultural potential of the country, honesty and dedication. Bulganin, who for many years held the post of Deputy Chairman of the Council of Ministers of the USSR, asked Stalin to appoint Shayakhmetuly as the union minister, but he replied that "until there is a replacement for him, I will not leave Kazakhstan without Shayakhmetuly."

Despite the difficult front-line and post-war years, the party and the government did not stop supporting culture. So, in November 1941, the Abai Opera and Ballet Theater was opened in Alma-Ata, and in 1942 a film studio for the production of feature films was opened. In 1944, the Theater of the Young Spectator was opened. Its founder, director Natalia Sats, People's Artist of the USSR, Hero of Socialist Labor, in her book "Novels of my Life" recalled how the theater was created: "I started writing letters that the first theater for children and youth of Kazakhstan should be created in Alma-Ata from my first matinee. And now one of my letters receives a reply. I have an appointment with Comrade Shayakhmetuly! In the reception room of the second secretary of the Central Committee of the CP (b) of Kazakhstan, his assistant met me and at the exact appointed time led me to the doors of a large office. Shayakhmetuly stood up and extended a strong hand to me. At the end of the conversation, he said: "We will create a theater for children of all nationalities who live with us. In Russian, followed by Kazakh, the first Theater for young spectators for children and youth of Kazakhstan. We really need your experience. Thank you!" [22].

In the post-war period, architectural ensembles and residential complexes were formed in Kazakhstan. Large industrial centers are being actively built up – Karaganda, Ust-Kamenogorsk, Shymkent, Pavlodar, Aktobe, as well as the capital. ZhumabayShayakhmetuly played a significant role in this.

The peak of ZhumabayShayakhmetuly's career can be considered 1952. In August, he turned 50 years old, he had a large and close-knit family, strength, energy, clearly formulated plans for the further development of the economy and culture of Kazakhstan, he was awarded the third Order of Lenin. From 1950 to 1954 he was Chairman of the Council of Nationalities of the Supreme Soviet of the USSR. In October 1952, at the XIX Congress of the CPSU(b), Shayakhmetuly was elected a member of the Central Committee of the CPSU, to the Presidium of the congress, and on October 21, a meeting with Stalin was held in the Kremlin to create a livestock base in Kazakhstan. In early December 1952 A plenum of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan on animal husbandry was held in Alma-Ata, where he made a major presentation, outlining his ideas on this topic. What he had been striving for for many years received the support of the country's top leadership, but Stalin's death in March 1953 changed the fate of the country and the fate of Shayakhmetuly.

By modern standards, ZhumabayShayakhmetuly did not live long, only 64 years old, but he remained in

memory as an ascetic statesman, a man who devoted himself to serving his republic. After the death, the property of the Zhumabay family was estimated by a notary at only 294 rubles. Shayakhmetuly was inspired by the practical philosophy of stoicism, which prioritized the correctness of thinking, discipline, personal modesty, logic, equanimity, the usefulness of actions first for the state, then for the individual – "what is useful for the hive is useful for the bee." It is a discipline of feelings, thoughts and actions. This was ZhumabayShayakhmetuly as a man and a politician, so he remained in the memory of the grateful people of Kazakhstan.

HISTORY AND LITERATURE

- 1 *Life and activity of the public service of Zhumabay Shayakhmetuly(1902-1966)*. Almaty: LLP "Litera-m", 2022. P. 362.
- 2 AP RK. F. 708.Op. 39. D. 4315. L.6.
- 3 *establishment of the Institute of Education*. Narimanova. April 15, 1933 G. // personal archive R. R. Shayakhmetulya.
- 4 RGANI. F. 5.Op. 98. D. 38987. L.13.
- 5 RGANI. F. 5.Op. 98. D. 38987. L.14.
- 6 *Kazakh Pravda (extreme vipusk)*. 1941. June 22.
- 7 *Kozybayev M. Kazakhstan-Arsenal front*. Alma-Ata: Kazakhstan, 1970. P. 283-284. (473 P.).
- 8 *Pravda*. 1943. February 6.
- 9 *M. Kozybayeva, director of the Institute of history and archeology of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Akim of Almaty city*. No. 80 from 25.03.01 // *Zhumabay Shayakhmetuly: documents and materials*. Almaty: LEM, 2022.460 P.
- 10 *Kunaev D. from Stalin to Gorbacheva: (in the history of Kazakhstan)*. Almaty: Sanat, 1994. p. 84. (352 P.).
- 11 RGASPI. F. 558.Op. 11. D. 418. L. 85.
- 12 AP RK. F. 708.Op. 16/2. D. 6. L. 149-153.
- 13 *Dornberg John. Brezhnev: The Masks of Power (Publisher: BasicBooks); 1st edition*. 1974. May. 498 R.
- 14 *Khrushchev N. S. Vospominania. Time. Ludi. "No," he said*. In 2-х KN. KN. I. M.: Veche, 2016. P. 717. (896 P.).
- 15 *British encyclopedia*. 1967. Vol. XIII. P. 260. (558 PP.).
- 16 *Shayakhmetuly zh.important task of the party organization of Kazakhstan // party life*. 1947. No. 8. pp. 30-36.
- 17 AP RK. F. 708. D. 234. L. 25.
- 18 AP RK. F. 708.Op. 8. D. 97. L.6.
- 19 AP RK. F. 708.Op. 131. D. 234. L. 37.
- 20 *Kurdeli modern Kaisar kairatker: the revival of Zhumabae Shayakhmetulya*. Astana: translation, 2002. p. 96-101. (214 P.).
- 21 *Chokin Sh. Ch. path of the National Academy of Science: (Growth and development)*. Almaty: Science, 1996. p. 21. (256 P.).
- 22 *sat N. I. novella My Life. M.: Iskusstvo, 1984. p. 3-5. (384 P.)*.

ҚАЗАҚ КИНО ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ МЕКЕНІ - «ҚАЗАҚФИЛЬМ» КИНОСТУДИЯСЫ

МУКЫШЕВА А.М.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих факультетінің 2 курс магистранты
ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., аға оқытушы Удербәева С.К.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ кино өнерінің қалыптасу мен кезеңделуіне шолу жасалады. Сонымен қатар, қазақ кино өнерінің қара шаңырағы болған «Қазақфильм» киностудиясының қалыптасу тарихы сөз болып, оның өркендеуіне үлес қосқан қайраткер Ш.Аймановтың өмірі мен шығармашылығы қамтылады.

Кілт сөздер: «Қазақфильм», киностудия, кинохроника, фильмдер.

Аннотация. В статье дается обзор становления и периодизации казахского киноискусства. Кроме того, она рассматривает историю становления киностудии "Казахфильм", которая является основой казахского кино. В статье также освещены жизнь и творчество выдающегося кинорежиссера Ш.Айманова, чьи достижения оказали заметное влияние на развитие студии и казахского кино.

Ключевые слова: «Казахфильм», киностудия, кинохроника, фильмы.

Annotation. The article provides an overview of the formation and periodization of Kazakh cinema. In addition, she examines the history of the formation of the Kazakhfilm film studio, which is the basis of Kazakh cinema. The article also highlights the life and work of the outstanding film director Sh.Aimanova, whose achievements had a significant impact on the development of the studio and Kazakh cinema.

Keywords: Kazakhfilm, film studio, newsreel, films.

Кино өнерінің басты мақсаты-міндеті маңызды, көркемдігі әсем, қызықты фильмдер шығару. Ондай фильмдерді жасайтын жер біреу-ақ. Ол-киностудия. Киностудия-өнер ордасы, халық құлшынған тамаша өнер саласының қайнар көзі. Киностудия бірталай маман адамдардың қатысуымен әралуан және өтке қиын

техниканы қолдану арқылы көркемөнер шығарма қасиетіндегі фильмдерді жасап шығаратын үлкен фабрика[1, 123б.].

Қазақстанның кино өнері өз таланты мен шеберлігін туған халқының рухани мәдениетін байытуға арнаған адамдардың табанды ұмтылысының арқасында қалыптастарды. Бүгінде бұл адамдар үлкен шығармашылық өмірін және барлық күш-жігерін үздік фильмдер шығаруға бағыттайтын ұжымды құрайды. Бұл "Қазақфильм" киностудиясы.

Қазақ киносы қайраткерлерінің шығармашылық еңбектерінің сәтті болуы олардың жаңа, неғұрлым мазмұнды, өткір және өзекті мәселелерді суреттеуімен және шиеленісті ізденістерімен байланысты. Осы ізденістердің нәтижесінде біз сүйіп көретін қазақ кино тарихындағы алғашқы фильмдер пайда болды: мәселен, "Біздің сүйікті дәрігер", "Қиылыс", "Ана туралы ертегі", "Менің атым Қожа", "Алдар-Көсе" және басқалар.

Кеңес заманында қазақ киносының туындылары бүкіл одақтың экрандарында сәтті көрсетілді. Қазақстан кинематографистері Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск қалаларындағы Бүкілодақтық кинофестивальдерге және Азия мен Африка елдерінің халықаралық кинофестиваліне қатысты. Осы фестивальдарда көптеген қазақ режиссерлері мен актерлері құрметті дипломдармен марапатталды.

Кинематографиялық картада Қазақстан аумағы 1920 жылдары Кеңес өкіметі Шығыс республикаларын жаңғыртуды қолға алған кезде пайда болды. Қазақ КСР-де түсірілген және жергілікті прокатқа арналған фильмдер жоғары дәрежеде идеологияландырылды: кинематографиялық көріністің күші жаңа биліктің күшімен нақты байланысты болуы керек еді. Қазақтың алғашқы фильмі ("Ленфильм" негізінде түсірілген) 1916 жылғы ұлт азаттық шаруалар көтерілісінің жетекшісі Амангелді Имановты дәріптейтін "Амангелді" фильмі болды.«Амангелді» фильмі экранға шыққаннан кейін 1939 жылы Қазақстан Орталық Комитеті және Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімімен ұлттық кино өндірісін өркендету жолында бірқатар шаралар жоспарланады. Сондай шаралардың маңыздылары қатарында Қазақстан тақырыбына арнайы жазылған сценарийлер бәйгесінің жариялануы еді. Алғаш ұйымдастырылып отырған ұлттық сценарийлер бәйгесіне 40 астам жұмыс қатыстырылады. Солардың ішінде ең үздігі болып Мұхтар Әуезовтың «Райхан» сценарийі бас жүлдеге ие болады. Осы кезеңнен енді қазақ ұлттық көркем киносының қалыптасуы және дамуы тарихы басталады[2, 34б.].

Кинофильмдер Қазақстан халқын күннен-күнге қызықтыра бастады. Бұл көрермен санын ұлғайта түсті. Алайда, киноқондырғылардың санының аздығына байланысты, өлкедегі барлық халықты кино көрсетумен қамтамасыз ету мүмкін болмады. 1927 жылы Кеңес Одағының кино жүйесі 7,331 киноқондырғыға жетіп жығылды. Ал бірінші бесжылдық кезеңіде бұл көрсеткіш 3,8 есеге өсті.

Тарихқа көз жүгіртсек, 1929-1930 жылдардағы жаппай ұжымдастыру кезеңінде Қазақ елінің селолық киносетінің қатары толықтырылды. 1931 жылы бірінші рет «Өмірге жол» дыбысты фильмі жарық көріп, бұл Кеңес кинематографиясы үшін жаңалық болды. Ал біздің елде дыбысты кинотеатр ең алғаш 1933 жылы тамыз айында ашылған еді. Уақытөте келе, кино саласын басқару, ұйымдастыру салалары үшін жұмыстар жасалына басталды. 1938 жылдан бастап елімізде Қазақстан үкіметі негізінде кинофикациялық комитет құрылды. Облыстық еңбекшілер комитетінің қасынан кинофикациялық басқарма құрылды[3, 13б.].

Жалпы, қазақ кино өнерінің қара шаңырағы болған «Қазақфильм» киностудиясының құрылу тарихы туралы сөз ететін болсақ, 1928 жылы Қазақ АССР-ның астанасы Қызылорда қаласынан Алматыға көшті. Қазақстанның жаңа астанасына Москвадан «Востокино» тресінің қызметкерлері республикамызда қазақ бөлімін ашты. Осылайша, 1929 жылы Алматы қаласында Бүкілресейлік "Востокфильм" тресінің өндірістік бөлімшесі болып табылатын алғашқы киностудия құрылды. Зертхана, монтаждау, мультфильм және жазуларды түсіру цехы салынды.«Востокиноның» Алматыдағы ашылған бөлімі өз жұмысын «Алматы және оның төңірегі» және «Жайлауда» деп аталатын деректі фильмдерді дүниеге алып келуден басталды. Сонымен қатар, Түркістан-Сібір теміржолының құрылысына арналып түсірілген «Түрксіб» фильмі де тарихи маңызы бар фильм болды[3, 16б.].

"Востокфильм" ұйымдастырушылардың ойынша Алматыда одан әрі киностудия құру арналған база болуға тиіс еді. Алайда, "Востокфильм" тресінің қазақ өндірістік бөлімшесі ұзаққа созылмады. Ол 1931 жылы жабылды. Востоккино басқармасы барлық жұмыстарды Мәскеуге көшірді. Жабылу себебі, ең алдымен, техникалық базаның әлсіздігі, ал екіншісінде - кино үшін сценарийлердің болмауы болды.

Қазақстанға арналған алғашқы көркем фильмдер жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басында экранға шықты. Бұл кинокартиналарда ("Дала әндері", "Жұт", "Түрксіб", "Қаратау құпиясы") қазақ халқының өмірінің түрлі аспектілері суреттелді. Олардың пайда болуы республиканың өсіп келе жатқан кино өнеріндегі маңызды оқиға болды және көбінесе патша Ресейінің бұрынғы артта қалған шетіндегі мәдени революцияның дамуына әсер етті. Олар ұлттық қазақ киносының іргетасын қалады[4, 18б.].

20-жылдардың екінші жартысында дүниеге келген қазақ театры айтарлықтай жетістіктерге жетті. Сол жылдары Қазақстанның музыкалық мәдениеті де шығармашылық өрлеу үстінде болды. Қазақ бейнелеу өнері де кәсіби дамыды. Ал Қазақстанның ұлттық кино өнері әлі болған жоқ, өйткені ол кезде Қазақстанда кино өндірісінің техникалық базасы болмаған, сондай-ақ киноның инженерлік-техникалық және шығармашылық кадрлары жетіспейтін еді. Бұл ұлттық кино өнерінің тууын едәуір кешіктірді. Қазақ киносының ізашарлары өнердің жаңа түрін жасау және дамыту үшін туған мәдениетінен пайдалы, қажеттінің бәрін зерделеуге, талдауға және пайдалануға мәжбүр болды. Бірақ, кино өнерін дамыту үшін материалдық-техникалық базаның, мамандар кадрларының және кәсіби жетілген кинодраматураның болуы маңызды болды.

1933 жылы Алматыда “Союзхроника” тресінің Қазақстандағы базасы ашылады да, “Советтік Қазақстан” киножурналын шығару міндеттеледі. Киножурнал Қазақстан өмірі туралы хроникалық-деректі сюжеттерді түсіруге тиісті болды. Ал, 1935-жылдың соңында аталмыш база Алматы кинохроникасы студиясы болып қайта ашылады. Алғашқы жылдардағыдай емес, кино өндірісін жолға қоюға техникалық және шығармашылық күші жағынан толық мүмкіндігі бар жаңа студияның құрылуы Қазақстанда өз алдына жеке кино өнеркәсібінің дүниеге келуінің дәлелі болды. Бұл ұлттық киноөнері тарихындағы аса маңызды кезең. Алматы кинохроника студиясы алғашқы кезеңде тек киножурналдар мен хроникалық деректі фильмдер түсірумен ғана шектеліп отырды[3,116.]

1941 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1941 жылғы 12 қыркүйектегі № 762 Қаулысы негізінде Алматы көркем фильмдер Киностудиясы ұйымдастырылды.1941 жылғы 15 қарашада Алматы киностудиясы Қазақстанға эвакуацияланған “Мосфильм” және “Ленфильм” киностудияларымен - Алматыда 1944 жылға дейін жұмыс істеген және соғыс жылдарында барлық отандық көркем фильмдердің 80% жуығы, мәселен Марк Донскойдың “Иван Грозный”, “Радуга” және Герберт Раппапорттың “Өуе тасымалдаушысы” сияқты барлық кеңестік кинокартиналар осы жерде түсірілді және Қазақстанға эвакуацияланған көптеген жоғары дәрежелі мамандар осында жұмыс істеуге қалды. 1944 жылы 25 қаңтарда Алматы киностудиясы Алматы көркем және хроникалық-деректі фильмдер Киностудиясы болып өзгертілді. 1945 жылы “Мосфильм” мен “Ленфильм” қайта эвакуацияланғаннан кейін Алматы көркем және хроникалық-деректі фильмдер киностудиясы өз бетінше жұмыс істей бастады[5]

1960 жылдың қаңтарында Қазақ КСР Мәдениет Министрлігінің бұйрығымен бұл студия “Қазақфильм” киностудиясы болып өзгертілді. 1984 жылы “Қазақфильм” киностудиясына ұлттық кинематографияның көрнекті қайраткері Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың есімі берілді. 1985 жылы ол Ш. Айманов атындағы “Қазақфильм” республикалық шығармашылық-өндірістік бірлестігі деп аталды. Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін киностудия өмірінде елеулі өзгерістер болды, атап айтқанда: 1996 жылы 20 тамызда “Қазақфильм” қазақ кинофабрикасына бөлу арқылы қайта құрылды. 2000 жылғы 28 наурызда Қазақ кинофабрикасы, ҚР Ұлттық продюсерлік орталығы, Қазкинопрокат және Мемлекеттік фильм қоры республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын - “Қазақфильм” ұлттық компаниясы бірігу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Сол кездегі қазақ кино өнерін өркендетуге үлес қосқан майталмандар Ш.Айманов, М.Бегалин, С.Қожықов, А.Қарсақбаевтар болды. Олар дүниеге әкелген туындылар одақ көлемінде ғана емес, бүкіл дүниежүзі экранынан орын тепті. “Қазақфильм” киностудиясында қазақ кино шеберлерінен бөлек, көптеген орыс туысқандар да ызмет етті. Атап айтсақ, Э.Файн, Г.Новожилов. Бұлар киностудия негізін қалағаннан бері еңбек етіп келе жатқан режиссерлер болды[3,486.]. Сонымен қатар, “Қазақфильм” киностудиясын туралы айтатын болсақ, отандық кинематографияның дамуына зор үлес қосқан адам, “Қазақфильм” киностудиясына есімі берілген - Шәкен Айманов туралы сөз айтпау қате.

КСРО халық әртісі, КСРО және КСР мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, тамаша актер, талантты режиссер Шәкен Кенжетайұлы Айманов 1914 жылы 15 ақпанда қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Шәкен Кенжетайұлы қазақтың көркемсуретті киносының негізін қалаушылардың бірі. Ол КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1952 ж.), КСРО халық артисі (1964 ж.), Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1968 ж.) және т.б. одақтық және дүниежүзілік атақ-даңқа бөленді. Шәкен Айманов қандай рөлдер ойнаса да, қандай кинофильмдер түсірсе де-алдына жалғыз ғана мақсат қойған жан еді. Ол-қазақ халықының рухани қазыналары мен жан дүниесіне терең бойлай отырып, оның мыңжылдық өнер мұраларын әлемдік экрандар мен сахналарға алып шығу болатын[6, 46.].

Жалпы, алғашқы жиырма жылға жуық уақыт аралығында «Қазақфильм» киностудиясынан жылына шамамен 4-5 көркемсуретті фильм, 50-ге жуық деректі фильмдер экранға шығып жатты. Бұл кезеңдегі кино өнеріндегі фильмдердің негізгі бағыты аударма фильмдер болды, әр жыл сайын 70-80 фильм қазақ тіліне аударылып отырды. Кеңес Одағы ыдыраған тұста жеке республикалар киностудиялары да жана өндірістік бағытқа көше бастайды. Бұдан былайғы кезеңде «Қазақфильм» киностудиясы да аударма фильмдерден гөрі, ұлттық фильмдер өндірісіне басымдық көңіл бөліп, өздері туындылар шығара

бастайды. Бір ғана онжылдық көлемінде (1988-1998 жылдар аралығында) Қазақстанда 84 көркемсуретті фильм түсіріледі. Қазақстан кино өндірісінің осындай жылдам қарқынмен дами бастауына себеп болған құбылыс- осы жылдар тұсында көптеп пайда бола бастаған жеке шағын киностудиялардың үлесі еді [2,256].

Содан бері ғасырға жуық уақыт өтті. Өнер үшін бұл өте ұзақ уақыт. Бірақ осы бірнеше жыл ішінде қазақ киносы пайда болу, қалыптасу және дамудың күрделі жолынан өте алды. Жыл сайын әр түрлі тақырыптар мен жанрлар бойынша көркем фильмдер мен деректі фильмдер шығарылып отырды. Кино өнерінің ұлттық кадрлары: сценаристер, режиссерлер, операторлар, суретшілер, өндірісті ұйымдастырушылар өсіп, белсенді жұмыс істей бастады. Жыл сайын бес-алты көркем фильмді дербес шығаруға және бауырлас республикалардың кинокартинасын қазақ тіліне көшіруге қабілетті заманауи аппаратурамен жабдықталған жеке техникалық база құрылды. Енді Қазақстанда фильмдерді қайда, қандай және кімге түсіру керектігі туралы әңгімелер жүргізілмейді. Қазір "Қазақфильм" студиясында тек біздің дәуірімізге лайық фильмдер түсіру туралы пікірталастар ойландырып, кино өнерінің өзекті мәселелерін кеңінен талқылау жүріп жатыр. Мұның бәрі Қазақстанның ұлттық кинематографиясының шығармашылық жетілгендігін айғақтайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сиранов Қ. *Кино туралы ойлар*. Алматы: «Жазушы». 1973. – С. 225.
2. «Қазақ киносының тарихы» (оқулық) ҚР Білім және ғылым министрлігі, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Б.Р.Нөгербек, Г.Қ.Наурызбекова, Н.Р. Мұқышева – Алматы: ИздатМаркет, 2005.
3. Сауытбаева С., Масатова Б., Масатов Б. *Қазақ киносының тарихы (Аққумен ән қосқан әншілер)*. Ақтөбе, 2009. -232 бет
4. Сиранов К. *Киноискусство Советского Казахстана*. - Алма-Ата, 1966. - 399 с.
5. Нөгербек Б.Р. *На экране «Казахфильм»*. Статьи, рецензии, эссе, интервью. – Алматы: RUAN, 2007. -520 с.
6. Бегалин Қ. Шәкен Айманов. Алматы: «Өнер» баспасы, 2014. -320 бет.

ЕЛДІҢ ҚАЛАУЛЫ АЗАМАТЫ – ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНҰЛЫ (1932-2020)

НҮРКЕНОВА ЛӘЗЗАТ

7M01608-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс магистранты

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

ғылыми жетекшісі: Жұматай Самат

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетіне оқытушысы,

Л.Н. Гумилева атындағы Еуразия ұлттық университетінің постдокторанты

Ақыл-ой парасатының кеңдігімен, өмірдегі белсенді қызметімен, ойындағысын жеткізіп айта алатын тілмарлығымен елдің зор ілтипатына ие болып, сүйіспеншілігіне бөленіп жүретін адамдар болады. Олар биік лауазым иесі болмаса да, онымен жүзбе-жүз таныстықты күтпей-ақ жалпы жұрт оны назарында ұстайды, сөзін қалт жібермей тыңдайды, ісіне сүйсінеді. Одан әрқашан тың бір ой күтеді, сүйенішіндей, тірегіңдей демеу дәметіп жүреді. Менің түсінігімдегі ұстаздардың ұстазы Қайролла Мұқанұлы – осындай тұлға.

Тағылымды ұстаз, тарихшы, өсу, ержету, есею, өміріндегі барлық кезеңдерді өлкеміздің даму жолына арнаған, білімі мен біліктілігі сай еңбек иесі, ардақты азамат 2020 жылы, 89 жасына қараған шағында дүниеден өткен. Өзінің өмірін ол үлкен абыроймен, зор беделмен өтті. 90 жасқа келген Қайролла Мұқанұлы өмірінің өрнегін шын мәніндегі кісіліктің келбетіне, еңбекқорлықтың үлгісіне айналдыра білді. Сондықтан болар, оның ғұмыры – адамгершіліктің, зиялылықтың, жауапкершіліктің, кәсібиліктің жарқын үлгісі десем, артық айтқандық болмас. Ол өзіне сеніп тапсырылған қызметті елінің сенімі деп түсініп, орта мектептің директорлығынан облыстық оқу бөлімі бастығының орынбасары қызметіне дейін жоғарылап, бар ғұмырын бір салаға – білім беруге, ағарту саласына арнады.

Ертеректе бір топ жастар ақылман қартты ортаға алып:

- Қария, ел осы бақыт кілті деп жатады, сіз оны қалай түсінесіз? – дейді.

Сонда әлгі қария былай деп жауап беріпті:

- Қарақтарым, бақыт кілті деген кең ұғым. Оны әркімнің жүрген жолы, артында қалған шуақты іздерімен өлшеген орынды. Егер бақыттың кілтіне ие болғыларың келсе, кез келген мамандықтың соңынан жүре бермей, өздерің ұнатқан, елге пайдалы, бейімдерің бар салаға күш салған жөн. Бақытты болам десеңдер, арың таза болып, елдің мұң-мұқтажына құлақ асып, қолдан келгенше жәрдем беріп, олардың алғысына бөленіңдер. Сонда ғана сенің мына дүниеге бос келмегенің, азамат деген жоғары атаққа сай болып, бақытты, мәнді ғұмыр кешкенің.

Осы бір кез келген адамды ойға қалдыратын терең мағыналы жауапқа Қайролла Мұқанұлының гибратты өмірі айқын дәлел бола алады.

Міне, 2000 жылының желтоқсан айында, бұдан жиырма үш жыл бұрын шаңырағын өзі көтерген «Асыл мұра» орталығында қызмет ете жүріп, Қайролла Мұқанұлы Қызылжар өңірінің тарихын, әр кезеңде еліне еңбегі сіңген, алайда белгілі себептерге байланысты кейінгі ұрпаққа есімдері белгісіз болып келген атақты жерлестеріміздің өмірін, халқына жасаған еңбегін, шығармашылығын зерттеп, күнделікті баспасөз арқылы жарыққа шығарып, оқырманға таныстыруда. Сонымен қатар әйгілі жерлестер жөнінде деректер табу мақсатында Алматы, Қарағанды, Көкшетау қалаларына барып, мұрағаттар мен мұражайларда еңбектенді. Ресей Федерациясының Омбы, Тобыл қалаларының мұрағаттарын апталап ақтарды.

Оның бір ерекшелігі – ол қай тақырыпты қарастырса да алдымен терең зерттеп, сол тақырып аясын аша түсетін, кеңейте түсетін деректерге айрықша ден қоятындығы. Көптеген ғылыми-танымдық кітаптардың авторы. Қайролла Мұқанұлы өмірінің соңына дейін қаламын тастамай, 70 жуық кітаптар жарық көріпті. Солардың ішінде «Ұмсын сұлу», «Жұмағали Тлеулин – деятель «Алаш Орды», «Следпоэта», «Академик Е.Бөкетов» атты кітаптары және атақты тұлғалар жайлы жазылған тарихи очерктер оқырманның үлкен сұранысына ие.

Осындай салмақты еңбектері бүгінгі жас ұрпаққа қажетті құнды дүниелер екені даусыз. «Өлке тұлғалары» атты кітабында ұлы жерлес ақынымыз Мағжан Жұмабай жайында жазылған мақалалар, көптеген естеліктер мен зерттеулер басылды. Қайролла атаның қаламынан Нығмет Сырғабеков, Бәйкен Әшімов, Тайжан Берденов, Марат Кенжегозин, Мұқаш Елеусізов, Бақытжан Қанапиянов, Ғабдолла Шоқаев және басқа да белгілі жерлестеріміз жөнінде көлемді мақалалар шықты. «Жүрек төрінен орын алған» атты мақаласында халық жүрегінен мәңгі орын алған Жұмабек Тәшеновтің асқақ адамгершілігі хақында әңгіме өрбітсе, «Осы жұрт Смағұлды біле ме екен?» атты мақаласында С.Садуақасұлы туралы қалың оқырмандарға біраз мәлімет беріп, оның есімі Қызылжар қаласының бір тәуір көшесіне берілсе деген өз ұсынысын айтқан.

Қайролла ата «Ынтымақ ауылы» атты кітабында өзінің ауылының тарихи кезеңдері, халқына адал қызмет еткен адамдар жөнінде баяндайды. Бұл кітапта пайданылған көптеген тарихи фактілер ауыл өміріндегі айқын оқиғалардың куәлері – соғыс және еңбек ардагерлерінің естеліктерін сәтті толықтыра түскен. Қайролла атамыз халқымыздың бұрынғы өткен батырлары, билері, ақын-жыраулары, еліміздің тәуелсіздігі жолында қуғын-сүргінге түскен қайраткерлері туралы жүйрік қаламының қуатымен көлемді мақалалар жазумен бірге, олардың атаулы жылдары, дүбірлі тойлары кезінде терең зерттелген баяндамалар жасап келеді. Оның мазмұнды, ойлы мақалалары мен зерттеулері әркімнің-ақ көкейінен орын тепті.

Қайролла Мұқанұлы жоғары оқу орындарының, колледждер мен мектептердің студенттерімен, оқушыларымен кездесіп, оларға республикамыздың, облысымыздың, қаламыздың тарихы жөнінде және біздің өлкенің атақты тұлғалары туралы айтып береді. «Осындай кездесулер мен әңгімелер жастарды ұлтжанды және патриоттық рухта тәрбиелеуде көп септігін тигізеді», - дейтін тірісінде Қайролла Мұқанұлы.

Иә, өмірдің талай белестерін артқа тастап, дүниеден жинаған рухани азығы мол, көргенінен түйгені көп, қарапайымдылықты өмірлік серік еткен, ерен еңбегімен өшпестей із қалдырып жүрген Қайролла ағамызды қадірлеп, мақтанамыз.

Қайролла Мұқанұлы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, ол туралы мен ешкімнен ешқандай теріс пікір естеген жоқпын. Қаншама қызметте болды, белгілі бір саланы дамыту тұтқасын ұстап тұрды – бәрінде де ол кісі адалдығынан тоймады. Артынан жаман сөз ермеді, ешкімнің көңілі қалып, өкпесін арқаламады. Билік басында жүріп, өзінің ар-ожданына кір келтірмей, халық алдындағы абыройын ол қызметтен кеткеннен кейін де асқақтата білген санаулы адамдардың ортасынан қайда жүрсе де адалдықтың иесі аңқыған Қайролла ағамызды бөліп айтуға болады. Халық алдындағы адал еңбегі оның адами жаратылысымен өзектесе береді. «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» деген қазақ.

Тынымсыз еңбектің арқасында Қайролла Мұқанұлы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері атанып, академик Е.Бөкетов атындағы сыйлықтың иегері болды, Құрмет белгісі орденімен, бірнеше медальдармен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Бұл сый-құрметтердің барлығы ағамыздың атқарған еңбектерінің жемісі деп түсінемін. Халық сыйлаған Қайролла атаның 90 жас өмірінде елдің қалаулы азаматы ретінде, байыпты қаламгер, өлкетанушы ретінде шығып отыр. Қытайдың бір данасы Чжуан Цзы: «Өмірге құштарлығы жоқ адамды адам деудің өзі бекер» деген екен. Өте орынды айтылған сөз. Қайролла атамыз өмірге құштар адам болған, қолдан келгенше аз уақытта мол іс атқару, соның арасында елге қызмет етуді маңызды санаған, азаматтық парызы деп білген.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНАН ШЫҚҚАН МЫСЫР БИЛЕУШІСІ-СҰЛТАН БЕЙБАРЫС

ӘКІМБЕК Д.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті

ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Шолпанқұлова Қ.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,

Тараз, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Мысыр билеушісі –Сұлтан Бейбарыстың қазақ тарихта алатын орны мен жауынгерлік ерліктері, даналығы жайында талқыланды. Сонымен қатар ел басқару ісіндегі жетістіктері зерттелген.

Тірексөздер: Тарих, дерек, халық, түркі, қыпшақ, жауынгер.

Аннотация. В этой статье обсуждается место египетского правителя –султана Бейбарса в истории Казахстана, его боевые подвиги, мудрость. Также изучены достижения страны в управленческом деле.

Ключевые слова: История, факты, народ, турки, кыпчак, воин.

Annotation. This article discusses the place of the Egyptian ruler Sultan Baybars in the history of Kazakhstan, his military exploits, wisdom. The achievements of the country in management have also been studied.

Keywords: History, facts, people, Turks, Kipchak, warrior.

Тарихи деректерге сәйкес Бейбарыс Египет пен Сирияның төртінші мамлюк сұлтаны. Ол Дешті Қыпшақ даласында дүниеге келген, Берш руынан шыққан қыпшақ болған. Оның туған жері Еділ (Еділ) және Жайық (Орал) өзендерінің аралығы болып саналады. Болашақ Сұлтан 1223 жылдары дүниеге келген. Қуатты мамлюк билеушісі 1277 жылы Дамаскіде 50 жастан асқан шағында қайтыс болды.

Араб тарихшысы Макризи Мысырдың сұлтаны болған қыпшақ құлы туралы бірінші болып жазды. Бейбарыс сұлтанның қыпшақтардан шыққандығы, ол өзінің туған сөзін есіне алтындығы, өз тайпасының әдет-ғұрпын ұстанатындығы жайында зерттеушілер ортақ пікірде.

Осы мәселенің тағы бір нұсқасы: Қырым тұрғындары Бейбарысты олардың отандасы деп санайды. Дәлел-Бейбарыс билеуші бола отырып, Қырымның Солхат қаласына (қазіргі Ескі Қырым) бірнеше рет жомарт сыйлықтар жіберді. Мұнда сұлтанның қаражатына мешіт салынды, оның қирандылары әлі күнге дейін сақталған. Қырымдықтар жомарт сыйлықтар мен мешіт Бейбарыстың кішкентай отанында есте қалғысы келетінін айтады.

XI–XII ғасырлардағы орыс шежірелерінде половец (қыпшақтар) арасында «бурдж» ұрпақтары болғандығы көрсетілген. Қазақ зерттеушілері "бурдж" тайпасының атауын қазіргі қазақ халқының құрамындағы беріш тайпасымен байланыстырады. Тарихи деректерді талдау бериш руының сол кезде Қырым аймағында (қазіргі уақытта – Атырау облысында) өмір сүргенін көрсетеді [3, 627].

Бір қызығы, бериш тайпасының символы – жебе, бастапқыда Каспийдің солтүстігіндегі иран тілінде сөйлейтін парна тайпасының аршакидтер әулетінің символына өте ұқсас [4, б.34]. Аршакидтер әулеті (б.з. д. 250 – б. з. 227 ж.) Парфия, Армения, Әзірбайжан, Иберия және Кавказ Албаниясын басқарған әулет екені белгілі. Түркі қағанаты ыдырағаннан кейін түрлі түркі этникалық топтары жекелеген мемлекеттік құрылымдар құра бастады. Б. Көмековтың айтуынша, «Дешті Қыпшақта этникалық байланыстарды тереңдету және дамыту аймақтағы қыпшақтар тобының қалыптасуына әсер етті. Біртұтас этникалық аймақ, экономикалық көзқарас, қоғамдық қатынастар және ортақ тіл қыпшақтардың басқа этникалық топтармен қарым-қатынасына ықпал етті. Қыпшақтардың саяси салмағының артуына байланысты көптеген басқа этникалық топтар мен тайпалар өздерін Қыпшақ деп атады және бұл этнонимді қабылдады. [5, 45-бет].

«Сұлтан Бейбарыс-Шығыста да, Еуропада да танымал тұлға. Ол тарихи әдебиетте ғана емес, көркем әдебиетте де танымал тұлға. Сұлтан Бейбарыстың қызметі Таяу Шығыс, Египет, Сирия, Иран және кейбір Еуропа мемлекеттерінің көптеген халықтарының тарихи жадында көрініс тапты. Бұл оның өте күшті және белсенді қызметімен байланысты болды, өйткені бір кездері ол Египет билеушісінің тағына отырды. Бұл XIII ғасыр моңғол жаулап алуларымен, Моңғол империясының пайда болуымен, крест жорықтарымен және басқалармен байланысты ескі әлемдегі үлкен шиеленіс, белсенділік уақыты. Сол кездегі тарихи аренада Сұлтан Бейбарыс басты рөлдердің бірін ойнады, өйткені оның есімі көптеген халықтардың тарихи жадына берік енгені кездейсоқ емес», — деп атап өтті Николай Лапин.

Тарихи деректерді талдау көрсеткендей, XI ғасырдың аяғында жайылымға деген қажеттіліктің

артуы және отырықшы халықтармен сауда-экономикалық байланысқа деген ұмтылыс Орталық Азияда болып жатқан саяси оқиғалармен бірге түріктердің салыстырмалы түрде бос орындарға көшуіне ықпал етті. X ғасырда оғыздардың Мавераннахрға, Хорезмге, Хорасанға, Джуржанға шабуылының негізгі мақсаты жайылымдар мен тұтқындарды иемденіп қана қоймай, оңтүстік көршілерімен сауда қатынастарына ұмтылу болды. Б.Көмекова, Қимақ тайпаларының Саманидтер мемлекетінің солтүстігіндегі отырықшы аймақтарға қоныс аударуы олармен сауда қатынастарын орнату қажеттілігінен туындады. [5, 121-бет].

Түркі тектес тарихи тұлғалар әлемнің басқа елдерінде, әсіресе мұсылмандарда саяси мансапқа әр түрлі жолдармен ие болды. Бірінші топқа қақтығыстар мен соғыстар нәтижесінде тұтқынға алынған, жергілікті билеушілер қызметіне кіріскен, содан кейін әскери мансапқа қол жеткізген адамдар, екінші топқа жалдамалы сарбаздар ретінде өз еркімен қызметке кіргендер және жоғары лауазымға қол жеткізгендер жатады.

Осы кезеңдегі түркі қоғамының идеологиялық дағдарысы туралы Н. Нұртазина өз еңбегінде былай деп жазды: «...дәстүрлер нашарлап, мағынасын жоғалтты, тіпті сол табиғи дін, мифология бөлініп, өзгерді, ішінен жойылды, зайырлы болды. Өтпелі кезеңде түріктер бір-бірімен тығыз байланыста бола бастады» [7, б.52].

Саяси тоқырауды ғана емес, сонымен бірге рухани дағдарысты бастан өткерген түркі тайпалары енді өз еркімен, кейде соғыстардың нәтижесінде көрші мемлекеттерге құл ретінде жалданды. Саяси қақтығыстардың нәтижесінде басқа елдерге әкетілген көптеген түркі құлдары пайда болды. Түрік еркектері әскери қызметте пайдаланылды, әйелдер үй қызметшісі ретінде ұсталды. Ортағасырлық дереккөздерде «түркі қыздары әдемі, нәзік, жарқын жүзді. Олар тар көзді, бірақ сүйкімді. Көпшілігі орташа биік. Ұзын бойлы қыздар аз. Олар көп босанады. Балалар әдемі және шабандоз болып туылады. Олар ұқыпты, тамақты жақсы дайындайды. Ысырапшылдыққа бейім» [8, б. 96].

Дегенмен, түркі құлдары өздерінің табиғи жауынгерлік қасиеттерінің арқасында құлдарға тән төмен лауазымдарға қарағанда әскери істерде табысқа жетті. Осы жерден бастапқыда төмен лауазымдарды атқарған түріктер уақыт өте келе әскери іске қатысып, айтарлықтай мемлекеттік мансапқа қол жеткізді.

Бейбарыстың жеке өмірі мен саяси қызметі Алтайдан Қара теңізге дейін созылған Ұлы даладағы сол кездегі саяси және әлеуметтік жағдаймен тығыз байланысты. Өзінің жауынгерлік таланттарының арқасында Бейбарысты басқа билеушілер байқады. Алғашқы кезден бастап ол өзін тек құл емес, жауынгер ретінде көрсетті.

Ортағасырлық Шығыста құл саудасы өркендеп, Дешті Қыпшақтан келгендер ерекше бағаланды. Жас қыпшақтарға әскери іс үйретіліп, ислам дінін қабылдады. Уақыт өте келе мамлюктер-исламды қабылдаған және әскери дайындықтан өткен құлдар-ерекше қастаға, әскери ақсүйектерге айналды.

Жас бала Дамаскиде 800 дирхамға құлдыққа сатылды, бұл сол кездегі құл үшін үлкен сома. Алайда, құлдың көзінен кемістік байқап, оның қожайыны мәмілені бұзуға асықты.

Содан кейін мамлюк әмірі Али ад-Дин Айтегин Әл-Бундукдар көзіндегі кемістік жауынгер болуға кедергі емес деп санап, құл сатып алды. Көп ұзамай ол қамауға алынып, Бейбарыс әмірліктің басқа мүлкінің құрамында Египет билеушісі Сұлтан ас-Салихтің меншігіне өтті. Египет сұлтандары мамлюктерді оқытуға тырысты. Жауынгерлер керемет дайындықтан өтті: олар әртүрлі қару-жарақтарға ие болды, керемет шабандоздар болды, сонымен қатар соғыс тактикасын, медицинаны зерттеді. Болашақ Сұлтан әскери істе талантты болып, табысты мансап құра бастады. [6, 102].

Бейбарыс өте епті болып өсті. 1246 жылы сұлтан ас-Салих бұл қасиеттерді бірден байқап, Сардарды өз отрядына тағайындады. Бірақ Салих қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Тұран шах пен оның мұрагері Айбек мамлюктерге аз сене бастады.

Осы уақытта Бейбарыс мамлюктардан құтылуға тырысқан және оны өлтіруге қатысқан Тұран шахқа қарсы қастандық жасаушылардың қатарында болды. Жаңа Сұлтан Муаз ад-Дин Айбек (1250-1257) таққа келіп, қастандыққа қатысушыларды өлім жазасына кесуді бұйырды. Осыған байланысты Бейбарыс жасырынып, Сириядан кетуге мәжбүр болды. Мамлюктер Айбекті өлтіргеннен кейін Бейбарыс Каирге оралды.

Бейбарыс өзінің алғашқы ірі әскери жеңісін армия командирі ретінде жеңіп алды. 1248 жылы Франция королі Луи жетінші крест жорығын жариялады. Оның әскері Египетке қонып, Думят бекінісін басып алды. Бұл мысырлықтар үшін қиын кезең: Сұлтан Ас-Салих қайтыс болады. Мамлюктер крестшілердің алға жылжуын тоқтата алды, бұған еуропалықтар ескермеген Нилдің төгілуі көмектесті. Эль-Мансурдағы шешуші шайқаста Бейбарыстың қолбасшылық таланты толықтай көрінді. Ол мамлюк командирлерінің бірі бола отырып, әскери айла қолданды. Бейбарыс қаланың қақпасын ашуға бұйрық берді, ал католиктер қала тапсырылды деп шешіп, оның қабырғаларына кірді. Содан кейін қақпа

жабылып, жаулар қала көшелерінде қырып салды. Қайтыс болғандардың арасында Луидің ағасы Роберт Д'Артуа болды. Ақыры Луи өзі тұтқынға түсіп, төлем беруге мәжбүр болды. Осыдан кейін сәттілік крестшілерден бас тартты.

Крестшілерден басқа, Египетке моңғолдар қауіп төндірді, олар XIII ғасырдың ортасында жеңілмейтін болып саналды. 1260 жылы Бейбарыс мамлюктер мен Моңғол империясының жауынгерлері арасындағы тарихи шайқаста ерекшеленді. Иордания, Сирия және Израиль шекаралары түйісетін Айн Джалут аймағында Иордания жағалауында екі армия кездесті. Моңғол түркі корпусының құрамында 80 пайыз, ал мамлюк армиясының құрамында шамамен 90 адам болған. Бұл шайқасқа дейін моңғол әскері жеңілістерді білмеді. Егер Бейбарыс оларды жеңбесе, олар Иерусалимді алар еді. Бейбарыс орданың қол сұғылмаушылығы туралы мифті жойған әскери басшылардың бірі болды.

1255 жылдың күзінде Сұлтан Айбек пен Әмір мамлюк Кутуз Ақтайдың ықпалды әмірінен қорқып, оны өлтірді. Бейбарыс пен Ақтайдың басқа сахабалары Сирияға қашып кетті.

1259 жылы Кутуз Египет тағына келгеннен кейін Бейбарыс Египетке оралды. Сұлтан Кутуз оған жақын маңдағы Калиуб қаласын, сондай-ақ Ливия шөліндегі оазистерді иеленді. Мамлюк қолбасшыларының одағы ұзаққа созылмады. Моңғолдарды керемет жеңгеннен кейін, оның еңбегі бағаланбағанына ренжіген Бейбарыс Сұлтан Кутузды өлтірді. Бірнеше әскери төңкерістер мен билеушілерді өлтіру Бейбарыстың өзі Египеттің басында болуына әкелді.

Сұлтан Бейбарыс 1260 жылдан 1277 жылға дейін Египетті шамамен 17 жыл басқарды. Елді қуатты державаға айналдыру үшін көп күш жұмсады. Бейбарыс тарихқа керемет саясаткер және билеуші ретінде келді. Бір қызығы, билеуші бола отырып, ол өзінің ұзақ уақыт қожайыны Айтегин Әл-Бундукдарды тауып, оны Дамаск билеушісі етті.

Сұлтан қалаларды күшейтті, олардың әрқайсысында тұрақты әскер болды, Ішкі жанжалдарды тоқтатты. Мамлюк мемлекеті гүлденді, әлемнің түкпір-түкпірінен саудагерлер келе бастады. Өзендерде көпірлер, қалаларда мешіттер салынды. Сұлтан пошта желісін құрды, каналдар, верфтер мен порттар салды, сауда орнатты, қалаларды дамытты, ғалымдарды, сәулетшілер мен суретшілерді жомарттықпен қаржыландырды, аштық жылдарында кедейлерге ақша мен азық-түлік бөлді.

Бейбарыс Шығыс Араб Әмірліктерінің қожайыны атағын жетіп, Орта Азияның селжұқтарын, кіші Арменияны, берберлерді толығымен бағындырып, франктердің орасан зор бекіністерін бірінен соң бірін қиратты. Енді көрші елдер мамлюк мемлекетімен санаса бастады.

Бейбарыс сұлтан болған кезде қыпшақ жерлері моңғол ханы Берке-Кулагу басқарған Алтын Орданың иелігінде болды. Бейбарыс Ордамен әскери, сауда, діни және мәдени қатынастар орнатты. Кейін Египетте тарихи әдебиет қарқынды дами бастап, түркі әулеттері мен халықтары туралы тарихи-географиялық мәліметтерді толық қамтитын энциклопедия құрылды. Осы кезеңде араб әлемінде араб-қыпшақ, араб-түркі сөздіктері басылып шығады. Сұлтан Бейбарыстың хатшысы Абд-әл-Захирдің еңбегі жарық көріп, онда Бейбарыстың Мысырдағы өмірінен түрлі мәліметтер келтірілген. Абд-әл-Захирдің еңбегінде Алтын Ордамен қарым-қатынас туралы ақпарат, Қырымнан Еділге дейінгі қысқаша нұсқаулық, Қырымның байырғы халқы туралы діни және этнографиялық материалдар бар.

Елдің ішкі саясатында Сұлтан Бейбарыс мұсылман мемлекетінің ұстанымын нығайтты, Египет гүлденген елге айналды. Заң саласында Сұлтан Бейбарыс бұрын-соңды болмаған өзгерістер енгізді. Судьяларға барлық төрт сунниттік мазхабтардың өкілдерін тағайындады. Әл-Азхар мешітін қалпына келтіріп, оны айтарлықтай өзгертті және әртүрлі елдердің оқушылары келген ірі оқу орнына айналдырды. Египет пен Дамаскіде көптеген медреселер салынды. Атап айтқанда, Каирдегі «Захири» медресесінің ғимараты жақсы сақталған. Медреседе бай кітап қоры бар кітапханалар да жұмыс істеді.

Мединадағы Пайғамбар мешітіне күрделі жөндеу жүргізілді, Дамаскідегі Ибрахим пайғамбар мешіті жаңартылды. Иерусалимде әл-Ақса, Куббат Сахара мешіттері жөнделіп, жаңартылды. Әр түрлі мәселелер мен даулар шешілген Әділет үйі салынды [10].

Бейбарыс исламның белсенді қорғаушысы болды. 1260 жылы Каирде салтанатты жағдайда Аббасид халифаты рухани мекеме ретінде қалпына келтірілді, ол Аббасидтер әулетінің бір мұрагері халифаны тағына отырғызды және Каирді халифаттың рухани астанасына айналдырды. Бейбарыстың ислам тарихындағы маңызы оның ислам әлемін крестшілерден қорғаумен, исламның христиан әлемімен шекарасын қорғаумен өмір сүруімен және Беркенің Алтын Орда ханының одақтасы болуымен өлшенеді. Нәтижесінде Берке хан Исламды қабылдап, Египет пен Алтын Орда арасындағы байланысты нығайтты. Ирак пен Иран территорияларын жаулап алған Хулагу мен оның ұрпақтарына қарсы одаққа кірді [11].

Сұлтан Бейбарыс қуатты армия, теңіз флотын құрды және қару-жарақпен жабдықтауды ұйымдастырды, бекіністер салды, тұрақты армия құрды. Ол алғаш рет 1260 жылы Айн Джалут шайқасында қолданылған артиллерияны енгізді. Мамлюк армиясында «мидфа» деп аталатын темір мылтықтар болды. Кейінірек бұл артиллерия Еуропада пайда болды, ал ағылшындар бұл технологияны

1346 жылы француздарға қарсы жүз жылдық соғыс кезінде қолданды.

Өз заманының ерекше тұлғасы Бейбарыс сұлтанның даңқының ғасырлардан асып бүгінгі күнге жетуі кездейсоқтық емес. Мәмлүктер араб еліне ұзақ уақытқа созылған тыныштық әкелді, деп баға берген ғалым Карен Армстронг «Иерусалим – бір қала, үш дін» атты еңбегінде Пасха мейрамы күндерінде көп жиналатын христиандардың басқа дін өкілдерімен қақтығысуын болдырмауы үшін Бейбарыс сұлтанның тапқыр шешімі туралы мынадай қызық дерек келтірген. Бейбарыс Иерусалимде екі жаңа діни орнын ашады. Бірі Мұса (арабша Неби-Муса) пайғамбарға арналған Иерихонның жанынан, екіншісі араб пайғамбары Салихтің құрметіне Рамледен бой көтереді. Осылайша Бейбарыс сұлтанның тапқырлығы арқасында үлкен мейрам кезінде түрлі дін өкілдері жақын жерде басқалардың да көп жиналатынын білгендіктен өздерін тежеп ұстауға мәжбүр болған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сайфетдинова Э.Г. Личность султана Бейбарса и его роль в развитии взаимоотношений мамлюкского Египта с Золотой Ордой по арабским источникам // Золотоордынское обозрение. – 2017. – Т. 5. – № 4. – С. 726–735.
2. Әлібекұлы А. Бейбарыс бейнесі халық қиялы мен тарихи жазбаларда // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 7 қараша.
3. Әміржанұлы А. Бейбарыс сұлтан // Қазақ батырлары. – 2000. – № 10 (27).
4. Жеңіс Ж.Ж. Көне ұрандық тайпаларының таңбалары // Қазақтану. – 2009. – № 7. Желтоқсан. – 18–24 б.
5. Көмеков Б.Е. Государство кимаков IX–XI вв. по арабским источникам. – Алматы: Ғылым, 1987. – 121 с.
6. Бейбарыс: Арабтың халық романы (орыс тілінен аударған С. Абдрахманов). – Астана, Елорда, 2000. – 325 б.
7. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: Өнер, 2002. – 208 б.
8. Жеңіс Ж.Ж. Ежелгі және ортағасырлардағы Иран мен Тұран. – Алматы: Алтын шаңырақ, 2016. – 238 б.
9. Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – М.: АСТ, 2000. – 439 с.
10. Құл-Мұхаммед М. Бейбарыс сұлтан // Жас Алаш. – 2000. – №12. – 16 қыркүйек.
11. Кекілбайұлы Ә. Бейбарыс. Тұла бойы тұнған жұмбақ тұлға // Егемен Қазақстан. – 1999. – 8 қазан.

РОЛЬ КЕНЕСАРЫ ХАНА В ИНТЕРЕСАХ РУССКОГО ГОСУДАРСТВА В СРЕДНЕАЗИАТСКИХ КОНФЛИКТАХ

РАХМЕТУЛЛА Ш.Т.

студент 4-курса *Международный Таразский инновационный институт имени Ш. Муртазы*

ТОКБОЛАТ С.Т.

кандидат исторических наук., доцент
Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Муртазы
Тараз, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Ресей империясының Орталық Азия иеліктерімен өзара іс-қимылының бастапқы кезеңіне егжей-тегжейлі талдау жасалып, Кенесары ханның және оның қоршаған ортасының Ресейдің геосаяси стратегияларындағы шешуші рөліне ерекше назар аударылады. Зерттеу Ресей мемлекетінің Орталық Азияға енудегі алғашқы әрекеттерінде Қоқан хандығына қарсы күш-жігерінде қазақтың көрнекті көшбасшысы Кенесары ханның ықпалы мен іс-әрекетін қалай пайдаланғанының нюанстарына тереңірек үңіледі. Жұмыста Кенесары ханның Ресей билігі тарапынан тактикалық қолданылуына баса назар аударылды, олар оның амбициясы мен жергілікті ықпалын аймақтағы өз мақсаттарын алға жылжыту үшін пайдалану әлеуетін мойындады. Зерттеу Кенесараның біртұтас Қазақ хандығын қалпына келтіруге деген ұмтылысы мен оның Қоқанға қарсы жеке вендеттасы Ресейдің мүдделерімен қалай сәйкес келгенін талдай отырып, осы қарым-қатынастың күрделі динамикасын зерттейді. Тарихи талдау мен бастапқы дереккөздерден алынған тұжырымдарды біріктіре отырып, мақала осы одақтың көп деңгейлі аспектілерін, осы орыс-қазақ өзара іс-қимылындағы стратегиялық артықшылықтарды да, ішкі шиеленістерді де қарастырады. Осылайша, мақала 19 ғасырдағы Орталық Азия контекстіндегі империялық саясаттың күрделі және жиі манипулятивті табиғатын және жергілікті көшбасшылық динамикасын терең түсінуге ықпал етеді.

Кілтті сөздер: Кенесары хан, Қоқанд хандығы, Ресей империясы, Перовский, Ақ-Мешіт, Созақ, аға-сұлтандар, Горчаков, Бұқара, Хиуа.

Аннотация. В данной статье представлен подробный анализ начального этапа взаимодействия Российской империи с центрально азиатскими владениями, с особым акцентом на ключевую роль Кенесары хана и его окружения в геополитических стратегиях России. Исследование углубляется в нюансы того, как российское государство в своих первых попытках проникновения в Центральную Азию использовало влияние и действия Кенесары хана, выдающегося казахского лидера, в своих усилиях против

Кокандского ханства. В работе подчеркивается тактическое использование Кенесары хана российскими властями, которые признали потенциал использования его амбиций и местного влияния для продвижения собственных целей в регионе. Исследование исследует сложную динамику этого взаимоотношения, анализируя, как стремления Кенесары к восстановлению единого казахского ханства и его личная вендетта против Коканда совпадали с интересами России. Сочетая исторический анализ и выводы из первоисточников, статья освещает многоуровневые аспекты этого союза, рассматривая как стратегические выгоды, так и внутренние напряжения в этом русско-казахском взаимодействии. Таким образом, статья вносит вклад в глубокое понимание сложной и зачастую манипулятивной природы имперских политик и динамики местного лидерства в контексте Центральной Азии 19-го века.

Ключевые слова: Кенесары хан, Кокандское ханство, Российская империя, Перовский, Ак-Мечеть, Сузак, ага-султаны, Горчаков, Бухара, Хива.

Annotation. This article presents a detailed examination of the early interactions between the Russian Empire and Central Asian entities, with a particular focus on the instrumental role of Kenesary Khan and his inner circle in the geopolitical strategies of Russia. It delves into the nuances of how the Russian state, during its initial forays into Central Asia, capitalized on the influence and actions of Kenesary Khan, a prominent Kazakh leader, in its endeavors against the Kokand Khanate. The study highlights the tactical use of Kenesary Khan by the Russian authorities, who recognized the potential of leveraging his ambitions and local influence to further their own objectives in the region. The research explores the complex dynamics of this relationship, examining how Kenesary's aspirations for re-establishing a unified Kazakh khanate and his personal vendetta against Kokand dovetailed with Russian interests. Through a blend of historical analysis and insights from primary sources, the article sheds light on the multi-layered aspects of this alliance, scrutinizing both the strategic benefits and the inherent tensions within this Russo-Kazakh interaction. The article thus contributes to a deeper understanding of the intricate and often manipulative nature of imperial policies and local leadership dynamics in the Central Asian context of the 19th century.

Keywords: Kenesary Khan, Kokand Khanate, Russian Empire, Perovsky, Ak Mosque, Suzak, aga sultans, Gorchakov, Bukhara, Khiva.

«Исследование финансируется Комитетом по науке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № АР19676769) «Логистика военных походов Российской империи в казахскую степь и Туркестанский край: влияние и последствия для казахского общества»

В течение второй четверти 19-го века вторжение Российской империи в Центральную Азию спровоцировало бурный период, отмеченный жестокими восстаниями, возглавляемыми различными лидерами родов. Этот период характеризовался значительной российской экспансионистской политикой в степных регионах, что неизбежно вызвало серию реактивных мер со стороны казахского общества. Постоянное строительство новых российских крепостных линий из года в год значительно ограничило доступ казахов к обширным участкам. Это развитие событий привело к сложной социополитической ситуации: в то время как некоторые группы казахов адаптировались, переселяясь на территории этих новых линий, многие казахские рода столкнулись с серьезной потерей земель, что стало толчком к развитию антироссийских движений. Усложняющим фактором в этом сложном сценарии было то, что структура казахского общества на момент начала российской экспансии не была политически единым целым. Разнообразные и иногда противоречивые действия различных казахских родов, каждый из которых был мотивирован отдельными региональными и родовыми интересами, привели к разнообразию в их реакциях и усугубили общее состояние беспорядка.

В 1837-ом году, на территории Акмолинского округа, появляется султан Кенесары, до этого находившийся в южных районах казахской степи, контролируемых к этому моменту Кокандским ханством. Под руководством Кенесары выступление казахских племен начало приобретать масштабность, но почему? Кенесары обладал необходимой традиционной для казахов легитимностью, для того что бы возглавить ополчение разных племен. Целью такого рода объединения стало стремление принудить Россию отказаться от налогообложения и попыток административного устройства в степи. Большая часть племен хотела вернуться в тот период отношений с Россией, когда могли сохранять фактическую независимость признавая лишь формальную подданность, имея так же доступ к российским рынкам, и не сталкиваясь с проблемами потери земель. Однако вскоре в движениях Кенесары было замечено серьезное противоречие. Многие последователи рассматривали Кенесары как военного вождя, задачей которого было решить возникшие проблемы в отношениях с Россией. Но главная миссия к которому стремился сам Кенесары, стало восстановлением единой ханской власти, от чего для самих племен и родов, политическое состояние не изменилось бы. Кенесары на равне с Россией мог бы обложить их собственным налогом, что может сделать их положение еще затруднительным, а также изъятие земель

для личных кочевий на летних и зимних пастбищах. В случай же недовольство народа, Кенесары мог бы организовать карательные экспедиций на основания своего ханского титула, но народ ослепленный его решительностью действовать, начали скапливаться вокруг него, чем и привлекли внимание Российских властей.

Ел тарихын тануда азаматтардың бойында ұлттық нышандарға – Туға, Елтаңбаға, Гимнге, оларға құрметпен қарауды қалыптастырады. Мысалы келтірсем, әр күнгі бірінші сабақта Мемлекеттік Гимнді орындау арқылы да іске асырылуда. Сонымен бірге авторларымен, мән-мағынасын білуге мүмкіндіктің бірден- бір жолы деп санаймын.

Сонымен қатар, жас ерекшеліктеріне қарай сауалнама, тест жүргізу, өлең мен ән байқауларға қатысудың, өткізудің де берері көп. Бұл іс-шаралардың нақты тақырыбы мен мақсатын толық түсіндіріп, жеткізу керек алдын-ала. Мысалы: байқау тақырыбы: «Мемлекеттік Рәміздер – біздің мақтанышымыз», «Мен өз елімнің патриотымын», «Тәуелсіздік тарихы»- деп және осы сияқты т.б. Мақсаты: Мемлекеттік нышандарға деген құрмет, тарихын білу, т.б. Оқушы өз бойында жоғарыда аталған қасиеттерді сіңіре алған жағдайда, ешнәрседен қамықпай жоғары дәрежеде орындайды. Оны тыңдармандарына да жеткізе алады. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушылар арасында осындай тақырыпта дөңгелек үстел, пікір сайыстың да ерекшелігі зор. Пікір айтушы, қатысушы өз ойын айқын жеткізуге ұмтылу үшін көптеген жан-жақты дайындықты жүргізеді. Яғни, өз бойына білім мен дағдыларды қалыптастыруға ұмтылады. Көшбасшылық қасиеттерді үйрене отырып, патриот болуға шақырады деп сенемін. Себебі, патриот адам - өзгелерге де патриот болудың маңыздылығын, үнемі айтып жүреді деп ойламын. Ал кейбір оқушылардың бейнелеу, сурет салу қабілеттеріне қарай жоғарыда аталған тақырыптарда сурет және көрме жұмыстарыда қолға алынған. Олар да патриоттық тәрбиенің бір түрі. Сөзбен емес, олар ішкі сезімдерін бейнелеу, заттар жасау арқылы көрсетеді.

Тарихи ұлттық дәстүрмен, ана тілімізбен тығыз байланыстырылған сабақтар мен тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар жүргізуге көбірек көңіл бөлемін. Өйткені бала санасына патриоттық тәрбиені сіңіре білудің таптырмас құралы екендігіне көз жеткіздім. Соның бірі жетінші және тоғызыншы мамыр мерекелеріне арналған «Ұлы тұлғалар»- тақырыбына байланысты еліміздің бір тума жазушылардың бірі – Кенжегарин А.З. өзінің еңбегінде: «Отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруда қайсарлық пен жігерлілікті, қырағырлықпен пен батылдықты, мәрттілік пен өткірлікті, қаһарлықпен намыстылықты бойына жиған қаһарман Бауыржан Момұшұлының бейнесінің алар орны биік. Мұнда батыр атамның мына сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жетер ұлағатты өсиетін отансүйгіштікпен, елқорғау ісімен, халықтар достығын құрметтеумен қорытындылайды. «Ей жүз жылдан кейінгі, мың жылдың ар жағында үрім-бұтақ, жұрағат, жас ұрпақ! Естисіңбе менің үнімді, жете ме саған менің даусым. Жетсе, бүгінгі баламыздан бастап, көпұлтты Отанымыздың барлық болашақ ұрпақтарына айтар екі ауыз сөзім бар. Ол Отанды

сүйіндер, оны қорғандар, оған қызмет етіндер!»—деген сөз. Ол – халықтар достығын қадірлендер, қасиеттеп ұстандар! Осы айтылған сөздерді оқушыларға айтқызып, рөлдік ойын ойнатып, мәнін талдатып жеткізген дұрыс деп ойлаймын (Таспулатова, 2018.)

Патриоттық тәрбиені ұрпақ бойына сіңіру үшін әр уақыттағы еліміздің бсынан өткен оқиғаларды айта отырып, түсіндіру қажет. Оқушыларды тарих, қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, география пәндерінде тарихи мәліметтерді оқыта отырып, ерлікке, жауынгерлікке, батылдыққа тәрбиелеу де отаншылдыққа тәрбиелеумен тікелей байланысты. Еліміздің кейінгі тарихи оқиғаларда өзгерісті кезеңдер де, әсіресе Ұлы Отан соғысында, өзін патриотизм мен халықтар достығының жолын ұстаушы ретінде көрсетті. «Жеңіс күні», кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне байланысты іс-шаралар кезінде патриоттық тәрбие беру мақсатында ауқымда жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда жоғарыда аталған соғыс ардагерлерімен кездесу, мектеп жанындағы Ұлы Отан соғысында қайтыс болған ауылдастарымыздың ескерткішіне гүл шоқтарын қою дәстүрлі түрде жүргізіледі.

Сынып жетекші ретінде тәрбие сағаттарының тәрбиелік мақсаттары мен міндеттерін толық жүзеге асыру үшін қосымша мәліметтерді пайдалануға тура келеді. Себебі, бұрыннан белгілі оқу-тәсілдерінен бөлек, өлке мәліметтерін пайдалану да оқушыларға Отан тарихын, өлке тарихын біле отырып, оны сүйюге, құрметтеуге баулиды. Мұражайларға бару, табиғи ескерткіштерге саяхат, батырлардың ескерткіштеріне топсеруендер ұйымдастырып, бару тәрбиелік құрал болып саналады. Мысалы: Есік қорғаны, Шарын шатқалы, Тәуелсіздік монументі, Қазақстан Республикалық орталық мұражайы, Жамбыл мұражайы, т.б. Бір жылға жоспар құрсаң егін ек, жүз жылға жоспар құрсаң ағаш ек, болашаққа жоспар құрсаң баланы тәрбиеле, деп шығыс нақылында айтылғандай, жас ұрпақты патриоттықтәрбие негізінде тәрбиелесек егеменді еліміздің көк байрағы көк аспанда мәңгілік желбіремек.

Қазақстандық отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, елдегі барлық халықтарды достық қатынысқа тәрбиелеу аса маңызды міндет. Қазір Еліміз – тәуелсіз мемлекет. Мұнда көптеген ұлттар мен халықтардың бір-бірімен тату-тәтті, сыйластық, ынтымақта қатынас жасау керек.Қазақстан олардың бәрінің отаны болғандықтан біздің елді мекендеген барлық халықтар отаншылдық рухында тірбиеленуі қажет. Мектеп оқушылары арасында жүргізілген жұмыстарымызда, сабақтарда оларды патриоттық тәрбиелеуге ерекше мән беруіміз керек(Бабаев, 2005.151).

Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне дұрыс және шынайы көзқарасты оятады.

Сонымен бірге патриоттық сезім ана тілі арқылы келеді. Көркем шығармаларды оқыту, жазу арқылыда тұлғаның рухани дамуына- ықпал етеді. Сонымен бірге, «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты – «Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігін өсуін арттыру, жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру», осы мақсатты іске асырылуы арқылы да ықпал етеміз.

Қазіргі мектеп бағдарламасында жүргізілетін «Жаһандық құзіреттілік» курсының үлкен бөлімі «Азаматтық және патриотизм» (юнит) өз ел азаматы ретінде сезінуге, және оның мүдделеріне қызмет етуге, азаматтық ұстанымын көрсетуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Сонымен бірге, «Абайтану» курсының да үлкен мәні бар деп ойлаймын. Себебі ұлы тұлғаның артынан қалған мұраның патриоттық тәрбие беретініне күмән келтірмеймін.

Париоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана –сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл –қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет.

Патриотизм – адамдарды біріктіретін сезімдерден көрініс табады. Олардың ішіндегі ең бастысы – әр адамның өзінің туған жері мен тұрақты еңбек етіп жатқан жерін өз Отаны ретінде қадір тұтуы, бірлік, мхаббат пен қамқорлық, салт-дәстүр мен рухани құндылықтарды құрметтеу. Қорыта келе, еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігіміз мәңгі,жастарымыз арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, елім, жерім, ана тілім, дінім дейтін үлгілі патриот болсын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.<http://edunews.kz/newsinedunews/1750-oushylara-patriotty-trbie-berud-mayzdylyy.html>

2.<https://stud.kz/referat/show/96221>

3.Білім шапағаты - республикалық гезет, Блеумаев С., 12.12.2022 ж.

4.<https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulityk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959>

5.Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика, Алматы 2005 жыл, 151 бет

6.Таспулатова Қ.Т., 2018. <https://kaznpu.kz/ru/4079/press/>

СЫРДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АТЫРАУЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

ИБРАГИМОВА ЖАНАР

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты
Қызылорда, Қазақстан*

Қазіргі әлемде өсіп келе жатқан жаһандану, бірігу тенденциясының күшеюі, әртүрлі халықтардың мәдениеттерін бірегейлендіру жағдайында этникалық бірегейлікті сақтау проблемалары ерекше өзекті болып отыр.

Жекелеген түркі халықтарының өзіне тән қалыптасу, даму бағыттары мен ерекшеліктерін қарастырғанда олардың әрбірінің түп негізінде басты фактор болып саналатын тұрғылықты халықтар мен сырттан келушілер арасындағы араласулар нәтижесінде этникалық құрамын, тілін, мәдениетін айқындайтын миграциялық және ассимиляциялық үрдістердің атқарар қызметі зор екендігін көреміз. Өзін тәуелсіз санайтын әрбір ел ең алдымен, өзінің өткен тарихын, ата-бабасының арғы тегін, олардың қай елдермен туыстық байланыстар бар екендігін білуге талпынып, этникалық тарихи бастауларын анықтауды басты мақсат деп есептейді. Арғы тегін түркітілдес бірлестіктерден бастау қарақалпақ халқының өзіне ғана тән тарихи ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Қарақалпақтардың арғы күрделі тарихы этникалық бастау, этникалық жақындық, өзара араласулар мен әртүрлі түркітілдес халықтардың түзілу үрдістері аса ауқымды мәселеге жататындықтан ішкі және сыртқы мәселелерді әсер етуші фактор ретінде алып қарастыруымызға мүмкіндік береді.

Этникалық үдерістердің өзіне ғана тән ерекшеліктері болып саналатын тайпалардың өзара жақындық байланыстарын зерттей отырып, түркі халықтарының туыстығын анықтауға болатыны белгілі. Қарақалпақтардың географиялық орналасу жақындықтарын не болмаса этникалық ортақтығын ескере отырып, олардың қаншама ғасырлар ағысындағы ру-тайпалық тығыз қарым-қатынаста болғандығын басшылыққа алып, этникалық тарихты тығыз байланысқан біртұтас жүйе ретінде қарастырдық.

Тарихы мен тағдыры ғасырлар бойы қазақтармен бірге жасап келе жатқан қарақалпақ халқының этникалық тарихының өзі көлемді біртұтас зерттеуді қажет етеді. Қарақалпақтардың шығу тегі, қайдан пайда болды және жалпы этникалық тарихы ғылымда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Әр халықтың шығу тегі және оның атауы немесе қалыптасу тарихындағы сияқты, қарақалпақтардың да этникалық дамуы мен халқына тән атаудың этимологиялық шығу тарихы бар. Қарақалпақтар – көшпелі түркі тілдес халықтардың, мұсылмандардың ұрпақтары. Олардың ұлттық тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Қарақалпақтардың тарихы бірнеше ғасырларға созылады. Халықтың ежелгі ата-бабалары біздің дәуірімізге дейінгі II-V ғасырларда Арал теңізінің оңтүстік жағалауында өмір сүрген сақ-массагет тайпалары (иран тілдес көшпенділер) болып табылады. Қарақалпақтардың мәдениеті көп қырлы және Азия халықтарының мәдениетімен тығыз байланысты. Түркі тайпаларының этникалық элементтері салт-дәстүрде, әдет-ғұрыптарда кездеседі. Қарақалпақтардың мәдениеті мен салт-дәстүрінде әртүрлі рулар мен тайпалардан біршама айырмашылықтар бар.

Түркі халықтарының этникалық байланыстары мен туыстығын зерттеу ортақ тарихи бастаулар, түркілік бірліктің маңыздылығы -жаһандану және интеграциялық үдерістер жағдайында аса құнды болып табылады. Осыдан туындайтын басты қорытынды қарақалпақтардың этникалық тарихы мен этногенезіне қатысты тақырыптар бүгінде өзектілікті ғана емес, әлеуметтік және идеологиялық мәселелер қатарын құрайды. Бүгінгі күні түркі әлемін құрайтын халықтар өздерінің этникалық бірегейлігі мен мәдени ерекшеліктерін сақтауға күш салуда. Міне сондықтан да түркі тарихында қарақалпақ мәселесінің жаңа қырларын аша түсу керек деп ойлаймыз.

Қарақалпақтардың XIX-XX ғасырдың басында қоныстануы олардың рулық бөліну құрылымына сәйкес келді. Олардың бүкіл аумағы екі тайпалық конфедерация - «он төрт» ру және «қоңырат» арасында бөлінді. Біріншісі негізінен Амударияның оң жағалауын, екіншісі-сол жағалауды және Аралдың жағалауын алып жатты. «Арыстарға» 100-ден астам руды біріктірген 12 тайпа кірді (Толстова, 1965:67).

Қарақалпақтардың көпшілігі XVII-XVIII ғасырларда Сырдарияның ортаңғы ағысы мен сағасындағы алқапты мекендеген. XVIII ғ. басында Сырдария жағалауында өмір сүрген қарақалпақтар бірігуге ұмтылды. Оның орталығы ежелгі Сығанақ қаласы болды. Қарақалпақтардың бірігуінде Күшікхан, Табұршық, шаип сұлтандардың орны ерекше. Нәтижесінде, 1714 жылы қарақалпақтар тайпаларының басшыларының бірі Ешмұхаммедхан (Ешимхан) басшылығымен Арал маңы мен Сырдарияның төменгі ағысында қарақалпақтар өз мемлекеттерін-Қарақалпақ хандығын құрды. Хандықтың шекарасы сырдарияның жоғарғы ағысымен де өтті, Поволжья қалмақтарымен, Башқұрт ұлысы хандығымен және

Кіші жүз қазақтарымен көршілес тұрды. 1723 жылы бұл хандық қалмақтардың әсерінен ыдырайды. Нәтижесінде Қарақалпақ мемлекеті екі бөлікке бөлінді: тайпалардың бір бөлігі сырдарияның жоғарғы ағысы Ташкентке қарай қоныс аударып, жоғарғы қарақалпақтар деп атала бастады, ал екіншісі Сырдарияның төменгі ағысында қалып, төменгі қарақалпақтар деп аталды. Сонымен, қарақалпақтар «жоғарғы» және «төменгі» деп бөлінеді (Козьмина, 2020:43).

Көрші тайпадардың тынымсыз шабуылдарына ұшыраған қарақалпақтар 1742 жылы Орынбор мен Петербургке өкілдерін жіберіп, Ресей империясының қарамағына өтуге ниет білдіріп, өкілдерін жібереді. Ресей императоры өтініштерін қабыл алады. Нәтижесінде төменгі қарақалпақтар Ресей империясының субъектілеріне айналды. Бұл өз кезегінде Кіші жүз ханы Әбілқайырдың наразылығын туғызып, 1743 қарақалпақтарға жорық жасайды. Шапқыншылықтан қарақалпақтардың көпшілігі XVIII ғасырдың II жартысында Сырдарияны тастап, оның батыс атырабына құятын Жаңа Дария бойына қарай көшеді. ХУІІІ ғасырдың аяғында бұл жерлерде Хиуа хандығының жорықтары күшейеді. Қарақалпақия аумағына Хиуа хандары бірнеше рет шабуыл жасады, атап айтқанда 1809 және 1811 жылдары. Жаулаушылық салдарынан Қарақалпақтар ХХ ғасырдың басына дейін Хиуа хандығының құрамына кірді. Кеңестер Ресей империясының орнында өз билігін орнатқан соң Қарақалпақия Кеңес өкіметі тарапынан 1936 жылы Өзбек КСР құрамына еніп, Қарақалпақ АССР болып өзгертілді [3].

«Қарақалпақ» этнонимінің өзі «қара қалпақ» дегенді білдіреді және қазіргі Қарақалпақ аумағында тұратын печенег тайпаларының бір бөлігі қара қой жүнінен жасалған қалпақтар кигенін білдіреді. Орыс шежірелерінде олар «черные клобуки» ал моңғолдарда «қара малахайлар»деп аталды. Қарақалпақтардың шығу тегі мен этникалық тарихын зерттеу үшін этнонимдер мен аңыздардан басқа, олардың кешенді шаруашылығын жүргізудің дәстүрлі әдістерін сипаттайтын материалдардың маңызы зор: жартылай отырықшы өмір салтымен байланысты, тұрғын үй және киім формалары, арбаның түрлері, нанымдар, әдет-ғұрыптар, қолөнер, ою-өрнек сипаты және т. б. Мұның бәрі қарақалпақ халқының мәдениетінің тарихын қалпына келтіру үшін ғана құнды дереккөз ретінде қызмет етпейді, ежелгі және орта ғасырлардағы халықтармен этникалық және мәдени тарихи байланыстарын нақтылау үшін де, материалдық және рухани мәдениетінің әсер ету іздерін талдау кезінде құнды дерек болады.

Қарақалпақтардың этникалық қалыптасуына көшпелі түркі тайпалары мен Сырдарияның төменгі ағысындағы байырғы сақ халқының ұрпақтары печенег тайпалары негіз болды. Қарақалпақ мемлекеттілігі ХІV ғасырдың аяғында ноғайлардың (маңғыттардың) көсемі Эдыгейдің басшылығымен құрылған Ноғай хандығынан басталады. ХVІІІ ғасырдың басында Сырдария жағалауында тұратын қарақалпақтар Қарақалпақ хандығына біріге алды. Бұл мемлекеттің шекарасы Сырдарияның жоғарғы ағысы арқылы өтті. Олардың мемлекеті Еділ бойындағы қалмақтармен, башқұрт ұлыстарымен және қазақтың кіші жүзімен көршілес болды. 1723 жылы қалмақтар Сырдарияның ортаңғы бөлігін басып алғанда, қарақалпақтар қашуға мәжбүр болды. Бірінші топ Сырдарияның жоғарғы ағысына, Ташкентке қарай кетті, екінші топ Сырдарияның төменгі ағысы бойымен кейінірек Хиуа хандығының құрамына енген жерлерге қоныстанды.

ХІХ ғасырда Ресей империясы Орталық Азияға бірқатар әскери жорықтар жасады. Қоқан хандығын (1865, 1876), Бұхара әмірлігінің бір бөлігін (1868) қосып алу және олардың негізінде Түркістан генерал-губернаторлығын (1867) құру нәтижесінде империяның шекаралары Хиуа хандығына жақындады. Екі мемлекет арасында Каспий теңізінің жағалауы, Қызылқұм құмдары, Сырдарияның төменгі ағысы тарапынан шекара мен ықпал ету салаларын анықтауға байланысты қайшылықтар шиеленісе түсті. «Хиуа сарайының құпиялары»: Ресей протектораты кезеңіндегі Хиуадағы саяси күрес» атты еңбегінде тарихшы У. Әбдірасұлов өзінің ықпалын бекіту үшін Ресей тарапы Сырдарияның төменгі ағысындағы жазалаушы отрядты жабдықтап, Каспийдің шығыс жағалауында өзінің қатысуын арттырудан бастап, Хиуа Үкіметіне айтарлықтай жеңілдіктер талап ететін соңғы Жолдауларға дейін бірқатар іс – қимылдар жасағанын атап өтті. Хиуа да өз кезегінде қарсы әрекеттер жасады.

Бұл «достықтан аулақ әрекеттерді» императорлық орыс археологиялық қоғамының корреспондент-мүшесі И. Веселовский Хива хандығы туралы очеркінде былай сипаттаған: «Хиуа әрқашан біздің Үкіметтің назарын тек сауда жағынан ғана емес, қырғыз даласындағы тәуелділік пен толқулар туралы да аударды, өйткені Хиуа бұл толқуларды өзі тудырмаса да, бірнеше рет толқу пайда болған кезде белсенді қатысқан. Осылайша ол бізге наразы Қырғыз сұлтандарын үнемі қолдап отырды. Хиуа ханы қырғыздарды біздің билікке бағынбау үшін далаға өз елшілерін жіберген жағдайлар болды. Ол Орынбор ведомствосының қырғыздар арасында жаңа жағдайды енгізу кезінде көп зиян келтірді және 1869, 70 және 71 жылдары далада болған толқуларға көп ықпал етті. Оның елшілері хан мен оның министрлерінің мөрін басқан үндеулерімен қырғыз даласына сапар шегіп, халықты бүлдіріп, ашуланғаны анық».

«Проблемалы көршіні» біржола тоқтату үшін 1873 жылы наурызда Хиуаға әскери жорық

жарияланды. Бұл әскери операцияға «Ресейдің аймаққа терең енуінің жалпы динамикасы да, бірінші Түркістан генерал-губернаторы Константин фон Кауфманның жеке бастамасы да ықпал етті. Оның басшылығымен бұл жорыққа барлығы 12 300 сарбаз қатысты. Әскерлер Хиуаға үш пункттен – Орынбордан, Кавказдан, Красноводск арқылы және Ташкенттен (бас отряд) шықты. Хиуаның маңында үш отряд бірігіп, 29 Мамырда Хиуаны басып алды. Нәтижесінде Веселовскийдің айтуынша: «1717 жылы Бекович, 1839 жылы-Перовский сәтсіздікке ұшыраған нәрсеге 1873 жылы Константин Петрович фон-Кауфман ең керемет түрде қол жеткізді және ғасырлар бойы жалғасқан шексіз Хиуа мәселесі ақыры толығымен шешілді».

Хандық Амударияның сол жағалауында ғана сақталды, ал оның аумағы үш есе қысқарды. Орыс және Хиуа жерлерінің шекарасы Амудариямен анықталды. Келісімге сәйкес өзен атырауымен бірге бүкіл оң жағалау Ресейге қарай өтті. Хиуа ханы орыс билігінің рұқсатынсыз көрші хандармен кез-келген тікелей және достық қарым-қатынастан және олармен кез-келген сауда және басқа келісімшарттар жасасудан бас тартты. Хандық Үстіртке, Каспий теңізінің шығыс жағалауына, Сырдарияның сол жағалауына қатысты талаптарынан бас тартты [4]. XVIII ғасырдағы Сырдария қарақалпақтарының Ресей империясының халықтарымен қарым-қатынасының тарихы патша үкіметінің ұстанымында экономика мен саясаттың өз мүдделері позициясын иеленгенін және жеке халықтардың, атап айтқанда Сырдария қарақалпақтарының қиындықтары мен ұмтылыстарын өз мақсаттарына жетуде шебер пайдаланғанын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Толстова Л. С. *Каракалпаки за пределами Хорезмского оазиса в XIX— начале XX века.* - Нукус; Ташкент, 1965:
2. *Основы этнографии. Учебное пособие для спс// под ред. Козьмина В.А, Бузиной В.С.-Из-ва Юрайт.-2020.-243с.*
- 3 *Из истории развития каракалпакского народа //http://vek-noviy.ru/istoria-uzbekistana-XVI-XX-veka/stanovlenie-karakalpakskogo-naroda-i- politicheskaya- zhizn.html*
4. *Каракалпакия: история образования* <https://www.caa-network.org/archives/10538>

ТАРИХИ ОЙЛАУ КОНЦЕПТІСІ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

ТУЛЕЕВА ЖАНАТ МЫРЗАШОВНА

*тарих пәні мұғалімі, Т.Рысқұлов атындағы №24 ЖББМ
Кентау қаласы, Түркістан облысы*

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық идея бәрінен биік тұруы тиіс деген ой-сана қалыптастыру – мемлекетімізді нығайтудағы басты көрсеткіштердің бірі. Ұлттық идеяны қалыптастыру құндылықтармен тығыз байланысты. Білім беру мазмұнының құндылықтары – адам, отбасы, білім, еңбек, мәдениет болса, ал ұлттық құндылықтар – тіл, тарих, өнер, халықтың салт-дәстүрдің қоғамда алатын орны айрықша. Оқушы бойына оның ішкі қасиеттерінің өлшемі болып табылатын құндылықтарды сіңіру арқылы жақсылыққа ұмтылуға, өзгеге жанашырлық танытуға, басқаларға мейірімді болуға, өзін-өзі бағалауға тәрбиелеуге болады. Алты тарихи концепті–өзгеріс пен сабақтастық, дәлел, маңыздылық, себеп-салдар, ұқсастық пен айырмашылық, интерпретация (түсіндіру) – оқушылардың бағдарламаның оқу мақсатына толық жетуіне, олардың азаматтық ұстанымын нақты деректер арқылы қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихи концептілерді негізге ала отырып, ұлттық құндылыққа негізделген тапсырмалармен ұштастырса, дәйектерді есте сақтаудан гөрі белсенді іс-әрекеттер арқылы оқыту оқушылардың тақырыптың негізгі идеясын түсінуіне көмектеседі, ал тиімді әдістерді пайдалана білу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқыту әдістемесі белсенді болу үшін келесі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде көтеріңкі эмоционалдық көңіл-күй тудыру үшін «Сәлемдесе білгенім, бабамның сөзін ілгенім» дегендей амандасудан бастаймыз.

«Сергіту сәтінде» «Өзіңізге тілегенді- басқаларға тілеңіз» жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға болады. Шарты: Әр оқушыға 10-15 секунд ішінде өзіне бірнеше ізгі тілек тілеу тапсырылады. Одан кейін оқушылар жұпқа бөлініп, бір- бірінің қолын алып, жаңағы өзіне тілегенді жұптасына айту керек. Мұғалімнің де бұл іске қатысқаны дұрыс.


Нәтижесінде: оқушылардың сабақтың аяғына дейін көңіл- күйлерін көтеріңкі деңгейге жеткізуге болады және өзара сыйластық дағдылары дамиды.

Тарихи ойлаудың ұқсастық пен айырмашылық концептісі өзара байланысқан әр түрлі жағдайларды салыстырады.

Ой шақыру. А.Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талқылап, оқушылардың

көзқарасын білу.

Ар-ұят: Адамгершілік, сөзіне берік, ісіне адал болу;



Нәтижесінде: оқушылар тек қана салыстырумен ғана шектеліп қалмай, өзіндік ой-пікірін білдіре алатындай қорытынды жасай алады.

Тарихи концептілерге негізделген оқытудасабақ барысында білім алушылар ненің маңызды немесе ненің маңызды емес екенін анықтау, сондай-ақ біржақты емес, жан-жақты субъективті және объективті дәлелдерді ажырата білуге үйрету үшін құндылыққа

негізделген тиімді әдістерді дұрыс қолдана білуі керек. Мұндай жаңалықтарды қолданған кезде балаларда логика, ассоциациялар арқылы жаңаны қабылдау, кез-келген қоғамдық-саяси мәселелерге қызығушылық және жинақталған тәжірибе негізінде жаңа мәселелерді шешу дағдыларын дамытады.

«**Маңыздылық**» концептісіінде оқушылар қоғамның дамуындағы тарихи оқиға, құбылыстың қоғам дамуындағы маңыздылығын түсіне алады.

Ұлттық мүдде: Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық рух – ұлы адамның және тұтастай алғанда ұлттың да асыл қасиеті.

Ұлттық мақтанш – ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң.

Бақыржан Момышұлы



Сабақтың тақырыбы: Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы 8 сынып. Зерттеу сұрағы: Ұлы Отан соғысының қандай батырлары халық есінде сақталды?

Оқушылардан «**Сұрақ - менен, жауап - сізден**» әдісі бойынша жалынды сөздердің авторлары сұралады.

1.«Біздің үрейді жеңетін қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» деген кімнің сөзі?

2.«Майданға жіберетін үйімде ағам да, апам да жоқ, өзімді

жіберіңіз» деген кім?

3.«Ресей кең-байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда – Мәскеу» деген сөздерді кім айтты?

Нәтижесінде: оқушылардың патриоттық сезімдерін оянып, тұлғаларды құрметтеуді үйренеді. Әдебиет пәнімен кіріктіріледі.

Оқушыларға жас ерекшелігіне, қажеттіліктеріне қарай жүйелі білім бере отырып, өз бетінше жұмыс жасай білуге және тұжырымдауды үйретіп, шығармашылыққа баулуға болады. Сабақ кезеңдерінде ұлттық құндылықты дәріптеу арқылы оқытудың ерекшелігі – оқушының ақыл-ойы дамиды, өзіндік дүниетанымы қалыптасады, әр алуан тапсырмалар оқушының сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын және жауапкершілігін арттыратынын байқадым. Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында тарихи ойлау және функционалдық сауаттылығының негізгі құзыреттерін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыратын креативті ойлау, сыни ойлау, зерттеу дағдылары, коммуникация, рефлексия, жаһандық құзыреттілік сияқты қосымша компоненттерін де дағдыландырады.

Интерпретация (түсіндіру) концепті тарихи оқиғаларға дереккөздерге оқушы өзіндік көзқарас қосып баға береді.

Шешендік «Көненің көзі, өнегенің өзі» дереккөздермен жұмыс.

Сабақтың тақырыбы: «ХІІІ - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті». Зерттеу сұрағы: ХІІІ - XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды қалай бейнелейді? Оқу мақсаты: 6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау үшін Қазтуған жыраудың туған жермен қоштасу жыры тапсырма ретінде берілді.



**Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш**

Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,

Қышанымды сары жүн оққа толтырып,
 Жанға сақтау болған жұрт.
 Салп-салпыншақ анау үш өзен
 Салуалы менің ордам қонған жер,
 Жабағылы жас тайлақ
 Жардай атан болған жер,
 Жатып қалып бір тоқты,
 Жайылып мың қой болған жер,
 Жарлысы мен байы тең,
 Жабысы мен тайы тең,
 Жары менен сайы тең,
 Қайран менің Еділім,
 Мен салмадым, сен салдың,
 Қайырлы болсын сіздерге
 Менен қалған мынау Еділ жұрт!...
 (Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989. 29-б.).

Дереккөздегі Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» атты өлеңімен танысып шығып, төмендегі сұрақтарға жауап беріп, ой бөлісіңдер.

1. Дереккөзде қандай кілт сөздер бар және олардың мағынасы қандай?

2. Автор қандай өлең арқылы қандай ойды жеткізгісі келді? Ақпаратты жалпылаңыз және қорытынды жасаңыз.

3. Автор жазылғандарға қандай дәлелдер мен дәйектер келтіреді?

4. Дәлелдер негізінде қандай болжамдар жасауға болады?

5. Дереккөздегі ақпараттың мән-іне не?

6. Дереккөз қандай мәселеге байланысты жазылды? Бұл мәселені кез-келген тарихи оқиғамен байланыстыра аласыз ба?

Тарихи талдаудың **себеп-салдар** концептісінде оқушылар оқиғаны түсіну үшін алдымен оқиғаның туындауына себеп болған факторларды зерттеп, анықтайды.

Мәдениеттілік



9 сыныптағы «XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы» тақырыбында, 9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау оқу мақсатына жету үшін себеп –салдарын анықтауда үнемі қолданып жүрген «Фишбаун» әдісінің орнына «Домбыра» әдісін қолдану арқылы ұлттық құндылығымызды дәріптеуге болады.

Сұрақтар: 1. Мұхтар Әуезов кім? М. Әуезовтың қазақ әдебиетіндегі орны қандай?

2. «Бала Мұхтардан дана Мұхтарға дейін».

3. Неліктен М. Әуезов әлемге танымал болды?

4. М. Әуезовтың әлемдік деңгейде танылуының қазақ ұлты үшін маңызы қандай?

Жаңа материалды қабылдауды жеңілдету үшін логикалық сұрақтарды, анықтамалық тірек-сызбаларды қолдануға болады, ал танымдық белсенділік үшін – іскерлік ойындар, шығармашылық зертханалар, тарихи зерттеулер, деректерді талдау хронологиясы, деректерді дұрыс реттілікте орналастыру, уақыт шеңберін табу тарихшылар үшін негізгі құрал болып табылады.

Қазақтың әр шаңырағының өз шежіресі – үлкен тарих, әрі құндылық.

Шежірені білу. Сабақтың тақырыбы: Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктері. Оқу мақсаты: 10.2.2.3-



орны ерекше.

қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар);

Шығармашылық жұмыс, әрі деңгейлік тапсырма. Оқушы **Tumalas.kz** сайтынан «Менің отбасымның шежіресі» бойынша практикалық жұмыс көрсетеді.

Нәтижесінде: шежіренің мән-мағынасын, құндылығын оқушылар сезінеді.

«Дәлел» концептісін арқылы оқушылар өткен заман туралы объективті пікір **Салауаттылық** қалыптастыру үшін «Музейдегі бір күн» әдісін таңдауға болады. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда мұражайлардың да алатын Өйткені, мұражай – бірнеше дәуірдің тарихын,



этнографиясын, тарихи тұлғаларын, өнерін ұрпақтан-ұрпаққа тоғыстырған бірден-бір құнды орын. Тарих сабағын мұражай залында өткізу үлкен жетістіктің бірі. Заманауи 3D виртуалды түрде жасалған мұражайларды сабақта қолдануда өте тиімділігін көрсетті.

Нәтижесі: Ұлттық мұраға ұқыпты қарау дағдылары дамиды.

«Құрақ құрау» әдісі де ұлттық құндылықтарды дәріптеудің негізгі әдістерінің бірі.

Өнерге бейімділік



Сабақта «Құрақ құрау» әдісі қолданғанда, оқушылар оюларды өздері ойып, тапсырма, сұрақтарып оюларына жапсырып дайындайды. Сабақта қолдану, синтез, жинақтау тапсырмаларын орындауға, екі топ ортасындағы жарыс, тарауды қайталау сабақтарында қолданған тиімді болады.

Нәтижесінде: эстетикалық және меймандостық құндылықтарға негізделеді. Технология, бейнелеу пәндерімен байланысады.

Тарихи талдаудың **өзгеріс пен сабақтастық** концептісі тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікті талдайды, бағалайды.

«Айналмалы бекет» әдісі

Сабақтың тақырыбы: ХVІІІ ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті

7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау.

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу;



Топтар бірлесе отырып тақырыптарына байланысты өз ойларын жазып өтеді. Өз орындарына келген топ бекеттерінде жазылған тұжырымдарды қорытындылап, өз ойларын қосып ортаға салады. Тапсырманы орындау барысында әр бекетке әр түсті қалам берсе де болады. Бұл әдіс оқушылардың өзгелердің идеясына сүйеніп, проблеманы немесе мәселені толығымен қамтуын көздейді.

1 бекет «Көкпар» 2 бекет «Саятшылық» 3 бекет «Ер тоқым»



Нәтижесінде: оқушы білімділікке, белсенділікке, шапшаңдыққа ұмтылады.

«Асықтағы сұрақтар» ойыны оқушыларды қызықтырып, ынтасын арттырады және ұлттық ойынымыз дәріптеледі. Асықты нөмірлеп, сол бойынша алдын ала сұрақтар дайындалады.

Еңбек және шығармашылық



Асықтағы сұрақтар:

Қазақ халқының бұқаралық көркем сөз шығармашылығы /
Фольклор/

Білімді кісі / Интеллигент/

Үздік нәтиже беруші / Рекорд/

Төңкеріс / Революция/

Жаңалық енгізу, жаңару / Инновация/

«Сөзден сурет маңызды» әдісі арқылы миымыз сөзден гөрі бейнелерді /суреттерді/ жақсы есте сақтайтыны дәлелденді.

Ұзақ мерзімді жады анағұрлым тұрақты және өмір бойы сақталуы мүмкін. МАН-нан 30 бет.

Тарихи ойлау концептісі негізінде оқытудағы ұлттық құндылыққа негізделген тиімді әдістің бірі — «Төңкерілген сабақ». Төңкерілген сабақта оқушылар алдымен үйде жана тақырып бойынша ізденеді, содан кейін сабақ барысында түсінігін арттыратын талқылауларға қатысады немесе



тапсырмаларды орындайды. Сондай-ақ оқушыны олимпиадаға,ҰБТ-ге және түрлі сынақтарға да осы әдіспен дайындаса нәтижелі болады.

Нәтижесінде:оқушының тақырыптарды тереңірек зерттеп, өздігінен білім алуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, игерілген құндылықтар арқылы оқушыда өзін-өзі реттеу дағдылары қалыптасып, нәтижесі олардың санасы мен іс-әрекетінен көрінетінін айта кеткен жөн.

Қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде мұғалімдердің оқытудың тиімді әдістерін оқушыларға қолдана білуі өте маңызды. Ендеше, Мәңгілік Еліміздің болашақ тұлғаларын даярлауда әр сабағымызды сапалы, жаңашылдықпен өткізіп, болмысымызды сақтап, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұрлығұл Т.Т., Адамбосынов К.Ж. Қазақстан тарихы: әдістемелік құрал. Алматы «Мектеп», 2011.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Астана «НЗМ» ДББҰ ПШО баспасы, 2014.292-б.
3. Ибрагимов Д. Тарих сабағын жоспарлау: оқу мақсаты, сабақ мақсаты, бағалау критерийлері. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал №8, 2018.1- 88. Алматы.
4. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989. 29-б.
5. Тарих сабағы. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал №5, Алматы, 2019. 1-88.
6. Әлімов А.Х. «Интербелсенді әдістемелік ЖОО-да қолдану мәселелері» Оқу құралы. - Алматы, 2013.

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ-ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ПРОЦЕСТЕР

ПАЛЫМБЕТОВА ҰЛБОСЫН

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты
Қызылорда қ., Қазақстан*

ХІХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап Түркістан өлкесі Ресей империясының экономикалық өміріне белсенді қатыса бастады. Мұнда темір жолдар салынды, телеграф желілері, мақта өсіру, жібек өсіру дамыды. Ауыл шаруашылығындағы кейбір жетістіктерге қарамастан, аймақ экономикасы біржақты дамыды. Түркістан өлкесі империяның аграрлық шикізат аймағына айналды. Аймақта сауда капиталы басым болды, ал өнеркәсіптік капитал іс жүзінде жоқ болды. Империялық орталық өлкеге шетел инвестицияларының келуіне жол бермеді. Өйткені Ресей империясы өз өнеркәсібінің дамуына мүдделі болды. Экономикалық саясатта Петербург кейбір ұлттардың экономикалық қызметін шектеді (мысалы, еуропалық еврейлер) және оларды Түркістанға жібермеді. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында өлкенің халқының құрамында әлеуметтік өзгерістер болды. Қоныс аударушылар көшіп келуімен байланысты жаңа әлеуметтік топтар пайда болды.

ХVІІІ ғасырда Орталық Азияда үш мемлекеттік құрылым мен Бұхара әмірлігі, Қоқан хандығы, Хиуа хандығы және қазақ жүздері қалыптасты. Жоғарыда аталған мемлекеттік құрылымдардың саяси бытыраңқылығы мен экономикалық құлдырауы оларды Ресей империясының шет аймағына айналдырудың негізгі факторлары болды. Еуропа мемлекеттерінің шығысқа енуінің себебі Батыс Еуропаның капиталистік негізде қарқынды экономикалық дамуы болды. Дамушы мемлекеттерге өз өнімдерін және арзан шикізатты сату үшін нарықтар қажет болуына байланысты Ресей империясы Орта Азия мен Қазақстанға назарын аударды.

Қазақ даласында капиталистік қатынастардың қалыптаса бастауы дәстүрлі шаруашылыққа күрделі өзгерістер енгізді. Қазақ өлкесі мен метрополия арасында қатынас жолы болмағандықтан, оны реттеу қолға алынды. Жүргізілген темір жолдың әрбір метрімен өлкені отарлау қазақ даласына тереңдеп ене берді. ХVІІІ ғасырдың 30-40 жылдарында белсенді жүргізілген сыртқы саясатының қажетін қанағаттандыру үшін Ресей империясына жаңа шикізат көздерімен қатар өз өнімдерін өткізетін жаңа рынок керек болды. Осы мақсатта Қазақстан мен Орта Азия жерлерін белсенді игеру, зерттеу қолға алынды. ХVІІІ-ХVІІІ ғғ. үздік-создық болып жатқан қазақ-жоңғар соғысы мен қалмақтар, башқұрттар, казактардың шабуылдары салдарынан Қазақ хандығында қалыптасқан жағдай Ресейдің отарлық саясатын жүргізуіне қолайлы жағдай туғызған еді. Қазақ қоғамының ішкі күрделі даму жағдайында, жоңғарлар мен Еділ қалмақтарының, башқұрттардың, Жайық және Сібір казактарының қоршауында, шын мәнінде, экономикалық оқшаулау, ұлы империяның тұрақты қысым көрсетуі жағдайында бола отырып, қазақ жүздерінің билеушілері Ресей империясы сияқтылардан одақтас іздеуге мәжбүр болды [1,4]. Қазақстанның мемлекеттік-саяси құрылысын жан-жақты зерттеген Ш.Ш.Уалиханов, Е.Б.Бекмаханов, Н.Г. Аполлова, Т.Шойынбаев, Р.Сүлейменов сияқты белгілі тарихшылар Қазақстанның Ресейге тәуелді болған кезеңін ХVІІІ ғасырдың 30-жылдарына жатқызады. Бұл жоңғарлардың шапқыншылығы салдарынан Ресеймен саяси Одақ құру жөнінде Әбілқайыр ханның бастамасымен келісім жасалған кезең болатын.

Дегенмен, біздің ойымызша, орыстарға әкімшілік-саяси, экономикалық және аумақтық кіріптарлыққа түскен уақытымыз XIX ғасырдың алғашқы бөлігінде еді. Осы кезеңдерде орыс әкімшілігі қазақ жеріне бірнеше әскери және ғылыми экспедициялар аттандырып, сол арқылы қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, руаралық қатынастары, жүздер арасындағы саяси бірлік, рулардың көші-қон маршруттары, дәстүрлі шаруашылығы, т.б. жайлы көптеген мәліметтер жинады. Жинақталған мәліметтердің патшалық Ресей әкімдігі үшін қазақ өлкесін отарлау саясатын сұрыптауда қажетті ақпарат көзіне айналып отырды. Белгілі ғалым М.С. Мұқанов «Қазақ жерінің тарихы» деп аталатын еңбегінде отарлау саясатының Қазақстанның батыс бөлігінде (Кіші жүзде), солтүстік пен шығыста (Орта жүзде) екі бағытта жүргізілгенін айтады. Бұл бөліктердің барлығында да казак әскерлері бекіністі шептер деп аталатын қамалдар жүйесін тұрғызады деп тұжырымдайды автор (Мұқанов, 1994:9). Ресейде капиталистік қатынастардың тереңдей және жан-жақты дами түсуі жаңа экономикалық регионалдың игерілуін талап етті.

XIX ғасырда патша әкімшілігі Орта Азия мен Қазақстанды бөлшектеп жіберген болатын. Қазақстан үш жерден Омбыдан, Орынбордан, Ташкенттен басқарылды. Ресей жаулап алынған жерлер мемлекет меншігі деп жарияланды. Сонымен, 1867 жылы 11 шілдеде II Александр «Түркістан Генерал-губернаторлығын басқару туралы Уақытша ереже жобасын» бекітті. Ережеге сәйкес, қазақ жері Батыс Сібір, Орынбор және Түркістан аталатын 3 генерал-губернаторлыққа, олар өз кезегінде облыстарға (Семей, Орал, Торғай, Ақмола, Жетісу, Сырдария) бөлініп, әскери губернаторлар арқылы басқарылды. Осы құжат талабы бойынша, казактар орыс жеріндегі село тұрғындары сияқты жалпы құқықтарға ие болды және өз тұрмыс салттарын сақтай алды. Дегенмен, іс жүзінде алым салықтардан босатылған жоқ. Ережеге сәйкес, құрамына Сырдария және Жетісу облыстары кіретін Түркістан генерал-губернаторлығына Қытай және Иран мемлекеттерімен дипломатиялық келіссөздер жүргізуге рұқсат етілді.

Өлкенің бірінші генерал-губернаторы генерал-адъютант К.П.Кауфман болды. Оған шексіз өкілеттіктер берілді. Ресми түрде Түркістандағы билік «Әскери-халықтық» басқару деп аталды. Басқару негізіне мынадай қағидаттар белгіленді:

- 1) әскери және әкімшілік биліктің бөлінбеуі және биліктің бір қолға шоғырлануы;
- 2) саяси сипаты жоқ жергілікті халыққа ішкі басқаруды беру.

Түркістан генерал-губернаторлығы бастапқыда екі облыстан: Жетісу және Сырдария облыстарынан тұрды. Кейіннен Зарафшан (1865 жылы құрылған, кейіннен Самарқанд деп аталған), Ферғана (1876 ж.), Әмудария бөлімі (1873 жылы құрылған, Сырдария облысының құрамында болған) және Транскаспий (1881 ж.) облыстары құрылды.

Облыстардағы жергілікті әкімшілікті әскери губернаторлар басқарды. Олардың қолында 90 әкімшілік, полиция, сот және әскери билік шоғырланған. Уездерді уездік басшылар басқарды. Уездік бастық бір уақытта түзету қызметкері, полиция бастығы, земство бастығы, қалалық Бас, жер учаскесінің төрағасы болды. Басқармаға «жергілікті тұрғындар» да тартылды. Негізінен жергілікті әкімшілік өкілдері көмекші рөл атқарды. Губернаторлар төменгі әкімшілік және полиция қызметін атқаратын «сайланбалы» ақсақалдарды ауылдық және болыстық тағайындады (Қойгелдиев, 2008).

Қазақстанның XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы Ресейдің қарқынды дамып келе жатқан экономикасының әсерінде болды. Бұл кезең Қазақстанда отарлық езгінің әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени, яғни, барлық бағыттарда жан-жақты жүргізіліп, күшеюімен сипатталады. Осылайша, Қазақ жері бүкілресейлік қоғамдық еңбек бөлінісіне және бүкілресейлік экономикалық нарыққа қарқынды түрде тартыла бастады.

Қазақстанның саяси өмірінде аталған кезеңде қарқынды өзгерістер болды. Өлкені басқарудың дәстүрлі аппараты түбірімен өзгертілді. Жүргізілген реформалар нәтижесінде басқарудың аймақтық әдістері жалпы империялық жүйемен тұтастанып кетті. Барлық билік генерал-губернаторлардың қолында шоғырланды, өз кезегінде қазақтың саяси элитасы сұлтандар мен билер биліктен біржолата мәңгілікке шеттетілді. Жергілікті әкімшілік ескі ақсүйектерді қызметке қабылдаудан аулақ болды. Империялық саясат қазақ жеріндегі дәстүрлі билеушілердің ұрпақтарын биліктен тайдырып қана қоймай жергілікті ақсүйектер туралы мынадай көзқарасты болды: «олар өздеріне мұрагерлік құқығы бойынша өз аймағын басқаратын адамдар ретінде емес, заң бойынша өздері атқаратын қызметтеріне, халықтың ерік-жігеріне таңдалған адамдар ретінде қарау керек» (Қойгелдиев, 2004:216).

Ресейдегі 1861 жылы басыбайлықты жою заңдастырылғаннан кейін жерсіз қалған орыс шаруаларын қазақтың кең даласына орналастырып, оларға үлкен жеңілдік берді. Орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру арқылы Ресейдегі жерсіз шаруалар мәселесін мемлекеттік деңгейде шешуді қолға алынды. Бұл өз кезегінде қазақ жеріндегі этнодемографиялық ахуалды күрделі өзгеріске ұшыратты. Орыс шаруалары қазақ даласында сан жағынан өсіп, демографиялық көрсеткіштер бойынша басымдыққа ие

болды. Яғни, славян қонысаударушылары орналасқан жерлерде ұлттық біртектілікті дәрмесіздендіріп, «этникалық сабақтастықты» жоғалтып, ғасырлар бойына жаудан қорғап келген өзінің туған атамекенінде өзін-өзі билеу құқығынан айрылып қалды. Қазақ халқының этникалық құрамы сандық, сапалық деформацияға ұшырады. Мұның өзі қазақ халқының тұтастануын тежеді. Қоныстандыру саясатының салдары өте ауыр болды. Патша үкіметінің XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстанда жүргізген қоныс аудару саясатын әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаты жағынан өзгешеленетін төрт кезеңге бөліп қарауға болады:

Бірінші кезеңде (1867-1897 ж.) –бұл уақытта үкімет қоныс аударудың кең өріс алуына жан-жақты қолдау көрсеткен жоқ. Осы кезеңдегі патша әкімшілігінің басты міндеті- жаңа жаулап алынған территорияларды, өлкеге келген қоныс аударушы шаруаларға әр түрлі жеңілдіктер беріп орналастыру арқылы бекіту еді;

Екінші кезеңде (1897-1905 ж.) Қазақстанға өз еркімен келген шаруалардың отарлауы күшейді. Ресейдің Орталық аудандарында шаруалар қозғалысы өрістеуі себебінен үкімет қоныс аудару қозғалысын қолдауға мәжбүр болды.

Үшінші кезеңде (1906-1911 ж.) елде 1905-1907 жылдардағы революция мен Столыпиннің аграрлық реформасынан кейін қалыптасқан жағдайға байланысты «мазасыз» шаруаларды Европалық Ресейден шет аймақтарға жоспарлы түрде көшірумен сипатталады. Үкіметтің ойы бойынша қоныс аудару Орталық Ресейдегі жерге деген мұқтаждықты жойып, соның нәтижесінде революциялық қозғалысты әлсіретуге ықпал жасауға тиіс еді.

Төртінші кезең 1910 жылғы 19 желтоқсанда қабылданған заңнан баталады. Онда Түркістан генерал-губернаторлығын басқару туралы ереженің 270-бабына енгізілген қосымшада: «көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігінің басқаруына өтеді» делінген. Яғни қазақтар иелігіндегі жерлерді қоныс аудару мекемелерінің ашық тонауы заң жүзінде бекітілді. Осы кезең қазақ жерлерін күшпен тартып алумен ерекшеленеді (Динашева, 2015).

Сырдария облысына қарасты, негізінен қазақ болыстарынан тұратын Ташкент уезінде XIX ғ. соңында пайда болған 10 поселке суландыру жүйелерімен байланысты болды. Алғашқы поселке 1881 жылы Ташкентке таяу жерде Никольск деген атпен пайда болды. Бұдан соң Троицк селосы 1886 жылы құрылып, 4140 десятина суландыру жүйелері бар жердің 1340 десятинасы поселкелер қарамағына беріліп, қалған бөлігі канал құрылысына қатысқан жергілікті тұрғындар иелігінде қалдырылды. 1892 жылы Ташкент уезінде 6 поселке құрылып, оның үшеуі (Черняев, Кауфман және Саратов губерниясының немістері орналасқан Константиновское) Орынбор темір жолы бойына салынды (Динашева, 2015:147).

Т.ғ.д., профессор Қожақұлы Ө. «Патша үкіметінің Түркістан өлкесіндегі қоныстандыру саясатының салдары (XIX-XX ғғ)» деген мақаласында РФ мен Өзбекстан Орталық мемлекеттік архивтерінен алған құнды құжаттар негізінде патшалық Ресейдің отарлық-саяси өктемдігінің күшеюі және XIX ғасырдың 60-90 жж. әкімшілік реформалар, Қазақстанның саяси-құқықтық статусының өзгеруі, Түркістан өлкесін отарлаудың ерекшеліктері мен әдістеріне кең көлемде зерттеу жасайды: «1867-1868 жылдардағы реформалар Қазақстанның басқа да аудандарымен қатар Сырдария өлкесін де қамтыды. Осы реформаның 210 Бабында қазақ жерін патша үкіметінің меншігі жариялауы, өлкедегі жер пайдаланудың жүйесін өзгертуге алғышарттар қалыптастырды. Патша үкіметінің Орта Азия хандықтарын жаулап алуының барысы да осындай жағдайды күрделендірді. 1867 жылғы шілде айының 11-дегі «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару» туралы және 1886 жылы қабылданған Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереженің жеке баптарында осы өңірде тұрақтанған келімсек орыс шаруаларын ауылшаруашылық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуі көзделген еді. Алайда бұл жағдай іске аса бермеді. Кейінгі ережелерде бұл жағдай біршама толықтырылды. Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы ережеге сәйкес қазақ пен өзбек шаруалары пайдаланып отырған жерлер мемлекет меншігі деп есептелінген еді. 1870 жылы Түркістан генерал-губернаторы К.П. фон Кауфман Сырдария облысының әскери губернаторының Әулие-Ата және Шымкент уездерінде Шу, Талас және басқа өзендер алқабынан орыс шаруаларын қоныстандыру үшін шұрайлы жерлер іздестіруді тапсырды. [6, 30 п.] Кауфманның «Түркістан өлкесін басқару туралы Ережесінің жобасына» (1873 жыл) жазған түсінік жазбаларында көрсетілгендей қоныстандыру екі бағытта жүргізілуге тиіс деп анықталды. Орынбордан Ташкентке дейінгі пошта жолдарына орыс қоныстарын ұйымдастыру әрекеттері нәтиже бермеді. Оның себебі осы жерлердің табиғи жағдайларының қолайсыздығы: құрғақшылық өңірде егіншілік кәсібі үшін өте-мөте қолайсыз жағдай қазіргі Қырғыз Алатауына жақын өлкеде, Талас Алатауы жотасы бойында жер шаруашылығы үшін барлық қажетті шарттар бар еді. Сырдария облысындағы алғашқы орыс поселкасы – Қарабалтаның негізі Жетісу облысымен шекарада 1874 жылы қаланды. Алайда келімсек орыс шаруаларының қоныстары біртіндеп көбейе бастады. 1874 жылдан 1882 жылға дейін облыста 6 шаруалар селосы құрылса, 1884 жылдан 1890 жылдар аралығында 14, 1891-1892 жылдарда 17 жаңа поселка, жалпы

осы жылдарда Сырдария облысында барлығы 37 поселка құрылды» (Қожақұлы, 2023).

Орынбор-Ташкент темір жолы бойынша қатынастың ашылуы Түркістан жолын жеңілдеті, қысқарта және арзандата түсуі қоныстанушылардың жаңа (топтары) партиялары легінің ағылып келуі қазақ шаруаларының жағдайын тіпті қиындатты. Уақыт өткен сайын патша өкіметі Сырдарияда өзінің аграрлық саясатын нығайта отырып көздеген мақсатын іс жүзіне асыруда жергілікті халыққа қысым көрсетуден тайынбады. Облыс өңірінде Қарабалта, Шандавар, Каменка, Николаевка, Мерке, Кузминка, Антоновка, Корниловка, Ақсу, Подгорное қоныстарының ашылуы осы саясаттың бір көрінісі еді. [3, с. 306-318]. Қоныстанушыларды тарту және орналастыру Ресей отаршыл әкімшілігінің басқаруы алдындағы басты міндет болды. Өкімет төтенше шаралардан тайынбады. 1890 ж. 1 қаңтар айында тек Сырдария облысы бойынша қоныстанушылардың отбасы саны шамамен 1300-ге жетті (Қожақұлы, 2023).

Егер XIX ғасырдың 90-жылдарына дейін қоныс аударушылар денін орта шаруалар құраса, 1891-1892 жылдары Ресейдегі ашаршылық саладарынан өлкеге кедей шаруалардың қоныс аударуы жиіледі.

Қазақстан жерінде патша шенеуніктері империяның еуропалық бөліктерінде қабылданғаннан мүлде ерекшеленетін әкімшілік жүйеге тап болды. Қазақтар арасында құқық жалпы мақұлдау арқылы сайланған және өз шешімдерін әдет-ғұрып құқығы (адат) бойынша көпшілік алдында шығаратын би институтының төңірегінде шоғырланған. Қазақ халқының өмірінде билер институтының алар орны мен үлес-салмағы, маңыздылығы айрықша болды. Өйткені, оның – мемлекеттің саяси және әлеуметтік жағдайын тек әдеттегі құқықпен ғана емес, рухани-мәдени салт-дәстүр негізінде де ұштастыра әрі теңестіре отырып қамтамасыз етуші бірден-бір құрылым ретіндегі рөлі ерекше. Бұл құрылым ол кезде мемлекеттік басқару жүйесімен тығыз астасып жатты. Билер ел, жер, жесір дауын, мал-жан, кәсіп мәселесін түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, қарарсыз, ауызша жүзеге асырып, бітіріп отырған. Ол кезде бір бидің өзі осы күнгі соттың да, прокурордың да, полицияның да, өзге де құқық қорғау органдарының қызметтерін атқарған ғой. Ел басқаруда билердің орны ханнан кем еместігін, тіпті ханның өзін «Билер кеңесі» сайлайтынынан сескенген Ресей империясы Қазақстанды отарлау барысында олардың рөлін шектеп, мүлдем жойып тынды. Ал, қарауындағы бодан елдің күшті хандықтардан тұруы, ондағы билердің кей жағдайда хандардан да беделдері асып тұратындығы Ресей империясының отарлау саясатын ойдағыдай жүзеге асыруына кедергі деп білді. Осы себептен билердің қызметін мүлдем жою көзделді. 1868 жылы қабылданған «Жаңа устав» қазақ даласында сұлтандық пен елді басқарудың ежелден келе жатқан дәстүрлі жүйесін жойып тынды. Енді «бөліп ал да, билей бер» деген саясатпен қазақ даласы ұсақ болыстарға бағынышты болды. Осындай ұсақталған болыстарды, бұрын көсемдігімен, шешендігімен халыққа танылғанда ғана өздігімен би атанатындарды енді халық сайлап, Ресей патшасының еркеше құқықты өкілдері заңдастырып бекітетін болды. Мұндай қадамға бару ғасырлар бойы мінсіз қызмет етіп, тарихтың, қоғамның қалыптасуына олардың бойындағы сан-алуан тума таланттарын біржолата жою еді. Өйткені, енді болыстыққа би – қазылыққа өзінің дара қасиеттерімен би атанғандар емес, пара беру арқылы, Ресей патшасы өкілдерінің айтқанын істеп, айдағандармен жүретін дарынсыз, мансапқорлар «сайланды» [8].

Байқағанымызда, метрополияның отар елдерге қатысты жүргізетін қанау саясатын Ресей империясы Қазақстан мен Орта Азияда кең көлемде жүргізді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ ССР тарихы - Алматы, 1982, т. 3.

2. М.С. Мұқанов. Қазақ жерінің тарихы. - Алматы, 1994. -

3. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. / Бас ред. Т.ғ.д., проф. М.Қ. Қойгелдиев. Т.8. Ұлыз Түркістан. – Алматы: «Ел шежіре», 2008. – 368 б

4. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917ж.) – Астана: «Елорда», 2004. – 216 б.

5. Л. Динашева., Н. Абдурахманова «XIX ғасырдың соңында Патшалық Ресейдің Қазақстанның Оңтүстік облыстарында жүргізген қоныс аудару саясаты тарихынан» // Туркология №2. 2015.

6. 10 лет Казахстана. (1930). Алма-Ата.

7. Қожақұлы Ө. «Патша өкіметінің Түркістан өлкесіндегі қоныстандыру саясатының салдары (XIX-XX ғғ)» // 2023. Том 111 № 4 (2023): Вестник КазНУ. Серия историческая. 25-36 с.

8. Қазақ хандығы кезіндегі билер институты: Тәлімі мен тағылымы. // <https://egemen.kz/article/41353-qazaq-khandyghy-kezindegi-biler-instituty-talimi-men-%C2%A0taghylymy>

ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ АУЫЗША ДЕРЕКТЕРДЕ

АБИКЕЕВ К.

Алматы, Қазақстан

Ауызша тарих айту дәстүрі қазіргі таңда ұлттық тарихты зерттеушілердің ерекше назарына

іліккен мәселелердің бірі. Дәл осындай тарихи деректер арқылы зерттеушілер тұтас бір ұлттың дүниетанымын ашуға, оның тарихи уақыт пен кеңістіктегі ұлттық және әлеуметтік-мәдени дамуының нәтижесін көрсете алады. Әлемдегі кез-келген ұлттың тарихы жайлы ақпарат алу үшін бірінші кезекте олардың ауыз әдебиетінің туындыларымен және фольклорымен танысқан дұрыс. Әдебиеттану терминімен айтқанда, әр түрлі жанрмен (тұрмыс-салт жырлары, эпос, аңыз-жырлар, шежіре, т.б.) сипатталатын ұлттық деректер жазба мәдениетке дейінгі және ол тұрақты немесе кең таралмаған кезеңдердегі халықтың өзі жайлы мағлұматтар беретін ең басты дерек көзі болып саналады [1, 26-31]. Қазақ халқында көшпелі өмір салтын ұстанған басқа да халықтар сияқты жазу, кітап шығару ісі кенже қалған. Осыған байланысты тарихи оқиғалар, ұлы адамдардың өмірі, тұрмысы, салт-дәстүрі көбінесе ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіліп отырған. Сондықтанда еліміздің тарихын зерттеуде осы жағдайға көңіл аударған дұрыс. Көптеген жылдар бойы қазақ тарихындағы ауызша деректерге жеткілікті мән берілмей келді. Олай дейтініміз осы күнге дейін ауызша тарихтың деректерінің маңыздылығы көп мән берілмей, ескерілмей қалып жатыр. Бұл дегеніміз, түптеп келгенде тарихи білімінің негізін ауыз әдебиеті мен шежірелерде сақталған қазақ халқының ауқымды да терең тарихын зерттеу жолындағы ең бірінші есепке алуға тиісті мәселе болуы керек еді. Сонымен қатар халқымыздың ауыз әдебиеті мұраларын тек әдебиеттану ғылымына теліп қойғандығымыздан, ел тарихын зерттеудің үлкен бір деректер көзі толық ашылмай жатыр деп айтуға болады. Қазақтың белгілі этнограф ғалымы Ақселеу Сейдімбек: «Қазақтың миф, эпос, ертеке, аңыз, жыр, шежірелік әңгімелер сияқты рухани мұраларына бірыңғай әдеби-фольклорлық немесе этнографиялық материал тұрғысынан қарамай, сонымен бірге этникалық тарихтың айғағы ретінде де қарау керек»- деп айтады [2, 728]. Сондықтанда еліміздің ғалымдары «ештен, кеш жақсы» дегендей осы мәселеге мойын бұрып, ауызша айтылған тарихтың жазбаша тарихтан еш кем еместігін түсініп зерттеу еңбектерінде көбірек қолданса, тарихымыз тағы да біраз тың мәліметтермен толығар еді.

Төл тарихымыздың ауызша дереккөздердің ұзақ уақыт көлеңкеде қалуының тағы да бір себебі, оның патша үкіметі кезінде бұрмаланып, ал Кеңес үкіметі кезінде қазақтардың ауызша тарихы ол болмаған нәрсе деп қатардан шығарылып, сызылып тасталуы еді.

Осы мақаламызда ауызша деректердің *тарихи жырлар, тарихи аңыздар, тарихи өлеңдер және топонимикалық аңыздарды* сияқты қазақ фольклорының жанрлары қарастырылған. Аталған шығармалардың ішінен XVIII ғасырдағы қазақ халқының басынан өткен қасіретті кезеңдердің бірі жоңғар шапқыншылығына қатыстыларын қарастыратын боламыз. Мысалы, қазақ ақын-жырауларының шығармаларында аласапыран заманда халықтың басын біріктіріп, елін, жерін қорғауға ерекше үлес қосқан батырлармен қатар ел билеген хандар, қара қылды қақ жарып әділ билік айтқан билер туралы да шығармалар көптеп кездеседі. Тарихи жырлар, олар белгілі бір оқиғаларды шындыққа жақынырақ мадақтау немесе айыптау түрінде лирикалық субъективті бағалаудың үлкен мазмұнымен жырлайды. Эпосты зерттеу өте қызықты, өйткені ол ұлттың өткен өмірін халықтың жадында қалай сақталғанын көрсетеді. Онда біз қазақтардың қоғамдық және тұрмыстық қатынастары, сол кездегі ұстанған әдет-ғұрыптар, нанымдар мен қоғамдық идеалдар туралы мәліметтерді табамыз. Тарихи жырларда қазақтардың көрші халықтармен қарым – қатынасы, соғыстар, одақтық қатынастар, тұрғындардың тайпалық құрамы, мәжбүрлі қоныс аудару оқиғалары сипатталады. XVIII ғасырдағы шығармаларда негізінен жоңғар-қазақ соғыстары, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әбілқайыр, Әбілмамбет, Абылай хандар, Қаракерей Қабанбай т.б. батырлардың ерлік істерін сипаттайды. «Абылай хан», «Олжабай-батыр», «Жасыбай батыр», «Қабанбай-батыр», «Өтеген-батыр» және тағы басқалар сияқты бірегей туындыларда – ұлы күйзелістер кезеңін, мысалы, халық жадында «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атымен қалған жоңғар шапқыншылығының уақытын суреттейді.

Жырау мен жыршы атқарған әлеуметтік-мәдени қызметті осы шежірелік жады мен дәстүрлі тарихи сана арқылы іске асырған. Сол тарихи дәуір шындығын жырға салған атақты Жиенбет, Марғасқа, Ақтамберді, Қожаберген, Үмбетей, Бұқар сияқты тарихты шежіре еткен жыраулар болған. XVIII ғасырда қазақ даласында орын алған негізгі тарихи оқиға қазақ-жоңғар арасындағы соғыстарға байланысты болған. Абылай заманындағы жаугершілік туралы әңгімелер тақырыпшалардан құралған: «Ақтабан шұбырынды», «Қалмақ қырылған», «Талқан соғысы» және т.б. Осы кездегі қазақ батырларының данқты ерліктерін сипаттаумен қатар, көптеген ежелгі жыр-аңыздарда кездесетін мұндағы адами мінезді көрсету фактілерде өзінше құнды. Соның бірі Абылай ханның өзінің іс-әрекеттері арқылы, оның қол астындағы батырларының ерлік пен өрлік, намысқойлық қасиеттерін сынауы. Осы Абылай заманындағы тарихи әңгімелердің бір тобы батырлардың әскери соғыс өнері мен әскери тәртіпті сипаттайды: Данқты батырлардың ішінде Олжабай, Жасыбай, Малайсары, Жазы, Бөгенбай батырлар туралы деректер әсіресе толық. Ол туралы архивтік деректер орыс ғалымдарының еңбектерінде, қазақтардың шежірелері мен батырлар жырларында бар [3]. Ауыз әдебиетінің осындай үлгілерінен біз қазақ халқының тұрмыс-

тіршілігін, шаруашылығын ғана көріп қоймай белгілі бір тарихта болған оқиғалар мен адамдар жайлы нақты деректерді көре аламыз. Мысалы: тарихи оқиғаларға негізделіп құрылған аңыздарға сүйене отырып М. Тынышпаев «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасының басталу уақытын, яғни 1723 жылдың сәуір айы деген қорытындыға келеді. Бұл жерде М.Тынышпаев өз руының аңыз-әңгімелерінің бірнешеуін дәлел ретінде келтіріп өтеді [4, 188].

XVIII ғасырдағы тарихи жырлардың ішінде ең бір кең таралған кейіпкер деп Абылай ханды айтуға болады. «Абылай хан», «Сабалақ», «Абылай туралы жыр», «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», «Абылай хан әңгімесі», «Сабалақ-Абылай хан», «Абылай мен Олжабай» «Сабалақ», «Абылай хан... Ақ атан» - аталған шығармалардың қай-қайсында да тарихи фактілер көптеп кездеседі. Әсіресе «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны» жырында нақты тарихта болған жайт, яғни 1742 жылы Абылай ханның тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына тұтқынға түскені жайлы айтылады.

Қазақ даласында жоңғар шапқыншылығына қатысты деп саналатын жер-су атаулары баршылық. Ол атаулардың барлығында шығуы туралы аңыздары бар. Жалпы аңыз жанры тарихи шындық, тарихи факт негізінде қалыптасқанымен, оның ауыздан ауызға айтылуы барысында өзгеріске ұшырап, жаңа эпизодтармен толығып отыруы заңды құбылыс деуге болады.

Бейнелейтін оқиғаларына, кейіпкерлеріне, жалпы тақырыбы мен мазмұнына қарап, тарихи аңыздарды шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

а) *оғыз-қыпшақ заманынан елес беретін аңыздар* (оларға Қорқыт, Ахмет Иасауи және Арыстан Алып туралы әңгімелерді енгізуге болады. VIII – XII ғғ.);

ә) *моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда оқиғалар жайындағы аңыздар* (Шыңғыс, Жошы, Тоқтамыс, Темір есімдеріне байланысты әңгімелер. XIII–XV ғғ.);

б) *Қазақ хандығы тұсындағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы аңыздар* (Жәнібек, Асан Қайғы, Жиреншелер жайындағы әңгімелер. XV–XVII ғғ.);

в) *қалмақтарға қарсы соғыс-ұрыстарға байланысты туған аңыздар* (Абылай, Қазыбек, Әбілқайыр, Бөгенбай, Қабанбай аттарына қатысты әңгімелер. XVIII ғ.);

г) *Сырым, Исатай мен Махамбет, Жанқожалар бастаған шаруалар көтерілісіне байланысты туған аңыздар* (XVIII–XIX ғғ.);

д) *XX ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыс туралы баяндайтын аңыздар* [5].

XVIII ғасырдағы орын алған оқиғаларға байланысты аңыздарға тоқталатын болсақ, «аталған кезең туындыларының» негізгі мазмұны негізінен жоңғарлардың басқыншылық әрекеттеріне қарсы қазақ халқының көрсеткен ерлік күресі туралы және Қазақ Ордасының мемлекеттілігін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалуда ерекше рөл атқарған Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты ел тұтқасы тарихи аңыздар болған кемеңгер билердің ел тұтастығын, руаралық ынтымақ-бірлікті сақтаудағы ерен еңбектерін, дау шешудегі әділдігін, қайраткерлік тұлғаларын сомдайтын, Абылай сынды айбынды ханның көзсіз ерлігін, қолбасшылық, ұйымдастырушылық қабілетін, ел басқарудағы өзіндік қырларын, дипломатиялық іс-тәжірибелерін ашып көрсететін, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Мүйізді Өтеген, Шақшақ Жәнібек, Сүйіндік Олжабай, Малайсары, Балтакерей Тұрсынбай секілді даңқты батыр-қолбасшылардың жорық жолдарын баяндайтын аңыздар енгізілді. Бұл туындыларды «Кемеңгер үш би туралы аңыздар», «Абылай ханға байланысты аңыздар», «Батыр-қолбасшыларға қатысты аңыздар» деп топтастыруға болады. Солардың ішінде нақтылы оқиғаны баяндайтын аңыздар да көп. Бұл шығармалардың басты ерекшелігі – нақты болған оқиғаға негізделгендігі. Тағы да бір айта кететін нәрсе аңыздардың көпшілігінде бірнеше нұсқаларының болуы. Мысалы, Қазыбектің «қаз дауысты» аталуына байланысты, Абылай ханның (Сабалақтың) жекпе-жекте алғаш көзге түсуі жайлы, болмаса ханның өлімі туралы және т.б. Бұндай нұсқалардың негізгі мазмұнында ұқсастық, жүйелілік болғанымен кейіпкерлерінде, эпизодтарында біраз айырмашылықтар кездесіп тұрады.

Тарих көрсеткеніндей ел, мемлекет өмірінің әр кезеңдерінде болған тарихи тұлғалар, оқиғалар мен құбылыстар өмірге жаңа жер-су атауларын тудыратынын білеміз. Қазақ жеріне көптеген топонимдер әкелген сондай оқиғалардың бірі XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы десек қателеспейміз. Енді осы атаулардың тарихты зерттеп, зерделеудегі рөлі қандай деген мәселеге тоқталсақ. Бұл жерде ескере кететін бір нәрсе сол кезеңде пайда болған топонимдердің көпшілігі нақты болған шайқастардың қатысушыларының аттарына (Қаскелең, Шамалған және т.б.) немесе нәтижесіне байланысты қойылғанын (Аңырақай, Қалмаққырылған) байқаймыз. Ары қарай енді осы атаулардың бірнешеуіне тоқталып өтсек. Қанжуған атауының пайда болуы жайлы аңызда сол кезеңде өмір сүрген нақты тұлғалар (Райымбек батыр, Лама-Доржы және т.б.) мен шынайы болған оқиға жайлы біле аламыз. Қапал тауы, Қарқара, Қарқаралы аңыздарында осы қатарға жатқызуға болады. Топонимикалық аңыздардың басты мақсаты жер-су атауының қайдан пайда болғанын айту емес, сол жерде болған оқиғаны баяндау. Бұл аңыздардың бір ерекшелігі олар тарих аңыздарға қарағанда көркемдік жағы басымдау болады және оқиға

өткен уақыттан алыстаған сайын тарихи негізі көмескіленіп, жаңа эпизодтар қосыла бастауы мүмкін.

Тарихи өлеңдердің айтары да – қазақ ұлтының бастан кешкен түрлі деректі оқиғалары, тарихи ірілі-ұсақты ел басына қиын-қыстау күн туғандағы қайғы-қасіреті, мұң мен шері, қуанышы мен келешек өмірге деген үміті. Өкінішке қарай көбіне ауызша айтылып, суырыпсалмалық дәстүр үлгісінде тарағандықтан, көне дәуірлерге қатысты өлең-жырлар ұмытылып үлгерген. Тарихи өлеңдер дастандар мен эпостардан көлемі жағынан шағындығымен және атқаратын міндеттерімен ерекшеленеді. Бұларда эпикалық кең ауқым және әңгімелеу қарқынының өзгеріп отыруы кездеспейді. Тарихи өлеңдер халық өміріндегі нақты оқиғаларға қатысты дүниеге келді және сол уақыттың шындығын дәл көрсетті. Тарихи өлеңдердің жарқын үлгісі болып «Қаратаудың басынан көш келеді», «Қапқағылған», «Шаңды жорық» өлеңдері табылады [6, 14]. М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер», -дей отырып, «Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады» [7], -деген, тарихи өлеңдердің басты сюжетібүкіл халықтың басындағы мәселеге арналып, халықтың арман-тілегі, қасіретті тағдырымен байланыстырылады. Бірінші орында ел мен жердің тағдыры қойылады. Негізінен нақты болған немесе болып жатқан нақты, шынайы тарихи оқиғаға арналып, сонымен байланысты болады. Осы жерден тарихи өлеңдегі басты ерекшелік тікелей деректік мәселеде жатқанын көруге болады. Өлеңнің лирикалық түрінде жеке адамның басындағы жағдай өлеңнің өзегі болса, тарихи өлеңдердәбүкіл халықтың тағдыры, кешкен қиыншылығысуреттеледі. Бұл жерден тарихи өлеңнің негізі ел басынан өткерген үлкен оқиғадан келіп туындайды деп айтуға толық негіз бар.«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасына байланысты туған тарихи өлеңдер. Қаншама уақыт өтсе де халықтың жадында сақталып қалған «Елім -ай» - ел басына түскен қанды қырғынның нақты куәгері. Ұлтымыздың сол бір ұлы қасіретінің әнұранына айналған, бұл әннің сөзі мен әуені халықтың зар заманындағы көңіл-күйін, өкінішін, мұң - зарын айқын бейнелейді.Зерттеуші А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Е.Ысмайылов т.б. тарихи өлеңдердің айтушылары сол оқиғаны көзбен көріп, көңілге түйген ақындар екен деген пікірлері дәлелді айтылған. Қожаберген Толыбайсыншыұлы жырау 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан өткеріп, көзімен көрген, қырғынның жуан ортасында болған қарт баһадүр.

Атсыз қап жұрт жүрісі шабан болды,
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.

Басталып ел сұлауы Алакөлден,

Ақтабан шұбырынды заман болды. - деген өлең жолдары бұған куә.

Тарихи өлеңдердің айтары оқиға қалай, қашан болды, оның себебі мен салдары халықтың қандай күйге түскендігін жеткізу дәстүрге айналған [8].

Қорыта келе айтарымыз, фактілерінің шындыққа жақындығы жағынан жазбаша дереккөздерден кем түспейтін қазақтың ауызша деректері тарихы әлі күнге дейін толық зерттеліп, зерделенді деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Осы кезге дейін жазбаша тарихи деректерге ғана сүйеніп, ауызша бай тарихы бар елдерді тарихы болмаған, жабайы деп санап келген көзқарастардан құтылатын уақыт жетті деп ойлаймыз. Шындап келгенде осы ауызша тарихтың деректерінің шетелдік мұрағаттардағы жазбаша деректерден кем түспейтіні де дәлелденген факт.

Сонымен бірге халқымыздың ғасырлардан ғасырларға, ұрпақтан ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап жеткізіп отырған мұрамызды елге таныту қазіргі тарихшы ғалымдардың ең бірінші кезекте айналысуы тиіс жұмыстары болуы керек. Халқымыздың ауызша тарих айту дәстүрін зерттей отырып тағы да бір көз жеткізген мәселе, ол ел тарихындағы кез-келген бір айтулы оқиға болсын, тарихи тұлға болсын тарихта қалып ауызша деректердің арқасында бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Кешегі қылышынан қан тамған Кеңестің тұсында рас ауызша тарихымызды зерттеген көптеген ғалымдарымыз қуғынға ұшырағаны рас, бірақ қазір еліміз тәуелсіздік алып, жеке мемлекет болғандықтан осы мәселеге көбірек көңіл бөлу керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүгенбаева Г. *Ұлттық сипатты деректер. Қазақстан мұрағаттары. Ақпараттық ғылыми-практикалық журнал.* – Астана: 2005. – №1. 26-31 бб.
2. Сейдімбек А. *Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу.* – Астана: Фолиант, 2008. – 728 бет.
3. Алтысбес М.А. *Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Авторефераты.* – Алматы, 2007.
4. Тынышпаев М. *Великие бедствия.* – Алматы: Жалын, 1992. – 188 стр.
5. Қасқабасов С. *Таңдамалы. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер.* – Астана: Фолиант, 2014. – 320 бет.
6. Нурманова А. *Казахстанская правда.* – 2012. – 21 сентября. – С. 14.
7. Әуезов М. *16 том.* – Алматы: «Жазушы», 2009. – 399 бет.
8. <https://45minut.biz/?p=2768>
9. *Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т 80: Топонимдік аңыздар.* – Астана: «Фолиант», 2011. – 416 бет.
10. *Бабаларсөзі: Жүзтомдық.* – Астана: «Фолиант», 2012. – Т. 86: Тарихи аңыздар. – 448 бет.

WAYS TO TEACH CHILDREN A SET OF ANCIENT SPECIALTIES IN EARLY PROFESSIONAL ORIENTATION IN PRESCHOOL ORGANIZATIONS

KHASANOVA AIDA ZHANTURINA

PhD doctoral student
Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan

Аннотация. Мақала мектеп жасына дейінгі балалармен кәсіби бағдарлау жұмысы ретіндегі өзекті мәселеге арналған, дәл осы кезеңде Мамандық таңдау үшін негіз дайындалады, мектеп жасына дейінгі балалар біртіндеп қазіргі заманғы кәсіптер әлеміне енгізіліп, еңбек қызметінің ерекшеліктерімен танысады. Автор Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіптік бағдарлаудың теориялық аспектілерін ұсынды, ерте кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын іске асыруда мұғалімдерді әдістемелік сүйемелдеудің дәстүрлі практикалық және заманауи тәсілдерін анықтады. Білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылының әртүрлі формаларын және ерте кәсіптік бағдарлаудың заманауи форматтарын ұйымдастыру оқушылардың ересектердің еңбек мазмұны туралы түсініктерін сәтті қалыптастыруға және олардың кәсіптер әлемі туралы білімдерін кеңейтуге ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалармен ерте кәсіптік бағдарлаудың педагогикалық дизайны Мамандық таңдау үшін негіз дайындаудан, білім алушылар мен олардың ата-аналарының қажеттіліктерін талдаудан; қажеттіліктерді ескере отырып, білім беру процесін құрудан; балалармен, ата-аналармен және серіктестермен педагогтардың коммуникациялық кеңістігін қалыптастырудан тұрады.

Тірек сөздер: бала, дәстүрлі, практикалық, тіркесім, мамандық, қызмет түрлері, мамандық бұрышы

Аннотация. Статья посвящена актуальной проблеме как профориентационной работе с детьми дошкольного возраста, именно в этот период осуществляется подготовка основы для выбора профессии, дошкольники постепенно вводятся в современный мир профессий и знакомятся с особенностями трудовой деятельности. Автором представлены теоретические аспекты ранней профориентации детей дошкольного возраста, определены как традиционные практические, так и современные подходы к методическому сопровождению педагогов в реализации программ ранней профориентации. Организация разных форм взаимодействия образовательных организаций и современных форматов ранней профориентации способствует успешному формированию представлений воспитанников о содержании труда взрослых и расширению их знаний о мире профессий.

Педагогический дизайн ранней профориентации с детьми дошкольного возраста заключается в подготовке основы для выбора профессии, в анализе потребностей обучающихся и их родителей; выстраивание образовательного процесса с учетом потребностей; формирование коммуникационного пространства педагогов с детьми, родителями и партнерами.

Ключевые слова: ребенок, традиционное, практическое, сочетание, профессия, виды деятельности, уголок профессии

Annotation. The article is devoted to an urgent problem as career guidance work with preschool children, it is during this period that the basis for choosing a profession is being prepared, preschoolers are gradually introduced into the modern world of professions and get acquainted with the peculiarities of work. The author presents the theoretical aspects of early career guidance for preschool children, identifies both traditional practical and modern approaches to methodological support for teachers in the implementation of early career guidance programs. The organization of various forms of interaction between educational organizations and modern formats of early career guidance contributes to the successful formation of pupils' ideas about the content of adult work and the expansion of their knowledge about the world of professions. The pedagogical design of early career guidance with preschool children consists in preparing the basis for choosing a profession, analyzing the needs of students and their parents; building an educational process taking into account the needs; forming a communication space for teachers with children, parents and partners.

Keywords: child, traditional, practical, combination, profession, types of activity, profession corner

Mastering educational activities for preschoolers is considered the main direction in the development of cognitive activity. The definition of cognitive activity as a psychological and pedagogical phenomenon, which allows us to analyze the specifics of the personality quality of children at the stage of pre-school training, consider the conditions and means of forming the process of education and training. Because the quality and durability of the acquired knowledge depends not only on the result of training, development and upbringing of children, but

also on the involvement of children's attitude to their own cognitive activity. Cognitive activity is a prerequisite and result of the psychological and physical development of the child. In this regard, the higher mental process of children is determined by the characteristics of perception, attention, thinking. Of all mental cognitive processes, thinking is the leading one. All cognitive processes occur in the same sequence, in which processes are combined and closely related, determining their properties and character with each other. Therefore, stimulation in the learning process is primarily the development of child thinking.

Thinking occupies a very precious place in a person's life. It is only through thinking that one can establish a link between things and visions, find the reasons that exist in them, and think about what will happen to them in the future. Able to predict the future. Therefore, the educator must make a lot of effort so that the child learns to think correctly. Because the right thinking is passed down from generation to generation naturally, moreover, it is also formed by experience. In humans, recognition takes place in two main forms: the form of sensory recognition and the form of abstract thinking. Sensory recognition is expressed in such ways as intuition, perception, imagination, with the help of which we distinguish the individual properties of things. Sensory recognition is only the initial stage of thinking, when a person perceives the world with intuition. So, in order to increase the activity of thinking, it is necessary to organize games that motivate children to draw their own opinions and conclusions in such a way as to develop their cognitive activity. Through the game, the main activities of children and independently put into practice the experience accumulated by them of knowledge and impressions from the surrounding life. In solving the tasks set during the game, Children's intelligence develops. This is where the child's ability to think logically and fantasize is strengthened. In the development of the child's game, the features of logical games can be acquired. The type of work that develops children's thinking, increases their interests – logic games. Logic games involve the child in ingenuity, logical thinking, affect the quickness of thought, self-decision-making, comparison, argumentation. In the development of cognitive abilities, increasing the interest of children

Responsibilities:

- promote the development of children's thinking
- formation of knowledge, skills and abilities through logical games
- improving the ability of children to speak mathematical language.

Characteristicsofprofessions	An example of the characteristics of the profession taxi driver
bygroup	People
Thesubjectoflabor:	Equipment, transport
1 — animals, plants (nature);	TransportationMaintenance
2 — materials;	Mechanical
3 — people (children, adults);	Functional
4 — equipment, transport;	Extreme
5 — sign systems (texts, information in computers, etc.);	Sitting
6 — artisticimage	Customers
Workobjectives:	

Table-1. Scheme for analysing professions (list of the main characteristics of professions)

The purpose of the «counsellor» exercise is to obtain generalised ideas about the professional future of each participant on the basis of group recommendations from classmates. The exercise is most effective in subgroups of 12-15 people. The duration of the exercise is 15-25 minutes. The procedure includes the following steps. Participants prepare a questionnaire.

Table-2.

Body systems	1-st profession	2-ndprofession	3rd profession
respiratory			
organscardiovascularsystem			
organsofvision			
nervoussystem			

musculoskeletalsystem			
digestiveorgans			
kidneys and urinary tract (genitourinary system - MPS)			
skinandhair			
SUMMARY (general health status for each profession):			

Table-3. Example of a form for the game «Honeydew




Chart 1. Indicator of interest in learning early career guidance in children at three months

	game	fairy tale	excursion
january	1,4	2,4	2
february	2,6	4,4	2
march	1,9	1,8	3

Table-4. Results of the indicator of interest in learning early career guidance in children at three months

The disclosure of abilities in a child leads to the development of creative direction. In this regard, the organization of independent activities for the development of logical thinking is the following: "patterns", "what to plant?", "What should I post?" And find him?""", "Humorous riddles", "logical calculations", "place the shape" can be attributed to the types of logical games. Children who perform such games with ingenuity and curiosity develop educational skills and give good results. The main stage in the development of logical thinking can be attributed to children of the adult group of preschool age. Because children's thoughts at this time develop from concrete - figurative to abstract thinking. Therefore, the group of preschoolers begins to develop their thinking and learn to justify their thoughts, attributing objects to relevant concepts. To prove, the child relies on the appropriate system – logical thinking,- says G. Zholtayeva. In principle, it is safe to say that the ability of a child to think logically begins with the acquisition of elementary mathematical concepts. It is the main task of the educator to systematically hone it. According to pedagogy and psychology, childhood is the first stage of a child's awareness of himself as an individual, and therefore the most basic stage of the formation of moral qualities, mental, logical and other qualities. The development of the child's mind includes not only a certain amount of knowledge, but also the development of memory, thinking, imagination, cognitive creativity, along with the assimilation of techniques and techniques of cognitive activity. For the development of a child, memory and the ability to think are of great importance. All these are closely related to the environment and education, the formation of skills, memory and thinking. For the successful development of the child's thinking, it is necessary to use effective approaches and conduct special work. The process of thinking consists of logical operations of analysis, synthesis, comparison, grouping, generalization, formulation. From the ability to use these tricks of thinking, the fruits of children's educational activities are manifested. In this regard, M. Zhumabayev said: "Thinking is a very difficult and deep task of the soul. It is too painful for a young child to think. Therefore, the educator should be careful when developing the child's thinking." Game activity is a kind of activity. In pedagogy, independent work cannot be held in the hands of individual standing in front of oneself. And the child's self - training in the game, passion for knowledge of life, boredom, hardening, increases his mental and physical activity, strengthens his will to achieve the goal set for him, stimulates the desire to move forward, passion. As a result, the need for independent search, knowledge of children grows and becomes a real need. In particular, the

child's activity in education and the conscious (pen) attitude to the assimilation of knowledge create child independence and form the skills of self-learning. The child learns through the team within the walls of the kindergarten, in organizations outside the kindergarten, although it is always realized in front of him through an independent person, every child who enters the game has a desire to win. No matter what a person does, social arises from social necessity. The child takes active action to compensate for his need, to satisfy his internal requirements. The child's play activity is necessary for his mental and physical development. It is necessary to correctly assess the child's activity in the game, to develop into his activity in the game, to gain knowledge, to learn the necessary learning skills and to be able to use them in everyday practice and life.

The child's activity consists mainly of two types: external and internal. External activity often occurs through play, movement, movement, especially in connection with life activity. The inner activity of the child includes his activity in thinking activity.

It is noted that the internal and external activity of the child is divided, indistinguishable from each other. In particular, the child's thoughts, perceptions, skills are the most cautious, the child's thoughts, perceptions, skills primarily increase the activity of perception, creating internal influences on the basis of external influences. If the external influence is faded, then the internal one will certainly be faded. Therefore, it is difficult to understand far from here the opinion of A. S. Makarenka that if a child is in the game, then in life it will be the same, and the work of an adult in public life is equal to the game of a child.

The Kazakh people are one of the most rich in material heritage, as well as cultural treasures. Among such significant things are the games of the nation. The games of the nation will help our friends and future generations to study them and explore who they are, to delve into the psychological nature and thinking of their ancestors, to differentiate and achieve their goals, to continue traditions, to connect with the past and the present, and thus to prevent the eternal name. Children play games and develop their natural talents. The game was given special importance by the people, and the people wanted it only to be a place of entertainment and entertainment - a future figure capable of protecting the country, to win this quality in front of the Square Group, equal to all, in free competition.

In the game, the collective creativity and performance of the human being are often collective, so there is an opportunity to educate in the game to try to communicate in a friendly, friendly way.

In his research, psychologist T. Tazhibayev, criticizing some features of National Games and sports that have developed over the years, emphasizes their place in education, physical training and mental improvement. National Games are not only entertainment, entertainment, entertainment, but also show that they represent the customs, traditions, life of the people. The species character of any game is a phenomenon that reflects the breath of life of the people.

LIST OF REFERENCES

1. Maigaranova Sh. *problems of spiritual development of schoolchildren*. - Almaty: Rauan, 2002.
2. Babansky Yu. K. Slastenin V. A., Sorokin N. A. *Pedagogy*, 1989
3. Kasabekov A. *Altaev zh. Kazakh philosophy*-Almaty.
4. Karaev zh.a. *methodological foundations of improving the pedagogical system of teaching at school. Elementary school*, 2007
5. Sukhomlinsky V. A. *warmth of the heart for a child*. - Almaty.

ПРОФЕССОР А. СЕЙДИМБЕК ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ КӨШПЕЛІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫ ТУРАЛЫ

СИМУҚАНОВА Г.С.

*«Философия және әдеп» мамандығының докторанты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

МАЦЮК Д.А.

*философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан*

Аннотация: В статье на основе работ известного ученого А. Сейдимбека, изучавшего жизнь кочевников с мировоззренческой точки зрения, всесторонне показаны основные особенности духовной природы кочевой цивилизации.

Поскольку занятием кочевников было скотоводство и вместо освоения (подчинения) природы, они были в гармонии с ней, в своем исследовании автор опровергает мнение, что кочевники представляют собой «застойную, дикую структуру» без развития науки и техники. По мнению автора, такой вывод является мнением людей, не понимающих внутренний мир жизни кочевников. Существование кочевников требует гармонии с природой и единения, для кочевников свойственно

неотчуждение других. Поскольку кочевники жили таким образом, их духовные позиции были более постоянными, чем у других, их традиции были более устойчивыми, а их духовное бытие было высоким.

На основании этого автор приходит к выводу, что История Казахстана – это составляющая кочевой цивилизации, путь культурного и духовного развития, имеющий свою самобытность и особенности.

Ключевые слова: *духовность, духовная культура, духовная преемственность, культурное единство, кочевая цивилизация, самобытность, Тенгрианство.*

Annotation: *The article, based on the works of the famous scientist A. Seydimbek, who studied the life of nomads from an ideological point of view, comprehensively shows the main features of the spiritual nature of nomadic civilization.*

Since the nomads' occupation was cattle breeding and instead of mastering (subduing) nature, they were in harmony with it, in his study the author refutes the opinion that nomads represent a "stagnant, wild structure" without the development of science and technology. According to the author, this conclusion is the opinion of people who do not understand the inner world of nomadic life. The existence of nomads requires harmony with nature and unity; nomads are characterized by non-alienation from others. Because the nomads lived this way, their spiritual positions were more permanent than others, their traditions were more stable, and their spiritual existence was high.

Based on this, the author comes to the conclusion that the History of Kazakhstan is a component of nomadic civilization, a path of cultural and spiritual development, which has its own identity and characteristics.

Keywords: *spirituality, spiritual culture, spiritual continuity, cultural unity, nomadic civilization, identity, Tengrism.*

Кез – келген қоғамдық – мемлекеттік құрылым дайын күйінде пайда болмайды, оны сол дәуірдің адамдары өз болмыстарына сәйкес ұлт, ел – халық қажеттіліктерін ескере отырып құрады. Ал кейін келе мемлекеттік сипаты мен мәні, дүниетанымдық мазмұны, идеологиялық ұстанымдары мен түпкі мақсаттары туралы теориялар пайда болады да, солар басшылыққа алынады. Бұның нақты мысалы ретінде қоғам құрылысын, оның шығу негізін тек экономикалық жағдайдан көретін маркстік теорияны, немесе, қоғам дамуын мәдени – өркениеттілік тұрғысынан түсіндірген О.Шпенглердің, А.Тойнбидің т.б. көзқарастарын келтіруге болады. Бұлардың қай – қайысын да дұрыс, немесе, бұрыс дегеннен гөрі, оларды ұлтымызға тән дүниетаным тұрғысынан саралағанымыз жөн болар еді.

Алдымен айтарымыз, профессор Акселеу Сейдімбек өз еңбектерінде атап өткендей, оның басты себебі «экономикалық, саяси мұқтаждықтарды негізге алып құрылған қоғамдасулар ұзақ дәуірлерге сақталатын қоғамдық бірліктер бола алмайды. Экономикалық мұқтаждықтар нақты жағдайларда қуатты болғанымен өмірдің барлық салаларын қамтып, олардың сипаты мен мазмұнын өзіне сай өзгерте алмайды, оның үстіне олар қысқа мерзімдерде өзгерістерге ұшырап жатады»(Сейдімбек, 1997: 94). Өйткені, бір экономикалық байланыстар белгілі бір сәттерде қажетті болса, келесі бір тарихи кезеңде тиімсіз болып шығуы әбден мүмкін. Сондықтан адамдарды тұтас, берік әрі ұзақ уақыттарға біріктіре алатын күш – *рухани құндылықтар* деген пікір негізсіз емес.

Тарихи тұрғыдан алсақ ұлттар мен халықтардың пайда болулары мен бірігулерінің негізі олардың рухани тұтастықтарында. Өйткені тек рухани бірліктегі ұлыстар мен ұлттар ғана әлеуметтік – кәсіптік қатынастардың түпкі мәнін өз қажеттіліктеріне қарай анықтай алады. Ұлттар рухани тұтастықтарына негіз болатын тілін, ділін, дінін, дәстүрін жоғалтқан уақытта өздерін де жоғалтады, ал экономикаға негізделген мемлекет пен қауымдастықтарда үлкен этностарға басымдықтар беріліп, басқалары соған кіріптар болады. Қайсы бір ұлттардың, кейбір әлеуметтік қауымдастықтардың жерінен, экономикалық, шаруашылық – кәсіптік, қоғамдық – мемлекеттік тұтастықтарынан айырылып, басқа халықтар мен елдер арасына сіңіп өздерінің ұлт – ұлыс ретінде теңдігін ғана емес, тұтас болмысын жоғалтқандары тарихтан белгілі. Ендеше, тек рухани – мәдени бірліктер ғана тарихи тұрғыда тұрақтырақ және сол бірліктер әлеуметтік өмірінің барлық салаларына өз ықпалын жүргізе де, тигізе де алады. Егер олар белгілі себептермен мемлекеттілігін әлсіретіп, тіпті жойып алған күннің өзінде де рухани тұтастықтарының негіздерін жоймаған болса, ерте ме, кеш пе қайта бірігіп, өз қоғамын қайта құрап, оның негіздерін де жаңғыртып алатынына еврей халқы көптің көзін жеткізді.

Көшпелілер тарихын жан-жақты зерттеген ғалым, профессор А.Сейдімбектің пайымдауынша көшпелілер өмірін тұтастырып, берік етіп тұрған фактор өмір салты, шаруашылық – мәдени типінің ортақтығы. Ал кез – келген өмір салты және сол этностардың шаруашылық – кәсібі өздеріне тән менталитет (*діл*) қалыптастырады. Осы аталғандар қоғам өмірінің барлық саласын қамтып қана қоймайды, ол құрылымның беріктігін де қамтамасыз етеді, адамдар бойында соған үндес төлтума қасиеттер қалыптастырады. Бұл өз кезегінде сол әлеуметтік қауымның өзгеге ұқсамайтын өзіндік болмысын (*Мыс., қазақ болмысы*) даралай бастайды, кейін сол ұлтқа ғана тән дара қасиеттер, төлтума сана – сезімдер

қалыптасады. Бұндай ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен бірегейлігі мықты, мұн – мұқтажы ортақ, өмірі ұзақ болады. Алайда, тарихтың бұлаңы мен бұлтарыстарындағы кездейсоқтар мен сыртқы күштердің әділетсіз әрекеттерінің әсерлерін де естен шығаруға болмайды.

Алайда әлемдегі урбанизация, индустриалды қоғам, соған сәйкес Батыста қалыптасқан мемлекеттер мен оның теоретиктері үшін көшпелілер қоғамы мәдениет пен өркениеттен жұрдай «жабайы» қоғам(Асланян, 1989: 21).Танымал ағылшын тарихшысы Арнольд Тойнби өзінің 12 – ші томдық «Постижение истории» деп аталатын еңбегінде өркениетке жету жолдары мен оның тарихи түрлерін талдай келіп, «көшпелілердің табиғаттың өмір сүруге қиын аса қатаң жағдайларына бейімделуі олардың ілгері өркендеуіне мүмкіндік бермеді. Сондықтан олар аса қарапайым іс – әрекеттер деңгейінде ұзақ ғасырлар өзгеріссіз тоқтап қалды. Мұндай қалыптардағы ұлттар мен халықтардың шын мағынасында тарихы болмайды»(Тойнби, 1991: 186)- деген тұжырым жасайды. А.Тойнби бұндай ойды эскимостар, османдықтар мен спартандықтарға қатысты да айтады.Бұл жерде біз көрнекті тарихшыға қарсы сыни пікір білдіруді көздемейміз. Біздің мақсатымыз осы үзік ой арқылы құндылықтарды кім қалай түсінетіндігіне көптің назарын аудару.

Батыста мәдениеттің, өркениеттің биіктігі мен төмендігіне өлшем болатын нәрсе – *үстемдік*. Сондықтан олар сан-салалы білім мен ғылымның, техника мен технологияның жетістіктерін табиғатты игеруге, оның күштерін бағындыруға, адамды табиғаттан үстем етуге ұмтылады. Кезінде Кеңестік ғалымдардың бірі «біз табиғаттан рахым күтіп отыра бермейміз, оның бермесін тартып аламыз» (И.В.Мичурин) десе, алғашқы адам космосқа ұшқанда, белгілі ақынымыз «Адамға табын - жер енді» (О.Сүлейменов) – деп жырлағаны мәлім. Міне, бұл мысалдар Батыстық танымға, прагматистік философияға негізделген түсінік, тұжырымдар. Осындай ұстанымдағы адам жерді (*табиғатты*) да, қоғамды да белгілі деңгейде «бағындырған», игерген болар. Алайда, шынтуайтқа келгенде адамның жерді бағындыра алмайтынын да, табиғаттың адамға табынбайтынын да, арғысын айтпағанда, біздің бергі тарихымыз көрсетіп берді, әлі де көрсетіп келеді. Бүгінгі әлемдік проблемаға айналған *экологиялық* мәселелер соның айғағы. Ендеше, Батысқа тән прагматизм, «ар ойламай, пайда ойлау» (Абай), қанағатсыздық, іс – әрекетіне есеп бермеу... бізді адами қасиеттерден қашықтататын келеңсіз көріністер. Сондықтан Батыстағының бәрін жетістік деп қабылдай беруге болмайды. Олар біздің материалдық өркендеуімізге көп септігін тигізгенімен, адами болмысымызға, рухани әлемімізге зиянды болуы әбден мүмкін, оларды міндетті түрде ой елегінен өткізіп барып қабылдағанымыз абзал. Ал көне қазақтар, оның ішінде көшпелілер болса жерді - «Жер – Ана» деп құрметтеді, аялады, дәріптеді, табиғатпен үндесуге шақырды. Бұл туралы профессор А.Сейдімбек кезінде төмендегідей пікірлер қалдырған: «Көшпелілер байтақ даланы жыл маусымдарының жағдайына орай күн көріс көзі ете білген...Адамзат баласының күнкөріс жағдайы жерге қаншалықты тәуелді болса, сол жердің бітім – қасиетін соншалықты терең қастерлей де білген... Көшпелілер көкті Тәңір тұтса, Жерді Ана деп таныған... ұлдарына қоймайтын жақсы аттарды жерлеріне қойған»(Сейдімбек, 2010: 76).

Жалпы қазіргі дамыған елдердегі табиғатқа үстемдік өнеркәсіпті ары қарай дамыту арқылы, ғылым мен техниканың құдыретімен табиғат экологиясына ғана алып келмей әлеуметтік эрозияға ұласты. Бұл қоғамның рухани – мәдени дамуына мән бермеудің салдары. Сондықтан да, бұл әңгімені әуелі антисциентистер көтерсе, кейін әлем саясаткерлері мен зиялылары да оған үн қосты. Ал көшпелілер өміріне келер болсақ, Ақселеу Сейдімбек атап көрсеткендей, «ұзақ, ғасырлар бойы қазақ халқының өмір салты көшпелі болғанымен, оның рухани болмысы отырықшы еді. Қазақтың мәдени-рухани отырықшылығы өзін қоршаған экосистемамен біте – қайнасып жатты»(Сейдімбек, 2010: 16).

Әрине, біз қазіргі заманда ел – халықты көшпелі өмір салтына оралуға шақырмаймыз. Алайда, өткеннің бәрі өкініш емес екенін және өткеннен сабақ алу керектігін ескерген дұрыс деп санаймыз. Осы тұрғыдан алғанда көшпелілердің табиғатқа, Жер Анаға деген көзқарастарының тәлім – тәрбиелік мәні бүгінгілер үшін зор, оны жас ұрпаққа мирастау адамгершілікті – имани іске жатады десек, артық айтқанымыз болмайды.

Көшпелілер әлемін жан – жақты зерттеген қазақтың ауызша тарихы мен шежіресінің білгірі профессор Ақселеу Сейдімбектің сөзіне құлақ түрсек «көшпелілер өркениетінің үш мың жылдық тарихы бар және жаңаша жыл санауға дейінгі ХІ ғасырдан бастап, жаңаша жыл санаудың ХVІІІ ғасырына дейін Еуразияның Ұлы Даласында бір ғана өндіріс тәсілі болған. Ол – көшпелі мал бағушылық»(Сейдімбек, 2010: 76). Бір ескеретін жайт осы өмір салтымен қазақтар ХХ ғасырдың басына дейін келді. Осы негізде ғалым – зерттеуші «адамзат тарихындағы ең ұзақ базистік өмір салтты, ең ұзақ формацияны Еуразия көшпелілері бастан кешті... олардың өмір салттары шындалып, біріңғай этикалық нормалары қалыптасты. Өзге жұрттар наным – сенімдерін, моральдық – этикалық қағидаттарын, эстетикалық таным – түсініктерін құбылтып, жеке адамды қанаудан бастап, тұтас халықты отарлауға дейінгі тарихи – әлеуметтік өрістерді шиырлап жүргенде, көшпелілер тек қана іштей шындалу, рухани тұрғыдан жетілу үрдісін бастан

кешті»(Сейдімбек, 1994: 46) – деп пайымдайды. Ғалымның бұл ойын, «күн сайын табиғатпен бетпе – бет келетін көшпелілер бойларында жоғары интуиция, кез – келген жағдайда үрейге бой алдырмау, өздерін қалыпты ұстау, физикалық және моральдық – адамгершілікті тұрғыдан төзімділік пен ұстамдылық жинаған» - деп жоғарыдағы Арнольд Тойнбидің өзі де мойындайды (Тойнби, 1991: 186).

Ғылым – зерттеушінің бұл ойы белгілі тарихшы – шығыстанушы, этногенезистің пассионарлық теориясының негізін салушы Лев Гумилевтің «Көшпелілер мәдениеті өзінің 3 мың жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда шығармашылық эволюцияны бастан өткерді»(Гумилев, 1989: 186)- деген пікірімен де үндесіп жатыр. Осы дәйектеме негізінде профессор А. Сейдімбек, кейбір қоғамтанушылар айтып жүрген әлеуметтік – экономикалық формациялардың алмасуы, соған орай адамдардың танымдық, мәнді көзқарастарының өзгеруі мәдени – рухани шыңдалуға жағымды ықпал етті ме, әлде оның жағымсыз әсері болды ма бұл жөнінде нақты пікір айту қиын екенін еске салады. Бір кездерде Аурелио Печчеи бастаған футуристер, Рим клубының өкілдері тарихтың өткенін, ондағы адам болмысының жетілу жолдарын талқылай келе, еңбек өнімділігі өсіп, шаруашылықтары шыңдалған сайын, сол дәуірдің адамдары да шыңдалды, «ең алдымен шыңдалу нәтижесі адам сапасынан көрінді» (Печчеи, 1985: 229)- деген тұжырым жасаған болатын. Осы негізде профессор А. Сейдімбек «кез – келген өркениетті қоғамның түпкі нәтижесі сол қоғамдағы адам сапасымен анықталатын болса, көшпелілердің қабылет – күші мен ақыл – парасатының өзара үндесе кемелденуі, сөз жоқ, сол ортадағы өмір – салттың әбден реттеле орнығуының нәтижесі» - деп есептейді. Әділет үшін айта кеткеніміз жөн, аталған тақырып осы уақытқа дейін біздің қоғамтанушы ғалымдардың зерттеу объектісі бола қойған жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда ғалым А.Сейдімбек зерттеулерінің орны бөлек.

Профессор А.Сейдімбек оның төмендегідей тұстары мен ерекшеліктеріне көпшілік назарын аударды:

- қазақтың шежірешілдігі (*тарихшылдығы*) ұлттық қасиет; қазақ халқының шежірешілігін тарихи сананың сергектігі деп бағалауымыз керек;
- көшпелі өмір салты тағдырдың ерекше сыйы ғана емес, олар сол салттары арқылы табиғатпен тілдесіп, шаруашылықтың экожүйеге бейімделуге негізделген мәдени типін қалыптастырды;
- адамзаттың мыңдаған жылдық тарихында, отты қару (*мылтық, басқа да ату құралдары*) пайда болғанға дейін салт атты көшпелілер ең қаһарлы күш болды;
- көшпелілер белгілі кезеңдерге дейін адамзат тарихының да қозғаушы күші болды;
- қос құрлықты жалғастырған Ұлы Жібек жолын алғаш игерген де салт атты көшпелілер.

Көшпелілерге тән Тәңірлік діннен бастау алатын Зороастрим, Будда, Иудаизм, Ислам т.б. көшпелілермен іргелес аймақтарда дүниеге келулері де кездейсоқ емес. Және олардың бәрі дерлік өзекті қағидаларын Тәңірлік діннен алады. Тәңірлік діннің басты ерекшелігі де тұрақты сенім, Жаратушы бір, ол Хақ. Сондықтан да «тәңірлік дін - уақыт пен кеңістік игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған жалпы адам баласының, оның ішінде көшпелілердің алғашқы таным - түсінігі» (Сейдімбек, 2010: 83). Тәңірлік дін көне қазақтардың, көшпелілердің өмір сүруінің кепілі ғана емес, өмір – салттарының да негізі болды. Қазақтар арасында сақталған таңнан кешке дейінгі бір күнді: таң, сәске, түс, екінді, ақшам деп беске бөлу кейін ислам дінінде бес уақыт намаздың орнығуына себеп болды. Көшпелі өмір заманының адамдары халықтық қарапайым астрономиялық ілімінің де білгірі болды. Көшпелілердің өмір сүруі үшін олар уақыт пен кеңістік туралы, түн мен күннің теңесу мерзімін, жылдың төрт маусымының ерекшеліктерін білу, көшпелілер үшін өмір сүру қажеттілігі болатын, себебі олар жылдың осы төрт мезгіліне қарай бейімделулері, шаруашылық жүйелерін соған сәйкестендірулері керек еді. Ал *отырықшылар* болса негізінен жаз бен күзге ғана тәуелді, бірі – егін егетін, екіншісі – өнім алатын науқанды кезеңдер. Бір жылды он екі айға бөлетін жүйені дүниеге әкелгендер де көшпелілер. Кейін ол бүкіл Еуразияға таралды. Сол он екі айды көне қазақтар әуелі төрт маусымға бөліп, әр маусымды тағы үшке бөлген. Мысалы, күз бен қысты алалық, қазақтар сол бір айдың өзін үш бөліп кезеңдейді: қоңыр күз, сары ала күз, қара күз, немесе, қыстың басы, қыстың ортасы, қыстың аяғы т.б.

Профессор А.Сейдімбектің пайымдауынша Тәңіршілдік діннен гөрі идеологияға, немесе, өмірлік философияға ұқсайды. Өйткені, дін бар жерді бірден шіркеу, мешіт, молда, ишандар пайда болады. Сөйтіп, дін адамды құдайға жақындатудың орнына, әлгі дін өкілдерін асыраушыға кәсіби құралға айналады. Әрине, діндерлердің да бәрі бірдей емес. Бірде шарлатаны болса, бірде адами болмыстағылары бар. Әйтсе де, кез-келген дін өзін өмірден бөліп, өзінен өзге әлем жасап, тіпті, өзін барлық өзге әлемнен биік қойып, пенделерден тек өзіне бағынуды тілейді. Сондықтан, діндер көбіне дамудың емес, керіс – жанжалдың, қарсы тұрудың, тіпті, ғасырларға созылған соғыстың себепкері болған. Ал тәңіршілдікте діни кітабы болмағанымен, тектілік болған. Жалпы тәңіршілдік – Тектілік философиясы, мұндай дінді «генотеизм» дейді, яғни өз шығу тегінді, нәсілінді, ата – бабаңды сыйлау. Сондықтан құдайдың өзі мұндайда тек құдыретті баба ретінде елестейді. Мұнда жарату емес, тұқым

тарату идеясы басым. Сондықтан тәңіршілдіктің басты құралы шежіре. Осы тектілікті сақтаудың негізі «Жеті Ата». Ал «жеті атасын білмеген жетесіз» деу рухани – тарихи санаң саяз дегенді білдіреді.

Адами тұрғыдан да, ғылыми – танымдық тұрғыдан алған да көшпелілікті зерттеу өте маңызды. Өйткені, Қазақстандық ғалымдар А.Сейдімбек, Д.Кішібеков, С.Ақатай және басқалардың еңбектерінде көрсетілгенде й, осы уақытқа дейін біз Қазақстанның рухани – мәдениетінде, ұлттық психологиясында, тарихи санасында көшпелілер қалдырған мәдениеттің ізі сақталғанын көреміз. Көшпелілер туралы Еуропа мен Батыс ойшылдарының да жағымды пікірлері жеткілікті. Мысалы, олардан көшпелілер қоғамын «әділетті, теңдікті қоғам» (*Монтескье*), «Көшпелілерде мүлік теңсіздігі, әлеуметтік теңсіздік басым болмаған» (*Адам Смит*) деген де пікір қалдырған. Сондай – ақ, өмір сүру ерекшеліктерінің арқасында оларда сатқындық, қорқақтық, жемқорлық, дүниеқоңыздық сияқты рухани азғындық болмаған. Ендеше, көшпелілердің өмір сүруінің шаруашылықты табиғатпен үндестіре жүргізулерінің, рухани тұрғыдағы ұстанымдарының кейінгі ұрпақ үшін тәжірибелік, тәлім – тәрбиелік мәні зор. Сондықтан көшпелілер әлемі – қазақ халқы тарихының елеулі бір бөлігі ретінде зерделене беруі керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций.* – Алматы: Наука, 1989. 220 с.
2. *Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. 3-х томах.* – Ленинград, 1989. Том 2., 236 с.
3. *Печчеи Аурелио. Человеческие качества.* – Москва, 1985. 312 с.
4. *Сейдімбек А. Ауызша тарихнама//Қазақ (мақалалар жинағы).* – Алматы, 1994. 176 б.
5. *Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау.* – Алматы, 1997. 461 б.
6. *Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. Том 2.* – Астана: Фолиант: 2010. 816 б.
7. *Тойнби А.Дж. Постижение истории (Сборник).* М., 1991. 736 с.

К. НҮРПЕЙСОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ Ә. БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ АЛАШ

ШАЙДОЗЫМ Н.Д.

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада, белгілі ғалым К. Нұрпейсовтың кеңестік кезеңде Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне, әсіресе Алашорда үкіметі мен оның негізін салушы Ә. Бөкейханов туралы іргелі зерттеулеріне талдау жасалады. Тәуелсіздік алған тұста К. Нұрпейсовтың «Алаш һәм Алашорда» еңбегі жарық көріп, Алаш партиясының негізгі құрылымы, мақсаты мен бағдарламаларына қатысты құнды мәліметтер берді. Ғалымның Ә. Бөкейханов пен Алашорда мәселелеріне қатысты зерттеу еңбектері талданады.

Тірек сөздер: Алашорда, тарих, методология, К. Нұрпейсов, зерттеулер, кеңестік кезең, Ә. Бөкейханов, Алаш партиясы.

Аннотация. В статье будет проведен анализ фундаментальных исследований известного ученого К. Нурпейсова по актуальным проблемам истории Казахстана в советский период, особенно о правительстве Алашорды и его основателе А. Бөкейханове. К моменту обретения независимости был опубликован труд К. Нурпейсова «Алаш һәм Алашорда», в котором были представлены ценные сведения об основной структуре, целях и программах партии Алаш. Анализируются исследовательские работы ученого А. Бөкейханова и Алашорды.

Ключевые слова: Алашорда, история, методология, К. Нурпейсов, исследования, советский период, А. Бөкейханов, партия Алаш.

Annotation. The article will analyze the fundamental research of the famous scientist K. Nurpeisov on topical issues of the history of Kazakhstan in the Soviet period, especially about the government of Alashorda and its founder A. Bokeikhanov. By the time of independence, K. Nurpeisov's work «Alash ham Alashorda» was published, which provided valuable information about the basic structure, goals and programs of the Alash party. The research works of the scientist A. Bokeikhanov and Alashorda are analyzed.

Keywords: Alash orda, history, methodology, K. Nurpeisov, research, the Soviet period, A. Bokeikhanov, the Alash party.

XX ғ. басындағы Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары мен ұлт зиялыларына қатысты мәселе кеңестік кезеңде ең аз зерттелген немесе зерттеуге тиым салынған тақырыптар қатарында еді. Себебі, Ресей қалаларында білім алып, демократиялық көзқарастары қалыптасқан қазақ жастары кейіннен революциялық қозғалыстарға қатысып, қоғамдық-саяси бағыттарын өзгертті. Осы кезеңде қалыптасқан

ұлт зиялылары ағартушылық идеяларына әсер еткен олардың білім алған орталары еді. Оқыған қазақ жастары білімді Ресей қалаларынан алды. Бірақ, қазақ зиялыларына тән ағартушылық пен хронологиялық ерекшелік оларды заман сұранысына лайықты білім мен ғылымды игеруге итермеледі (Қойгелдиев, 2014: 235). Нәтижесінде 1917 жылы Алаш партиясы деп аталатын саяси партияны қалыптастырып, ұлт зиялылары бір мақсат пен мүдде жолында бірікті. Бұл сол кезеңдегі кеңестік билік өкілдерін қатты алаңдатқан саяси қозғалыс еді. Яғни, XX ғ. басында қазақтың жас интеллигенция өкілдеріне ден беруші сол кезеңдегі Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М. Дулатов сынды ұлт зиялылары болды.

Қазақ интеллигенциясының қалыптасуынан бастап қызметтерінің соңы кезеңіне дейін үлкен елдік мәселесінде еңбек еткен болатын. Олардың басым көпшілігі әмбебап мамандар саналды. Негізгі қызметі – ғылыми жұмыс, оқу-ағарту, шығармашылық, және т.б. Өз замамында озық ойлы, прогресстік даму жолындағы зиялылар халықты оқу, мәдениетке, отырықшы өмір кешуге шақырудың мәдени жолын таңдап, «Айқап», «Қазақ» газеттерін шығарды. Осы интеллигенцияның қалыптасуына қатысты К. Нұрпейісов зерттеулерінде көзқарастары мен әлеуметтік тегіне қатысты нақты мәліметтер көрсетілген болатын. Ол қазақ интеллигенциясының революцияға дейінгі идеялық-саяси көзқарастарын саралай келе, көзқарастарында айырмашылықтар болғандығын және олардың консервативтік бөлігі негізінен біртіндеп «Қазақ» газетінің төңірегінде топтасып, кейін Алаш партиясының ұйытқысы болса, қалған бөлігі Мұхамеджан Сералин басқарған «Айқап» журналының төңірегінде топтасқандығын атап өтеді (Нұрпейісов, 2010: 44). Бұл зиялы қауымның қоғамдық-саяси ойының екі бағытта – батыстық және шығыстық қалыптасуына негіз болғаны белгілі.

Ғалым қазақ интеллигенттерінің Петербургтың, Тарту мен Варшаваның, Мәскеудің, Қазан, Уфа, Ташкент пен Омбы, Томск университеттері мен институттарында, т.б. қалалардағы арнаулы, орта білім беретін оқу орындарында білім алғандығын. Жекелеген қазақ жастарының Түркия мен Мысыр сияқты елдердің мұсылмандық жоғарғы мектептерінде оқығандығын айта отырып, бір-біріне ұқсамайтын екі ортада білім алған қазақ зиялылары арасында қоғамдық-саяси ойдың екі бағытының – батыстық және шығыстық қалыптасуына негіз болғандығына көңіл бөледі.

Ұлт зиялылары немесе ұзақ уақытқа дейін «ақтаңдақтар» деп аталатын мәселелер туралы зерттеулер XX ғ. 90-жылдары ғана тереңірек зерттеле бастады. Әрине, бұл ұзақ уақыт түрлі кедергілерге ұшырап, зерттеу методологиясындағы таптық көзқарастың сақталуымен түсіндіруге болады. Осы кезеңдегі «ақтаңдақтар» мәселесінің ұзақ уақыт бойы зерттелмеуіне қатысты белгілі ғалым, Академик М.Қ. Қозыбаевтың мына сөзінде ашық айтылады: «Егер тарих ғылымының алдында тұрған міндеттерді бетбұрыс кезеңінің талаптары тұрғысынан саралайтын болса тарихшылардың туған халық алдындағы қарызы белшесінен екені айқын көрінеді. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тарих ғылымы алдымен тоқырау идеологиясы мен психологиясының шырмауында болып келді» (Қозыбаев, 1995: 86) деген тұжырымы сол кезеңдегі тарих ғылымының даму тенденциясын айқындайды. Десе де сол кезеңдегі кеңестік идеология шеңберінен шығып, отандық тарих ғылымында «Алаш партиясы», «Алашорда үкіметі» және ұлт зиялылары сынды мәселелерді тереңінен зерттеген К. Нұрпейісовтың еңбегі ерекше.

Академик Кеңес Нұрпейісұлы – отандық тарих ғылымының өзекті мәселелері бойынша іргелі ғылыми зерттеулер жүргізген және жоғары білікті ғылыми кадрларды дайындауға белсене қатысқан, қазіргі замандағы Қазақстан тарихының күрделі мәселелерін зерттеген танымал зерттеуші.

*Нұрпейіс Кеңес Нұрпейісұлы (1935-2007) – көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор. Алматы облысы Кеген ауданы Саты ауылында дүниеге келген.

1957 жылы С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеттің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) тарих факультетін үздік бітіреді.

1958 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтына ғылыми қызметке шақырылады. Осы жолда ғылыми қызметкерден бастап, бөлім меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор және академик дәрежесіне дейінгі ғылыми жолдан өтеді.

Ғалымның негізгі зерттеулеріне XX ғ. 20 жылдарындағы саяси-әлеуметтік және мемлекеттік құрылыс пен ұлт зиялыларына арналған көлемді еңбектері жатады.

К. Нұрпейісовтың негізгі зерттеулері 1980-1990 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістерге байланысты жаңа бетбұрыс кезеңіне өтті. Яғни, осы кезеңде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар алдында ұлт тарихының негізгі мәселелерін жаңа әдістеме тұрғысынан зерттеу міндеті тұрды. Бұл қазақ халқының тарихи санасын жаңғырту, өткен тарихымыздың «ақтаңдақтарын» қалпына келтіру бағытындағы жұмыстардың алғышарты еді.

Жинақталған мәліметтер негізінде К. Нұрпейісовтың зерттеулерін бірнеше бағытта қарастырамыз:

- ұлттық сана-сезімді қалпына келтіру бағытындағы зерттеулер;
- ұлт зиялыларының өмірі мен шығармаларын жинақтау;
- ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына қатысты зерттеулер;

– тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық-саяси мәселелер және т.б. Осы бағыттағы зерттеулерінде мақала тақырыбына сай Алашорда үкіметі мен оның белсенді көшбасшыларының өмірі мен қызметін зерттейтін алғашқылардың бірі болды.

К. Нұрпейісовтың «Алаш» партиясы мен оның ұйымдастырушылары төңірегіндегі мәселелер бойынша алғашқылардың бірі ретінде зерттеу жүргізуінің себептері болғаны белгілі. Ол туралы өзінің «Алаш» қозғалысы деген ұғымға қатысты XX ғ. 20-30 жылдарынан кейін дүниеге келгендер бұл қозғалыс туралы білмейді. Жағдайдың бұлай қалыптасуының өзіндік себебі, 1928-1932 жылдары орын алған қозғалыс жетекшілеріне қарсы ұйымдастырылған сот процестерінен кейін бұл тақырыпты зерттеуге тиым салды» деуінің өзі «Алаш» партиясы мен қозғалыс жетекшілеріне қатысты тақырыптар ұзақ уақыт бойы зерттелмеді. Бұл тақырып кеңестік кезеңнің өзінде ұлт тарихын түгендейші жанкешті тарихшы-ғалымдар тарапынан зерттеліп, өзіндік мәнге ие болған еді. Ұлт тарихының өткені мен болашағын саралаудағы К.Нұрпейісовтың еңбегі, оның көлемді зерттеулері бүгінгі күнге маңызды дүниеге айналды.

К.Нұрпейісовтың Алаш партиясы мен қазақ зиялыларына арналған «Алаш хәм Алашорда» іргелі еңбегі 4 тарауды құрайды және мәселенің тарихнамасынан бастап Алаш қозғалысының бастауы, ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарастарының өзгеруі мен Алашорда үкіметінің саясатына қатысты мәселелерді қамтыды.

Автор ең алдымен Ә. Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуы мен маңайына өзімен идеялас азаматтарды жинақтауына қатысты деректер маңызды болып табылады. Себебі, Алаш партиясының алғашқы бағдарламасын Омбыда оқыған қазақ жастары арасында алғаш рет баяндап, өзіне идеяластарды іздейді. Сол оқиға бойынша келесі деректі келтіреміз. Бұл Омбыда оқыған Д. Әділовтың ОГПУ тергеуінде берген жауабында былай келтіреді: «Омбыда оқыған қазақ жастары арасында өткен жиында Ә. Бөкейхановпен 50-60 адамдай жиналды. Сол жиында өзі құратын Алаш партиясының бағдарламасын ұсынды. Бірақ О. Әлжанов қазақтың үш жүзінің басын қосатын «Үш жүз» партиясы керек деген өз қарсылығын білдірді. Нәтижесінде Ә. Бөкейхановты жақтаушылар саны артып, оған жазылушылар көбейді» (Нұрпейісов, 1995: 146). Осылайша, Алаш партиясының алғашқы бағдарламасы қазақ жастары арасында кең таралып, оны қолдаушылар саны да артқан болатын.

Келесі мәселе «Алаш» атауына қатысты. Бұл ұғымның шығу тарихына байланысты келесі маңызды мәліметтерді ұсынады: «Алаш» атауы – қазақ халқы үшін киелі саналды. «Алаш» және «Алашорда» қозғалысы – бірнеше құрамнан тұратын күрделі ұғым. Ол саяси партия, мемлекеттік құрылым және автономиялық үкімет түрінде, яғни үшеуі де бір Алаш ұғымынан тарайды (Нұрпейісов, 1995: 5).

К.Нұрпейісов зерттеулерінде тағы бір маңызды мәселе «Үш жүз» және «Алаш» партиясының бағдарламасы мен негізгі ойларындағы ұқсастық. Ол туралы К.Нұрпейісов мына мәліметті алға тартады: «... Қазақстанның автономия болуындағы «Үш жүздің» пікірі Ә. Бөкейханов ойларымен сабақтас» деген сөзінің өзі XX ғ. қазақ халқының өз алдына автономия алуында алаштықтардың атқарған рөлінің жоғары екенін білдіреді. Бұл дегеніміз Ә.Бөкейхановтың «саяси сенімсіз» адамдар қатарында болса да бүкіл дала өлкесінің ұлттық қозғалысының көшбасшысы болғанын білдіреді (Ахмоллаева, 2021: 71). Ә.Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары елде жаңа сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқасаналылық, ұйымдасқан сипат беру жолдарын қарастырды.

«Алаш» партиясы мен «Үш жүз» партиясының тарихи миссиясына қатысты мәселеде К.Нұрпейісов екі партияның тұжырымдарын айқындап береді. Яғни, «Үш жүз» партиясының басты тұжырымы қазақтар бұрын мемлекет ретінде дамымаған» десе, ал «Ә. Бөкейханов бастаған алаштықтардың басты тұжырымы қазақ мемлекеттілігін жаңа жағдайда құру керек» деген тұжырымда болды. Осылайша, партияның басты тұжырымында да қазақ мемлекеттілігін жаңа сипатта құру міндеті тұрғанын білуге болады.

К.Нұрпейісов зерттеулеріндегі Ә.Бөкейхановқа қатысты мәліметтерді келесідей топқа бөлуге болады:

- «Алаш» партиясының негізін салушы қайраткер;
- «Алаш» автономиясының негізін салушы қайраткер;
- қазақ мемлекеттілігін жаңа негізде қалыптастырушы қайраткер;
- ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешу жолындағы қайраткер;
- Ұлттық саяси партия жетекшісі;

– ұлттық интеллигенция жетекшісі. Міне осы сипаттамалардың барлығы К. Нұрпейісов зерттеулерінде көрініс тауып, тереңірек зерттелген.

Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде ең өзекті мәселелер ретінде – мемлекеттің территориялық тұтастығын сақтау мәселесі болды. Бұл мәселе Ә.Бөкейхановтың Алаш партиясын жасақтаудағы басты бағдарламасына енді. Тек ғана Ә. Бөкейханов емес ұлттық интеллигенция мүшелерін де территориялық

бірлік толғандырды.

Территориялық тұтастық мәселесіне қатысты ол өз ойын келесідей сөзімен жеткізеді: «Мұжық пен қазақ арасына от жақты: қазақ болсын, мұжық болсын, жер десе дір ете түседі. Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі ғұмыр мәселесінің ең зоры» деп жазады. Ө. Бөкейхановтың бұл сөзі «Алаш» партиясының 10 бөлімнен тұратын бағдарламасында X мәселе саналды. К. Нұрпейісов өз еңбегінде осы «Алаш» партиясының бағдарламасын толықтай келтіре отырып, «жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін» деуінің өзі территориялық тұтастықтың маңыздылығын дәлелдейді (Нұрпейісов, 1995: 222).

К.Нұрпейісов зерттеулерінде қарастырылған мәселенің бірі – тәуелсіз сот төрелігі мәселесі. Алаштықтардың ойынша сот төрелігі демократиялық институттары орныққан мемлекетте ғана өз жұмысын жүргізе алады. 1917 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясы бағдарлама жобасының «Билік һәм сот» деп аталатын бесінші тарауында: «Билер мен судьялар Құдайдан кейінгі ең күдіретті адамдар болғандықтан жұрттың бәрі олардың шешімін орындауы тиіс», – деліген (Нұрпейісов, 1994: 12). Әділдік іздеуші бұқарахалықтың ең соңғы инстанциясы саналатын сот төрелігі ешкімге жалтақтамай, заң менардың алдында ғана жауапты болуы тиіс. Жаңару мен жаңғыруға негізделген тәуелсіз Қазақстанның сот реформасы осы нәтижеге қол жеткізеді деп сенеміз.

Қорыта келе, К. Нұрпейісов зерттеулеріндегі Ө. Бөкейханов бейнесі мен Алашордаға қатысты мәселелер XX ғ. 90-жылдары жарық көрген еңбектерінде көрініс тапты. Негізгі зерттеулер оның Алаш партиясын құру жолындағы күресі, өз жанына өзімен мақсаты бір қайраткерлерді жинақтай алуы және автономия деңгейіне жеткенге дейінгі кезеңдердегі Ө. Бөкейхановтың рөліне нақты баға бере білген.

Зерттеу жұмысын жазуда осы кезге дейін ғылыми айналымға енгізілмеген деректерді жүйелеп, нақты келтіре алған К. Нұрпейісовтың еңбегі ерекше маңызды. Бұл зерттеулерден Ө. Бөкейхановтың тұлғасы мен қызметі және Алаш партиясына қатысты маңызды деректерді алдық. Сонымен қатар, Алаш партиясы бойынша жаңа көзқарас қалыптастыруда көптеген пікірталастарға қатысып, тарихы мен оның басшыларының өміріне қатысты көптеген баяндамалар жасады. Осы жағынан қарағанда К. Нұрпейісовтың еңбегін жоғары бағалаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Ахмоллаева А.Н. Жеке тұлға бойында Әлихан Бөкейханов мұрасы арқылы рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру // «Әлихан Бөкейхан және Тәуелсіздік бейнесі»: республикалық онлайн конференция материалдары. – Талдықорған, 2021. – Б. 69-74.*
- Қозыбаев М.Қ. Тағдыр: түнек пен шырақ // Ақиқат. – 1995. - №8. – Б. 85-88.*
- Нұрпейісов К. Алаш және алашорда тарихының зерттелуі хақында // Қазақ тарихы. №1. 1994. – 12 б.*
- Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.*
- Нұрпейісұлы, К. Алаш ақиқаты. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 424 б*
- Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы): монография / М. Қойгелдиев. – Алматы: Дәстүр, 2014. – 428 б.*

ТАРИХИ САНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

РАХМАЛИЕВА Л.А.

«Тарих» БББ 2 курс магистранты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада тарихи сана ұғымына түсінік беріліп, тарих, қазақ тілі, әдебиет пәндеріндегі мектеп бағдарламасының тақырыптарымен байланыстырылып, тарихи сана қалыптастырудағы гуманитарлық ғылымдардың рөлі мен атқаратын қызметі туралы деректер мен дәлелдер келтіріп, талдаулар жасалған. Тәуелсіз елдің кемеліне келіп, дамыған алдыңғы елдердің қатарына шығу үшін қажет ұлттық құндылықтар, ұлттық мінезіміздің ерекшеліктері, ұлттық рух ұғымы мен оның маңыздылығы туралы тарихымыздағы ұлы тұлғалардың қалдырған сөздерін, ерлік жолдарын, халық ауыз әдебиетіндегі, қазақ мәдениеті мен өнеріндегі ұлттық тағылымдарды негізге ала отырып тарихи сананы қалыптастыру жолдары баяндалады.

Тірек сөздер: Тәуелсіздік, тарихи сана, ұлттық құндылық, ана тілі, ұлттық рух, ұлттық мінез.

Аннотация: В статье раскрывается понятие исторического сознания, которое соотносится с темами школьной программы по предметам история, казахский язык, литература, приводятся данные и аргументы о роли и функции гуманитарных наук в формировании исторического сознания. Также излагаются национальные ценности независимой страны, необходимые для сохранения национальных

особенностей, достижения совершенства и вхождения в число развитых стран, способы формирования исторического сознания, основанные на словах великих деятелей нашей истории о нашем национальном характере, понятие национального духа и его важности, способы формирования мужества, национальные уроки народной устной литературы, казахской культуры и искусства.

Ключевые слова: Независимость, историческое сознание, национальная ценность, родной язык, национальный дух, национальный характер.

Annotation: The article explains the concept of historical consciousness which correlates with the topics of the school curriculum in history, Kazakh language, literature, provides data and evidence on the role and function of the humanities in the formation of historical consciousness, analyzes. The article outlines the national values of an independent country necessary to preserve national characteristics, achieve perfection and become one of the developed countries, the ways of forming historical consciousness, based on the words of great figures of our history about our national character, the concept of national spirit and its importance, the ways of courage, national lessons in folk oral literature, Kazakh culture and art.

Keywords: Independence, historical consciousness, national value, native language, national spirit, national character.

Тарихи сана - ұлттың баға жетпес құндылығы. Тарихи сана болмаса, ұлт қалыптаспайды. Өр ұлттың тарихы мен мәдениетінің келешегі оның өкілдерінің халқына атқарған қызметі мен ұлттық сананың деңгейі негізінде жатыр.

«Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлттым» деп өседі. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек» деген Ж.Аймауытовтың сөзінен (Е.Зеңгіров, 2012: 19) мемлекеттің болашақта алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарынан көргің келсе, баланы ұлтына жақын қылып, халқына жаны ашитын, ұлтын сүйетін саналы тұлға тәрбиелеу керек екенін айтып өткен. Ұлттық сана негізінде тарихи сана қалыптасады. Тарихи сана әрбір ұрпақ, жеке адам үшін оның рухани қалыптасуында қоғамына, өзіне дұрыс бағыт-бағдар беретін білім. Тарихи сана-ұлттық құндылықтарымызды бойымызға сіңіру, төл тарихымыздағы тұлғаларының тағылымын зерделеу, ұғыну арқылы қалыптасады. Бұл процестерді жүзеге асыруда гуманитарлық ғылымдардың атқаратын орыны ерекше. Тарихи сана қалыптастыруда ұлттық құндылықтарымызды бойымызға сіңіру керекпіз.

Ұлттық құндылығымыздың бірі - ана тіліміз. «Тіл байлығы, тіл тазалығы - ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге белгісі», - деп Бауыржан Момышұлы (Е.Зеңгіров, 2012: 50) айтқандай, тарихи санамызды қалыптастыруда қазақ тілінің тазалығы басты орынға қойылуы керек. Кеңес заманы кезінде әр ұлттың дербестігі, еркіндігі, бостандығы конституция бойынша айқындалғанымен, іс жүзінде жүзеге асырылған емес. Мемлекеттік тіл негізінде орыс тілі болды. Барлық іс-қағаздар, құжаттар, «ұлы халықтың» тілінде жүргізілді. Тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан астам уақыт өтседе, қазақ тілінің тазалығына қатысты кемшіліктерді әлі де көруге болады. Мәселен, бір-бірімен тілдесу барысында әр қазақ сөзінің арасына орыс тіліндегі сөздерді қыстырып, тіл тазалығын бұзып, қазақ, орыс сөздерін араластырып сөйлеу әдетінен әлі де арыла алмай келеміз. Осы кедергілерді жоюда тек тіл мамандарының міндеті деп қарамай, әр қазақ болып, осы кедергімен күресу керек.

«Мемлекеттік тілді білу - Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді.» (Қ.К.Тоқаев мақаласы, 2021: 2). Келешек ұрпаққа ғылым мен білімді үйрету және тарихи сананы қалыптастыру тіл арқылы жүзеге асады. Абай, Шәкәрім, Мағжан сөйлеген мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық беріледі. Қазақ әдебиетінде қазақ фольклорының барлық жанры да тарихи сананы қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақ ертегілеріндегі кейіпкерлерді біле отырып, халқының алдындағы жауапкершілік, досқа адалдық, бауырға қамқорлық, қиындыққа тап болған жанға көмек көрсету, т.б. адами қасиеттерді бойына сіңіреді. Тарихи әңгімелер, әсіресе батырлар жыры баланы ұлттық болмысымен, елдің тұрмысымен біріктіре отырып, қоғамымен рухани бірігудің негізінде тұратын атамекен түсінігі, туған жері үшін күресті баяндайды. «Қобыланды батыр» жырынан келтірілген үзінді осы ойымызды дәлелдей түседі.

«Қобыланды батыр» жырынан үзінді

Қарлыға менен Қобылан.

Қараман, Орақ төртеуі

Бастарын қосып батырлар
Намыстарын бермеді.
Қобыланды ердің бақыты
Барған сайын өрледі.
Қабыл болды бұл сапар
Қобыланды ердің мұраты.
Алшағыр ханның шаһарын
Бүкіл Қыпшақ жабылып,
Он сегіз күн шабады.
Іздегенін табады.
Көп олжаға кенелді.
Дұшпаннан алған көп малды
Ызғытып айдап жөнелді.
Үш ай, үш күн дегенде,
Қараспан тауын жағалап,
Аз аулы деген көліне
Тоқтар басы көп Қыпшақ
Келіп қонды баяғы
Алшағыр шауып зарлатып,
Бөлініп көшкен жеріне
Әділдікпен батырдың
Жиып алып көп халқын,
Бөліп берді еліне,
Пақыр, кедей, кеміне,
Кедейі байға теңеліп,
Риза болды бәрі де.Қобыланды сынды еріне.
(«Ақсауыт» Батырлар жыры,1346.)

Тарих қойнауында қилы замандарда әр адамға қиыншылық сәттерде күш беретін дүние - атамекен. Себебі батырлар сол атамекенде дүниеге келіп, оның тағдыры үшін күреседі. Атамекен болмаса ұлттың ұлт болып, мемлекеттің мемлекет болып тұра алмайтындығын әр адам жете түсінеді.Халық ауыз әдебиетіндегі батырлардың бейнесі, елі үшін жасаған ерлігі, елдің болашағы туралы тұтас ұлттық ойлаудың өнімі болып саналады. Ұлттық ойлаудың негізінде тарихи сана қалыптасады.

Қоғамға ең басты қажет дүние- ұлттық мінез.Қазақтың ұрпақты елдікке тәрбиелеу ісінде де адамның мінезін тәрбиелеу жатыр. Адам болмысының деңгейін көрсететін көзқарас -тәрбиеден шығады. Жас ұрпақ бойына тарихи сананы қалыптастырып, оларды тәрбиелеуде Абайдың қара сөздерінің алар орыны ерекше.

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем деген екен. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмегенсоң, олжанадамжаныболмай, хайуанжаныболады.» 7-қара сөзі (Абай 2007:181). Абайдың әр қара сөзі тәрбиеге толы, кейінгі ұрпаққа өнеге болар, тәлімге толы мұра. Осындай құнды дүниелерден ұлттық қасиетіміз, мінезіміз қалыптасқан.Ұлттық мінезіміздегі ерекше қасиетіміз - сыйластық,ізгілік, ізеттілік. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, «ұят болады» деп жағымсыз қылықтардан тиып, жақсылық пен жамандықтың не екенін айтып, баланың мінезін, тұлғасын қалыптастырып, ұлттық мінезде «көреген қазақ», «дана халық» ұғымдары пайда болды (Б.Ақжанов 2017: 32).

Әр халықтың тарихы болмаса, ұлттың тарихы ұрпақ санасында сақталмаса, рухы әлсірейді. Тарих білімі ұлттық құндылықтарды сақтап, ұлттық сана мен тарихи сананы қалыптастырады. Ұлттық санамыздағы қиетті сөз - Тәуелсіздік. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуі тиіс. Жеткіншек ұрпаққа тарих беттеріндегі ұлтымыздың басынан өткен зобалаңдары мен осы жолда құрбан болған тұлғалардың ерлігін ұғындыра отырып, тарихи сананы қалыптастырамыз. Тарих

ғылымының бұл салада алар орыны ерекше. Ежелгі дәуірде сақ патшайымы Томирис, түркілер дәуірінде Бумын, қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі тәуелсіз ел болу үшін күрескен қазақ хандарының саясаты, Ресей құрамына кіргеннен кейінгі ұлт азаттығы үшін атқа қонған Сырым, Махамбет пен Исатай, Жанқожа мен Есет батырлардың ерлігі, хан ұрпағы бола тұра ұлт азаттығы үшін үш жүздің басын біріктіріп, күреске шыққан Кенесары ханның көзсіз ерлігін ұғынған ұрпақтың ұлттық санасы жоғары болатыны хақ. Одан кейінгі ХХ ғ. басында Алаш қайраткері Ә.Бөкейхановтың «Тірі болсақ - алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар!», - деп бүгін біз жеткен азаттықтың олар үшін жете алмаған арманы екенін айтып кеткен (Е.Зеңгіров, 2015: 23). «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.» (Қ.К.Тоқаев, 2021: 3)

Тарихи санамызды қалыптастыратын дүниенің бірі - Құрманғазы сынды талант иелерінің шығармалары. ХІХ ғ. өмір сүрген Құрманғазының күйлері халықтың азаттықты көкसेген арманын, әділетсіздікке қарсылықты, қоғамдық мүдделердің өзара қақтығысын білдіреді. Атап айтсақ, «Кішкентай», «Ақбай», «Ақсақ киік», «Түрмеден қашқан», «Адай». Құрманғазының шығармаларының бірі қазақтың дәстүрлі музыкасының шыңында тұрған – «Сарыарқа» күйі. Ұлттық өнерімізді әлемге танытқан бұл күй ұлы күйшінің туған жеріне, қазақтың кең даласына деген махаббатынан туған туынды. Қуғындалып жүрген Құрманғазының «Сарыарқасы» бүкіл қазақ халқының еркіндікке, азаттыққа деген құлшынысын бейнелейді. Күйлерді тыңдай отырып, құлағымызға азаттыққа ұмтылған халықтың үні келіп, ұлттық сана нығайып, ұлттық рух пен жігер арта түседі.

Ұлттық санамыз ұлттың дәстүрі, мәдениеті, шаруашылығы, ділі, ана тілі, ұлттық тарихы, құндылықтары негізінде қалыптасып, тарихи сана ұлттық мүдде ісінің қажеттіктері мен ұлттық рухқа негізделген идеядан туындайды. Ұлттың тарихы болмаса, халықтың рухы әлсірейді. «Рухани әлемі кең, рухы биік ел - қайсар ел. Ондай елді ешкім жеңе алмайды» (Е.Зеңгіров, 2012:206) Шерхан Мұртазаның сөзінен елдің беріктігі мен тұтастығын сақтауда халықтың рухы мықты болу керек екенін аатап өткен. Қазақ мәдениетінің құндылықтарына, қазақ халқының рухани дүниелеріне қарап рухани құбылыс, зерде, көзқарас, ұлттық ойлау, ұлттық бірегейлікке тән ерекше қасиет болғандығын байқаймыз. Қилы замандарда, қазақтың басынан өткен қиындық кезеңдерде, қиындықтарды жеңу үшін қоғамға қажет басты нәрсе - халықтың ұлттық санасын, рухын көтеру болған. Осы мақсатты жүзеге асыруда халыққа бағыт-бағдар беруде гуманитарлық бағыттағы ғылым мен интеллигенция өкілдерінің ұстанымы негізгі принцип болып табылған. Қазіргі уақытта да жеткіншек ұрпақтың бойына тарихи сананы жаңғыртып, ұлттық рухта тәрбиелеуде гуманитарлық пәндердің атқаратын рөлі маңызды болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зеңгіров Е. «Ұлт рухы» - Алматы: Экономика, 2012. 196., 50б.
2. Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» // Егемен Қазақстан, 2021. 5 қаңтар, 1-3б.б.
3. Батырлар жырлары «Ақсауыт» - Алматы 134б.
4. Абай - Алматы: Мектеп, 2007. 181б.
5. Б.Ақжанов «Қоғамдық сананың жаңғыртылуы» // Ақиқат, 2017. №11. 32 б.
6. Зеңгіров Е. «Ұлт рухы» - Алматы: Арна, 2015. 206 б.

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

САДЫКОВА Л.К., ДЖАКИПОВА Т.У.

т.ғ.м., оқытушылар

«Семей медицина университеті» КеАҚ

Семей қ., Қазақстан

Аннотация: Атаулы мақалада қоғамымызда белең алып отырған деструктивті діни ағымдардың көптеп таралуы мен жастар арасында діни сауатсыздықтың алдын алу мәселелері қаралады. Діннің кейбір ерекшеліктерін елемей деструктивті сипаттағы теріс дінге ергендердің көбею себептері және онымен күресте діни сауаттылықтың діни фанатизмнің алдын алудағы басты құрал екендігі сипатталады.

Кілт сөздер: Әлемдік діндер, зайырлы мемлекет, теріс ағымдар, діни сауаттылық, толеранттылық, жастар.

Әлемде 10 000-нан астам сенім бар. Адамдардың 84 пайызы, ең ірі 5 дінге сенеді, олар: Христиан, Ислам, Индуизм, Буддизм, және тағы басқа халықтық діндер. Барған сайын көп мәдениетті әлемде діни сауаттылық өте маңызды бола түсуде. Діни сауаттылық қоғамдағы толеранттылықты және түсініктегі әлемді құруға мүмкіндік береді. Бұл қақтығыстардың алдын алуға және әртүрлі діндердегі адамдар арасындағы құрмет пен жанашырлықты дамытуға көмектеседі. Діни сауаттылық өзінің негізгі мағынасында әлемдік діндер туралы және діннің мәдениет пен саясатпен қалай байланысты екендігі туралы білімді білдіреді. Діни сауаттылық бізге өзімізді, бір-бірімізді және өмір сүріп жатқан әлемді түсінуге көмектеседі. Қазақстан азаматтарының 90 пайызға жуығы дінге сенеді, олардың 70 пайыздан астамы мұсылмандарға жатқызылады (Абдрахман, 2021). Қазақстан мұсылмандары сунниттік, оның ішінде Ханафи мазһабын ұстануымен және жергілікті ғұрыпқа да көңіл бөлуімен теріс діни ағымдардан алшақ тұрады. Ислам діні қазақ жерінде ұлттық мәдениетімізді дамытуда және халықтың әдет-ғұрпына терең сіңіп, және оны қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты.

Еліміздің заңнамасы бойынша әр адам өз қалаған дінін ұстануға құқылы, зайырлы ел болып табылады. Бүгінгі таңдағы қоғамның мәселелері арасында дін жолында адасушылар да бар, олар қоғамға кері зардабын тигізуде. Бұл өз кезегінде күмәнді діни уағыздаушылар, яғни теріс ағымдағы адамдардың кесірінен болып отырған мәселе. Соның салдарынан Қазақстан мұсылмандарына тән, дәстүрмен ұштасқан, тамыры терең діннен ауытқып кету қаупі бар. Әртүрлі айла-амалдардың кесірінен Қазақстан азаматтары Сириядан бірақ шығып жатты. Әрине, бұның бәрі діни сауатсыздықтың салдарынан туындап отырған жағдай. Бұның алдын-алу қоғам үшін маңызды, себебі теріс ағымдар қоғамға үлкен зиянын тигізуде. Оның ішінде -адам санасын улау және оны қылмысқа итермелеу сияқты кері әсерлерді байқауымызғы болады. Діннің кейбір ерекшеліктерін елемей деструктивті сипаттағы теріс діни ағымға еріп кеткендердің көбеюінің себебі, діни білім мен сауаттылықтың аздығы. Байыбына бармай жатып ортасындағы адамдарды да үгіттейді. Соның салдарынан мемлекет ішінде, адамдар арасында іріткі туындап оны тоқтату қиынға соғады немесе тіптен мүмкін болмай кетуі де ғажап емес. Дүние жүзінде қақтығыстар жалғасып жатқандықтан, діни сауаттылықты дамыту бұрынғыдан да маңызды. Діни сауаттылық тек діни мәтіндерді, әдет-ғұрыптарды және наным-сенімдерді түсінуге ғана емес, сонымен бірге үнемі өзгеріп отыратын саяси, әлеуметтік және мәдени контексте діннің қалай қалыптасатынын түсінуге де мән береді. Діннің адам ресурстарына қалай әсер ететінін түсінуге арналған құралдардың дұрыс жиынтығымен, біз дінаралық және дін ішілік әртүрлілікті жақсырақ түсіне аламыз, стереотиптерге қарсы тұра аламыз және дүние жүзіндегі бай дәстүрлер туралы түсінігімізді кеңейте аламыз. Біз өзімізден басқа әлемді көретін адамдармен шынайы қарым-қатынас орнатқанда, көкжиегімізді кеңейтеміз және оң қарым-қатынасты дамытамыз. Бұл көбінесе басқа адамдар мен дәстүрлерді тереңірек түсінуге ықпал етеді. Діндердің алуан түрлілігін, соның ішінде әрбір дәстүрдегі діндерді қабылдағанда, біз діни сауаттылықты арттыруға бір қадам жақындаймыз. Яғни дін туралы терең білу діни сауаттылық негізі және діни фанатизмнің алдын алудағы басты құрал.

Діни сауаттылықтың отбасыдағы маңызы да зор. Әр ата-ана баласының дін туралы дұрыс түсінік алуына тікелей жауапты. Яғни бала ата-анасы арқылы көп мәлімет алады, және оны тез қабылдайды, себебі ол ата-анасымен психо-эмоционалды байланыста болады. Ата-анасы баласының дін туралы көзқарасының дұрыс қалыптасуын және діндерге сыни көзқараспен қарай алуын қалыптастыруы қажет. Бұндай жағдайда өскен баланың діни сауаттылығы қажетті деңгейде болады және ол баланы болашақта жолдан тайдыру өте қиын немесе мүмкін болмайды.

Діни сауаттылықтың мемлекетке тигізер әсері - қоғамдағы тұрақтылықты сақтау және қауіпсіздік екендігін ескерсек, біздің жастарды дәстүрлі діни бағытта тәрбиелеудің бір жолы - мектептер мен орта, жоғары оқу орындарында дәстүрлі дініміздің тарихы, мәдениеті мен дін салт-дәстүрлері туралы білім беретін арнайы курстарды міндетті түрде енгізу. Яғни, мектептер мен жоғары оқу орындарында сабақ беретін білімді маман даярлауды қолға алу. Бұл мәселелер әлі де шешім таба алмай келеді. Қазір дәстүрлі дін жастарын оқытатын, тәрбиелейтін арнайы діни орталықтардан басқа білім көздері аз. Оның орнына біздің жастар, мектеп оқушылары әртүрлі діни секталардан білім алып, оларды ұстанады. Ал егер діни білім болмаса, көзқарас қалыптаспаса не болуы мүмкін. Сонымен қатар ең алдымен, ата-аналар мен ұстаздардың өздері жақсы мен жаманды ажырата білуі керек, дін туралы түсінігі терең болуы шарт. Дегенмен, діни сауатсыздықтың себебін тек білім деп қарау мүлде дұрыс болмас еді. Әлеуметтік-экономикалық факторлар, психологиялық факторлар, сондай-ақ әртүрлі сенімсіз ақпараттың үлкен ағыны сияқты басқа да бірқатар себептер бар. Экономикалық факторға мысал келтірсек, қаражат жағынан қиындықтары бар отбасыларда балаларға көп көңіл бөлінбейді, соның салдарынан балалар қолдауды отбасынан бөлек қоғамда іздеуі мүмкін. Қазіргі әлемде адамдар интернеттен немесе әлеуметтік желілерден ақпараттарды тексерілмеген дереккөздерден іздейді, осылайша діннің артына жасырынған

түрлі культтердің ықпалына осал болып қалады. Біздің Президентіміз "Рухани жаңғыру" Рухани ағарту, ел мен қоғамның тұтастығын сақтауға көмектесетін тарихи қалыптасқан мәдени құндылықтарды сақтау және дамыту туралы бекер айтпайды (Нуржан, 2019, 112 б.). Осылайша, діни сауаттылық Қазақстан дамуының негізгі стратегиялық бағыттарының біріне айналды және уақыт талабы болып табылады.

Саяси деңгейдегі діни сауаттылық өте маңызды, өйткені қоғамдық саладағы көшбасшылар заң шығарушы билікке ие және әртүрлі діни қауымдастықтардың қалай қаралатынына және оларға қандай құқықтар берілетінін реттейді. Адам өмірінде әр топтың діни құндылықтар арқылы қалыптасатын сенім жүйесі бар. Бұл сенімдер жеке тұлғаның саяси жүйедегі саяси көзқарасына әсер етеді. Саясат дінмен және дін саясатпен тығыз байланысты болғандықтан, адам құқықтарын, қауымдастықтардың қатысуын және жаһандық бейбітшілікті ілгерілету үшін тығыз дипломатиялық және діни ынтымақтастық қажет. Дипломатиялық дінмен өзара әрекеттесу діни істердің күрделілігі мен мәнін және мәтінін ескеруі керек, дәл сол сияқты дипломаттар саяси, мәдени, экономикалық және басқа да өзара әрекеттесу тәсілдерін нақты жағдайларға бейімдейді, яғни шиеленістерге жол бермейді.

Қазақстан зайырлы мемлекет. Қазақстанның мемлекеттік саясаты елдегі бейбітшілікті, тұрақтылық пен жарқын болашаққа деген сенімді сақтауға бағытталған. Өйткені, болашақ біздің қолымызда, біз біреудің мемлекетіміздің ішкі істеріне араласуына, біздің үйге бөтен идеяларға қол сұғуына жол бермеуіміз керек. Біз ата-бабаларымыздың отбасын, халқын, мәдениетін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын қорғауымыз керек. Осыған байланысты еліміздің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сананы қалыптастыра отырып, өзінің бірегейлігі мен бірлігін сақтау қажет. Теріс ағым материалдарын жою арқылы фанатизмнен, басқа біреудің идеологиясынан құтылу мүмкін емес. Яғни, дәстүрлі көзқарастарды қалыптастыру үшін біз өзімізді – діни ақпарат пен ақпараттың дәстүрлі балама көздерін ұсынуымыз керек. Әр адам діни сауатты болуы және басқа діндерге толирантты қарауы қажет. Ол үшін діннің маңызы мен саясаттағы рөлін білуі қажет. Елде діни сауаттылықты арттыратын іс-шаралар саны артуы шарт болып табылады. Еліміздің азаматтарының діни сауаттылығын арттыру үшін адамдар шетелде білім іздемеуі үшін кадр базасын құру және білім беру діни жүйесін жетілдіру қажет. Халқымыздың тарихы мен мәдениетін терең білетін мамандарды даярлауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын құру қажет. Бұл процесте кадрлар әрдайым халықпен байланыста болып олардың сұрақтарына жауап беру арқылы олардың діни сауаттылығын арттырады. Қазақстан азаматтарының білім сапасы жоғары болуы тиіс. Ең бастысы дін мен саясат дистанция сақтап, үйлесімділікте болуы тиіс. Тұтастай алғанда, діни сауаттылық өте пайдалы дағды болып табылады және оны қажетті азаматтық міндет ретінде қарастыру керек. Бұл жеке, қоғамдық және саяси деңгейлерде өте тиімді, өйткені ол әртүрлі діни ортадан шыққан адамдарды тереңірек түсінуге ықпал етеді және әртүрлі діндердің тендігі мен қабылдануына ықпал етеді. Теріс ағымдарды тануға және олардан аулақ болудағы орны ерекше. Қоғам дерті болып отырған теріс ағымдардың көбеюі әрине, діни сауаттылықтың төмен болуынан бой көтереді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нуржан Г.Т. «Рухани жаңғыру бағдарламасын» іске асыру. – Астана: Фолиант, 2019. 112 б.

2. Абдрахман Б. Діни сауаттылық – ұлт болашағы // Түркістан облысы дін істер басқармасы <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/din-jane-qogam/dini-sauattylyq-ult-bolashagy-504>

3. Темен Б. Діни сауаттылық – заманталабы // Казислам. <https://kazislam.kz/dini-sauattylyq-zaman-talaby/>

4. Діни сауаттылық маңызды // Егемен Қазақстан. 22 мамыр 2023 жыл <https://egemen.kz/article/342658-dini-sauattylyq-manhyzdy>

FOREIGN INVESTMENTS IN THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN: THE EUROPEAN VECTOR

NURSULTANOVA L.N.

*d.h.s., Professor of the Higher School of
Social Sciences and Humanities*

Suraberdі T., Baidildaeva A.

*student, Astana International University
Astana, Kazakhstan*

Аңдатпа. Қазақстан мен Еуропалық Одақ (ЕО) 1995 жылдан бері жемісті ынтымақтастықта. Осы уақыт ішінде екі тарап та қарым-қатынастардың ғана емес, сонымен қатар халықаралық маңызы бар проблемалардың көптеген мәселелері бойынша өз ұстанымдарын жақындастыру үшін орасан зор жұмыс атқарды. Біз таңдаған зерттеудің өзектілігі Қазақстанның нарықтық экономикасы бар, тікелей шетел инвестицияларын (ТШИ) тартатын ел екендігіне байланысты. Халықаралық тәжірибе

көрсеткендей, көптеген мемлекеттер ТШИ тарту жолынан өткен. Қазақстан мен ЕО елдері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізгі тетіктері Экономика және өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялар (ЭӨК) болып табылады.

Түйінді сөздер: Қазақстан, Еуропалық одақ, экономика, ынтымақтастық, бірлескен жобалар.

Аннотация. Казахстан и Европейский союз (ЕС) сотрудничают плодотворно с 1995г. За это время обе стороны проделали колоссальную работу по сближению своих позиций по многим вопросам не только своих отношений, но и проблем международного значения. Актуальность выбранного нами исследования обусловлена тем, что Казахстан является страной с рыночной экономикой, которая привлекла прямые иностранные инвестиции (ПИИ). Международный опыт показывает, что многие государства прошли путь привлечения ПИИ. Ключевыми механизмами торгово-экономического сотрудничества между Казахстаном и странами ЕС являются Межправительственные комиссии по сотрудничеству в области экономики и промышленности (МПК).

Ключевые слова: Казахстан, Европейский союз, экономика, сотрудничество, совместные проекты

Annotation. Kazakhstan and the European Union (EU) have been cooperating fruitfully since 1995. During this time, both sides have done tremendous work in bringing their positions closer on many issues, not only regarding their relations but also on problems of international significance. The relevance of our chosen research is due to the fact that Kazakhstan is a country with a market economy that has attracted direct foreign investments (DFI). International experience shows that many states have gone through the process of attracting DFI. The key mechanisms of trade and economic cooperation between Kazakhstan and the EU countries are the Intergovernmental commissions on cooperation in the fields of economy and industry (IC).

Keywords: Kazakhstan, European Union, economy, cooperation, joint projects.

Introduction. German business circles are represented in almost all sectors of Kazakhstan's economy. Among them, it is worth noting such conglomerates as "Linde Group," "HeidelbergCement," "Knauf," "Metro Cash & Carry," "ThyssenKrupp," "BASF," "Siemens," "Henkel," and "Bosch," which have collectively invested more than 500 million euros in Kazakhstan's economy and created several thousand jobs, bringing advanced German technologies and innovations to the country.

Over three decades, Kazakhstan and the United Kingdom have concluded more than thirty bilateral agreements. A solid foundation for cooperation has been established, aimed at developing intergovernmental partnership for the benefit of the peoples of both countries for many years to come. 40 joint ventures, including JV "Aksai," JV "Farab," NPO "Zhezkazgancvetmet," PO "Balkhashmed," Ust-Kamenogorsk Lead and Zinc Complex, Aktobe Chromium Compounds Plant, Karaganda Metallurgical Combine, and others, have operated in various industrial sectors. In the trade and economic direction, notable activities are demonstrated by the Kazakhstan-British Trade and Industrial Council (KBTIC), the Kazakhstan-British Chamber of Commerce and Industry, and the British-Kazakh Law Association.

The colossal energy resources of the Caspian Sea make Kazakhstan a highly promising market for the United Kingdom for goods and services related to the development of oil and gas fields and the creation of the corresponding infrastructure. As of 2005, the oil and gas sector of the country had over 150 British companies and joint ventures with their participation, among which were giants like BG, Shell, and BP. Moreover, interest in the oil and gas sector is constantly growing. For instance, not so long ago, the British engineering company AMEC, known as a leading global provider of technical services for major oil extraction enterprises, opened an office in Atyrau [Brammell, 2006, p.5].

France participated in projects related to the development of the oil extraction industry, chemical and mining industries, and the agricultural sector. Companies such as "TotalFinaElf," "Aventis," "Rhône-Poulenc," "Générale de Géophysique," "Cogema," and "Générale des Eaux," in cooperation with Kazakh enterprises, created jobs, held business forums, and were involved in training personnel. For example, the French companies "Suez Lyonnaise des Eaux" and "Générale des Eaux," recognized as world leaders in the field of water purification and distribution, participated in the implementation of water projects in Kazakhstan [APRK, 1998, p.26].

Austria was interested in cooperation with Kazakhstan, and in 1998, about 25 Austrian firms were accredited in the republic. In March 2015, a "Roadmap" for further economic cooperation was adopted, including a list of 36 priority projects totaling about 400 million euros. Among them were projects from well-known firms such as "OMV," "Kapsch," "Strabag," "Bertsch," "Porr," "Siemens," "Swarovski," "VAMED," "Doppelmayr," and "Christof Group."

Cooperation was strengthened with major Swedish companies such as "Ericsson," "Volvo," "ABB," "Euromin," "LandaAB," "Sandvik," "Electrolux," "Sadkora," and "Dicomb – Pasber Trading," which have long-term plans in the republic. For example, "Ericsson" worked on establishing GSM digital cellular communication

in the southern capital. Taking into account the specific conditions of Kazakhstan, the company developed the capabilities of cellular telephone communication and communications.

Cooperation with Italy is developing in almost all areas, including the development of mineral deposits, processing of agricultural products, food and light industry, agricultural machinery manufacturing, and energy. Italy possesses significant innovative potential in alternative energy and other fields. Joint work and projects in high-tech industries further strengthen our partnership.

In Kazakhstan, many leading Spanish companies continue to operate successfully, among which are "Talgo," "Repsol," "Maxam," "Indra," "Airbus Military," "Teltronic," "Imabe Iberica," "MYPE," "Inditex," "Eptisa," "TYPESA," "Grupo AGEM," "OHL," "INECO," "IDOM," "Globaltec," and others.

Жалпы алғанда, хронологиялық мәліметтерді оқытып үйретудің нақты тәсілдері мен құралдарын таңдау барысында тарихи фактінің сипатын, оның тарихтағы алатын орны мен басқа фактілермен байланысы мен арақатынасын ескеру қажет. Өйткені тарихты оқыту барысында оқушыларда хронологиялық білім мен біліктерді қалыптастыру процесі белгілі бір тарихи даталарды хабарлаумен ғана шектелмейді. Танымдық тапсырмалар арқылы оқушылардың хронология бойынша дайындық деңгейіне болжам жасауға және хронологиялық материалды тарихи фактілердің мәнін тереңнен түсінуге және оқушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылығын арттыруда қолдануға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шотбақова Л.Қ., Амрина М.С. Қосалқы тарихи пәндер: оқу құралы. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. -418 б.
2. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Гуманит. изд. центр Владос, 2003. -384 с.
3. Короткова М.В., Студеникин М.Т. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях: Практическое пособие для учителей. –Москва: Владос, 1999.
4. Қозғамбаева Г.Б. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы / құраст.: Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алтысбаева. – Өңд., толықт. екінші бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.

ЭМПАТИЯ БОЛАШАҚ КӘСІПТІҢ МОРАЛДЫҚ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ

ЖАКУПБЕКОВА Э.А., САДЫКОВА Л. К., ҚАЗЫБАЕВ С. Қ.

*педагогика магистрлері, Семей медицина университеті
Семей қаласы, Қазақстан*

Қазіргі психология ғылымында эмпатия әртүрлі аспектілер мен бағыттар бойынша зерттеледі. Оған әсер етуші мәселелер: 1) эмпатияның психикалық құбылыс ретіндегі табиғаты; 2) эмпатияның адам мінез-құлқындағы эгоисттік және альтруисттік тенденциялармен байланысы; 3) эмпатия көрінісіндегі инфекцияның, индукцияның, шартты рефлексстердің, интуицияның рөлі; 4) эмпатияның көріну нысандары және оларды есепке алу әдістері; 5) тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудағы эмпатияның қызметтері. Осыған байланысты «эмпатия» ұғымының әртүрлі түсіндірмесі бар.

Көптеген отандық және шетелдік психологтар эмпатияны басқа адамға деген сөзсіз оң көзқарас ретінде сипаттайды. А.Қ. Бохарт бірқатар психотерапевтік мектептерде қалыптасқан эмпатия туралы идеяларды салыстыра отырып, «эмпатия» термині басқалармен қарым-қатынасқа (эмпатия объектісі) көп көңіл бөлінетін өзара байланысты ұғымдар тобын білдіреді деген қорытындыға келді. Эмпатия бұл жағдайда қарым-қатынас жасаушы серіктесіне деген тану, көмек, жылылық, түсіністік, жақындық, сөзсіз позитивтілік қатынастарының жиынтығы ретінде түсініледі [Гаврилова, 1979:27-29]. В.В. Знаков эмпатияны басқа адамға деген сөзсіз жағымды қатынас ретіндегі анықтамасымен келіседі. Ол сондай-ақ, эмпатия басқа адамға оң көзқарас арқылы көрінеді деп санайды, бұл оның жеке басының тұтастығын мойындауды білдіреді. Бұл ретте В.В. Знаков эмпатиялық қатынасқа субъектінің қарым-қатынастағы серіктесінің осы сәтте нені бастан кешіріп, не сезініп жатқанына теріс немесе бейтарап реакциясы жатуы мүмкін екенін атап көрсетеді [Знаков, 1994:79.]. Сонымен қатар, Ильин Е.П. зерттеулерінде [Ильин, 2001:365-370] эмпатия адамның эмоционалдық ерекшелігі ретінде қарастырылады, ол адамдар арасындағы қарым-қатынаста, олардың бір-бірін қабылдауында және олардың арасындағы өзара түсіністікті орнатуда үлкен рөл атқарады делінген. Жанашырлық түріндегі эмпатия қоғамға деген жылылық, сенім, қамқорлық, ашықтық, қолдау қарым-қатынастарының өзекті болуына әкеледі. Эмпатия ұғымы Гаврилова Т.П. тұжырымдамасында да ұсынылған [Гаврилова, 1979: 140-180]. Демек, эмпатия әрине зорлық-зомбылықты болдырмайтын және басқаға деген сүйіспеншілікті, сенімділікті, құрметті қамтитын басқа адамға оң көзқарас ретінде жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің көрінуіне және дамуына ықпал ететін маңызды фактор болуы мүмкін.

Біздің ойымызша, болашақ дәрігер мамандардың эмпатиясын зерттеу ерекше қызығушылық тудырады, өйткені эмпатия медициналық білім беру ортасына бейімделудің маңызды құралы ғана емес, ол білім беру процесінің барлық субъектілерінің тұлғааралық қарым-қатынастарының тепе-теңдігіне ықпал етеді. Негізгі құзыреттерді, әлеуметтік және кәсіби құзыреттерді, негізгі біліктілікті дамыту, сонымен қатар, әрине, басқаларға деген оң көзқарас болашақ маманның адамгершілігін көрсетеді. Сонымен қатар, жастардың психикасы пластикалы және адамгершілік қасиеттерді, әсіресе эмпатияны қалыптастыруға сезімтал болып келеді.

Мақаланың мақсаты – болашақ дәрігер маманның адамгершілігінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде эмпатияны зерттеу.

Әдістеме және оның сипаттамасы

Зерттеуге «Семей Медицина университеті» КеАҚ 370 студенті қатысты, оның 192-і қыздар және 178-і ұлдар.

Біз В.В. Бойконың эмпатикалық қабілеттер әдісін қолдандық. В.В. Бойко бұл эмпатия деңгейінің негізгі көрсеткішін де, эмпатия құрылымындағы нақты параметрдің маңыздылығын да анықтауға мүмкіндік береді.

Эмпатия құрылымындағы нақты параметрдің маңыздылығы алты шкаламен өрнектеледі: эмпатияның рационалды арнасы, эмпатияның эмоционалдық арнасы, эмпатияның интуитивті арнасы, эмпатияға ықпал ететін немесе оған кедергі келтіретін көзқарастар, эмпатиядағы ену қабілеті, эмпатиядағы идентификация. Әрбір шкала бойынша ұпайлар 0-ден 6-ға дейін болуы мүмкін.

Эмпатияның жетекші компонентінің критерийі бойынша: В.В. Бойко эмпатияның түрлерін анықтайды:

1) ол туралы ақпаратты басқа, қарқынды аналитикалық өңдеуге тарту, назар аудару арқылы жүзеге асырылатын ұтымды эмпатия; 2) эмоционалдық тәжірибе (тәжірибе, сезім) арқылы жүзеге асатын эмоционалды эмпатия; 3) серіктесіңіз туралы ақпаратты бейсаналық деңгейде өңдеуге мүмкіндік беретін интуитивтік [Бойко, 1996: 114-150].

Олардың өзара байланыстарының барлық алуан түрлілігінде ұсынылған эмпатия арналары эмпатия деңгейінің негізгі көрсеткіші болып табылатын біртұтас жүйеде көмекші рөл атқарады, оның көрсеткіші субъектінің кілтке сәйкес келген әрбір жауабы үшін алынған бірыңғай ұпайларды қосу нәтижесінде алынған ұпайлар сомасы болып табылады.

Жиынтық көрсеткіш 0-ден 36 баллға дейін өзгеруі мүмкін және мыналарды көрсетеді: 30 балл және одан жоғары – эмпатияның өте жоғары деңгейі; 22÷ 29 – орташа деңгей, 15÷21 – төмен, 14 баллдан аз-өте төмен. Айта кету керек, эмпатияның жоғары деңгейі ғана басқаға деген оң көзқарасты көрсетеді және жоғары адамгершілікті сипаттайды.

Нәтижелер және оны талқы

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эмпатияның жетекші құрамдас бөлігі барлық субъектілерде эмпатияға ықпал ететін немесе кедергі келтіретін қондырғылар болып табылады ($M=3,271$, $D=1,823$), бұл эмоционалды жауап беру мен эмпатикалық қабылдау диапазоны ең алдымен эмпатияға ықпал ететін немесе кедергі келтіретін көзқарастарға байланысты екенін көрсетеді. Бұдан әрі эмпатиядағы

сәйкестендіру ($M=3,211$, $D=2,188$), эмпатия негізінде басқасын түсіну қабілеті, өзін серіктес орнына қою және интуитивті эмпатия арнасы ($M=3,091$, $D=2,691$), бұл адамға бейсанада сақталған тәжірибеге сүйене отырып серіктестерді болжауға, олар туралы бастапқы ақпараттың тапшылығы жағдайында әрекет етуге мүмкіндік береді. Орташа мәндер үш ұпайдан сәл аз, эмпатияның рационалды арнасы ($M = 2,964$, $D = 1,511$), ол адамның назарының, қабылдауының және ойлауының кез келген басқа адамның жағдайын, проблемалары және мінез-құлқын түсінуге бағытталғанын анықтайды. Бұл серіктестің эмоционалды және интуитивті рефлексиясының қақпаларын ашатын басқаға стихиялық қызығушылық. Ашықтық, сенімділік және шынайылық атмосферасын құруға мүмкіндік беретін эмпатияға ену қабілетінің шкаласы бойынша орташа ұпайлар ($M=2,890$, $D=1,397$) біршама төмен болды. Зерттелетін үлгідегі эмпатия құрылымындағы ең аз маңызды арна эмпатияның эмоционалды арнасы болды ($M=2,697$, $D=2,112$). Эмпатияны диагностикалау әдістемесінің бір факторлы дисперсиялық талдауының нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1

Эмпатияны диагностикалау әдістемесінің бір факторлы дисперсиялық талдауының нәтижелері

	Дисперсиялық талдау					
Варияция көзі	SS	df	MS	F	P-мәні	F-сыни
Топ аралық	9,636	2	4,818	0,342	0,711	3,020
Топ ішілік	5166,169	366	14,115			
Қорытынды	5175,85	368				

Ескерту: SS-квадраттардың қосындысы, df-еркіндік дәрежелерінің саны, MS-орташа квадраттар F-нақты мән, P-мән, қателік ықтималдығы, F сыни – шекті мән.

1-кестеден бізалған F (0,342) мәні критикалық мәннен (3,020) аспайтынын көруге болады. Демек, әртүрлі жастағы эмпатияның жалпы деңгейінің көрсеткіштеріндегі шамалы айырмашылықтар кездейсоқ болып келеді. Басқаша айтқанда, білім алу жүйесі (жоғары, орта, бастауыш) жастардың эмоционалды жауаптылығы мен эмпатикалық қабылдауының көрінісіне әсер етпейді. Эмпатияның жалпы деңгейіне бірқатар басқа факторлар әсер етеді деп санаймыз: тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктері, отбасы, мектеп, қоғамдық ұйымдар, сондай - ақ бейресми бірлестіктер, жыныстық айырмашылықтар және т. б.

Осыған байланысты зерттелген үлгідегі ұлдар (178) мен қыздар (192) арасындағы эмпатияның негізгі деңгейінің көрсеткіші бізді қызықтырады. Алынған деректер қыздардағы эмпатияның жалпы деңгейінің орташа мәндері ($M=19,483$, $d=17,575$) ұлдарға қарағанда жоғары екенін көрсетеді ($M=14,805$ $D=14,601$). Дегенмен, қыздардың 44,93% эмпатияның төмен деңгейін, 39,32% орташа және 15,75% өте төмен деңгейін көрсетті. Ұлдардың ең көп пайызы (51,42) эмпатияның өте төмен деңгейін көрсетті, төмен (45,73) және орташа (2,85). Біздің ойымызша, эмпатияның жалпы деңгейінің көрсеткіштеріндегі жыныстық айырмашылықтар қыздардағы туа біткен сезімталдық пен жауаптылыққа, ал ұлдарда ұстамдылық пен байсалдылыққа байланысты болып келеді.

Осылайша, В.В.Бойконың эмпатикалық қабілеттерін диагностикалаудың бұл әдістері зерттелетін сынаманың эмпатиясының төмен деңгейін, жастардағы эмпатияның төмен деңгейінің басымдылығын көрсетеді. Бірқатар зерттеулерде [2,3 және т.б.] эмпатияның даму деңгейі төмен субъектілер басқалармен өзара әрекеттесудің өзіншілдік стратегияларын, соның ішінде айналасындағыларды өз мақсаттары үшін пайдалануды және адамдар арасындағы қарым - қатынас пен өзара әрекеттесуді нашарлататындығын дәлелдеді. Егер эмпатияның даму деңгейі қарабайыр деңгейге сәйкес келсе (субъект басқалардың тәжірибесіне эмоционалды жауап бере алмайды, жылулық, сенім, қамқорлық, ашықтық, эмпатия объектісіне қолдау көрсетудің өзектілігіне әкелмейді), онда эмпатия екіншісіне теріс қатынасты көрсетеді. Демек, кәсіби дайындықтың бастапқы кезеңінде - ақ, болашақ мамандарда басқа адамның пайдасына моральдық мотив қалыптастыру, басқа адамның тәжірибесіне жауап ретінде көмек көрсету, альтруистік мінез-құлық көрсету, яғни эмпатикалық қабілеттердің дамуын дамыту қажеттілігі туындайды.

Қорытынды. Эмпатия өзге тұлғаның жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі. Болашақ маман эмпатияның төмен деңгейімен сипатталады, эмоционалды жауап беру мен эмпатиялық қабылдаудың шектеулі ауқымын көрсетеді. Зерттелетін іріктеудің жалпы эмпатия деңгейінің көрсеткіштеріндегі айтарлықтай гендерлік айырмашылықтар әйелдердегі туа біткен сезімталдық пен жауапкершілікті және ер

адамдарға тән ұстамдылық пен байсалдылықпен, сондай-ақ әйел жыныстылардың достыққа, келісімге келуге бейімділігі, басқа адамның мәселелеріне түсіністікпен қарауы генетикалық бейімділігімен байланысты.

Кәсіби даярлықтың бастапқы кезеңінде адамның адамгершілігінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде эмпатияны зерттеу жалпы кәсіптік білім беру жүйелерінің және әрбір оқу орнының ұжымының болашақ маманның жеке дамуы үшін әлеуметтік жауапкершілігінің артуы жағдайында кәсіптік оқу орнының білім беру ортасында болашақ маманның адамгершілік дамуын арттыру жолдары мен тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бойко В.В. Энергия эмоций в общении: взгляд на себя и на других / В.В. Бойко. – М.: Информационно-издательский дом «Филинъ», 1996. – 472 с.
2. Бохард А.К. Эмпатия в клиент-ориентированной психотерапии: сопоставление неспсихоанализом Я-психологии / А.К. Бохард // Иностранная психология. – 1993. – №1. – 27-29 с.
3. Гаврилова, Т.П. Социальная децентрация и ее роль в развитии эмпатии. Теоретические и прикладные проблемы познания людьми друг друга. – Краснодар: Издательство Кубанского университета, 1979. – 10-11 с.
4. Знаков В. В. Понимание в познании и общении. – М.: Издательство Института психологии РАН, 1994. – 240 с.
5. Ильин Е.П. Эмоции чувства / Е.П. Ильин. – СПб.: Питер, 2001. – 752 с.
6. Мельник Е.В. Психологическая безопасность, устойчивость, психотравма: сб. науч. ст. по материалам Первого междунар. форума. – СПб.: Книжный Дом, 2006. – 231-232 с.
8. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – М.: Прогресс, 1994. – 480 с.

ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ТАРИХЫ НЕГІЗІНДЕ)

БУЛЕЕВА А.И.

*1 курс магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа. Жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің және оның қазіргі жағдайда гуманитарлық пәндерді оқыту әдіс тәсілдеріне сүйене отырып зерттеудің қажеттілігін арттыру өте маңызды. Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, патриотизмді құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. Бұл қазіргі таңда көптеген мәселелерді қайта қарауды, тәрбие, өнеге көрсету қажет болып отырған кезеңде театр өнері арқылы патриоттық тәрбие беру мәселелеріне көңіл бөлуді қажет етуде аса маңызды.

Тірек сөздер: Патриотизм, рухани құндылықтар, театр өнері, репертуарлар, ұлттық тәрбие.

Аннотация. Очень важно повысить потребность в патриотическом воспитании молодежи и изучении ее на основе методов преподавания гуманитарных дисциплин в современных условиях. Ценностно-ориентированный подход в обучении и воспитании предполагает воспитание уважения к общечеловеческим и национальным ценностям, патриотизму. Это особенно важно в тот период, когда необходимо пересмотреть многие вопросы, обратить внимание на вопросы патриотического воспитания через театральное искусство.

Ключевые слова: Патриотизм, духовные ценности, театральное искусство, репертуар, национальное воспитание.

Annotation. It is very important to increase the need for patriotic education of young people and their study on the basis of methods of teaching humanities in modern conditions. A value-oriented approach in education and upbringing involves fostering respect for universal and national values, patriotism. This is especially important at a time when it is necessary to reconsider many issues, to pay attention to the issues of patriotic education through theatrical art.

Keywords: Patriotism, spiritual values, theatrical art, repertoire, national education.

Еліміздің тәуелсіздігін қалыптастырып, халықаралық деңгейде егемендікке жетуі қазақ халқының және елімізде тұратын басқа да көп ұлтты халықтардың ұлттық дүниетанымының өсуіне, отансүйгіштік сана сезімінің жетілуіне жағдай жасады.

Бұл үрдіс өз кезегінде келешек жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеудің қажеттілігін камтамасыз ететін Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламасында көрсетілген

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға халқымыздың тарихы мен мәдениетін, өлкетану ерекшеліктерін назарға алу, жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің және

оның қазіргі жағдайда гуманитарлық пәндерді оқыту әдіс тәсілдеріне сүйене отырып зерттеудің қажеттілігін арттыру өте маңызды. Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адамның өмірі мен денсаулығын, жеке тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбекқорлықты, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді [Әдістемелік нұсқау хат, 2023:106]. Бұл қазіргі таңда көптеген мәселелерді қайта қарауды, тәрбие, өнеге көрсету қажет болып отырған кезеңде патриоттық тәрбие беру мәселелеріне көңіл бөлуді қажет етуде аса маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде, патриоттық тәрбие тұрғысынан жазылған тарих ұрпақ санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыруға мүмкіндік береді», - деген болатын (Тоқаев Қ, Егемен Қазақстан 2021). Тарихымызға, тәрбиемізге, ұлттық мүддемізге көңіл бөліп, алдыңғы орынға қою-бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қазақ халқының құдіреттілігі, иманды адамгершілігі, жандүниесінің кеңдігі, патриоттығы көзінен, жүрегінен көрінетін халық. Осы керемет қасиетті әлемге таныту үшін театр өнерінің маңызы зор. Театр өнері-рухани құндылықтарды елеп-ескеріп, бүгінгі және болашақ ұрпақ тәрбиесінің үлесіне жарату және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз пайда қосатын мұраларды зерделеуді зерттеуге көмектеседі. Қоғамның қазіргі кезеңдегі талабына сай екендігі алдағы уақытта да әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін қадірлеуге, ата-бабалардың озық салт-дәстүрлерінің озық үлгілерін, құндылығын құрмет тұтуға, халықаралық қауымдастықта еліміздің ұлттық құндылықтарын насихаттауға талмай еңбек етуді қажет санайды.

Гректің атақты философы Аристотель өз заманының театрын сөз қылғанда: «Театр елдің ең терең, ең асыл сезіміне әсер етсін, театр тыңдаушы мен көрушінің денесін мұздатып, жүрегі еліккендей болсын. Көңілді ыстық сезім, ұлы толқын қалпына жеткізсін», - деген (Әуезов. ММақалалар, зерттеулер, 2018). Бұл арқылы ұлы ойшыл патриоттық сананың, отаншылдық сезімнің, эстетикалық құндылықтардың маңызын бағалайды.

Қазіргі қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында патриоттық тәрбие беру мәселелері жана сипатқа ие болуда. Патриотизм- жеке тұлғаның, әрі білім алушылардың табиғат-адам-қоғам жүйесіндегі құнды сапалық қасиеті

Философиялық сөздікте «патриотизм (грекше patris -отан)- адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс. Патриотизм- адамның мындаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт дәстүрлерге адал болып, олардан қолүзбеутүрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған», - деп тұжырымдайды (Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов, 1991: 80).

Өртүрлі әлеуметтік кеңістікте, әсіресе театр сахнасында тәрбиені жүзеге асыру-қазіргі мәдениеттің жоғары жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт беретін ортақ әлеуметтік жүйесін қалыптастыру, ұлттық тәрбиеге мән беру дегенді білдіреді.

Бұл кеңістікте ата бабаларымыздың ұрпақтарына қалдырған асыл мұраларын, әділетсіздікке қарсы күресі, еліміз, жерін сүйген батыр бабаларды сыртқы жауға мейірімсіз болуға баулығанын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан патриоттық көріністерді көреміз.

Театр-алып күш. Ол адам тұлғасының рухани жан дүниесін қалыптастырады, көңіл көтерушілік рөл атқарған жағдайда да, ол көрермендерін тәрбиелейді.

Патриотизм-адам тұлғасының, оның рухани жан дүниесінің, тіршілік әрекеттерінің барлық жақтарымен байланысты қасиеттерінің бірі. Сондай-ақ театр сахнасы арқылы өнердің адамға жан-жақты әсер ете алатын қасиеті болғандықтан, ол оған патриоттық сана, сезім және әрекетті қалыптастыруға қабілетті.

Театр өнері патриотизм идеясын ерекше айқындылықпен, жарқындылықпен білдіруге шебер.

Адамның сезіміне әсер ететін нәрсенің бәрі туған табиғат көріністері, халық әндері мен күйлері, тарихи және қазіргі заман қойылымдары, өлке тарихы театр өнерінде орнын табады, жоғары әсемділікпен жандануы, патриоттық сезімдердің бастауына негіз болады.

Театр өнерінің табиғаты әсер беретін, өнер ордасы арқылы патриоттық тәрбие берудің өзіндік ерекшеліктерін атап өту қажет. Театр қоғамдық сананың бір түрі бола тұра, шынайы өмірді көрсете отырып, адамның ішкі жан дүниесіне эмоционалдық тұрғыда әсер етуге мүмкіндігі бар. Бұл жағдай театрдың тәрбиелік рөлін анықтау үшін өте маңызды, себебі патриоттық сезім ғана емес, патриоттық санасын тәрбиелеуге үлес қосады.

Бұған дәлел ретінде бұдан 80 жыл бұрын іргесі қаланған Атырау облыстық драма театрының

еліміздің мәдени ағартушылық саласына көп жылдан бері еңбек сіңіріп келе жатқандығы, театр ұжымының қазіргі тұрғындарға, жұртшылыққа патриоттық тәрбие беру жұмысына айрықша көңіл бөлудегі орнын айта кету қажет. Патриоттық сезім адам санасының әрекетімен рухтандырылады және өзінің мақсаттылығымен ерекшеленеді. Міне, бұл мақсатты бағыттағы біздің Атырау облысы драма театрының жұмысы зор, баршылық.

1938 жылдың наурыз айында, ел өңірінің мұнайшылар мәдениет үйінде тұңғыш рет облысаралық қазақ драма театры құрылған болатын (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134- қор, 12-іс, 126).

Театрдың құрылуына басты себеп болған Гурьевте актерлер даярлайтын «театр студиясын» бітірген бір топ жас студентартистерге Петропавлскінің артистері келіп қосылды. Бұл жаңа құрылған коллективке Ембінің мұнайшылары, Ақ жайық пен Каспий балықшыларынан және малшылар арасынан тамаша талантты жастар да келіп қосылды [Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134- қор, 12-іс, 126]. Облысымызда қазақтың драмалық театрының алғашқы негізі осылай қалыптасты. Бұл ел жұртшылығының өнерге деген, туған өлке құндылықтарын жария етуге деген ұмтылысы болды.

Облысымызда қазақтың драмалық театрының алғашқы негізі осылай қалыптасқан болатын.

Тарихқа көз жүгіртсек, театр коллективі 1938 жылдың 9 мамырында қала жұртшылығына бірінші рет М.Әуезовтың «Түнгі сарын» пьесасымен театр сахнасын ашты (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134- қор, 12-іс, 126). Міне, облысымыздағы қазақ театры өлке тұрғындарына, осымен қатар Батыс Қазақстан, Ақтөбе облысының көрермендеріне тарихи және қазіргі өмірімізден алынған орыс, қазақ жазушылары мен туысқан республикалардың және Батыс Еуропа классиктерінің шығармаларын меңгере отырып, басты мақсат көрермендерге ой салу, еліне құрмет көрсету, патриоттық құндылықты дәріптеуге көңіл бөліп отыр.

Заман өзгереді, шығармаларға деген көзқараста басқа арнаға ауысуы мүмкін. Алайда театр құндылықтарын уақыт өткен сайын жаңалап отырсақ, адамның рухани байлығы таусылмайды. Сондықтан да шығармаларға жаңа көзқараспен, кейіпкерлердің тағдыры арқылы қарау-сахна арқылы көрермендерге ой салудың бір қыры.

Сонымен сахна арқылы көрерменге жол табудың қилы бағыттарын игеру- патриотизмге әкелер басты мұраттардың бірі дегім келеді.

Тарихи қалыптасу және осы дәуірдегі репертуарларды талдап қарасақ, онда театр ұжымының мол творчестволық, тәрбиелік мүмкіндігінің бар екенін аңғарамыз. Әрине, өнер ұжымы болғаннан кейін, басты жаңалықтар, өндіріске енгізілген, көрермен назарына ұсынылатын, ой салатын, патриоттық тәрбие беретін бірнеше қойылымдар болады. Мысалы, театр сахнасында қойылған көптеген шығармаларды атасақ жеткілікті. Театр репертуарларын талдап қарасақ, онда коллективтің мол творчестволық мүмкіндігінің бар екендігін аңғарамыз. Театр сахнасында қойылған М.Әуезовтың «Түнгі сарыны», «Шекарада», «Ақ қайың», «Айман Шолпаны», «Қобыландысы» және «Абай» романы бойынша жазылған «Абай пьесасы, Ғабит Мүсіреповтың «Аманкелдісі», «Қозы Көрпеш Баян Сұлуы», С.Мұқановтың «Күрескендерінде» және «Ботакөз» романы бойынша жазылған «Ботакөз» пьесасы, Мусатай Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарыны» және «Исатай-Махамбеті», Ә.Әбішевтың «Отан үшін», «Достық махаббаты», «Күншілдігі», «Кім менің әкем» пьесасы, дүние жүзінің классигі Николай Васильевич Гогольдің «Ревизоры», «Үйленуі», Шекспирдің «Асауға тұсауы», Мольердің «Скапеннің айласы», Гольдинидің «Екі мырзаға бір қызметшісі», Совет классиктері Треневтің «Любовь Яроваясы», Б. Лавреновтың «Күйреуі», совет драматургтері Лионовтың «Шапқыншылығы», К.Симоновтың «Орыс мәселесі», Штейннің «Жеке адам ісі», туысқан республика драматургтерінен Мұхтаровтың «Семья намысы», Б.Рахмановтың «Жүрек сырлары», Тохайовтың «Күйеулері», туысқан украин халқының классигі Тарас Григорьевич Шевченконың «Назар стодолиясы» т.б көптеген шығармаларды атамасақ та жеткілікті (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134- қор, 12-іс, 136).

Сөз жоқ бұл қойылымдарды жұртшылыққа ұнамды етіп көрсетіп беру театр ұжымының беделін көтерді. Театрды осы құнды спектакльдер халықпен жақындастырып, оларды шын мәнісінде мәдени, тәрбие ошағына айналдырды. Театрдағы көркем өнердің жарқын тұлғалары, шыншыл шығармалары болашақ қоғам орнатып жатқан халық өмірін көрсетуге тиіс. Театр халыққа қызмет етеді. Сондықтан да олар қашанда халықтың ой тілегіменде санасуға тиіс. Ол халықтың шабытты жасампаз еңбегін, сол ел жүзеге асырып отырған ұлы өзгерістерін, өздерінің спектакльдері арқылы сахнада суреттеуге, жаңа қаһарманды, халықтан шыққан адамды, халықтың мүддесін көздейтін адамды, арман мен шындық арасындағы арақашықтық дегенді білмейтін азат еңбек адамын, бар өміріне өзінің бүкіл ақыл ойын, әсем мұраттарын қызмет етуге арнаған тұлғаны белгілеуі тиіс. Театр коллективі осылай болса қазақ халқының театр өнерін дамытуда театр ұжымының кезекті орны бар.

Ұлы Отан соғысы кезінде де өлке театрының актерлерінің көпшілігі ел қорғауға кеткен болатын, бірақ театрда қалған актрисалар бұрынғадан да зор қызмет жасап, ешбір демалыс алмай, соғыс

біткенге дейін қажымай, талмай қызмет жасап жылына 400-ге жуық концерт, спектакльдер беріп 600 мыңға жақын көрушілерді қамтып жүрді. Барлық қиыншылықтарға төзіп Отан соғысы кезінде халық басына түскен ауырмалақ пен қиыншылықты сезіп, өздері актрисалар тіпті кей кездерде колхоз бен колхоз арасында киімдерін арқалап жаяу барып, концерттер беруге мәжбүр болып халықтың искусствоға деген ынтымағын, Отанға деген патриоттығын арттыра түсті (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134-қор, 12-іс, 15 б).

Бұл жерден өнер қайраткерлерінің барлық қиыншылықтарға төзіп, Отанға деген сүйіспеншілігін, халықтың өнерге деген ынтымақтастығын арттыра түскендігін көреміз.

Дүниедегі ең үлкен бақыт халықтың алғысына бөленіп, мейірімінен нәр алу болса, театр шеберлері образдарды сахнада шебер бейнелеп халқымыздың ықыласына бөленіп, қызмет жасап, күннен-күнге халыққа жағылады, қазіргі мәдени өміріне сай игілікті образ жасау үшін шұғылданады.

Театр мәдениет тәрбие орны. Ол ең биік адамгершілік, отаншылдық қасиеттерді уағыздайды (Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 1134-қор, 21-іс, 240б). Көрермендерді жалынды күрескер болуға, шыншылдыққа, адалдыққа баулу үшін актерлердің моральдық правосы болуы тиіс. Халық арасында мәдениет, тәрбие гүлін шашушы екенін ұмытпауы керек.

Қазіргі заман адамдарының өмір сүру деңгейіне орай адам, ата-ана, туған жер, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм деген ұғымдарға біздің жүрегіміз баяу селт етеді. Мұның бәрі ойланарлық жайлар. Сахнаның мақсаты- ұлттық сипатымызды көрсетіп қана қоймай, әр жанның жанына ізгілік, елшілдік нұрын себуге жәрдемдесу болып табылады.

«Тобырды ел қылатын- театр» деген сөзге сүйенсек, әлем елдерінен қазақ ретінде орнымызды ойып тұрып алуымыздың басты тетіктерінің бірі де- театр, спектакль (Райымбекова. М, 2021).

Бүгінгі күні көрермендер ұлттық құндылықтарға, патриоттық тәрбиеге зәру болып отырғанда, қай замандағы қазақтың отанға құрмет көрсетуге бағытталған көркем дүниелері театр сахнасында көрініп, үлкен қызығушылықпен, зор ниетпен сахналанғаны- үлкен жауапкершілік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б, 10б.
2. Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат». Егемен Қазақстан 05 Қаңтар, 2021 [Электрондық ресурс] URL: gov.kz/temleket/entities/mfaulanbaatar/press/... (қаралу уақыты: 03.03.2024)
3. Әуезов. М. Мақалалар, зерттеулер [Электрондық ресурс] - URL: http://kzworld.nis.edu.kz/book/m_auezov_maqalalar_ (қаралу уақыты: 03.03.2024)
4. Философиялық сөздік. Р. Н. Нұрғалиев, Ф. Ф. Ақмамбетов және т. б. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы 1996, 80 б.
5. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 1134- қор, 12-іс, 12б.
6. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 1134- қор, 12-іс, 13 б.
7. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 1134- қор, 12-іс, 15 б.
8. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 1134- қор, 21-іс, 240 б.
9. Театр өнері өміршеңдігін жоймайды. Қазақ әдебиеті, 2021 [Электрондық ресурс] - URL: qazaqadebieti.kz/30037/teatreni-mirshe-digin- (қаралу уақыты: 03.03.2024)

САНЖАР АСФЕНДИЯРОВТЫҢ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН БЕРГІ ТАРИХЫ» ЕҢБЕГІ

ИСАНОВА ГУЛНАЗ ТОЛЕУХАНКЫЗЫ

2 курс магистранты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада С. Асфендияровтың «Қазақстанның ежелгі дәуірден бергі тарихы» еңбегі талданады. Еңбектің құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктері ашылады. Осы арқылы С. Асфендияровтың еліміздегі тарихи зерттеу жұмыстарының басталуы мен дамуындағы орны айқындалады.

Тірек сөздер: революция, ғалым, тарих, оқулық, мектеп.

Аннотация. В статье анализируется труд Санжара Асфендиярова «История Казахстана с древнейших времен». Выявляются структура и содержательные особенности произведения. Таким образом, определяется место Санжара Асфендиярова в зарождении и развитии исторических исследований в стране.

Ключевые слова: революция, учёный, история, учебник, школа.

Annotation. The article analyzes the work of Sanzhar Asfendiarov «History of Kazakhstan from ancient

times». The structure and content features of the work are revealed. Thus, the place of Sanjar Asfendiarov in the origin and development of historical research in the country is determined.

Key words: *revolution, scientist, history, textbook, school.*

1917 жылғы қазан революциясынан кейін зайырлы білім беру мәселесі қолға алынды. Қазақ даласында өзінің мақсатын толыққанды орындап келген мектеп-медреселер конфессионалды оқу орындары деп табылып, олардың жұмысы шектелді. Нәтижесінде жаңа үлгідегі мектептер өз жұмысын бастады. Мамандар тапшылығымен қатар, оқулықтың жетіспеушілігі анық сезілді. Ендігі кезекте ұлт зиялылары алдында жаңа жауапкершілік туындады. Ол жауапкершілік қазақ тілді мектептерді қажетті оқулықтармен қамту болды. Тарих саласына келер болсақ, бұл міндетті орындап, толыққанды еңбек жазу ісін ұйымдастырған және кәсіби тарихшылар сынды өзіндік тұжырым келтірген ұлт зиялыларының бірі – Санжар Асфендияров болды.

Санжар Асфендияровтың қазақ тарихына қатысты бірқатар еңбектері бар. Ол еңбектердің әрқайсысы өзінің тың жаңалықтарымен ерекшеленеді. Мұндай еңбектерінің бірі 1935 жылы жазылған «Қазақстанның ежелгі дәуірден бергі тарихы» деп аталады. Еңбек барынша объективті әрі нақты деректер негізінде жазылған. Алайда 1937-1938 жылдары орын алған саяси қуғын-сүргін және Санжар Асфендияровтың жалған жаламен қудалануы салдарынан бұл еңбек кеңінен тарала қоймады. Тек еліміздің егемендік алуымен ғана Санжар Асфендияровтың аталған еңбегі қайтадан жарық көріп, ғылыми қауымдастық тарапынан өз бағасын алды. Рас 1956 жылдары Санжар Асфендияров ақталып шықты. Алайда Санжар Асфендияровтың еңбектері әлі де болса жасырылып келді. Бүгінгі күні Санжар Асфендияровтың барлық еңбектері қайта жарық көріп, біз ХХ ғасыр басында қазақ жастарының тарихи санасын қалыптастырудағы қоғамдық-саяси қызметі жоғары болғандығын көріп отырмыз.

Санжар Асфендияров «Қазақстанның ежелгі дәуірден бергі тарихы» тарихын жазбас бұрын өзіндік ғылыми әлеуеті толыққанды қалыптасып үлгерген деп санаймыз. Оған дәлел Кеңестер билігі орныға бастағаннан уақыттан бері Санжар Асфендияров бірқатар лауазымды қызметтерді атқарды. Белсенді қоғамдық-саяси қызметтерден бөлек, ғылыми істерді ұйымдастыру саласында да белсенді жұмыстар атқарды. Мысалы 1932 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалының ашылуынан кейін Санжар Асфендияров төрағаның орынбасары лауазымын атқарды. Алғашынды КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы болған бұл ұйым ғылыми жұмыстарды жүйелі ұйымдастырудағы маңызы өте жоғары болды. Нақты Санжар Асфендияровтың қазақ тарихына қатысты жұмыстарға белсенді түрде араласты. Тарих және археология саласы бойынша зерттеу жұмыстарының комиссиясын басқарды. Қазақ тілі сөздігі бойынша жұмыс комиссиясын да басқарды. Сөзсіз мұндай жұмыстарға белсенді түрде араласу өз кезегінде қазақ тарихының өзекті мәселелерін зерттеу ісіне жол ашты [Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен). – 3-е издание. – Алматы: Санат, 1998. – 304 с. с. 7].

Біздің пікірімізше, Санжар Асфендияровтың қазақ тарихының өзекті мәселелерін айқындауға бағытталған еңбегі өте маңызды. Деректер мен зерттеу жұмыстары кеңінен белгілі болмаған кезеңде іргелі еңбек жазу ісі өте қиын. Сонымен қатар коммунистік билік пен большевиктік тәртіп орныға бастаған заманда қазақ тарихына деген көзқарас та мүлдем басқаша еді. Өйткені «қазақтарға өркениетті біз әкелдік» деген ұстаным үстемдік құрып тұрған шақта қазақ тарихының түрлі кезеңдерін ашып көрсету біріншіден батылдық, екіншіден ғалым ретінде әлеуетінің жоғары болғандығын дәлелдейді деп санаймыз.

Санжар Асфендияров өзінің «Қазақстанның ежелгі дәуірден бергі тарихы» еңбегінде Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесін көтереді. Рас Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесі күні бүгінге дейін өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Өйткені кезеңдеу мәселесі дұрыс шешілген жағдайда ғана зерттеу жұмыстары да жүйелі бола түседі. Санжар Асфендияров өзінің еңбегінде Қазақстан тарихын шартты түрде үлкен екі кезеңге бөледі. Атап айтқанда бірінші кезең ХҮІІІ ғасырға дейінгі аралықты қамтыса, екінші кезең Қазақстан Ресей империализмінің отары ретінде ХҮІІІ-ХІХ ғасырлар аралығын қамтиды. Бір ерекшелігі Санжар Асфендияров ұсынған Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесін өз кезегінде М. Абықалықов пен А. Панкратованың редакциялығымен шыққан «Ежелгі дәуірден біздің күнімізге дейінгі ҚазКСР тарихы» атты еңбегінде басшылыққа алынады [1, с. 18].

Әрине еңбек Кеңестік билік тұсында жазылған соң Санжар Асфендияров патшалық Ресейдің отарлық саясатын ашық сынап, қазан революциясының алғышарттарының толыққанды жетілгендігін ашуға тырысады. Ол үшін қазақ даласына алғашқы ресей капитализмінің енуі, таптық жіктелістің күшеюі, коммунистік идеологияға сай келетін қазақ қоғамының қалыптасуы, ұлттық-революциялық қозғалыстың күшеюі сияқты маңызды мәселелерді көрсетуге тырысты. Әрине бұл алдымен коммунистік идеологияның әсері деп білеміз. Сонымен қатар Санжар Асфендияров тарихнамада орнай бастаған қате тұжырымдар мен ұстанымдарға да батыл қарсылықтық көрсете алған. Атап айтқанда біз жоғарыда

келтіргеніміздей, қазан революциясы қазақ даласына өркениет пен мәдениет әкелді деген қате түсінік осы кезде қалыптаса бастаған болатын. Демек қазақ қоғамы жабайылықтың деңгейінен енді шыққан, таптық кезеңге дейінгі рулық қоғамда өмір сүрді деген қате тұжырымдар қалыптасқан еді. Санжар Асфендияров осындай тұжырымдарды қолдайтын зерттеушілердің еңбегін батыл сынап, дәстүрлі қазақ қоғамы алғашқы қауымдық құрылыстан өткендігін дәлелдейді. Мысалы дәстүрлі қазақ қоғамында басымдылық берілген шаруашылық түрі көшпелі мал шаруашылығы болғаны белгілі. Санжар Асфендияров өзінің еңбегінде көшпелі мал шаруашылығы еңбек бөлінісінен кейін пайда болған және өзіндік ерекшеліктері мен ұйымдастыру белгілері бар екендігін дәлелдейді. Осы арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы шаруашылық істерді жүргізу, көшпелі мал шаруашылығының құрылымдық ерекшеліктері сияқты маңызды мәселелер туралы тұжырымды ойларын дәлелді түрде жазады. Ең бастысы Санжар Асфендияров өзінің еңбегінде көшпелі қазақ қоғамының тек Орта Азия ғана емес, сонымен қатар Қытай, орыс, Таяу Шығыс елдері үшін оң әсерін де тұжырымдайды.

Санжар Асфендияровтың ұлт туралы түсініктері де назар аударарлық. Мысалы белгілі бір ұлттың қалыптасуы мен оның этностық ерекшеліктерін биологиялық емес, әлеуметтік құбылыс екендігін атап өтеді. Мұндағы ой қазақ халқының этникалық құрамына енген әр тайпаның өзіндік ерекшеліктерінің бір ортақ мақсат пен мүддеге бірігіп, қазақ болып атануымен байланысты деп санаймыз. Өйткені ХҮ ғасырдың ортасында Қазақ хандығы пайда болды десек, хандықты жекелеген бір ру немесе этнос емес, бірнеше ру-тайпалар құраған болатын. Сол себепті де Санжар Асфендияров белгілі бір ұлттың қалыптасуы тек бір рудың ғана емес, күрделі этникалық үдерістердің нәтижесінде пайда болады деген дұрыс тұжырым жасайды.

Ендігі кезекте Санжар Асфендияровтың «Қазақстанның ежелгі дәуірден бергі тарихы» еңбегін нақты саралайтын болсақ, біз жоғарыда атап өткеніміздей еңбек II бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім «Қазақстан патша үкіметі жаулап алғанға дейін» деп аталады. Аталған бөлімді ІҮ тарауға бөліп қарастырады. I тарау «Б.з.д. III ғасырдан бастап 1370 жылдар аралығындағы Орталық және Орта Азия тарихы» деп аталады. Аталған тарауда Санжар Асфендияров ғұн, түркі дәуірі, дамыған орта ғасырлардағы «жылдам өзгермелі халықтар кезеңі», Түркістанның қысқаша тарихы және моңғол дәуірі деп бөліп қарастырады. II тарауда көшпелілердің таптық құрылымдары мәселесі талданады. Тарауда рулық құрылым мәселесі, рулық қауымнан феодалдық кезеңге өту, Орталық және Орта Азиядағы көшпелі тайпалардың жиі қоныс аударуының әлеуметтік-экономикалық себептері сияқты мәселелер жан-жақты талданады. Осы тарау барысында Санжар Асфендияров біз жоғарыда атап өткеніміздей қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық түрлерінің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты тың тұжырымдар жасайды. III тарау моңғол шапқыншылығы, Шыңғыс хан империясының құлдырауы, әмір Темір дәуірі сияқты мәселелерді талдайды. ІҮ тарау «Орта және Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың кейінгі даму тарихы. Тарихи аренада қазақтардың пайда болуы» деп аталады. Осы тарау барысында Санжар Асфендияров белгілі бір этностың пайда болуы үшін этникалық үдерістердің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Қазақ хандығының құрылу тарихын ашып, сол дәуірдегі Орта және Орталық Азиядағы саяси-экономикалық және этникалық үдерістерді дәл көрсете алады. Әрине Қазақ хандығының құрылуымен қазақ халқының қалыптасу үдерісі қорытындыланды. Осы ерекшеліктерді Санжар Асфендияров та дұрыс анықтап, салмақты тұжырымдар жасай алды деп санаймыз.

Еңбектің II бөлімі «Қазақстан – Ресей империализмінің отары» деп аталады. Аталған бөлім жеті тараудан тұрады. II бөлімнің алғашқы тарауы «Қазақ даласына Ресей капитализмінің енуі» деп аталады. Бөлім барысында Санжар Асфендияров ХҮІІІ-ХІХ ғасыр аралығында патшалық Ресейдің қазақ даласына ықпалының артуы және қазақ қоғамында таптық жіктелістің күшеюі мәселелері қарастырылады. Санжар Асфендияров Қазақстанның патшалық Ресейге қосылуын өз еркімен жүзеге асқан үдеріс ретінде қарастырады. Аталған тарау барысында патшалық Ресейдің Орта Азияны жаулап алу үдерісін де ашады. Келесі тарау барысында патша үкіметінің Қазақстанды жаулауы барысындағы саясатын ашады. Бұл ретте қазақ қоғамындағы билігі бар сұлтандарды патша үкіметіне жақындастыру саясаты, Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтеміс, Кенесары Қасымұлының көтерілістерінің барысы мен тарихи маңызын айқындайды. Сонымен қатар аталған бөлімде «Қазақстандағы патша үкіметінің отарлық саясаты», «Патша үкіметінің жер саясаты», «Миссионерлік-отарлау қызметі», «Қазақ даласына капитализмнің енуі. Қазақ халқының шаруашылығының дамуы», «Қазақстандағы ұлттық-революциялық қозғалыс. 1905 жыл», «1916 жылғы көтеріліс» деген тараулардан тұрады.

Өзінің еңбегінде Санжар Асфендияров қазақ тарихын зерттеу ісінің соншалықты күрделі әрі қиындық тудыратын тұстары өте көп екендігін атап өтеді. Мысалы қазақ халқының марксистік тарихы туралы зерттеу жұмыстары жоқ екендігі және бұл өз шешімін табуы тиіс мәселе деп атап өтеді [1, с. 14]. Әрине біздің пікірімізше Санжар Асфендияровтың қазақ халқының марксистік тарихы емес, жалпы қазақ халқы туралы іргелі еңбектің жоқтығын алға тартты. Өзінің еңбегі большевиктік тәртіптің орныға

бастаған уақытта жазылғанын ескерсек, бұл заңды да. Санжар Асфендияров өзінің еңбегінде белгілі әрі беделді зерттеушілердің қазақтар туралы жасаған тұжырымдарын батыл және дәлелді түрде сынайды. Мұндай ғалымдардың ішінде П.И. Кушнер де бар. П.И. Кушнердің «Очерки развития общественных форм» деп аталатын кітабында қазақ халқының мемлекеттілігі туралы бірқатар қате тұжырымдар жасайды. Атап айтқанда көшпелі халықтардың әлеуметтік құрылымын рулық қауым ретінде бағалап, мемлекеттілігін «тайпалық мемлекет» дәрежесінде болған дейді [2, с. 71]. Бұл келтірілген мәліметтерді басшылыққа ала отырып, С. Асфендияров П.И. Кушнердің қазақ қоғамын алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріндегі дәстүр бойынша өмір сүрген деп қате тұжырым жасағандығын дәлелдейді. Сонымен қатар В.А. Гурко-Кряжинаның моңғол шапқыншылығы туралы пікірінің де қателігін дәлелді түрде көрсетеді. Мысалы В.А. Гурко-Кряжина өз еңбегінде жалпы көшпелілердің жаулап алу соғыстары дамыған отырықшы елдердің тапсырысы бойынша жүріп отырған деген пікір білдіреді. Сол сияқты моңғол шапқыншылығы да ірі сауда орталықтарында орналасқан отырықшы елдердің мүддесі жолында орын алды дейді [3, с. 25]. Сонымен қатар С. Асфендияров өзінің еңбегінде көшпелілерді варвар және отырықшы елдердің мәдени дамуын тежеуші фактор ретінде сипаттаған зерттеушілердің еңбектерін де сынға алып, оларды ұлыдержавалық-шовинисттік тәртіптегі буржуазиялық тарихшылар деп бағалайды.

Рас XX ғасыр басында қазақ тарихын зерттеу ісінде ерекше көзге бірқатар қайраткерлер де болды. Солардың бірі қазақтан шыққан тұңғыш инженер-теміржолшы Мұхамеджан Тынышпаев еді. Алайда біз С.Асфендияровтың «Қазақстанның ежелгі дәуірден бергі тарихы» еңбегінде М. Тынышпаевтың бірқатар тұжырымдарын да жоққа тырысқанын байқаймыз. Мысалы қазақ даласын мекен еткен ежелгі тайпалардың бірі үйсіндер болып табылады. Өз кезегінде М. Тынышпаев үйсін тайпаларын бүгінгі қазақ халқының арғы ата-бабасы деп тұжырымдаған [4, с. 4-5]. Мұның себебін, қазақ халқында «үйсін» деп аталатын рудың болуымен байланыстырған. Рас қазіргі таңда да зерттеушілер қазақ даласын мекен еткен үйсін тайпаларына қатысты осы пікірді ұстанатыны рас. Алайда С.Асфендияров М. Тынышпаевты буржуазиялық зерттеушілер қатарына қосып, мұндай пікірді ғылыми деп атай алмайтындығын атап өтеді. Әрине М. Тынышпаевтың да, С.Асфендияровтың да пікірі орынды деп санаймыз. XX ғасыр басында қазақ халқының дамуы мен өзге елдерден кем болмауы жолында барлық саналы ғұмырын арнаған қос азаматтың да қазақ тарихын зерттеп, нақты тұжырым жасаудағы еңбектері орасан зор деп санаймыз.

С.Асфендияровтың еңбегінде Отан тарихының өзекті мәселелеріне қатысты нақты тұжырымдар жасалған. Атап айтқанда бүгінде зерттеушілер арасында үш жүздің пайда болуы туралы пікірлер көп. Үш жүздің пайда болуына қатысты нақты себептерді С. Асфендияров көшпелі мал шаруашылығымен байланыстырады. Өйткені қазақ даласындағы көшпелі мал шаруашылығы негізгі үш табиғи облыстарда өз дамуын тапқан деп санайды. Осылайша қазақ даласын батыс бөлік, орта және шығыс бөліктерде қарастырып, осының негізінде үш жүздің пайда болуы туралы дұрыс пікір білдіреді деп санаймын. Әрине автор шаруашылық негізінде пайда болған бұл бөліктер уақыт өте келе саяси мақсаттарды да жүзеге асырғандығын жасырмайды. Үш орда феодалдық тәртіп негізінде өзіндік ежелгі мемлекеттің үлгісіне айналды деп тұжырымдайды.

С.Асфендияровтың еңбегінде ұлт қайраткерлерінің қалыптасуы, XX ғасыр басындағы саяси ахуал мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Қазақ даласындағы азаттық қозғалыс идеясының пайда болып, дамуында 1905 жылғы бірінші орыс революциясының алар орны ерекше екендігін атап өтеді. Рас бірінші орыс революциясынан кейін Қазақстанда зиялы қауымның үлкен шоғыры қалыптасты. Белгілі бір дәрежеде олардың қоғамдық-саяси қызметінің түпкі мақсаттарында ортақтық болғаны жасырын емес. Олардың әрқайсысы да қазақ халқының өз ұлттардан кем болмауы үшін қызмет етті. Алайда олардың қызмет және идеялық бағыттары әртүрлі болды. Өз еңбегінде С. Асфендияров қазақ даласындағы азаттық қозғалыс идеясының жарқын көріністері ретінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін атап өтеді. Торғай және Жетісу облыстары аумағында өрбіген ұлт-азаттық қозғалыстың жан-жақты тарихы, барысы мен тарихи маңызына қатысты жасаған тұжырымдары күні бүгінге дейін өзекті деп санаймыз.

С. Асфендияров XX ғасыр басында қазақ балалары мен қазақ тілді мектептерді оқулықпен қамту жұмыстарына белсене атсалысқан қайраткерлердің бірі деп айтуға толық негіз бар. Рас біздің келтірген мәліметтеріміз С. Асфендияровтың белсенді қоғамдық-саяси қызметінің тек бір бағыты немесе қыры ғана. Алдағы уақытты С. Асфендияровтың еліміздегі тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуындағы ролін айқындауды мақсат еткен ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді жүргізілуі тиіс деп тұжырымдай аламын.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асфендияров С. *История Казахстана (с древнейших времен)*. – 3-е издание. – Алматы: Санат, 1998. – 304 с.
2. *История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней*. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1943. – 670 с.
3. П.И. Кушнер и развитие советской этнографии в 1920-1950-е годы. – Москва: ИЭА РАН, 2006. – 257 с.
4. Гурко-Кряжина В.А. *Программа курса Ближнего Востока для Института востоковедения*. – Москва, 1927. – 37 с.
5. Тынышпаев М. *Материалы к истории киргиз-казахского народа*. – Ташкент: Восточное отделение Киргизского государственного издательства, 1925. – 62 с.

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ НА ПРИМЕРЕ ИЗУЧЕНИЯ НАСЛЕДИЯ «АЛАШ»

ДЖУМАБАЕВА М.Х.

учитель истории, средняя школа имени М. Ауэзова
Атырауская область, Казахстан

Аннотация. Бұл мақалада «Алаш» партиясы жетекшілері мен мүшелерінің түрлі идеялары, қызметі мен қайраткерлігін оқу үдерісінде оқыту барысында жастарға тәрбие беру мәселелері қарастырылады. Қазақ халқының рухани - адамгершілік бейнесін қалыптастырудағы саяси партияның рөлі атап өтілді. Қазақ халқының сауаттылығы мәселелері қарастырылуда. Алаш зиялыларының қызметін зерттеп, талдап, Қазақстандағы білім беру жағдайын сипаттады. Кеңестік құрылыстың алғашқы кезеңінде "Алаш" өкілдері ағарту ісін жақсартуға үміттенді. Алайда, жалпыға бірдей сауаттылықты таратумен қатар, Алаш зиялылары жеңуге тырысқан мақсатқа жету үшін көптеген қиындықтар туындады.

Түйінді сөздер: ағартушылық, патриотизм, латын әріптері, мұра, Алаш зиялылары, мектептер, білім, сауаттылық.

Аннотация. В данной статье рассматривается тема патриотического воспитания молодого поколения на примере изучения наследия «Алаш». Отмечена роль политической партии в формировании духовно-нравственного облика казахского народа. Рассматриваются проблемы грамотности казахского населения. Изучив и проанализировав деятельность алашской интеллигенции было описано состояние образования в Казахстане. В начальный период советского строительства представители «Алаш» надеялись на улучшение в деле просвещения. Однако, наряду с распространением всеобщей грамотности, возникало немало трудностей для достижения цели, которые старалась преодолеть алашская интеллигенция.

Ключевые слова: просвещение, патриотизм, латиница, наследие, алашская интеллигенция, школы, обучение, грамотность.

Annotation. This article examines the scientific literature on the topic «patriotic education of the younger generation by the example of studying the heritage of Alash», various scientific works were studied in which various ideas, principles of activity of leaders and members of the intelligentsia of the Alash party were described. The role of the political party in the formation of the spiritual and moral image of the Kazakh people is noted. The problems of literacy of the Kazakh population are considered. Having studied and analyzed the activities of the Alash intelligentsia, they described the state of education in Kazakhstan. In the initial period of Soviet construction, representatives of Alash hoped for an improvement in education. However, along with the spread of universal literacy, there were many difficulties to achieve the goal, which the Alash intelligentsia tried to overcome.

Keywords: enlightenment, patriotism, Latin letters, heritage, Alash intelligentsia, schools, education, literacy.

В Законе Республики Казахстан «Об образовании» основными направлениями воспитательной работы определяется формирование прочных основ нравственности, воспитание Патриотизма и любви к своей Родине. Сюда же входят уважение к государственным символам, уважение традиций.

В 2017 году партия «Алаш» отметила свое столетие. В школах ежегодно в программу воспитательной работы включают различные мероприятия, посвященные памяти алашординцев.

Руководителями партии «Алаш» являлись А. Байтұрсынов, А. Букейханов и М. Дулатов. В обязанности членов партии «Алаш» входила защита интересов и прав казахского народа, его независимое политическое развитие. Основой для становления казахской государственности стали руководители и представители казахской интеллигенции партии «Алаш».

На сегодняшний день изучение истории партии «Алаш» имеет большое значение. Историки стран СНГ и европейских стран по сегодняшний день исследуют и обсуждают роль, которую сыграли алашординцы в воспитании духовно-нравственной культуры казахского народа [1, с. 204].

За короткий срок членами национально-освободительского движения удалось создать современный казахский язык и популяризировать казахскую литературу. «Алаш» – одна из первых партий, которая сделала первые серьезные шаги к образованию современного, демократического Казахстана.

Защита интересов нации и реализация идей является целью приспособления казахской народной

культуры к современным ценностям Казахстана, основываясь на разумном сочетании традиций с лучшими достижениями цивилизации на основе автономной казахской государственности. Данная концепция движения «Алаш» была актуальна не только в советское время, но и в нынешнее время. Исследования показали, что на сегодняшний день среди молодого населения республики Казахстан цели и идеи партии «Алаш», имеют большую актуальность [2].

В современной образовательной программе важным аспектом воспитательной работы является формирование и воспитание личности, т.к. эти факторы являются «путеводителем», объединяющим поколения в поколение и передающий накопленные эмпирические знания, умения и навыки.

В воспитательном процессе казахского народа издревле существовало множество приемов и методов, которые применялись в воспитании молодого поколения. Данные методы позволяли закладывать и раскрывать нравственные основы личности. В казахской культуре считают, что воспитание – бесценное богатство. Многовековой опыт непростой жизни казахского народа выработал определенные дидактические приёмы и правила воспитания детей.

Несмотря на колонизацию российской империей, члены партии «Алаш» пытались отстаивать самобытное развитие своего народа, пробуждая у потомков кочевнического образа жизни стремление к оседлому образу жизни, принятие революционных правовых принципов относительного суверенитета, побуждая молодых людей развиваться, получать знания и сохранять культурную идентичность в современных условиях [3, с. 272].

Несмотря на то, что члены партии сталкивались со сложностями ведения борьбы с неграмотностью населения, в некоторой степени им удалось немного повлиять на решение принятия мер по введению всеобщего начального образования. К сожалению, уровень грамотности казахского народа был не на высоте. В школах советского Казахстана не было учебного материала на родном языке. Так представителям алашской интеллигенции А. Букейханову, М. Жумабаеву, Ж. Тлеулину и другим, была поставлена задача по переводу таких учебников, как арифметика, геометрия, география, всеобщая история, алгебра, педагогика, дидактика. Ситуация с неграмотностью стала поправляться. В школах-юртах проводилось обучение детей и взрослых, также ученикам, получившие начальное образование, разрешалось обучать других [4]. Казахские лидеры всегда проявляли заботу о родном языке. Этот вопрос актуален и сейчас. А. Байтурсинов говорил, «Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе тот народ, который говорит на своём языке и имеет свою литературу».

В конце 20-х годов члены интеллигенции предложили перейти на латинскую графику. Но А. Байтурсинов выступил против этого и был раскритикован коммунистами. А. Байтурсинов считал, что перемены в графике могут привести к нарушению исторической непрерывности и потери духовных ценностей. Против введения латиницы также выступал М. Дулатов. Он считал, что вместо борьбы с неграмотностью они получают больше неграмотных людей, также он понимал, что не хватит финансовых средств. М. Дулатов предлагал сохранить и совершенствовать тюркское письмо. Также многие представители казахской интеллигенции отмечали, что еще не в полной мере изучены потенциал казахского языка, и предложили вводить новые термины, на основе общественного обсуждения.

С 1929 по 1940 годы казахский народ пережил важнейшие перемены в алфавите. Казахский алфавит переходил от арабской графики к латинице, от нее к кириллице. К сожалению, эти изменения отразились и на качестве образования. Борьба с неграмотностью народа было нелегко из-за недостатков в помещениях, учебниках, учительских кадрах. Один из активных деятелей алашского движения Жумагали Тлеулин изначально открыл краткосрочные, 3-х месячные курсы для учителей, которые позже их продлили на 3 года. Позже эти курсы были преобразованы в педтехникумы с русским и казахским языком обучения [5].

В педагогических институтах студенты, обучающиеся по педагогическим специальностям при изучении дисциплин «Педагогика», «методика преподавания» обязательно изучают, сопоставляют и анализируют цели, задачи, методики преподавания, используемые с исторических времен с современным интегрированием на этапах развития общества в процессе организованного, корректируемого процесса обучения и воспитания подрастающего поколения.

В сознаниях казахстанцев события 20 века, связанные с движением «Алаш» постепенно восстанавливаются. На сегодняшний день, в школьной программе по воспитательной деятельности, идет большая работа по возрождению исторического сознания и чувства патриотизма у молодых людей. Только зная историю своего народа и с чем пришлось столкнуться миллионам людей, чтобы жить в современном Казахстане начинаешь понимать особую ценность обретенной Независимости. Каждая земля, как известно, рождает своих великих сынов. Казахский народ также гордится именитыми героями, такими как Кенесары хан, Абылай хан, батыры Срым, Исатай, Богенбай, Райымбек, Махамбет и многими другими. И это доказывает тот факт, что по сей день молодые семьи называют своих детей именами

наших батыров и ханов. История казахского народа показывает, что борьба за свободу и независимость страны никогда не прекращалась.

Члены партии «Алаш» и представители казахской элиты внесли огромный вклад в становлении казахской государственности. Жители Казахстана живут в том государстве, рубежи которого еще в начале 1920-х годов были обозначены участниками партии «Алаш». Представители алашской интеллигенции А. Букейханов, А. Байтурсынов, М. Дулатов, А. Беремжанов, М. Шокай, Ж. Ақпаев, М. Тынышпаев, А. Ермеков, а также национал-коммунисты С. Ходжанов, Т. Рыскулов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Садвокасов, Н. Нурмаков и другие прилагали все усилия для обеспечения целостности территории казахской народности [6].

В то время казахская интеллигенция считалась людьми высокого порыва и самопожертвования, формировавшими свое мировоззрение и свои идеи. Для многих молодых людей они являются, образцом нравственности, бескорыстия и преданности национальному и гражданскому долгу. А. Байтурсынов всегда говорил, что будущее - за молодым поколением, желающих учиться и саморазвиваться, с целью трудиться на благо своего народа, и что таких молодых людей необходимо всячески поддерживать: материально и морально [7, с. 294].

Алашские деятели мечтали об образованной нации и их мечты сбылись. Они хотели, чтобы казахи были наравне с другими странами мира, такими как Япония. Идеи и принципы, выдвигавшиеся казахской интеллигенцией, сохраняют свое значение и до сих пор актуальны. И даже если времена и политические взгляды меняются, ставятся новые задачи, но идеи партии Алаш продолжают жить и напоминают о себе в период политических изменений в стране.

Явление «Алаш» необъятно, охватить все стороны которого невозможно в одном исследовании. Многие инициативы, проекты, идеи зародились в разнообразных общественных объединениях, в которых появлялись и развивались деятели «Алаш». Самореализация, стремление жить, учиться и работать на благо своего народа было на высоком уровне, поэтому и появились добродетели и спонсоры, которые поддержали многие проекты алашордынцев, от финансирования армии до помощи в изданиях печатной продукции. Проблема самоорганизации, общественных объединений актуальна и в наше время, когда молодежь уходит в религиозные секты забывая ценность и идеологию, которую преследовали наше предшествующие поколения.

В наше время, мы наблюдаем корреляцию между идеями казахских интеллектуалов прошлого века и современными молодыми людьми. Стратегия национального прорыва можно услышать и увидеть в инициативах, идеях и деятельности молодых общественных деятелей независимого Казахстана, которые затрагивают все сферы общественной жизни, внутренней и внешней политики государства. Идеи, цели и принципы лидеров национально-освободительного движения сохранили национальную уникальность казахского народа, восстановили исторические события прошлого и оказали огромное влияние на воспитательные чувства казахского народа. Действия членов партии «Алаш», их работы, подняли дух казахского народа, что послужило ядром для духовно-нравственного развития казахстанцев и оказал огромное влияние на пробуждение казахского народа. Деятели алашской партии мечтали об образованной нации. На сегодняшний день эти идеи нашли своё отражение в реализации Президентской программы «Болашак».

Изучая и анализируя наследие деятельности алашской интеллигенции касательно вопроса об образовании в Казахстане, можно увидеть их вклад в образование подрастающего поколения. Они мечтали видеть казахов образованными, культурными, прогрессирующими вместе с мировым сообществом. Многие современные проблемы с которыми сталкивается наша страна берет начало и объяснения в эпохе «Алаш». Деятели партии «Алаш» были научно обоснованы главные аспекты государственности, экономические факторы, принципы национальной культуры и языка, на исторических фактах обоснованы и отстояны границы республики, определено направление общего развития страны и т.д. Молодому поколению постоянно следует говорить о наличии такого опыта истинного и беспрестанного служения народу. Дабы не испытывать сожаление в испытаниях на непоколебимость справедливости, состраданию к своему народу и милосердию, способности проявлять ответственность за происходящее вокруг, противостоять лжи, не поддаваться соблазну алчного обогащения за счет окружающих. Алашская идея, со времен своего основания продолжает служить интересам независимого Казахстана. Даже когда, придут новые поколения достойные общественной мысли и нравственного опыта Алашской интеллигенции будут поддерживать казахстанский народ в потоке истории.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ахметов Л.С. Алихан Букейханов - поиск ориентиров. Ахмет Байтурсунов - главное обретение независимости. Турар Рыскулов - яркий политик советского Востока. - Астана, 2008. - 204 с.
2. <https://kazpravda.kz/n/nasledie-alash-ordy-i-aktualnye-voprosy-sovremennogo-etapa-razvitiya-kazahstana/>
3. Кыдыралина Ж.У. Алимхан Ермеков. - Астана: Фолиант, 2012 - 272 с.

4. Рибас. Алаш-ординцам нет места в Советах // Мир труда. - 1922. - 9 августа.

5. Материалы международной научно-практической конференции в честь 100-летия «Алаш-Орды» «Алаш-Орда»: воплощение идеи независимости Казахстана. - Алматы: Международный университет информационных технологий, 2017

6. Измайлов А.Э. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. – Алматы, 2015

7. Муканов К. Мечта благородных людей. - Астана, 2014. - 294 с.

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

ШИЛИКБАЕВА А.М.

*тарих пәні мұғалімі, Алматы қаласы физика-математика
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Алматы, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада тарих сабақтарында дерекпен жұмыс істеудің сауаттылығын дамытудың іс-әрекеттегі зерттеудің жинақталған тәжірибесі жазылған. Тәжірибені зерттеуде білім алушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын жетілдіру мақсат етіп қойылған. Зерттеу барысында Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес деректермен жүргізілген жұмыстың тиімділігі түсіндіріледі. Түрлі әдіс-тәсілдермен, орындалған тапсырмалардың теориялық және практикалық негізде жүзеге асырылуы туралы нәтижелермен бөліседі. Зерттеу қорытындысы көрсеткен ілгерілеу үдерісіне ықпал еткен нақты және қосалқы деректердің тақырыпты меңгеруге тигізген пайдасы туралы қарастырады.

Кілт сөздер: тарих пәнін оқыту, іс-әрекеттегі зерттеу, дерекпен жұмыс, қолданылған әдістер, жоғары деңгейлі ойлау дағдылары.

Кіріспе. Тарих пәнін оқытуда оқушылардың бойында тарихи сана қалыптастыру мен тарихи ойлау дағдыларын дамыту негізгі базалық дағды болып саналады. Оқу үдерісінде «тарихи ойлау» арқылы барлық оқиғалар мен құбылыстарды тарихи тұрғыдан қарастырып қана қоймай, пікір-талас тудыратын мәселелерде әртүрлі деректерді салыстырып, олардың интерпретациясын, өзіндік көзқарасын білдіруді талап етудің мәні зор. Сол сәтте ғана білім алушылардың санасында тарихи үдерістер логикасының жаңғыруы орын алып, өзін-өзі тануының компоненттері анықталады. Бұл тарихи білім беру саласында оқушылардың қоғамда толық адам болып қалыптасуына, қызығушылығы мен қажеттілігін қанағаттандыруға икемдеудің бір жолы болып табылады. Әр сабақ сайын қарастырылатын оқу мақсаттары мен қалыптастыруға бағытталған дағдылар оқушылардың одан әрі дамуына мүмкіндік беріп, күрделі мемлекеттік, әлеуметтік және экономикалық, мәдени салалардағы дағдыларды дамытуға жәрдемдесуі керек.

Қазіргі қарқынды дамып жатқан әлемде цифрлық технологиялардың дамуы қарым-қатынас арналарын өзгерткені сондай, білім беру саласындағы мамандар мен саясаткерлерде сауаттылықтың мазмұнын қайта қарастыруға мәжбүр болып, «компьютерлік сауаттылық», «ақпараттық сауаттылық», «қаржылық сауаттылық» және жиі қолданылатын «деректермен жұмыс істеу сауаттылығы» сияқты сауаттылықтың жаңа түрлерін талдауға және қайта бағалауға мәжбүр болып отыр. (Бхаргава, 2015 ж.).

Деректермен жұмыс істеу сауаттылығы деректерді өңдеу емес, деректерді қолдана отырып ойлануды үйрету болып табылады. Бұл сауаттылықтың басқа түрлерімен тығыз байланысты болады. Деректермен жұмыс істеу сауаттылығы біздің цифрлық әлемде бағдарыңды айқындау үшін өте маңызды, сондықтан ол «Білім беру – 2030» шеңберіндегі негізгі дағды болып табылады. [1] Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру - 2030» жобасы бойынша 30-жылдардың негізгі дағдыларын құрастырып берді. Зерттеу барысында «Data-Pop Alliance» бірлестігі ХХІ ғасырдың өзекті дағдылары ғылыми, ақпараттық, медиа, цифрлық, статистикалық сияқты сауаттылықтардың қиылысында деректермен жұмыс істеу сауаттылығының пайда болғанын жеткізді. Сонымен қатар, деректермен жұмыс істеу дағдысын дамытудың оқу жоспарына сай тақырыптарды күрделендірмейтінін де атап өтті.

Жаңартылған жалпы білім беруде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің NIS-Program кіріктірілген білім беру бағдарламасы тарих пәнін оқытуда тарихи сана қалыптастыру мен тарихи концептілер негізінде білім беруді мақсат етеді. Мақсатқа жетудің жолында оқушылардың тарихи деректерді қолданып, пайымдау және қорытынды жасау дағдыларын дамыту, деректерді талдау арқылы тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру сияқты міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Көзделген

мақсат-міндеттердің орындалуы, күнделікті оқыту үдерісінде көрініс табуы қажет.

Әдіскер-ғалым, академик Т.Т. Тұрлығұл атап өткендей, тарихты оқыту - күрделі үдеріс, ол өзара байланысты: оқытудың мақсатын анықтау, білім мазмұнын іріктеу, білімді оқытып-үйрету, оны меңгеруге басшылық ету – оқушылардың оқу қызметі және оқытудың нәтижесі сияқты құрамдас бөлімдерден құралады. Оқыту үдерісі үнемі қозғалыста болады, демек дамып отырады, ол туындаған қайшылықтарды шешу арқылы жетіледі. [2] Процесс болған жерде озық тәжірибе мен ілгерілеудің яғни, прогрестің болуы шарт. Кез-келген оқу үдерісінде зерттеудің проблемалық сұрақтарының болуы қалыпты жағдай. Осы тұста, «Бұл тақырыпқа қатысты не зерттелді?» - деген сұрақтың туындауы заңдылық.

Зерттеуді қажет еткен мәселе зияткерлік мектептердің 10-сынып оқушыларының Қазақстан тарихы пәнінен алған білімдері мен жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілеттерінің IGCSE халықаралық стандарттарға сай бағаланатындығынан туындады. Себебі, 2 бөлімнен тұратын білім мен біліктілікті бағалауға арналған емтихан тапсырмаларының 1-бөлімі оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын бағалауға бағытталады. Оған А, В, С, D, E, F алты дереккөз материалдарына негізделген a,b,c деңгейіндегі сұрақтар беріліп, дереккөздердің құндылығын бағалау ұсынылады. 2-бөлімінде 100 сөзге дейінгі ынталандыру материалдары беріліп, білім алушылардың талдау және бағалау, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларының даму деңгейін көрсету талап етіледі. Осыған байланысты, әр мұғалім өзінің іс-тәжірибесінде жаңа оқу жылының басында жоғары мектептің 11-сыныбына көшкен оқушылардың 10-сыныпта тапсырған сыртқы жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижесін саралайды. Әр оқушының оқу жетістігіне салыстырмалы талдау жасап, туындаған кедергілер мен қайшылықтарды анықтайды. 2022-2023 оқу жылында анықталған мәселе бойынша Action Research жобасымен іс-әрекеттегі тәжірибеге зерттеу жүргізіліп, зерттеу мұғалімнің кәсіби даму мақсаты аясында жүзеге асырылды. Деректермен жұмыс істеу арқылы ойланудың тиімділігі мен мәселелеріне байланысты мынадай зерттеудің проблемалық сұрақтары құрастырылды.

Дереккөздерді бірнеше аспектілерде салыстыра алмаудың себебі неде?

Неліктен талдау мен бағалаудың орнына жалпылама сипаттама берумен шектелген?

Қорытынды және тұжырымдама жасауда перспективаларды шешудің нақты жолдарын ұсына алмаудың қандай кедергілері мен қиындықтары бар?

Мәселеге қатысты жинақталған деректерді өңдеу барысында тәжірибені зерттеудің тақырыбы анықталды.

Зерттеудің тақырыбы: «Деректермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың жоғары ойлау дағдыларын дамыту»

Зерттеудің мақсаты – оқушылардың деректермен жұмыс істеу сауаттылығын дамыту үшін жоғары ойлау дағдыларын арттыратын тәсілдерді зерделеу.

Зерттеудің міндеттері:

Тарихи деректермен жұмыс жасаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру;

Деректерді талдау және интерпретациялау тәсілдерін оқу үдерісінде қолдану;

Тарихи үдерістерді білуге ғана емес, тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағыттау;

Дереккөздерді түрлендіріп қолдану арқылы тапсырмаларды саралау.

Зерттеудің болжамы – деректермен жұмыс жүргізуде қолданылған тәсілдер оқушылардың жоғары ойлау дағдыларын арттырса, сыртқы жиынтық бағалау кезінде, оң нәтиже көрсетуге пайдасын тигізеді.

Әдіснама. Зерттеу әдістері – зерттеудің бастапқы кезеңінде сауалнама алу, алынған нәтижелерді салыстырып талдау, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділіктерін бақылау, деректермен жұмыс жүргізу кезіндегі тәсілдердің тиімділігін саралау т.б.

Зерттеу объектісі – 10-сынып оқушылары (15-16 жас аралығында),


Күтілетін нәтижелер: оқушылардың деректермен жұмыс істеу сауаттылығы артады. Өмірлік тәжірибеде өзінің бағыт-бағдарын нақты айқындай алады. Өзбетінше жан-жақты білім алуға ұмтылады. Сын тұрғысынан ойлау, жауапкершілікті сезіну, құрмет көрсету, өз пікірін білдіру сияқты құндылыққа толы қасиеттері дамиды.

Әдебиетке шолу


Тарихи деректермен жұмыс істеу, деректерді талдау, дереккөздердің құндылығын бағалау іспетті теориялық негіздемелерді зерделеу кезінде тарихи дерек түсінігінің сан түрлі екеніне көз жеткізуге болады. Ғалымдар тарихи деректердің теориясын тарих ғылымының бір саласы ретінде «Деректану» ғылымымен тығыз байланыстырады. Солардың бірі т.ғ.д., профессор Қ.М. Атабаевтың айтуынша, «Деректану – Қазақстан қоғамдық ғылымдарының методикалық негізі» [3] деп аталған ғылым саласының тарих пәнімен, тарихты үйренумен тікелей байланысты екенін нақты атап көрсетеді. Ғалым А. Күзембайұлы «Деректану - тарихи деректердің теориясын, оны зерттеудің техникасы мен әдістемесін қарастыратын тарих ғылымының бір саласы.» [4] ретінде тарихи деректерден шынайы ақпарат алу үшін

деректану ғылымына жүгінудің пайдасы зор екенін түсіндіреді. Алайда, педагог-әдіскер ғалым Т.Т. Тұрлығұл «Тарихты оқыту теориясы мен әдістемесі» пәні тарих ғылымдарына жатпайды, ол педагогикалық ғылымдарға қосылады. Өйткені оның зерттейтін негізгі нысандары: оқытудың мақсатын, білім мазмұнын анықтау, оқушылардың оқу қызметі қалай ұйымдастырылады, оның тиімді жолдары қайсы? - деген сияқты көптеген мәселелер.» [2,1] деп тарих сабақтарында қолданылатын дереккөздер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызығушылықтарын оятып, қоғамдағы сұраныстарын қанағаттандыруға ынталандыратын материал болуы қажеттігі жайында «Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралында жазған. Әдіскер, ғалым профессор М.М. Стасюлевич 1863 жылы оқушылардың тарихи дереккөздерімен (күжаттармен) танысудың маңызы зор екендігін айтқан. Ол, осылайша, түпдеректермен жұмыс істеуге негізделген практикалық әдіс бойынша сабақ жүргізуді ұсынады.[5] Осы ғылыми теориялық білімді бекіте отырып, практикалық дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығын көрсететін З.Қ. Шегенова мен Ө.Т. Жәнісов сынды әдіскерлердің тарих пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралында айқын көрініс тапқан. Онда оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай дерекпен жұмыс істеу сауаттылығын дамытуға баса көңіл бөлінеді. Онда 5-6 сынып оқушыларына баяндаушылық және суреттеу сипатындағы ең қарапайым деректік материалды қолданса, 7-8 сыныптарға талқылауға салынатын шаруашылық және заң құжаттарының санын арттырғанды ұсынады. 9-10 сыныптарда саяси, бағдарламалық құжаттарды кеңінен қолданып, білім алушылардың талдау, бағалау, сыни пікір білдіру, тұжырымдама жасау сияқты жоғары ойлау дағдыларын дамытатын тәсілдерді қолданудың тиімділігін жеткізеді. Жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыруда деректермен жұмыс істеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін ұсынған. [6]. Тарихты оқыту әдістемесін зерттеп жүрген Г.Б. Қозғамбаева мен Н.К. Алпысбаеваның еңбектерінде тарихи деректерді нақты және қосалқы деп екіге бөледі. Ол оқу үдерісінде оқушылардың тарихи білім элементтерін тиімді игеруіне көмектесетінін айтады. Жоғары сыныптарда дереккөздермен жұмыс ұйымдастырғанда тарихшылардың, экономистер мен саяхатшылардың, ғылыми еңбектерімен мемлекет басшыларының, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің естеліктерін талдауға ұсыныс береді. Ол дереккөздерге сүйене отырып, нақты тарихи білім мен дағдының дамуына өзіндік үлесін қосатынын алдыға тартады. [5,1]

Негізгі бөлім. Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу барысында бастапқы деректерді жинау үшін Google Forms платформасы арқылы 10-сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 61 оқушы қатысты. Олардың 42-сі ұл, 19-ы қыз балалар болды. Алынған сауалнама бойынша қатысушылар жауап берген 5 сұраққа сараптама жасалып, салыстырмалы диаграмма құрастырылды. Сауалнамада берілген 3 сұрақ тарих пәнін оқытуда дерекпен жұмыс істеудің маңыздылығын бағалауға қатысты қойылды. Қатысқан 61 оқушының 49-ы «өте маңызды» деп бағалады. Бұл барлық оқушының 80,3% құрады. Сауалнамаға жауап бергендердің аздаға бөлігі 7 оқушы «маңыздылығы орташа» деп жауап берсе, бұл барлық бала санының 11,5% алды. Ал қалған 5 оқушы «өте маңызды, бірақ дерекпен жұмыс істеуде қиындықтар бар» деп жауап берді. Олар барлық зерттеуге қатысушылардың 8,2%-нан тұрды. Келесі 2 сұрақ дерекпен жұмыс жүргізуде қандай қиындықтар мен кедергілердің бар екендігін анықтауға бағытталды. Сауалнама алынғандардың 21 адамы 34,4%-ы нақты қиындықтарды атап бере алса, басқа 40 адам 65,6%-ы кедергілер мен қиындықтардың жоқ екенін айтып, сабақ барысындағы деректерді талдаудың тәсілдеріне көңілдерінің толатынын жеткізді. Сауалнаманың нәтижесі тарих пәнін оқытуда деректермен жұмыс жүргізудің өте маңызды екенін жақсы түсінеді және кездескен қиындықтарды еңсеруге дайын екендіктерін танытты. Маңыздылық деңгейі орташа деп жауап берген оқушылардың қызығушылығы гуманитарлық ғылыммен салыстырғанда, жаратылыстану ғылымымен тығыз байланысты екенін байқатты. Жалпы зерттеудің барысы сабақта әртүрлі дереккөздерді жиі қолданып, оқушылардың практикалық дағдыларының дамуына ықпал ету, деректермен жұмыс істеуде талдау, бағалау, салыстыру сияқты жоғары ойлауды қалыптастыратын тәсілдерді тиімді қолдануды, түрлендіріп берілген дереккөздерге қатысты нақты қорытынды жасап, концептуалды негізде білім беруді дамытудың қажеттігін көрсетті.



10-сынып оқушыларынан 2 сұрақ бойынша алынған сауалнама нәтижесі



Сауалнаманың нәтижесі көрсеткен мәселелерді зерделеп, зерттеуге қатыспаған басқа да 10-сынып оқушыларының мұғалімдерінен өзара тәжірибе алмасу, туындаған мәселелерге қатысты пікірлерін білу мақсатында сұқбат жүргізілді. Сұқбат қазақ әдебиеті және география пәндерінің мұғалімдерінен алынды. Сұқбатқа қатысқан екі маманның жауаптары да бір-біріне сәйкес келді. Демек, зияткерлік мектептің дарынды оқушыларының жоғары әлеуетіне қарамастан, кейбір оқушылардың дерекпен жұмыс істеу кезінде кейбір қиындықтарға тап болатынын атап өтті. Кездесетін қиындықтар көп жағдайда тілдік кедергілерге байланысты және жоғары дағдыларды бағалайтын деректердің мазмұнын түсінуіне қатысты екенін айтты. Сұқбат берушілердің пікірінше бұл мәселені шешуде CLIL әдісімен қатар, деректің мазмұнына қатысты бағалау міндеттеріне сай деңгейлік тапсырмалар құрастырып берудің маңыздылығы зор екенін айтты. Әріптес мамандардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріліп, оқу бағдарламасына сәйкес 4 тараудың тақырыптарына қатысты зерттеу жұмысы жүргізілді.

Қазақстан тарихы пәнінен 10-сыныптарда оқу бағдарламасына сәйкес деректермен жұмыс жүргізудің тапсырмалары мысалында:

Кесте 1

Тақырыптар	Дербестендірілген оқыту		Дерекпен жұмыс	Нәтиже
	Теория	Практика		
Соғыстан кейін қазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?	Қазақстан халқының соғыстан кейінгі саяси-әлеуметтік жағдайын анықтайды. Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысына талдау жасайды.	Деректер негізінде соғыстан кейінгі Қазақстан халқының өміріне әртүрлі факторлардың тигізген әсерін талдайды.	Дереккөз: Соғыстан қайтқан солдаттар немесе Ұлы Отан соғысынан кейінгі қоғамдық саяси өмір. 06 наурыз 2015. https://e-history.kz/	Деректі және алған білімдерін қолданып PEST талдау жасап, демографиялық өзгерістердің салыстырмалы диаграммасын әзірледі. Әрбір факторлар бойынша себеп-салдарлық байланыстарға түсіндірме беріп, қорытынды жасады.
Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?	Қазақстанда пайда болған ядролық сынақтар алаңының себептерін анықтап, зардаптарына баға береді.	Деректерді және картаны қолданып, саяси-әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және экологиялық себептері мен салдарын жіктейді.	Дереккөз: Семей полигоны-қасірет ошағы 13.01.2017 ж. https://qazaqadabiet.i.kz/ Кәріпбек Күйіков «Ата-анам полигон сынақтарын өз көзімен көрген» 25.08.2016 ж. https://e-history.kz/	Түрлі ресурстарды қолдану арқылы «Галереяға саяхат» әдісімен карта, естеліктер мен күнделіктер, бейнематериалдар, суреттер мен хаттардың мазмұнын жұптық жұмыста талдады. Деректердің контекстіне байланысты пайымдаулар жасады.
Неліктен тарихшы Ермұхан Бекмаханов 25 жылға бас бостан-	Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесіне баға береді. Ғылымда	1940-1950 жылдары кеңестік саясаттың Қазақстандық қоғамдық-саяси, рухани өмір	Дереккөз: Е. Бекмаханов Жеті томдық шығармалар жинағы. 7-том, Павлодар, 2005 ,	1-топ «Сюжеттік кесте» әдісі 2-топ «Мәселелік жағдаят» әдісі 3-топ «Болжам алаңы» әдісі

дығынан айырылды?	жеткен жетістіктері мен кездескен қиындықтарына талдау жасайды.	салаларына тигізген әсеріне зерттеу жүргізеді. Ғылыми қызметі мен тұлғалық қасиеті туралы зерттеу бойынша есеп дайындайды.	21-бет. М. Сәрсеке. Е. Бекмаханов. Ғұмырнама. Астана, 2010, 100-бет. «Тарихи тұлғалар» 2009, 117-бет	4-топ «ПТМС» әдістерімен топтық талқылау жүргізіп, тарихи контексте болжамдар мен тұжырымдар жасады.
XX ғ. II жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?	XX ғасырдың II жартысындағы халық наразылығы мен тұлғалардың қызметі мен рөліне талдау жасап, баға береді.	Деректерге сүйеніп, 1.Цензира жағдайындағы шығармалар, 2.Целиноград оқиғасының тарихы, 3.Д.А. Қонаев пен 4.Ж.А. Тәшеновтың ұлттық мүддені қорғауға қосқан үлесін талдау және баға беру.	Дереккөз: Д.А. Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмады». Алматы, Санат, 1994, 55-бет. Қ. Еңсенов «Қазақтың қайсар ұлы –Жұмабек Тәшенов», 20.03.2020 ж. https://e-history.kz/	Деректер негізінде «Үш жақты күнделік» әдісі бойынша әр жұп өздері таңдаған төрт мәселенің біріне талдау жасады. 1-жақта қоғамдық-саяси мәселелерді, 2-жақта әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы наразылық себептері, 3-жақта шешу жолдары мен қорытынды жасауды жүзеге асырды.

Оқу үдерісінде деректерді негізге ала отырып әртүрлі әдістермен жүргізілген сабақтарда, әр тапсырмаларға сай бағалау критерийлері де дайындалып берілді. Қолданылған әдістердің 90%-ы оқу мақсатына жетуге көмектесіп, ұтымды таңдалғанын көрсетті. Негізге алынған деректерді талдау тапсырмалардың түріне қарай бағалау міндеттеріне сәйкес берілді. Ал бағалау міндеттері (БМ) оқу мақсатына сай жасалады.

Кесте 2

М	Дағдылар	Деректерді талдауға арналған деңгейлік сұрақтар
M1	<i>Білу және түсіну.</i> Тарихи оқиғаның мерзімі, термин сөздер, фактілердің қолданылуы.	Бұл құжат қашан, қайда, неліктен пайда болды? Құжаттың авторы кім? Құжат қандай тарихи үдеріске қатысты жазылғанын сипаттаңыз. Құжаттың мақсаты қандай?
M2	<i>Дағдылар және талдау</i> тарихи оқиғалардың себеп-салдарын, өзгерістер мен үздіксіз сабақтастықтарын, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын; өткен замандағы адамдардың дәлелдерін, пікірлерін, көзқарастары мен нанымдарын білуі тиіс.	Автордың өмірі мен қоғамдағы іс-әрекеті туралы не білесің? Құжат мәтініндегі негізгі/жаңа идеяларды түсіндір Бұл құжат басқа құжаттардан қалай ерекшеленіп тұр? Бұл құжат мемлекет пен қоғамға қандай өзгеріс немесе нәтиже берді? Бұл құжат қандай сипатта (ашық немесе құпия) жасалған?, неліктен деп ойлайсың?
M3	<i>Пайымдау және шешім қабылдау.</i> тарихи контекст бойынша дереккөздерді кең қолданып, бағалап, түсіндіре білуі тиіс.	Құжаттың маңыздылығын бағала Құжаттың нақты немесе болжамды салдары қандай болды? Деректің шынайылығы мен сенімділігін бағала (егер құжат мемлекеттік, ресми болса, онда ол шынайы. Ал белгілі бір авторға тиесілі болса, автордың мақсатына байланысты болады. Ол деректің шынайылығы мен сенімділігі төмен болуы мүмкін) Құжат авторының позициясымен қаншалықты келісесің немесе келіспейсің?

Деректермен жұмыс жасау кезінде деңгейлік сұрақтарды оқу мақсатына қарай құрастырып берген жөн. Себебі, барлық сұрақтың мазмұны талқыланып отырған деректің контекстіне сәйкес келе бермеуі мүмкін. Сондықтан, талдау сұрақтарын таңдап алу керек.

Қорытынды. Іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеуді қорытындылай келе, деректермен жұмыс жасау арқылы әртүрлі әдістермен жүргізілген сабақтардың нәтижелері оқушылардың жоғары ойлау дағдыларын дамытуға оң ықпал еткенін айтып өту керек. Деректерді талдау арқылы сыни ойлау, өзбетінше шешім қабылдау, қорытынды жасап, баға беру дағдыларының арта түскенін көрсетті. Зерттеу кезіндегі анықталған мәселенің мақсатқа жеткеніне көз жеткізу үшін 10 сұрақтан тұратын қорытынды сауалнама жүргізілді. Сауалнамада 89,9% оқушы дерекпен жұмыс жүргізудің жоғары ойлау дағдыларын дамытуға үлес қосқаны жайында жауап берді. Деректермен жұмыс істеудің нәтижелілігі оқушылардың ойын шектемей, еркін ізденуіне бастама болғандығын аңғартты. Атқарылған іс-әрекеттер оқушылардың бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кезінде де жоғары нәтиже көрсетулеріне ықпал етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

«Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру-2030» ЭЫДҰ жобасы бойынша материалдар жинағы. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2018.

Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. (Оқу құралы) Алматы, «Қарасай», 2011. 32-33.

Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі. (Оқу құралы) Алматы, «Қазақ университеті», 2016.

«Тарихи дерек: археология және деректану мәселелері» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 30 қазан 2007.

Шегенова З.Қ., Жәнісов Ә.Т. Тарих сабақтарында деректермен жұмыс істеудің кейбір әдіс-тәсілдері. Әдістемелік құрал. Астана, 2014.

КӨШПЕЛІЛЕР МӘДЕНИЕТТІНІҢ ҮЛГІСІ

ИБРАГИМОВ М.А.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ы.Алтынсарин атындағы

Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі

Рудный қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақ даласындағы көшпелілер елінің тарихын, тұрмыс салты, шығыс пен батысты байланыстырушы ел екенін көрсетіледі. Сонымен қатар көшпелілерді кері тартпа көзқарас ретінде танытқандарға дәлел ретінде көшпелі ел тек мал шаруашылығымен ғана көшіп-қонып жүрмегенін, оларда қала мәдениетінің, сәулет құрылысының озық үлгісі болғаны туралы айтылады.

Тірек сөздер: Аймақ, Археология, Топономика, Көшпелі, Қала, Ұлы Дала, Ұлы Жібек, Мемлекет, Ғалым, Тұрмыс, Салт, Сақ, Ғұн, Еуразия, Шаруашылық.

Аннотация. В этой статье будет рассказано об истории страны кочевников казахской степи, об образе жизни, о том, что она является связующим звеном между Востоком и Западом. Кроме того, в качестве аргумента для тех, кто проявил кочевников как предвзятое отношение, говорится, что кочевая страна не просто мигрировала животноводством, у них был передовой образец городской культуры, архитектурного строительства.

Ключевые слова: Регион, Археология, Топономика, Кочевник, Город, Великая Степь, Великий Шелк, Государство, Ученый, Жизнь, Традиция, Сақ, Гунны, Евразия, Сельское хозяйство.

Annotation. This article will tell about the history of the nomadic country of the Kazakh steppe, about the way of life, that it is a link between East and West. In addition, as an argument for those who showed nomads as a biased attitude, it is said that the nomadic country did not just migrate by animal husbandry, they had an advanced example of urban culture and architectural construction.

Keywords: Region, Archeology, Toponomics, Nomad, City, Great Steppe, Great Silk, State, Scientist, Life, Tradition, Sak, Huns, Eurasia, Agriculture.

Көшпелілердің мемлекеттік құрылымдары жөнінде отандық және шет елдік бірқатар ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп еңбектер жазған. Ғалымдардың еңбегінен көшпелілердің тарихын, өмір салтынан бөлек, олардың мемлекеттік құрылымдары жайында да жазылған мәліметтермен таныса аламыз. Дегенменде еуроцентристік көзқарастар белең алған өткен ғасырдың көптеген әдебиеттерінде көшпелілер өзіндік мемлекеттік құрылымдары болмаған мәдениеті төмен, жай ғана көсем басқаруындағы варварлық тайпалар ретінде сипатталады. Осы тұрғыда заңды сұрақ туындайды. Егер көшпелілерде мемлекет, мемлекеттік құрылым, қалалар болмаса, ұлан-байтақты алып жатқан империялар мен мемлекеттер қалай құрылып, қалай пайда болған екен? Себебі, белгілі бір жүйесіз, заң қағидаларынсыз мемлекет құру

мүмкін емес жағдай екі белгілі. Ал, көшпенділік бұл адамзат тарихында өзіндік бітім болмысымен айрықша ерекшеленетін, табиғатпен бірге қайнасып қалыптасқан ерекше өркениет деп тани аламыз.

Ұлы даланың ежелгі тарихы, бұл ең алдымен б.з.д II-III ғасырларда Еуразияның далалы аймағын мекендеген көшпелілердің тарихы. Ұлы даланы мекен еткен этникалық топтар да сан мыңдаған жылдар аралығында әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырды. «Еуразия» термині өткен ғасырдың 20-жылдары тарих-мәдени сонмен қатар, саяси жағынан да мазмұнға ие бола бастады (Халит Ерен, Б.Батырхан, 2018:420).

Еуразия құрлығының дәл кіндігінде орналасқан Қазақстан туралы, қазақ елі жайында ежелден қалған тарихи деректер көптеп кездеседі. Оның себебі, бұл өлкені кезінде дүниенің жартысын жаулап алған Ескендір Зұлқарнайынның бетін қайтарған сақтар мекендеді. Жаугершілігімен әлемді дүр сілкіндіріп, Ұлы Қытай қорғанын салдыртқан және Еуропаны ат тұяғымен таптаған көшпелі тайпа, күдіретті ғұндар қоныс етті. Бұл өлкеде қазір саны жүз алпыс миллион болған түркі халықтарының алқашқы мемлекеттілігі құрылған. Батыс пен Шығысты байланыстырып сауда, мәдениет, діннің дамуына әсер еткен әлемде теңдесі жоқ Ұлы Жібек жолы қазақ жерімен өткен. Осы жағдайлардың барлығы бір кездері өмір сүрген тарихшы ғұламаларға, саяхатшыларға қазақ елі жайында деректер қалдыруға үлкен септігін тигізді. Әлемдегі ең көне дін зорастримнің және көне ирандықтрадың қасиетті кітабы болып табылатын «Авестадан» біз қазақ елінің ежелгі тарихы жайында көптеген деректер табамыз. «Авестада» қола дәуірінің соңғы кезеңінде Қазақстан жерін мекен еткен көне тайпалар арийлер мен турлар туралы құнды мағлұматтар көп кездеседі. Грек тарихшысы Страбон ежелгі сақ қауымының құрамындағы апассиак тайпалары және Шырық – Рабат қаласы жайында мәлімет қалдырған.

Орта ғасырлардағы араб тілінде жазылған еңбектердің де Отан тарихын зерттеуде маңызы аса зор. Араб жазбаларында VIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар мен халықтардың тарихы жайлы мәліметтер молынан кездеседі. Араб, парсы тарихшылары, жазушы, географтары – Гардизи, Жаһид, Фадлан, Хаукэл, Хордадбек т.б. Қазақстанның орта ғасырлар тарихы бойынша аса құнды дерек көзі болып табылатын іргелі еңбектер жазып қалдырды. Осынау құнды деректердің біздің тарихымыз үшін баға жетпес қазына екенін мойындауымыз керек (Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. 2013:56,57).

Қазақстанның кең-байтақ жерінде отырықшылық және қала мәдениеті дамуының ірі-ірі тарихи мәдени аймақтары ежелден ерекшеленген. Солардың бірі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағы болды. Ол бір жағынан Орта Азия, екінші жағынан Орталық Қазақстан, Сібір мен Орал аралығындағы аумақты алып жатыр. Онда үш аудан – Оңтүстік Қазақстан (Сырдария алқабы), оңтүстік –батыс Жетісу (Талас және Шу өзендерінің аралығы), солтүстік-шығыс Жетісу (Іле алқабы) аудандары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Аймақ егіншілікті жазиралар мен көшпелілік даласының тоғысқан жерінде орналасқан. Мұндай жағдай мәдениеттің дамуына ежелден ерекшелік беріп келді.

Қазақстанның егіншілік пен мал шаруашылығы жанасып жатқан өңірлерінде жер өңдеу мен мал шаруашылығының, отырықшылық пен көшпеліліктің, қала мен даланың өзара әсері мейлінше айқын көрінеді. Бұл алуан түрлі: саяси, экономикалық, мәдени, этникалық өзара әсер болатын. Бұл қарым-қатынастың сипатына зерттеушілердің көз-қарастары бірдей емес. Мәселен, XX ғасырдың басында көшпелілер туралы: «отырықшы егіншілермен тұрақты күрес жағдайында, олар өз жолындағының бәрін жайпап кетеді және гүлденген жазираны өлі шөл далаға айналдырады» деп жазылды. Шығыстың, соның ішінде Қазақстан мен Орта Азияның көшпелілері көбінесе көнерген мәдениетті таратушылар, ал олардың өркениет дамуына ықпалы тек бүлдірушілік тұрғыда ғана болды деп қарастырылады.

Алайда бүгінде көшпелілер мен егіншілер арасындағы тығыз, етене байланыс болғаны туралы басым. Әдетте қазіргі ғылымда жалпы тұрғындардың отырықшы бөлігін де, көшпелі бөлігін де қамтитын біртұтас экономикалық жүйе, шаруашылық өмірдің екі бағытының өзара тығыз байланысы туралы айтылып жүр. Бұл экономикалық бірліктің бұзылуы көшпелілердің де, отырықшы жазиралардың тұрғындарын да асқан ауыр зардаптарға ұшыратты.

Орта ғасырлар дәуіріндегі қала мен дала проблемаларын шешуде қала мен дала дамуының тарихи заңдылықтарын анықтау жөніндегі ізденістердің зор маңызы бар. Орта Азия мен Қазақстанның қалалары, орта ғасырлардағы көшпелілер жөнінде бірегей, іргелі еңбектер пайда болды.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қала мәдениетін археологиялық зерттеу жөнінде соңғы жиырма жыл ішінде жеделдете жүргізілген жұмыстар жаңа материал табуға, оны жүйеге келтіріп, толып жатқан мәселелерді, соның ішінде этнографиялық мәліметтерде баяндалған кезеңге дейін орта ғасырлар бойында қала мәдениетінің көшпелілермен өзара іс-қимыл үстінде даму қырларын да қарастыруға мүмкіндік берді.

VI-IX ғасырлардың бірінші жартысы аралығында қала мәдениеті екі ауданда – Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісуда дамыды. Саяси жағынан аймақ түрік әулеттеріне бағынды және реті бойынша Батыс түрік, Түргеш және Қарлұқ қағанаттарының құрамына енді. Аталған кезеңде көшіп

жүретін жер аумағы шектеліп, көшу жолдары қалыптасады, тұрақты қыстаулар мен жайлаулар орнығып, егіншілік пайда болады, отырықшы кедейлер тобы бөлініп, жекелеген ру бөлімшелері отырықшылыққа көшеді. Мемлекеттік төрешілдік аппарат құрылып, ортақ тіл мен жазу қалыптасады, сауда және дипломатиялық байланыстар дамиды. Осындай жағдайда әкімшілік орталығы ретінде де, колөнер, сауда, мәдениет орталығы ретінде де қалалар салына бастайды.

Төменде көрсетілгендей, Қазақстан қалаларының архитектурасы Соғды мен Шаш архитектурасына өте ұқсас болған. Түріктердің тапсырыстарымен соғды суретшілері түрік феодалдары құрылыстарының қабырғаларын ою-өрнекпен безендіріп, ағашта ғажайып өнер туындыларын қалыптастырып отырған. Қытай жібегіне, түріктердің әскери қару –жарағына, соғдылардың сәулет өнеріне ою-өрнектері мен ағаштан түйін түйюлеріне құмарлықта содан шыққан.

Жаңа археологиялық материалдың жинақталуы, бұрын белгісіз болып келген қала жұрттарының ашылуы тарихи картаға алдыңғы ортағасырлық қалаларды, қоныстар мен басқа елді мекендерді неғұрлым толық орналастыруға мүмкіндік береді. Оңтүстік Қазақстанның тау етегіндегі ең ірі қала Испиджаб саналады. Ол 629 жылы Сюань-Цзянның жылнамасында «Ақ өзендегі қала» атымен алғаш рет аталады. Кейініректе Махмұд Қашғари былай дейді: «Сайрам-ақ қаланың аты, ол Испиджаб деп аталады». Оны «Сайрам» деп те айтады». Сайрам деген атаумен қала осы кезге дейін жетті және оның аумағындағы қираған қала жұртының орны орта ғасырлардағы Испиджапқа сәйкес келетініне күмән жоқ.

Испиджабқа жақын жерде, одан Шашқа баратын жолдың бойында Газгирд қаласы жатқан. Орта ғасырларда жол Тұрбат асуынан өтіп, Сайрамға барған. Қазіргі Шарапхана ауылының аумағынан VII-X ғасырларда болған қаланың жұрты табылды, оны Газгирд деуге болады. Ертедегі Газгирда топонимінің қазіргі Қазғұрт атауында сақталып қалған болуы мүмкін. Ташкент пен Шымкент арасындағы тау сілемелері солай деп аталады, қаланың қираған жұрты соның етегінде жатыр. Испиджабтың шығыс жағында Шарап, Будухкет, Тамтаж, Абараж және Жувикат қалалары мен елді мекендері болған. Алдыңғы екі қалаға арақашықтағы деректемелерде фарсах есебімен (Сайрамнан және бір-бірінен шақырым есебімен) көрсетілген қала орындары сәйкес келеді.

Қазақстанның оңтүстігіндегі қала жұрттарына құрылымында арка-ішкі қамал, шахристан- дуалмен бекіндірілген қала және рабад-қала төңірегіндегі сауда-колөнер орны болатын топография тән. Мұның негізінде Оңтүстік Қазақстандағы алдыңғы орта ғасырлардағы барлық қалалар саны 33 болады. Ал Шу және Талас аңғарларындағы аумақта барлығы 36 қалажұрты табылып, олардағы VII-IX ғасырлардың мәдени қабаттары анықталды. Қарап отырсақ қазақ даласы көшпелілер дәуірінде –ақ қала мәдениеті болғанына көз жеткіземіз (Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1 –том, 2010. 347,348,349,351).

Жоғарыда біз көшпелілер дәуіріндегі Оңтүстік өңірді айтсақ енді солтүстік өңірдегі Алексеев тарихи мәдени кешеніне (Қостанай облысы Рудный қаласы) тоқталып өткім келеді. Неге Алексеевка деп аталады соған қысқаша анықтама беріп кетсем. 1897 жылы II Николай жарлығымен қоныс аударатын шаруалар колоннасы Украинадан Николаев уезіне жаңа тұрғылықты жерге келді. Оларды артельдік старостасы Алексеев басқарды, оның аты бойынша кентті *Алексеевка* деп атады. Тобыл өзенінің сол жағалауында тұрғын үй салу үшін жер алып, шаруашылық жүргізуге жер телімдерін алып, қоныс аударушылар жаңа орынға жайғастырыла бастады.

Бұл қола дәуірінің (б.д.д. II-I мыңжылдық) ескерткіші. Тобылдың ескі арнасының сол жағалауында, Алексеев кентінен төрт шақырым төменірек орналасқан (кейін 1954 жылы бой көтерген Рудный қаласының аумағына кіреді). Алексеев тарихи-мәдени кешені қоныс, қорым және құрбандық шалатын орыннан тұрады. Алексеев қорымы аумағы жағалауды бойлай шамамен 1 шақырымды қамтиды, шығыс жақ шетінде кішкентай қыратта діни орын, оның оңтүстік шығыс шетінде қоныс жатыр. Қорым мен қоныс орналасқан құм шағылдар Тобылдың ескі және кепкен арнасымен жағалауды бойлай созылған. Жағалау қорымының едәуір бөлігіне нұқсан келтіріп, үнемі опырылып, құлауда. Бұл опырылымдар жергілікті тұрғындар «құмды тік жар» деп атаған тік беткейді құрайды.

Алексеев қорымын 1921 жылы студент-геолог Б.И.Соколов ашты. Ол жағалаудың сусыған құмынан қыш сынықтар, қола құралдармен әшекейлер бар екі көмбе тапты. қорым аумағына іздестіру жұмыстары 1930 жылы Мәскеу мемлекеттік тарих музейі мен Қостанай облыстық өлкетану музейінің қаражатына археолог О.А.Кривцова-Гракованың жетекшілігімен басталды. Осы жыл жақын жердегі төбеден қоныс ашылып, құрбандық қалдықтары табылды. Кейінгі жылдары (1931,1935-1936, 1938-1939) ізденіс жұмыстары Мемлекеттік тарих музейінің есебінен жүргізілді. Зерттеу барысында жертөлелер, қоныстағы күлдіктер мен жер астындағы құрылыстар ашылды. Барлығы 21 жерлеу орны : қорымның аумағында 12 және құрбандық шалатын төбеде 9 зерттелді. Сақталған қаңқа сүйектер сол жақ бүйірге жиырылып жатқызылған, кейбір жағдайларда аяқ-қолдарын бүктеген, тіпті көкірек қуысына қарай қысқан. Барлық жерлеу орындарынан ас салынып қойылған құмыралар тәрізді жерлеу мүліктері табылды.

Әйелдер жерленген жерлерден қыштан басқа қола және моншақтар, қырлы, ромб тәріздес және дөңгелек тізілген құма әшекейлер, самай әшекейлері, бір жарым орамды шекеліктер, шиыршықталған дөңес білезіктер сияқты әшекейлерде табылған.

Алексеев қонысына жүргізілген қазба жұмыстары барысында 2566 шаршы м алаң аршылды және жеті тұрғын жай толық зерттелді. Тұрғын жайлар терең емес тікбұрышты пішіндегі шұңқырлар түрінде, бұрыштары дөңгеленіп жасалған. Жер үйлердің едендеріндегі көптеген дінгекті шұңқырлар оның жер бетінде жалғасы болғанын айғақтайды. Тұрғын жайлардың алаңы әртүрлі: ең кішісі-135 шаршы м, ең үлкені -250 шаршы м. Кейбіреулер өзара аралықтар арқылы бірігіп құрылыстар кешенін құраған. Қоныс алаңында табылған әртүрлі қола құралдар мен қару-жарақтар, зираттардан табылған қола әшекейлердің айтарлықтай көптігі Алексеев қонысының қоладан жасайтын заттары жоғары дамуға жеткен уақытты көрсететінін дәлелдейді. Құрбандық шалу рәсімі жүргізілген аласа төбе кешеннің орталық бөлігін алып жатыр. Қорым оған батыс жақтан жалғасса, қоныс шалынған құрбандықтардың қалдықтарынан оңтүстік шығысқа қарай 45-50м жерден басталады.

Төбеден табылған құрбандық шалудың негізгі рәсімі беті ірі бас сүйектермен жабылған ас салынған қыш құмыралардың жерге көмілуі болып табылады. Үш жылғы жұмыстар нәтижесінде осындай 59 қыш құмыра табылды. Қыш құмыралар әдетте біреуден немесе екеуден көмілген және басқа ешқандай зат құрбандыққа шалынбаған. Төбенің ұшар басында ыдыстан басқа оның батыс бөліктерінен үй жануарларының өртелген етімен толтырылған екі шұңқыр табылған, шұңқырдың түбінде ағаш көмір, өртелген қой сүйектері мен ыдыстардың сынықтары табылған.

Алексеев кешені андронов тариха-мәдени қауымдастығының жарқын үлгілерінің бірі саналады (Қасиетті Қазақстан 3 том, 2019: 203).

Сонымен қатар Торғай өңіріндегі Екідің ғұрыптық ескерткіші-VIII-IX ғғ. сақталған сәулет өнер ескерткіштері. Шамамен ерте темір дәуірінде пайда болған. Арқалық қаласы Екідің ауылының солтүстік-шығысына қарай, Қараторғай өзенінің екі жақ жағасында орналасқан.

Екідің I Бейсен қыстағынан солтүстік- батысқа қарай орналасқан. Екідің II Қараторғай өзенінің оң жағындағы төбекшіктің басына тұрғызылған және алыстан көзге түседі. Екеуінің арақашықтығы 4 шақырым. Дің сияқты құрылыстар орталық Еуразия тұрғындары тарихының белгілі кезеңін сипаттайды, сонымен қатар дала сәулетінде тұғылықты дәстүр болғанын көрсетеді. Пішіні жартылай сфера түріндегі осы құрылыстардың дала мәдениетіндегі ең киелі ескерткіштер қатарына жататынын ерекше атап өткен жөн. Екідің ертедегі екі рәсімдік құрылыс жабайы тастан киіз үй тәріздес салынған. ескерткішті 1959 жылы Ә.Марғұлан жетекшілік еткен ғылыми экспедиция зерттеген. Академик Ә.Марғұланның деректеріне сүйенсек , бұл ескерткіш қазақ мәдениетіндегі алғашқы үй құрылысы өнерінің дамуын бейнелейді. Бұл екі көне сәулеттік сфералық құрылыс киіз үй пішінде табиғи тақта тастардан тұрғызылған.

Жалған күмбез сияқты, тақта тастарды қалағанда диаметрін біртіндеп тарылтып, сыртқы жағынан жартылай сфера тәрізді тұрғызылған. Қасбеті шығысқа қараған. Діндердің жоғары жағына саңылау жасалған. 1959 жылы діндерді зерттеген академик Ә.Х.Марғұланның пікірінше , Қазақстан аумағында сирек кездесетін осындай құрылыстар «үйтас » немесе «дың» деген атаулармен белгілі және қазақтардың ежелгі «шошала» деп аталатын баспана түрінде салынған, салттық маңызы да болуы мүмкін. Жергілікті аңыз бойынша , XVII-XVIII ғғ. діндер тұрған төбелер арасындағы алқапта қантөгіс шайқас болған. Бір-бірімен жауласқан рулардың әскери басшыларының ордасы осы жерде орналасқан.

Екідің солтүстік Қазақстандағы ислам дініне дейінгі құрылыс үлгісі ретінде айрықша ғылыми қызуғышылық тудырады. 1980 жылы бұзылуға айналған діндер жергілікті тұрғындардың жинаған қаражаты есебінен қайта қалпына келтірілген (Қасиетті Қазақстан 3 том, 2019: 215).

Бұл жұмысымды Қазақ даласындағы көшпелілер дәуірін зерттеген ғалымдардың, зерттеушілердің еңбектерін пайдалана отырып жаздым. Бұдан біз білетініміз көшпелілер тек мал шаруашылығымен ғана жыл он екі ай далада көшіп қонып жүрмегенін, сол дәуірдің озық технологиясын қолданғанын, қала мәдениетінің болғанына көз жеткіземіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Халит Ерен, Б.Батырхан. «Қазақстандағы шығыстану зерттеулері: жетістіктері мен болашағы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. –Алматы: Қазақ тілі баспасы, 2018. 420 б.
2. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы-Алматы: Атамұра, 2013. 56,57 б.
- 3.Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1 –том.-Алматы: Атамұра 2010. 347,349,351 б.
4. Қасиетті Қазақстан 3 том. Нұр-Сұлтан: 2019. 203,215 б.

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

САДЫКОВА Л.К.

т.ғ.м., оқытушы

ЖАКУПБЕКОВА Э.А.

п.ғ.м., оқытушы

«Семей медицина университеті» КеАҚ

Семей қ., Қазақстан

***Аңдатпа:** Еңбек адамның мәртебесі мәселесі адамның еңбек қызметімен және қоғамның басқа қатысушыларымен қарым-қатынасымен анықталатын әлеуметтік жағдайын қарастырады. Осы мәселе аясында жұмысшылардың құқықтары мен міндеттері, олардың қоғамдағы мәртебесі мен рөлі, еңбек қызметінің шарттары мен сипаттамалары, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық факторлардың жұмысшы мәртебесіне әсері қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** мәртебесі, еңбекші, қоғам, еңбек қызметі, әлеуметтік жағдайы, құқықтары, міндеттері, рөлі, әлеуметтік-экономикалық факторы, қоғамдық қатынастар.*

Еңбек адамының мәртебесі оның жағдайын қазіргі уақытта белгілі бір қызметті немесе кәсіпті орындаумен айналысатын жұмыс жасайтын адам ретінде көрсетеді. Мұндай адам, әдетте, өзінің өмірлік шығындарын өтеуге және әл-ауқатын сақтауға мүмкіндік беретін тұрақты табыс көзіне ие. Жұмысшы мәртебесінің болуы сонымен қатар оның жеке және кәсіби мақсаттарына жетуге бағытталған еңбегі мен күш-жігерін Қоғамдық мойындау мен құрметтеуді білдіреді.

Еңбек адамы – бұл жұмысшы кәсібімен айналысатын адам: токарь, дәнекерлеушілер, құрылысшылар, күтушілер және т.б. кешенді түрде адам өміріндегі еңбектің рөлі баға жетпес екендігі айтылады. Адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру материалдық және рухани құндылықтарды құру арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге адамның дамуы, оның қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, қазіргі қазақстандық қоғамда Еңбек адам бостандығын қамтамасыз етеді деген тезисті дамыту маңызды. Еңбек пен бостандықтың өзара байланысы органикалық сипатқа ие, ал шын мәнінде еңбек тек шығармашылық еңбекке жағдай жасайтын қоғамда ғана еркін бола алады

Қазіргі уақытта азаматтарға мемлекет тарапынан барлық әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуді күтуге емес, азаматтың жеке жауапкершілігіне негізделген әлеуметтік қорғаудың жаңа моделін қалыптастырудың өзектілігі артып келеді. Ал бұл жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін қазақстандықтардың санасына еңбек культін сіңіру қажет. Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман, ең сыйлы адам болуы тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек»деп атап өткен болатын. Сондықтан әр ұйымда, әрбір мекемеде адамдардың еңбек етуге толық мүмкіндігі болуы қажет, жұмыстан аман-сау қайтып, отбасымен бірге уақыт өткізіп, ертеңіне сенімді болуы керек(Қ.К.Тоқаев, 2023 ж.).

Кешенді жоспар аясындағы өзекті міндеттердің қатарында-жұмысшы мамандықтарды дәріптеу, оларға жоғары құндылық беру, жұмысшы мамандықтарының өзектілігін арттыру туралы жаңалықтардың пайда бола бастағанын байқауға болады.Интернет арқылы алаяқтықпен айналысып, ақша табатындар да баршылық. Қарапайым халықты өтірік жарнамалар мен ұтыс ойындарымен алдап, тақырға отырғызып кететіндерді де көріп жүрміз. Сондықтан да, мүмкіндігінше, белгілі бір маман иесі болып, тамаша таза табыс көзін тауып отыруға не жетсін?!Еңбекші адамның мәртебесі қазіргі қоғамдағы әлеуметтік сәйкестіктің негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Жұмыс және жұмыспен қамту ұғымы адамның мәртебесі мен рөлін анықтауда, сондай-ақ оның өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік тануын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі әлемде еңбек көбінесе материалдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету тәсілі ретінде ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі жүзеге асыру, кәсіби даму және әлеуметтік интеграция құралы ретінде қарастырылады. Жұмысшы мәртебесіне ие болу белгілі бір жұмысты орындауды ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік құрылымның бір бөлігі болуды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды және қоғамның дамуына үлес қосуды білдіреді(Козлова, 2022, 78 б.).

Қазіргі еңбек қатынастары барған сайын икемділікпен, тұрақсыздықпен және жұмыспен қамтудың алуан түрлілігімен сипатталады. Жұмысшы мәртебесі бар адамдар жұмыс іздеуге, оқуға, мансаптық өсуге, кәсіби және жеке өмір мен еңбек қызметінің басқа аспектілері арасындағы тепе-теңдікке байланысты әртүрлі қиындықтар мен мүмкіндіктерге ие.

Еңбек адамы мәртебесінің маңызды аспектілерінің бірі-қоғам тарапынан құрмет пен тану. Белсенді жұмыс істейтін және қоғамдық өмірге үлес қосатын адамдарды әдетте басқа адамдар бағалайды

және құрметтейді. Өз кезегінде, бұл адамның өзін-өзі бағалауы мен әл-ауқатын арттыруға ықпал етуі мүмкін. Дегенмен, жұмыс істейтін адамның мәртебесін қамтамасыз ету әрқашан оңай шаруа емес. Экономикалық дағдарыстар, еңбек нарығындағы өзгерістер, технологиялық инновациялар және басқа факторлар өз жұмысында тұрақтылықты сақтауға немесе қол жеткізуге ұмтылатындар үшін қиындықтар тудыратыны сөзсіз.

Жалпы, жұмыс жасайтын адамның мәртебесі адамның әлеуметтік сәйкестігі мен өзін-өзі анықтауының маңызды элементі болып табылады. Ол адамның өмір сүру мүмкіндіктері мен жағдайларын ғана емес, сонымен бірге оның өзіне, кәсіби қызметіне және қоршаған әлемге қатынасын анықтайды. Еңбек әрқашан қанағаттану, өзін - өзі дамыту және әлеуметтік құндылық көзі болып қала беретініне, ал жұмысшы адамның мәртебесі қазіргі қоғамдағы тану мен жетістікке жетуге ұмтылу маңызды (Кузнецов, 2022, 43 б.).

Қазіргі әлем технологиялардың дамуының жылдам қарқынымен, экономикадағы, әлеуметтік-мәдени процестердегі өзгерістермен сипатталады, бұл жұмыс істейтін адам мәртебесінің өзгеруіне әкеледі. Көптеген адамдар жаңа шындықтарды қабылдау және оларға бейімделу қажеттілігіне тап болады.

Қазіргі әлемдегі жұмысшы адамның мәртебесіндегі негізгі өзгерістердің бірі-жаһандану. Қазір адамдар тек отандастарымен ғана емес, әртүрлі елдер мен мәдениеттердегі әріптестерімен де жұмыс істейді. Бұл олардан өз кәсібін білуді ғана емес, сонымен қатар мәдени ерекшеліктері мен әдет-ғұрыптары айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін халықаралық ортада жұмыс істей білуді талап етеді (Никитина, 2023, 67 б.). Сонымен қатар, еңбек нарығы бәсекеге қабілетті бола бастады. Жаңа технологиялар мен автоматтандырудың пайда болуымен көптеген кәсіптер мен мамандықтар өзектілігін жоғалтады және адамдар жұмыс үшін бәсекелесу үшін қайта даярлауға немесе біліктілігін арттыруға мәжбүр болады.

Жұмысшы мәртебесінің тағы бір маңызды аспектісі-мүмкіндіктердің теңдігі. Қазіргі қоғам жынысына, жасына, ұлтына немесе физикалық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер жасауға тырысады. Бұл білім алу мен жұмысқа орналасу мүмкіндігінде де, жұмыс үшін бірдей сыйақыда да көрінеді.

Демографиялық өзгерістердің жұмысшы мәртебесіне әсері туралы айтпауға болмайды. Орташа өмір сүру ұзақтығының артуымен және отбасылық модельге деген көзқарастың өзгеруімен адамдар жұмыс пен жеке өмірді үйлестіру қажеттілігіне тап болады. Бұл олардың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтау үшін жұмыс пен демалыс арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап етеді. Осылайша, қазіргі әлемдегі жұмысшы адамның мәртебесі барған сайын күрделі және әр түрлі болып келеді. Адамдар тез өзгеретін жағдайларға бейімделіп, үнемі өзін-өзі жетілдіруге және дамуға дайын болуы керек. Жұмыс пен өмір арасындағы тепе-теңдік қажеттілігін, қазіргі әлемнің қиындықтарымен сәтті күресу үшін жаңа технологиялар мен мәдени ерекшеліктерге бейімделу қабілетін есте ұстаған жөн (Антонов, 2020, 36 б.).

Қазақстан Республикасындағы еңбекші адамның мәртебесі Халықты әлеуметтік қорғаудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Нарықтық қатынастар шешуші рөл атқаратын қазіргі экономика жағдайында азаматтарға тұрақтылық пен еңбек үшін лайықты жағдай жасау маңызды.

Қазақстанда еңбек заңнамасы еңбек нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттерін қатаң реттейді. ҚР Еңбек кодексі еңбек құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін, кемсітушіліктен қорғауды, кепілдендірілген әлеуметтік құқықтарды және т. б. қоса алғанда, еңбек құқығының базалық қағидаттарын айқындайды.

Қазақстандағы жұмысшылар үшін негізгі кепілдіктер еңбекақы төлеу құқығы, жұмысқа орналасу үшін тең мүмкіндіктер, әлеуметтік қамсыздандыру, еңбектің сақталуы мен жағдайлары, сондай-ақ кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру болып табылады. Жұмысшыларды қорғаудың маңызды аспектісі-ұжымдық шарттар мен әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету арқылы жұмысшылардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқаратын кәсіподақ жүйесі. Кәсіподақтар еңбек қатынастарын реттеуге, қызметкерлердің мүдделерін қорғауға және еңбек жағдайларын жақсартуға белсенді қатысады (ҚР Еңбек кодексі, 2015 ж.).

Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі жұмыспен қамтуды қолдауға, оқыту мен біліктілікті арттыруға, әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз етуге және қызметкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған түрлі әлеуметтік бағдарламаларды енгізе отырып, еңбекшілердің мәртебесін жақсарту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Осылайша, Қазақстан Республикасындағы еңбекші адамның мәртебесі заңнамамен, кәсіподақтар мен Үкіметтің белсенді қызметімен қамтамасыз етіледі, бұл лайықты еңбек, азаматтарды әлеуметтік қорғау және кәсіби дамыту үшін жағдай жасайды.

Еңбек адамының мәртебесі мәселесі қазіргі қоғамда өте маңызды мәселе, себебі ол адамның әлеуметтік жағдайын, оның қоғамдағы рөлі мен маңыздылығын анықтайды. Бұл тақырыпты қарастыру еңбек қызметі мен әлеуметтік мәртебе арасындағы байланысты жақсы түсінуге және әртүрлі факторлардың жұмыс жасайтын адамның мәртебесіне әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Еңбек

жағдайларын жақсарту, жұмысшылардың құқықтарын қорғау және қоғамның барлық мүшелері үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету неғұрлым әділ және дамыған қоғам құруға ықпал ететінін атап өткен жөн. Осылайша, жұмыс жасайтын адал адамның мәртебесі туралы мәселені жас ұрпақтың санасына сіңіре отырып оқыту, зерттеу одан әрі әлеуметтік даму үшін маңызды болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы.

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

Козлова О.Н. Еңбекке қатынас және әлеуметтік мәртебе: қарым-қатынас және психикаға әсері // Әлеуметтану және психология журналы. 2022. Т. 4. № 1. Б. 78-89.

Антонов В.П. Еңбек құқығы және әлеуметтік жағдай: қазіргі заманғы тенденцияларды талдау // Құқық және әлеуметтану журналы. 2020. № 1. 30-41 Б.

Кузнецов А.А. Еңбек және кәсіби өзін-өзі анықтау: әлеуметтік мәртебемен байланыс // «Әлеуметтік психология және әлеуметтану» ғылыми еңбектер жинағы. 2022. Шығарылым. № 5. Б. 40-52.

Никитина Е.А. Еңбек әрекетінің психологиялық аспектілері мен әлеуметтік жағдай: қарым-қатынас және тұлғаның дамуына әсері // Психологиялық журнал. 2023. том. 18. No 2. 65-78-б.

ТҰЛҒАНЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫТУДАҒЫ БАСТЫ КӨРСЕТКІШ-ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

СУАТОВА ФАРИДА БОЛАТОВНА

*тарих пәнінің мұғалімі, Қаракөл орта мектебі, Қызылқоға ауданы
Атырау облысы, Қазақстан*

Ғылымның маңызды салаларының бірі – тарихи білім, тарихи таным. Тарихты мектепте оқыту арқылы ұрпақ бойында тарихи білім негізі мен тарихи құндылықтарды бағалауға негіз қаланады. Әлемде өркениеттің негізі қаланған елдер тарихына үңілсек, ең алдымен ел, халық тарихын танып үйретуден бастаған. Тарих пәнін оқытып үйретудегі мақсат – оқушылардың тарихи оқиғалар тізбегін дұрыс түсінуге және ел тарихындағы өткен тарихтың қиындықтарын терең нақты талдауға мүмкіндік туғызу, тарихи көзқарасын жетілдіру. Бір мезгілде әлем елдері мен ел тарихындағы болып өткен тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасап, тарихи деректерді қолданып өз пікірін дәлелдеп бағалауға үйренеді. Нәтижесінде оқушы жинақтаған тарихи білімдері арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады. Азаматтық ұстанымының шарттары қалыптасады. Адамзат баласының тарихи даму жолын айқындайтын тарихи білімі жетіледі. Мектепте оқушылар тарих пәнін оқу арқылы, тарихи көркем әдебиеттермен танысады, келтірілген деректер негізінде тақырыптар бойынша қорытынды шешім қабылдайды. Тарихи тұлғалардың қоғамдағы атқарған қызметін бағалайды. Пән арқылы оқушылар үздіксіз өмір бойы өзін – өзі оқытудың, ізденудің, өзін – өзі дамытудың қажеттілігін түсінеді.

Алаштың айбынды арысы ұлт тарихы жолында өмірін құрбандыққа шалған М.Жұмабаев:

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,

Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, Ғұннан туған пайғамбар» – жырында «ғұн – түркілердің арғы атасы» деп рухтандырып, Еуразия тарихында жауынгерлігімен, қытайлықтарға Ұлы Қытай қорғанын салдыртуға мәжбүр еткен қаталдығымен, Ұлы қоныс аударуды тарихқа енгізген құдыретті халықтың ұрпағы екенін оқушыларға толық түсіндіріп сіңіруді ұстаздар қауымына аманаттаса, «Мен жастарға сенемін!» атты өлеңі арқылы ел тарихының дамуы – болашақ ұрпақ қолында екенін меңзеп, өсиеттеп тұр емес пе?!

Қазақ елі патшаның отаршылдық саясаты мен қылышынан қан тамған өктем тәртіп, Голощекиндік геноцид салдарынан көп қиындыққа ұшырап тарихымыздың бұрмалануын басынан кешіргені рас. Міне, тарихта осы олқылықтардың орнын халық, ел үшін көкірек көзі ашылған, заманауи білімді ұрпақтардың қызметі ғана толтыратыны сөзсіз шындық.

Тарих пәнін оқу арқылы оқушылар бойында тарихи түсінік қалыптасады. «Тарихты тану процесі, тарихи түсінікті қалыптастыру фактіні игеруден басталады. Фактінің ерекшелігі ол қайталанбайды, айтылмайды, бақыланбайды. Тарихи факт 2 түрлі болады. Олар:

1. Жеке оқиғаларды бейнелейтін фактілер. Бұл бір кездерде белгілі жағдайда, қатаң түрде шектеулі адамдар тобы шектеулі уақыт пен кеңістікте болған оқиға. Олар қайталанбайды.

2. Тарихи құбылыстар, бұл белгілі тарихи кезеңге тән белгілерді сипаттайды. Мысалы, барщина мен оброк – феодалдық құрылыс кезіндегі тәуелді шаруалардың міндеткерліктері. Бұл фактілер тек феодалдық қоғамға ғана тән тарихи фактілер.

Оқиға – жеке, қайталанбайтын факт;

Құбылыс – бірнеше рет қайталанбайтын, аналогиялық факт

Процесс – себептері мен нәтижелерінің уақытына сай өзара байланысты фактілердің тізбегі» (Журасова А.Ш, 2012: 196). Жоғарыда келтірілген түсіндірмелер арқылы фактілерді іріктеуде тарих пәні мұғалімі сабақта тарихи түсінікті қалыптастыруда нақты мысалдар арқылы фактілерді түсіндірсе, оқушылар өз бетімен тақырыпты тез түсініп жұмыс жасауға дағдыланады.

Мысалы: 6 – сынып Қазақстан тарихы Алматы«Мектеп» 2018 жыл

1 – кесте

Жеке оқиғаларды бейнелейтін фактілер	Тарихи құбылыстар
Ақ Орданың, Моғолстанның, Әбілқайыр хандығының, Ноғай Ордасының мемлекеттік – әкімшілік құрылымы	Тағар, қалан, харадж, баж, зекет, қапшуыр, соғым. Бұл салықтар мен міндеткерліктер– XIII –XV ғасырдың біріншіжартысындағы мемлекеттердің саяси тарихы

Осы мысалдардан кейін оқушылар тақырып бойынша алған білімін тарихи фактілердің түрлерін ажыратып, әрбір тарихи фактіге тән оқиғалар мен құбылыстарды орналастырып жазады. Ойлау деңгейлерінің қолдану деңгейі бойынша тарихи оқиғаларды негізгі критерийлер бойынша ПТМС формуласы арқылы тақырыпты қорытындылап өз ой тұжырымын бекітеді. Бұл оқушылардың тарихи білімінің орынды қолдануына мүмкіндік туғызады. Тарихи түсініктерді қалыптастырудағы білімін тарихи фактілерді төмендегі кестеге интерпретациялайды. Мысалы: 6–сынып Қазақстан тарихы Алматы «Мектеп» 2018 жыл.

2 – кесте

Саяси салада	Экономикалық салада	Әлеуметтік салада	Мәдени салада
Қазақ хандығының құрылуы	Көшпелілердің бұрыннан қалыптасқан мал жайылымдарын тиімді пайдалануына жағдай жасалды	Ішкі феодалдық қырқыстар мен талас – тартысты тоқтатты т.б Тайпааралық қақтығыстарға тыйым салынды	Әлеуметтік – экономикалық және мәдени жағынан өзіндік салт – дәстүрі мен әдет – ғұрпы, ділі, діні бар ел санатында даму жолына түскен азат, еркін елге айналуы

Тақырыптар бойынша алған тарихи білімін дәлелдемелер мен қосымша ақпараттар арқылы жас ерекшеліктеріне сәйкес өз бетінше сипаттайды, шығармашылық іс – әрекеті барысындағы нәтижесіне көз жеткізеді. Тақырып бойынша қарсы пікір айтып сыни тұрғыдан ойланады, сыныптық талқылауға қатысады, ой бөліседі. Бұл мүмкіндіктер оқушылардың құзыреттілігін дамытады

Құзыреттілік – тұлғаның ерекше қабілеттілігі. Құзыреттілік ұғымын түсіндіруде Ш.Таубаева: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» десе, А.В.Баранниковтың айтуынша «Құзыреттілік дегеніміз – өз бетінше іске асырылатын қабілеттілік, ол оқушының алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді» деп ой тұжырымдаған. (<https://stud.kz/prezentatsiya/id/18670>).

Демек, оқуға ынталы, өзіне тән дәлел – уәждерін келтіре алатын, жинақтаған біліміне сенімді, болжамды пікірлерін ортаға еркін ұсынатын оқушыларды педагогикалық іскерлікті шебер меңгерген құзыретті педагог қалыптастырады.

XX ғасырдың басындағы қазақ ұлтының «Алаш» партиясы жетекшілерінің бірі, Алашорда үкіметінің мүшесі, түркітанушы, Қарқара петициясы бағдарламасын құрушы, саяси қайраткер, «Ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деп, оқушылардың оқу нәтижелеріне ықпал ететін, жетістікке жеткізетін мұғалімнің сыныптағы күнделікті жұмысын оң бағалаған.

Құзыреттілік тақырыбына берілген сипаттамалармен таныса келіп, «құзыреттілік – әрбір жеке тұлғаның шығармашылық іс – әрекетінен туындайтын білім көрсеткіші, алған білімін орынды қолданып, кез – келген мәселені өз бетінше талдай алатын жеке қызығушылығы мен мүмкіндік деңгейі» деген ұйғарымға келдім.

Күнделікті сабақ құрылымы оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттеріне (ой – пікірін анықтау, қорғай білу, тарихи оқиғаға баға бере білуі, ойлауға түрткі болатын дәлелдер келтіруі, ой қорытынды шығара білу дағдысы) бағытталуы керектігін әрбір педагог маман естен шығармауы тиіс. Осы ретте мұғалім оқытудың белсенді әдістерін қолдану қажет. Сабақ барысында тақырыптар бойынша ашық сұрақтарды нақты фактілерге сүйене отырып құрастыра алу, жұптық, жеке, топтық сынды бірлескен жұмыстарға қатысуы оқушылар бойына жауапкершілік жүктейді. Өзара және өзін-өзі бағалауы жүзеге асып, өмір бойы оқуға қабілетті тұлға ретінде қалыптасады. Оқушылардың зияткерлік қасиеттерінің

жоғары деңгейде қалыптасуына әсер ететін бірден-бір фактор – диалог пен талқылауға тарту. Александер: «Талқылау мен диалог өзінің танымдық әлеуетімен ерекшеленеді. Диалог барысында балаларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын өзінің тұжырымдамалық түсінігін тереңдетіп, дамуын ынталандыратын әдістерін қарастыру ұсынылады», - деп, диалог арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойланып зерттеу жүргізуге қабілетті бола түсетініне басымдылық берген. (Мұғалімге арналған нұсқаулық III деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 51 – бет).

Мұғалімдік қызмет – күрделі феномен. Тарих пәнін оқытуда оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын жүзеге асыру үшін, оқыту үрдісінде тұлғаларға бағытталған белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жетістікке қол жеткізген тарихшы маман ретінде өз тәжірибеме тоқталсам.

Тарих сабағында қолданылып нәтижесін көрсетіп жүрген белсенді әдістер:

«Прогресс-Регресс», «Айналым бекет», «Ұқсастық пен даралық кестесі», «Картаға саяхат», «SWOT кестесі», «ПТМС», «Бұл уақытта..»

«Прогресс»	«Регресс»
оң және теріс жақтарын анықтап салыстыру	

«Ұқсастық пен даралық кестесі»

Мемлекет түрлерінің ерекшеліктерін салыстырып, ұқсастығын табу.

Тәуке ханның заңдарын Ликург заңдарымен салыстырып ерекшеліктерін табыңыз.

Ұқсастықтары	Ерекшеліктері
1.Қылмыс жойылды	1.Спартада әскери іске мән берді, ірі елге айналды
2.Тыныштық орнады	2.Сауда, қолөнер, егіншілікпен айналысуға тыйым салды
3.Біріктіруге күш салды	3.Баюға тыйым салып, ақша жойылды

9 – сынып Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы бөлімі бойынша «Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі» тақырыбын өткен кезде төмендегі тапсырмалар арқылы тақырыпқа қатысты алған білімдерін сыни пікірлері арқылы қорытты.Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кірігуін 1.SO – Күшті жақтардың көмегімен әлсіздіктерді жою жөніндегі шешімдер қабылдаудың маңызын түсіндірді

2.ST – Мүмкіндіктердің көмегімен әлсіздіктерді жою жөніндегі шешімдерін ұсынды.

3.WO – Күшті жақтардың көмегімен қауіп қатерлерді жою жөніндегі қабылдаған шешімдерімен таныстырды

4.WT – Әлсіздіктер мен қауіп қатерлер орын алған жағдайда салдарымен күресі жөніндегі шешімдерін қорытты

Нәтижесінде:

1. Оқушылардың тарихи оқиғалардың заңдылықтарын анықтап одан әрі дамуы туралы болжауға итермелейтін әдіс – тәсілдер құндылықтарға бағытталды.

2. Оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруге бағыттайтын әдіс – тәсілдер тұлғаға бағытталды.

3. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдіс – тәсілдер іс – әрекетке бағытталды.

4. Оқушылардың жеке қабілеттіліктерін ескере отырып бағытталған әдіс – тәсілдер саралап оқытуға бағытталды.

Педагог тұлға іс – тәжірибені жетілдіру жұмыстарын өз қолына алып, мектебінде оң өзгерістер жасау үшін әріптестерімен стратегиялық шешімдер қабылдауға қабілетті маман. «Мұғалімнің өз бастамасына негізделген кәсіби даму үдерісінің нәтижесі, ең бірінші жұмыс барысында сезілуі керек. Сапалы даму жұмысына жаңа технологияларды сынақтан өткізу, бағалау, талқылау және шолу жатады. Нәтижелері әрдайым практикалық бағытта болады, олар тәжірибедегі өзгерістер немесе жақсартулар; оқыту мен оқудың жақсартылған әдістері. Олар сонымен бірге кәсіби өсуде маңызды бола алады, бұл – сыртқы және ішкі өсу» (Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 88).

Мұғалім жұмысының тиімділігін арттырып, оқушылардың білім алуда табысқа жетуіне мүмкіндік беретін түрлі белсенді әдіс - тәсілдерді пайдалануда мұғалім шеберлігі сөзсіз қажет.

Әрбір ұстаз бүгінгі күнде мектеп партасында отырған балалардың әрқайсысы кез-келген тақырыпта өз пайымдауларын жасауға қабілетті екендіктерін есте сақтағаны жөн.

Оқушылардың өзіндік мақсат пен ішкі уәжінің қалыптасуына жағдай туғызатын тұлға – ұстаз. Осы қасиеттер арқылы бәсекеге қабілетті, өзіндік құнды пікірі бар, толыққанды, қызығушылығы мол, өзін – өзі үнемі ынталандырушы, қоғамның дамуына өз үлесін қоса алатын тұлға қалыптасары сөзсіз.

Мұғалім– кәсіби білімнің негізін құрастырушы. Педагог тұлға ретінде мамандығыма байланысты кәсіби шығармашылық құзырлы педагогке тән жұмыстарым төмендегідей нәтижесін көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Журасова А.Ш. «Тарихты оқыту «әдістемесі» Орал; БҚМУ баспасы, 2012: 196).

2. <https://stud.kz/prezentatsiya/id/18670>

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық III деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 88 – бет

«АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ДЮСЕМБЕКОВА ЖАДЫРА МАЛИКОВНА

Жұмабек Ташенов атындағы университеті вице-президентінің кеңесшісі

Шымкент қ., Қазақстан

Аңдатпа. 1921-1922 жылдардағы ашаршылық тарихын деректік тұрғыда ерттеу соңғы жылдары ғана қолға алынды. Еліміздің тағдырында ауыр із қалдырып, үлкен демографиялық апат алып келген құбылыстың себептері мен салдарларын ғылыми негізде айқындау міндеті зерттеушілерді тың деректер іздестіруге және олардың мәліметтерін айналымға ұсынуға түрткі болуда. Осы тарихи оқиғаларға қатысты архив деректерінің айналымға ұсынылуы мәселеге айқындық беруде. Дегенмен, Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі ашаршылық құжаттарының Өзбекстан архивтерінде болуы зерттеушілерге қолжетімсіздік түрінде қиындықтар туғызуда. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Ташкент қаласында 1920-1925 жылдары жарық көріп тұрған «Ақ жол» газетінің материалдарына талдау жасау жұмыстары ашаршылық тарихы бойынша тарихи танымды жаңалайтын тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Мақала аталған басылымның тақырыпқа қатысты деректерін талдауға арналған.

Тірек сөздер: Ашаршылық, «Ақ жол» газеті, Қазақстанның оңтүстік өңірінің тарихы.

Ашаршылықтың алғашқы хабаршысындай болған себептер туралы «Ақ жол» газетінде «Қырсық» атты мақала жарияланған [1]. Автордың мәліметі бойынша Торғай, Ырғыз өңіріне барып қайтқан ТурЦИК мүшесі Каршинков кіші Қарақұмнан Торғайға дейін қасында қырылып жатқан малдың көп екендігін баяндаған. Оның айтуынша «Жалғызқия болысында 15 мың жылқы өлген. Күншығыс пен Түстіктің аралығынан соққан ызғырық жиілеп, 40 градус аяздан қырылған 10 болыс елдің малы 100 ден 80-90 ға дейін қырылған. Бұрынғы заманда қыстың күні малайынан жайылып, шана жүре алмайтын құмдарда әуелі жаңбыр жауып артынан аяз болып жердің бетін тегіс көк мұз алып малтүгілқоян қырылып қалған еді». Бұл мәліметтер дәстүрлі шаруашылықты жиі кездесетін 1921 жылдың қысындағы жұттан хабар береді. Автор осындай жайсыз хабарларды «жазбай жасырып, бұғып, қорқып отыру адамнан да, құдайдан ұят» екендігіне тоқталады. Мақалаға талдау жасай келе «1920 жылы нақ осы уақытта, қазақтың даласы малға сыймады деуге болғандай еді. Семейден Орынборға еліші мен көктей өтіп басынан аяғын сүзгенде қазақтың барлық малы есептемей-ақ, қоралап қазына салығына айдаған малының өзі «көз сүріндіретін» еді» деген мәліметтің қазақ жеріндегі салыққа деп жиналған малдың Орынбор арқылы Ресейдің орталық аудандарына жөнелтілгендігін білеміз. Биылғы жылы тілшілердің хат-хабарларынан Ырғыз үйезінің 8 қазақ болысының халқы аштан ісіп-кеуіп қырылып жатыр. Қара бұтақ ауданында, осы күнде бірнеше ауылдар, болыстар қоласты түгелімен сарытышқан ұстап жеп жатыр. Бұл – анық. Өзім көзбен көрдім. Ырғыз, Шалқар, Қарабұтақ әрбір ауылда күніне, көшеде, жолортасында 10-15 адам өліп тұрады» деген мәліметтер айтылады. Демек, 1921 жылдың қысында қазақ жеріндегі басталған ашаршылықтың ең басты себебі жұт қана емес, сонымен бірге қолдағы малдың түрлі себептермен тартып алыну болғандығын аңғарамыз.

Газетте «Ашыққандардыңамы үшін» деген тақырыппен редакциялық мақала жарияланған [2]. Мақаланың мәліметтеріне қарағанда Түркістан Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Қазақстан Республикасының толық құқықты елшісі Алмановтың Түркістан билігінен аштық апатына ұшыраған елге азық-түлік жәрдемін сұрап хат жазғандығын мәлімдейді. Осы мақалада Ашаршылық босқындарының Ташкентке қарай ағыл бастағандығын оларды ешқандай да қарулы қосындар тоқтата алмай тұрғандығын хабарлайды. Сол үшін де Түркістан Республикасына басшылық қылып тұрған ТурЦИК мекемелерінің бірінші кезекте шешетін мәселесі босқындарды азық-түлікпен қалай қамтамасыз ету; екінші мәселе, ол басқыншылықты тоқтату үшін елде азықпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру екендігін атап көрсетеді. «Түркістанда жұт, ашаршылық болғанда Қазақстан жәрдемді осылай көрсеткен... Түркістан азық-түлік комиссариатының уәкілдерінің біреуінің ғана мекемесі 1917-1918 жылдарда Ақтөбе аймағында 700 мың пұт астық, 3 вагон тары, һәм шәй, май. Темір үйезінде 5-7 айдың ішінде 1918 жылы 890 мың пұт астық, 10 вагон жер майы, 68 мың пұт шикі зат, 2 мың сиыр һәм 6 мың қойды бір азғантай ғана кездеме мен жіпке айыр-бастап жинапалған». Деген мәліметтер архив құжаттарында кездесуі мүмкін.

Шын бүркеншік атымен жазған автор «Шалажансар, өлмешілердің соңғы даусына құлақ салу міндетіміз!» [3] мақаласындағы деректер біршама мәселелерге айқындық береді. Мақалада ашаршылықты

Қазақстанның орталық билікке өте сеніп кетіп, өз қамын өзі күнілгері ойламағандығынан болып отырған нәрсе» деп бағалайды. Сонымен бірге Орталықтақырылып жатқан қазақтар туралы осы уақытқа дейін бір ауызсөзайтылмағандығын еске салады. Ресейдің Орталық билігі «барлық халық комиссарына, жер-жердегі кеңестерге ашыққандарға жәрдем беру мәселесін тексеріп, лаждарын қарастырып һәм не істемекші болғандарында кешіктірмей білдіріңдер деп «барлық Россия азаматтарына» үндеу-жарлық шығарып отыр. Бірақ ол үндеуде қазағыбар губерниялар туралы бірауыз сөз айтылмаған».

Осы мақаладағы «Мақсат үшін қазақ халқын құрбан қылудың да жөні бар шығар. Бірақ құрбанның орны бар. Жұрттың бәрі ұмытқан ұлтты біздіңұмытпаймыз дегеніміз де еш бір қылмыста жоқ, ұлтшылдықта жоқ біздің адамшылық міндетіміз» деген саяси астары бар сөзді айтып отырған «Шын» бүркеншік есімнің кім екендігін анықтай алмады. Дегенде, осы автордың ашаршылық тақырыбындағы мақалалары биліктің әрекетсіздігін сынаған өткірлігімен екершеленді.

Газет материалдарының мәліметтері жекелеген ауыл, болыс, уездеріндегі ашаршылық босқындарының болжамды санын анықтауға де септігі тиеді. Жоғарыда аталған Шын «»Биыл Ырғыз үйезінде бір түйір астық жоқ. Елдің босқыннан үштен бірі қалмайтын шығар. Мысалы Кенжеқараның 300-дей үйі бар – 3-ші ауылынан қалғаны 25-тей-ақ үй. Басқа болыстарда да сондай. Міне әлеумет сорлы қазақтың жайы... Арқа елінің 6 губерниясы осындай шұбырыншылыққа дұшар болды» [4] деп жазады. Газеттің осы санында «Соңғы хабарға қарағанда Ақмола облысынан 10 мың үйлі жан Сырдария облысына ауып келіпті, бұлар жалғыз ашаршылықтан аумай түпкілікті қоныс аударған болса керек» [5] деген мәлімет жарияланған.

Шынның «Адам баласын бір-біріне жақындастыратын нәрсе жалпы уайым-қайғы. Біздің үстіміздегі қайғымыз биылғы ашаршылық» деген тұжырымы, сол сияқты «Бүкіл қазақ бір кісідей қимылдап қайрат қылып аштықпен күресіп жәрдем жұмысына жұмылмаса болмайды. Биылғы жылы Қырдың қайғысына Сыр қайғырмаса, Сырдың қайғысын Қыр қайғырмаса біздің адамгершіліктен қалғанымыз» дей келіп, «Қазаққа деп жинаған жәрдем қазаққа тимейтін болса бөлек жинауға болмайтын болса онан қазаққа да, басқаға да пайда шамалы» екендігін айтады.

Газетте ашаршылық тақырыбында көтерілген мәселелердің бірі – ашыққан балаларға қамқорлықтың жайына арналған. «Татар республикасында» мақаласында Татар Республикасында миллионнан артық аш балалар бар екендігі, олардың 200000-дейін асырауды Американың жәрдем комиссиясы мойнына алатын болғандығын, 70000-дей баланы үкімет өзі бағатын болғанымен қалған миллионға жақын аш балалар асыраусыз қалып тұрғандығын жазады. 30000 – дай баланы астығы бар губернияларға жіберетін болды. Орынборға жіберілгендері 2700 бала. Аштық әсерінен ауырғандарының саны 200000-дай адам. Ауырғандардың көбі балалар. Өлгендердің саны 16000». Бұл жерде айтылып отырған шетелдік көмек көрсеткен мекемелердің бірі америкалық АРА ұйымы еді. Ол ұйымның көмегі жеткіліксіз болғандықтан Ресейдегі Рим Папасының католиктік миссиясымен келіссөздер жүрген. Осы миссия өкілдері апат аудандарында 30 мыңға дейін балаға көмек көрсетуге өз келісімін берді. 1922 жылғы 5 желтоқсандағы Мәскеуден Орынборға жіберілген арнайы жеделхатта: «католиктік миссия Рим Папасының Орынбор қаласының аумағында 20 000 баланы асырауына алуға келісімін алды, сондай-ақ дәрі-дәрмектер мен азық-түлік жеткізуге келісті» [6] деген архивтік деректер айғақтайды.

Мәліметтер Татарстанда аштықпен күресу, соның ішінде асыраусыз қалған балаларға қамқорлық жасаудың біршама жақты ұйымдастырылғандығын танытады. Өкінішке орай Қазақстан жағдайында бұндай жұмыстар жасалмаған. Жасалған жұмыстардың бір мысалы ретінде «Орынбордан Қостанайдағы ашыққан балалар үшін 500 пұт күріш, какао һәм басқа түрлі нәрселер жіберілген, ал балалардың саны 83 мың жан, бұлардың 8 мыңы Қостанайдан. Жақында оларды да асырайтын дәнеңе таптырмайтын түрі бар» екендігін жазады. Газеттің осы санында «Орал губерниясында егін мүлде бітпей қалған. Кіндіктің беретін жәрдемі өте аз, жоқ деп айтуға да болады. Осы күні Орал қаласында ашыққан қышпақтардан босқан жас балалар толып бітті. Оларға тамақ беретін қазан құрылған, бірақ асырауға азық-түлік жеткіліксіз, жоқтың қасы» екендігін жазылады.

Ашаршылық барысында орын алған жұқпалы аурулармен күресу де газеттің басты назарында болып келген екен. Газетте Түркістан өңіріне сүзек сияқты жұқпалы ауруларды Ресейдің аштыққа ұшыраған аудандарынан келген босқындардың алып келгендігі жөнінде мәлімет кездеседі. Бұндай мәліметтер биліктің ресми құжаттарында кездеспейді. Оның себебі осы фактіні биліктің жұртшылықтан жасыру әрекеті болғандығы деп тұжырымдаймыз.

Жұқпалы аурулармен күресу үшін Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау комиссариаты шұғыл шаралар ұйымдастырып, қысқа мерзімде вокзал ауданынан 525 ауру адам жинап алып ауруханаларға орналастырған. Кейіннен тексеру барысында аурулардың тең жартысы жұқпалы аурулы болмай аштықтан бұралып қалғандар екендігі анықталған. Қазіргі кезде комиссариаттың қарамағында 1200 бүтін кереует бар екендігі, біреер күнде тағы 800-і іске қосылатындығы айтылады.

Ташкент қаласына темір жол көлігімен ағылған босқындар үшін «Арал теңізі», «Ақмешіт», «Түркістан» һәм «Шымкент» станцияларында ауруларды орналастыру үшін 150 кереуеттік ауруханалар ашылған. Ауруларды оқшаулау мақсатында «Орынбор», «Қазалы», «Ташкент» станцияларынан ауруларды халықтан аулақ ұстау, жұқтырмау үшін арнаулы жайлар ашылып мұнан былай Түркістан Республикасына қаралмай, ауру-сауы анықталмай бір пойыз да қалаға жіберілмейтін тәртіп енгізілген. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Түркістан өңірлік комиссиясының мүшелері Ташкент қаласына жақын Дарбаза стансасының тұрғыны Абдреймов Бауыржанның естелігі. Жазып алған екен. Ол өз естелігінде «Білетін қариялардың барлығы кетіп қалды ғой бүгінде. 10-15 жыл бұрын сұрастырып-сұрастырып айтып бергендері ғой. Сол, вагондардағы айдап әкеле жатқандардың 1930-1932 жылдары өлген адамдарды, стансаға поезды тоқтатып вагонды ашады екен да, осы жерге әкеледі- әкеледі, көміп кете берген ашаршылық кезде. Аштан өлген, аурудан өлгені бар, барлығын» [7] деген деректер айтады. Осы ауызша айтылған деректер Дарбаза стансасының да жоғарыдағы аталғандай ашаршылық босқындарын санитарлық-эпидемиологиялық сүзгіден өткізетін арнайы бекет болғандығын дәлелдейді.

Осындай бекеттің Арыс стансасында да болғандығы бірақ оның аса күрделі жағдайда жұмыс жасап тұрғандығы жөнінде «Ақ жол» газеті жазады. «Арыс» станциясын тексеруге кеткен облыс денсаулығын сақтау бөлімінің докторы мынаны айтады: бүкіл станция һәм оның аудандары теп-тегіс ашыққан, босқындар қап арқалаған саудагерлермен толған. Жұрт жер көкке сыймай сасып, ластанып кетуі айтып болмастықтай болған, сүзекпен ауырғандар мүлде көп. Бір жұмаға дейін өліктер жинаусыз жатты. Аурухананың жоқтығынан ауруларды вагонның ішіне, құр тақтайдың үстіне жатқызып жатыр. Ауруларға қарау жоқ. Ол жерде бар болғаны бір доктыр мен бір бағушы әйел бар. Осы уақытта Арыста 300 ден артық аурулар бар» [8] деген деректерден.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық кезінде елді ашыққандарға көмекке шақырған «Аштардың бірі» деген бүркеншік есімді автор «Бауырым, қазақ-қырғыз жұрты!» деген атпен жариялаған мақаласында «Үңрейген көзінің қарашығы, жылт-жылт еткен көз жасы жаңбырша сорғалаған, жалма-жалма болып суыққа тоңып дірдек қаққан, зарланып, телміріп тұрған аш бауырларыңның түрі осы... Ар жағында түпсіз терең көз жетпестей қараңғы, қазулы көрде құшағын жайып ажал тұр. Бер жағында, жарық дүниеде сен тұрсың... Ойланба, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде тұрған бауырларыңа сөз қолынды, қарап отырып өз қолыңнан берме өлімге бауырыңды!...» [9] деген сөздер ел басына төнген қасіретке бүкілхалықтың бірлікпен көмек жасауға үндеген.

Қорыта айтқанда, зерттеушілерге 1921-1922 жылдардағы ашаршылық туралы «Ақ жол» газетінің жарияланымдары осы қасіретті құбылыстың мәнін түсінуге деректік тұрғыда аса үлкен көмек екендігін атап айтуымыз керек. Жергілікті және орталық билік мекемелерінің ашаршылық кезіндегі түрлі қызметтері ресми құжаттарда хатталып, архив қорларында сақталып келеді. Олардың мәліметтерінің де маңызы ерекше екендігіне күмән жоқ. Ал баспасөз жанрларының ерекшеліктерін ескерер болсақ, газеттегі соншалықты аяугершілік, жанашырлық және күйзеліс сезімдерімен жазылған экзистенциялық материалдардың деректерін бей-жайлықпен қабылдай алмайсың. Зерттеулерде адамға тән жоғары эмоциялық сезімдермен берілген ашаршылық ақиқаты архив деректерінде қамтылмаған мәліметтерді бере алатындығы ескерілуі керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шын. Қырсық. //«Ақжол». №72. 28июнь, 1921жыл
2. Шын. Ашыққандардың қамы үшін. //«Ақжол» №79, 21июль, 1921жыл
3. Шын. Шалажансар, өлмешілердің соңғы даусына құлақ салу міндетіміз! «Ақжол» №79, 21июль, 1921жыл 4. Шын. Айта жүру қажет //«Ақ жол» № 104, 2 ноябрь, 1921 жыл 5. Қазақстаннан аугандар //«Ақ жол» № 104, 2 ноябрь, 1921 жыл 6. ҚР ОМА. 83-қ., 1-т., 162-іс, 78-п.
7. Түркістан облысындағы саяси қуғын-сүргіннің естеліктері. Құрастырушылар тобының жетекшісі Х.Тұрсын, топ мүшелері Б.Әшірбаев, С.Әлібек, Г.Шардарбекова және т.б. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы. 2023. – 236.
8. Жұқпалы аурулармен күресу //«Ақ жол» №110. 23 ноябрь 1921 жыл
9. Бауырым, қазақ-қырғыз жұрты! //«Ақ жол» №110. 23 ноябрь 1921 жыл

Ж.ҚАСЫМБАЕВ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ АСПЕКТІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫН ТАЛДАУ

ҚАМЫСБЕК ГҮЛЗАТ НҰРМАХАНБЕТҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ ҰПУ-дың 2 курс магистранты

АГКТК колледжінің тарих пәні мұғалімі

ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, Сайфулмаликова.С.С.

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақала елеулі тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы және профессор Ж.Қасымбаевтың Семей қаласының аса бай тарихын кең ауқымда және тереңінен қарастырып, ғылыми жұмыстарын зерттеуге бағытталған. Бұл мақалада Семей қаласының тарихы, экономикасы, мәдениеті және қоғамдық өміріндегі негізгі аспектілерге қатысты Жанұзақ Қасымбаевтың зерттеулеріндегі басты тұжырымдары қарастырылады. Мақала Жанұзақ Қасымбаевтың зерттеулеріне негізделген Семей қаласының дамуын түсінуге көмектеседі және оқырмандарға қаланың әлеуметтік-экономикалық және мәдени мұраларына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: Семей, қала, рухани, мәдени, ғылыми, сауда, ғалым, реформа, деректер.

Зерттеу тақырыбымының өзектілігі қазір елде өз өлкеміздің тарихын, әсіресе мәдениетімен, ғылымымен, рухани әлеуетімен байланысты өлкетану материалдарын зерттеуге деген қызығушылық артып келеді. Бүгінгі таңда осы жұмыстар аясында көптеген өңірлерде жан-жақты зерттеулер жүргізілуде. Семей өңірі – Қазақстандағы тарихи-мәдени маңызы зор және ел тарихындағы киелі орындардың бірі болып табылады. Осы өңірде орналасқан Семей қаласының Қазақстанның мәдени дамуында алатын орны ерекше. Алаштың орталығы болып саналған – Семей қаласының XVIII-XX ғасырларды қамтитын тарихы зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі екені сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев жұмыс сапарында Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің қабырғасында Семей қаласының жұртшылығымен кездесіп, шаһардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін талқылады. Президент қаланың тарихи және өзіндік сипатын, оның ішінде көне ғимараттарды сақтаудың маңыздылығын атап өтті [1].

Семей қаласы – Қазақстанның шығыс бөлігінде, Ертіс өзенінің жағасында орналасқан, тарихи және мәдени мұралары бай қала. Қазақ даласының тарихында ерекше орын алатын бұл шаһар, көне заманнан бастау алған өркениеттің куәсі болып табылады. Семейдің тарихы қасиетті қалалардың бірі ретінде Қазақстанда ғана емес, Орталық Азия тарихында да маңызды орын алады. Бұл мақала Семей қаласының қалыптасуы, дамуы және қазіргі замандағы маңызын қарастырады.

Сауда, қолданбалы өнер, мәдени даму, қоғамдық қызметтер мен саясат, сонымен қатар аграрлық және мал шаруашылығы сияқты адамзат цивилизациясының түрлі салалары үшін қалалар өте маңызды нүктелер болып табылады. Мемлекеттік биліктің қалалық аудандарда шоғырлануы, сондай-ақ білім беру және ғылыми мекемелердің, әлеуметтік топтардың және ұйымдардың болуы, қоғамның даму бағытын айқындауда қалалар рөлінің маңызын көрсетеді. Қалалар мәдени және рухани орталықтар ретінде тарихшылар, экономистер, әлеуметтанушылар зерттеулеріндегі басты объекті болып саналады. Қалалық аймақтардың жеке дамуы мен өзіндік сипаттамаларын зерттеу, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және саяси процестер туралы маңызды түсініктер береді. Зерттеушілер белгілі бір қалалардың тарихына назар аудара отырып, өндіріс және мәдени даму, қоғамдық сана мен көзқарастар жөнінде терең және жан-жақты талдау жүргізе алады. Бұл тарихи көзқарас қазіргі қоғамдық өзгерістерді тереңірек түсіну және болашаққа арналған даму стратегияларын жоспарлау үшін аса маңызды. [4]

Семей - Шығыс Қазақстан облысының негізгі әкімшілік, экономикалық және білім-мәдениет ордасы болып табылады. XVI-XVII ғасырлардағы Доржыкент қаласының орнында қалыптасқан. 1718 жылы қорғаныс құрылысы ретінде яғни Ресей үкіметінің Қазақстан даласына басып алған жерлерді ұстап туру үшін салынған бекіністердің бірі ретінде іргесі қаланған. Өзінің жағрапиялық жағынан қолайлы орналасуынан Орал мен Қытайды, Сібір мен Жетісудың арасында экономикалық байланысты орнықтырып, далалық өлкенің сауда, қоғамдық және мәдениет орталықтарының біріне айналды. Бұл шаһар, еліміздің мәдени-рухани орталығы ретінде, белгілі ақын және ойшыл Абай, философ-ақын Шәкәрім, танымал ғалым-жазушы М.Әуезов, 1925 жылы Парижде өнер көрсеткен даңқты әнші Әміре, күштің атасы Қажымұқан, ұлы ғалымдар Қ.Сәтбаев пен Ә.Марғұлан, Алаш арыстары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М.Дулатов, ұлттық әдебиет шеберлері Ж.Аймауытов пен С.Торайғыров сияқты белгілі тұлғалардың атамекені. [4]

Қазан төңкерісіне дейін Н.Абрамов, И.Земляничын, В.П.Никитиннің еңбектерінде Семей тарихына назар аударылған. Н.Абрамовтың XIX ғасырдың екінші жартысында жарияланған мақаласында қаланың пайда болу себептері, сондай-ақ XIX ғасырдың 50-60 жылдарына дейінгі даму тарихы, 40-50 жылдарындағы халық саны туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар, Н.Абрамов бұл мақалада қаланың сауда маңызы, 1860 жылға дейінгі сауда дамуы туралы көптеген нақты материалдарды жинақтап, жүйелеген. [6]

И.Земляничын мен В.П.Никитиннің еңбектерінде де Семей қаласының пайда болу себептері мен тарихы туралы ақпараттар бар. И. Земляничын атап өткендей, ресей-қазақ экономикалық және саяси қатынастарының дамуында және нығаюында Семей қаласы маңызды рөл атқарғанын көрсететін бай нақты материалдар келтіреді. В.П.Никитиннің еңбегінде Семей саудасы туралы құнды статистикалық

деректер бар. Бұл деректер XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық байланыстардың дамуында Семейдің рөлін анықтауға көмектеседі[7,8].

Аталған еңбектер тарихи және фактілік тұрғыдан зор құндылығы мен қатар, бірқатар маңызды кемшіліктерге ие. Мысалы, Н.Абрамовтың жоғарыда аталған жұмысы кемшіліктерден ада емес. Әсіресе, оның Семей саудасы туралы келтірген статистикалық деректерінің дәлестігі байқалады. Сондай-ақ, Н.Абрамовтың бегінде Семей халқының жағдайы туралы мәліметтер мүлдем жоқ. В.П.Никитиннің және И.Земляницынның еңбектерінде де ұқсас кемшіліктер, мен олқылықтар бар. Еңбектерде қаланың мәдени дамуына жеткілікті назар аударылмаған.[6,7,8]

Бұл авторлардың барлық еңбектерінде патшалық үкіметтің нақты колонизациялық мақсаттары, Семей қаласын қоса алғанда, Иртыш бойындағы бекіністерді салуда, оны революцияға дейінгі Қазақстанның ірі саяси және әкімшілік орталықтарының біріне айналдыру шарттары мен алғышарттары ашылмайды. Бұдан басқа, оларда Қазақстанның Ресейге қосылу процесінің барысы дұрыс жарықтандырылмаған, сондықтан Семейдің осы процесте атқарған рөлі бір жақты баяндалған. Шын мәнінде, оларда Ресей империясының Қазақстандағы колонизаторлық саясаты ақталады. Қаланың мәдени және қоғамдық өмірінің дамуында саяси айдаушылардың қызметінің маңызы жете бағаланбайды. Қазақ халқының ауыр жағдайы, заңдық құқықсыздығы және қатыгез эксплуатациясы туралы сипаттамалар мүлдем жоқ. Дегенмен, Абрамов, Никитин, Земляницын еңбектерінде Семей тарихының кейбір мәселелердің сипаттамасы үзік-үзік берілген[6,7,8].

Е.Б.Бекмахановтың «Қазақстанның Ресейге қосылуы» атты еңбегінде Қазақстанның Ресейге қосылуының экономикалық салдары талданады, Қазақстан қалаларының, соның ішінде Семейдің пайда болу себептері мен дамуы мәселелері қарастырылады және автордың түсіндірмелерін растайтын деректер, соның ішінде қала халқының құрамы мен саны туралы мәліметтер келтіреді.[9]

Ертіс бойындағы қалаларының экономикалық және саяси тарихына Н.Г.Аполлованың еңбегінде XVIII-XIX ғасырлардағы ресей-қазақ қатынастарын саяси және экономикалық тұрғыдан талдайды. Атап айтқанда, Семей сияқты Ертістің шекаралық бекіністері мен қалаларының салынуы мәселелеріне қатысты сұрақтарға жауап іздейді. Қазақстанның Ресейге қосылуындағы қалалар рөлін жартылай қамтылған. Басқа мәселелерге арналған осындай жалпы сипаттағы еңбектерде Семей тарихының аталған сұрақтары тек ішінара және жанама түрде қарастырылады[10]

Зерттеушілер Т. Елеуов, С. Кенжебаев, С. Ковальский, В. Григорьев, И. Агалаков және Шумякий өздерінің еңбектерінде Семей қаласындағы саяси жағдайлар мен олардың көріністерін, саяси партиялар мен топтардың қызметін, сондай-ақ Семейдің аймақтағы негізгі саяси орталықтардың бірі ретіндегі рөлін айқындап берді. [11,12,13,14,15,16]

Г.Ф.Бутлердің «Семей облысындағы 1905-1907 жж. революциялық қозғалыстың тарихы» атты жарияланым патшалық дәуірдегі Семейдің тарихына арналған арнайы ғылыми еңбектердің бірі болып табылады." Бұл зерттеуде XX ғасырдың басындағы дерек көздері мен материалдары негізінде Семей қаласындағы алғашқы жұмысшы топтарының қызметі қарастырылады, сондай-ақ, осы қаладағы, және тұтастай Қазақстандағы революциялық қозғалыстың Ресейдегі еңбекші топтардың әлеуметтік шығуларымен байланыстары зерттеледі. Алайда, Г.Ф.Бутлердің зерттеуінде жергілікті жасырын социал-демократиялық ұйымдардың революциялық қызметінің алғашқы қадамдары айқын көрсетілмеген. Одан басқа, кейбір шолушылардың атап өтуінше, Г.Ф.Бутлердің жұмысының құжаттық базасы шектеулі дерек көздеріне негізделген. Олардың қатарына: революция қозғалысына қатысушылардың естеліктері, екі жинақ және газет материалдары ғана. [5]

А. Елагин, Ю. Поляков және И. Куртовтың еңбектері әсіресе қаланың экономикалық дамуына Кеңес үкіметінің алғашқы экономикалық саясаттарының әсерін түсінуге үлкен үлес қосады. Олардың зерттеулері Семейдің экономикалық трансформациясының кезеңдерін және осы өзгерістердің қоғамға тигізген әсерін жан-жақты қарастырады. Бұл авторлардың жұмыстары Қазақстандағы, соның ішінде Семей қаласындағы тарихи оқиғаларды түсінуде маңызды деректер болып табылады.[17,18,19]

Осы зерттеулердің нәтижесінде пайда болған тарихи еңбектер қала өмірінің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде қалалардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени өлшемдерін жарыққа шығарды. Бұл зерттеушілерге осы қалалардың шығу тегін, олардың өсуін және аймаққа әсерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл зерттеулер Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасын тереңірек түсінуге үлес қосады. Бұл білім мәдени әртүрлілікке, мұраны сақтауға және аймақтық қалаларды дамытуға қатысты саясатты қалыптастыру үшін маңызға ие болып табылады.

Отандық тарихнамада Семей қаласын тұңғыш рет кешенді зерттеген - танымал тарихшы-ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанұзақ Қасымбаев болатын.

Ж.Қ.Қасымбаев Қазақстан қалалары тарихын зерттеулерінде жасаған тұжырымдары жан-жақты, нақты деректерге сүйене отырып негізделгенін айта кеткен жөн. Ол Абай атындағы Қазақ педагогикалық

институтында оқытушы бола тұра және Қазақ мемлекеттік университетінде сырттай оқу бөлімінің аспиранты ретінде, өзі таңдаған «1718-1917 жылдар аралығындағы Семейдің пайда болу және даму тарихы» тақырыбында терең зерттеулер жүргізді. Екі-үш жыл ішінде Семей, Алматы, Омбы архивтерін тынымсыз зерттеп, аталған тақырып бойынша архивтік деректерді жинақтады. Зерттеу барысында Семей қаласының екі ғасырлық бай тарихын қамтитын деректерді саралап, бірқатар ғылыми мақалалар жазып, баспасөз беттерінде жариялап, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады. 1968 жылы жарық көрген «Ескі қала (Семей)» атты алғашқы ғылыми мақаласы «Білім және еңбек» журналында, ал «Өткенге көзқарас (Семей қаласы туралы жаңа деректер)» атты мақаласы «Простор» журналында жарияланды. 1969 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының XII ғылыми конференциясында «Семейдің XVIII ғ. екінші жартысындағы орыс-қазақ экономикалық қатынастарын дамытудағы рөлі» тақырыбындағы баяндамасы екі ел арасындағы қарым-қатынастардың стратегиялық маңызын ашып көрсетті. Бұл баяндама сол жылғы конференция материалдары жинағында басылып шықты.

Ғалым 1969 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының XII ғылыми конференциясында «Семейдің XVIII ғ. екінші жартысындағы орыс-қазақ экономикалық қатынастарын дамытудағы рөлі» тақырыбында ғылыми баяндама жасап, Семей шаһарының екі ел арасындағы байланыстың стратегиялық көпірі екенін айқын көрсетті. Оның бұл еңбегі сол жылғы конференция материалдары жинағында басылып шықты.

Зерттеуші Семей шаһарын тек экономикалық аспектілермен шектелместен, кең ауқымда – саяси, мәдени және ғылыми дамуы тұрғысынан кешенді талдауды мақсат тұтты. Осы бағыттағы еңбектерінің бірі – «XIX ғасырдың екінші жартысында Семей қаласындағы саяси жер аударушылардың қызметі» атты еңбегі ерекше маңызды болды. Мақалада Семейге жер аударылған саяси тұтқындардың қаланың саяси-мәдени және әдеби өміріне тигізген ықпалы, сондай-ақ олардың ұлы Абай сияқты тұлғалардың дамуындағы рөлі зерттелді. Автор бұл тарихи оқиғалардың маңыздылығын ашып көрсетіп, оларды терең талдады. Бұл еңбегі 1969 жылы Алматыдағы жоғары оқу орындары арасында шығарылған «Тарих» жинағының үшінші шығарылымында жарияланды.

1970 жылы Алматы облысының «Жетісу» газетінде жарияланған «Е.П.Михаэлис – Абайдың досы» атты мақаласында, тарихшы Семейге жер аударылған саяси тұтқындар жайлы зерттеулерін одан әрі тереңдетті. Мақалада, Семейде айдауда болған орыс интеллигенциясының өкілі Е.П.Михаэлис пен ұлы қазақ ақыны Абайдың арасындағы тығыз достық қарым-қатынас арқылы, Абай орыс әдебиетінің классикалық шығармаларымен танысып, көзқарасын кеңейткені жан-жақты сипатталды.

Ж.Қасымбаевтың 1970 жылы Семей қаласының тарихына арналған кандидаттық диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін, ол өз зерттеулерін жалғастыра түсті. 1971 жылы ол екі ғылыми мақала жариялады. Біріншісі - «Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналында шыққан «XVIII-XIX ғғ. Семей қаласы тұрғындарының саны мен құрамы», ал екіншісі - «Үгітші блокноты» журналында жарияланған «Семейде өткізген жылдар (Ф.М.Достоевский Қазақстанда)» атты мақалалар болатын. Бұл мақалалар арқылы Ж.Қасымбаев Семей халқының сандық және ұлттық құрамына ғылыми талдау жасады және Ф.М.Достоевскийдің Семейде болған кезіндегі шығармашылық қызметі мен Ш.Уәлихановпен арадағы риясыз достығы туралы қызықты тарихи деректер ұсынды.

Ғалым бүкіл өмірін Семей қаласының тарихына арнады және кейінірек Шығыс Қазақстан қалаларының Қазақстан тарихындағы рөлін, сондай-ақ қазақ-жоңғар, қазақ-қытай және қазақ-орыс қатынастарындағы маңызын зерттеуге бет бұрды. Оның докторлық диссертациясына дейінгі ізденістері барысында да ол бұл тақырыпты ешқашан назардан тыс қалдырмады. Ол Қазақстан мен Кеңес Одағының әр түкпіріндегі архивтерде көптеген маңызды құжаттар мен деректерді тапты және ғылыми айналымға енгізді. Ол әсіресе Семей, Омбы, Павлодар және Өскемен сияқты қалалардың XVIII-XIX ғасырлардағы және XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси және ғылыми-мәдени дамуындағы рөлін терең зерттеді.

1983 жылы оның «Шығыс Қазақстан қалаларының қазақ ауылымен, отырықшы деревнямен және шекаралас елдермен өзара қарым-қатынастарындағы орталықтар ретінде дамуы» тақырыбындағы докторлық диссертациясы ұлттық тарих ғылымында маңызды оқиға болып табылады. Осы еңбегінде және одан кейінгі зерттеулерінде ғалым қазақ даласындағы феодалдық қоғамның ыдырауы және капиталистік қатынастардың отарланған өлкеде пайда болуы сияқты жаңа үрдістердің ерекшеліктерін ашты. Ол зерттеуінде Шығыс Қазақстан қалалары Семей, Өскемен, Бұқтырма, Көкпекті, Аягөз, Зайсан сияқты ірі елді мекендер мен бекіністер, сондай-ақ Павлодар, Ямышевск, Желизинк, Қарқаралы тарихы қарастырылған. Бұл зерттеулер Оңтүстік, Солтүстік, Орталық Қазақстан, Алтай өлкесі мен Оңтүстік Батыс Сібір қалаларымен салыстырмалы түрде дерек көздеріне негізделген. Монографиялық еңбекте келтірілген деректер, қалалардың жеке кезеңдері бойынша зерттелуі ғылыми қоғамдастық үшін практикалық маңызға ие. Автор, революцияға дейінгі кезеңдегі орыс зерттеушілерінің жергілікті

қалалардың дамуы туралы кері пікірлеріне нақты дәлелдермен жауап бере отырып, Шығыс Қазақстан қалаларының сауда-экономикалық және әкімшілік-саяси орталықтар ретіндегі рөлін ашып көрсетеді. Ж. Қасымбаевтың 19 ғылыми мақаласында баяндалған Шығыс Қазақстан қалаларының көп қырлы өмірі, олардың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуы тарихнамада ерекше орын алады.

Ғалымның «Семей қаласының тарихы (1718-1917 жж.)» атты монографиясы Семейдің 1718 жылы қала ретінде негізі қаланған сәтінен бастап, 1917 жылғы оқиғаларға дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл еңбекте ғалым қаланың дамуының маңызды кезеңдеріне көңіл бөле отырып, Семейдің тарихын жан-жақты қарастырды.

Монографияда Қазақстандағы Семей қаласының қалыптасуы мен дамуының тарихи аспектілері оның пайда болуынан бастап 1917 жылы Ресейдегі қазан оқиғасына дейін зерттеді. Автор оқиғаның аз зерттелген және аз дамыған аспектілеріне ерекше назар аударды.

XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени процестердегі Семей қаласының рөлі мен маңыздылығына көп көңіл бөлді. Ал оның зерттеуі Алматы, Мәскеу, Орынбор, Омбы архивтерінен алынған деректері негізінде орындалған.

Монографияда Семей қаласының Қазақстан тарихы және оның көрші өңірлермен, әсіресе XVIII-ші және XX-шы ғасырдың басындағы қарым-қатынастары контекстінде маңыздылығын ашу болып табылады және оның маңызды сауда және мәдени орталық ретіндегі рөлін атап көрсетеді.

Монографияда Семей қаласының Орталық Азия мемлекеттері, Ресей және Қытай арасындағы сауда байланыстарын нығайтудағы маңызды көпір ретіндегі рөлін ашып көрсетілген. Онда Семейдің транзиттік және делдалдық функцияларына ерекше назар аударылып, бай мұрағаттық дереккөздер мен тарихи құжаттардың үлкен жиынтығы пайдаланылған. Бұл зерттеу Семейдің тарихын тереңінен талдауға арналған құнды ғылыми және энциклопедиялық жұмыс ретінде мойындалды.

Ж.Қасымбаевтың іргелі еңбегі, 1917 жылға дейінгі Ресейдегі тарихи оқиғаларға арналған және аталған кезеңдегі күрделі мәселелерді терең зерделеуге бағытталған. Бұл зерттеулер аталмыш кезеңнің түсініктемелері үшін баға жетпес ақпарат көздері деп айта аламыз.

Осы бағыттағы жұмысында ғалым Семейдің бай тарихына назар аударып, шаһар тарихының аз зерттелген салаларын жарыққа шығарады және саяси дүмпулердің ішінде қаланың қоғамдық өмірдегі орнын объективті тұрғыдан баға берген. Монографияда Семейдің "Қазақстанның Петербургі" деп аталуына негіз болған жайттар ашылып, қаланың екі ғасырлық даму тарихы, рухани және мәдени өзгерістері қарастырылады. Зерттеуші сондай-ақ, Семейдің Орталық Азия, Ресей және Қытаймен арадағы сауда байланыстарын кеңейтудегі транзиттік сауда орталығы ретіндегі кілтті маңызын толыққанды көрсетеді. [4]

XX ғасырдың бастапқы онжылдықтарында Семей шаһары мәдени байлықтың және ғылыми ортаның қайнар көзі бола отырып, сонымен қатар Қытай мен Моңғолия сияқтышығыс аймақтармен сауда жасау және экономикалық қарым-қатынастар орнату үшін тиімді орталық ретінде қызмет етті. Кеңес Одағы кезеңінде бұл қала көптеген басқа қалалармен бірге ірі өндірістік негізге айналып, мемлекеттік меншікті, орталықтандырылған басқаруды және ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудың бастамасын бастан кешірді. Қаланың экономикалық дамуы мен саяси прогресі қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне байланысты үнемі эволюцияға ұшырады. Кеңес үкіметінің орналасуы қаланың басқару жүйесінде негізгі өзгерістерге әкеліп, Семейдің губерния, округ және облыс орталығы ретінде атқаратын рөлі аймақтық әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге зор ықпал етті.

Шаһар тарихын зерттеу процесінде ғалым құжаттар мен дереккөздерді талдау арқылы Семейдің тарихнамасына құнды үлес қосады. Семей облысының 65 жылдығына арналған жинақта аталған облыс орталығының өндірістік және өнеркәсіптік саладағы жетістіктері баяндалады. Монографияда Семейдің көпқырлы тарихын, оның ішінде саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени аспектілерін қамтылған. Қала әртүрлі идеялар мен саяси көзқарастардың қиылысқан орталығы ретінде тарихта ерекше орын алады. 1917 жылғы екі төңкеріс және азамат соғысы кезеңдерінде Семей тарихын атамай кетуге болмайды.

Монографияда азаматтық қарсылық кезеңіндегі оқиғалар, азамат үкіметінің экономикалық реформалары, өнеркәсіп саласындағы жетістіктер, қала шаруашылығы және халқының мәдени деңгейі сияқты маңызды тақырыптар қамтылған. Қаланың кеңестік дәуірдегі тарихын жазуда А.С.Елагин, А.К.Кротенко, А.К.Иваненко, В.П.Гноевых, А.С.Құрманбаев, Е.М.Клочков сынды ғалымдардың зерттеулері, сондай-ақ, М.Жанғалова, Е.В.Яковлева сынды мамандардың құжаттамалық және статистикалық материалдарды жинақтау жұмыстары пайдаланылған.

Алайда, еңбек кеңестік идеологияның қатал талаптары аясында жазылғанын ескерген жөн. Бұл, әрине, кейбір тақырыптарға біржақты көзқарас берілуіне әкелген. Мысалы, азаматтық қарсылық кезеңіндегі оқиғаларға әділ баға берілмеуі, ұлттық білім беру жүйесінің жетістіктері, ашаршылықтың

қаланың әлеуметтік-демографиялық жағдайына тигізген әсері сияқты мәселелер жеткілікті назар аударылмай, негізінен кеңестік өмір салтының жарқын бейнесі берілген.

Тарауларда Семей қаласының тарихы, оның өсіп-өркендеуі, мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуы қарастырылған. Ғалымдар осы өлкенің тарихындағы маңызды кезеңдерге, оның ішінде өнеркәсіптік дамуына, қаланың мәдени өміріне және тұрғындарының өмір сүру салтына ерекше назар аударған. Осы еңбектің маңыздылығы – ол Семей қаласының тарихын кең ауқымда зерттеп, сол кезеңдегі қоғамдық-экономикалық және мәдени даму процестерінің кешенді бейнесін ұсынған. Қасымбаевтың жұмысы өткен кезеңдердің архивтік құжаттарына және басқа да тарихи деректерге сүйенген, бұл оның еңбегін ғылыми және тарихи тұрғыдан құнды етеді. [2]

Ғалым Ж.Қасымбаев тәуелсіздік кезеңінде шыққан «Қазақстан тарихы» атты бес томдық шығарманың үшінші томының (2002 жыл) басты авторларының қатарында болды. Ол өзі жауапты болған екінші бөлімнің «Қалалардың дамуы, әлеуметтік-мәдени келбеті және банктік-қаржылық қатынастар» аталатын жетінші бөлімінде Семейдің 1867-1868 жылдары өткен реформалар аясында облыс орталығына айналғанын, Ертіс өзені арқылы кеме қатынасының орнағанын және Семейдің астық тасымалының басты пунктіне айналғанын атап өтеді. 1881 жылы алғаш рет Мемлекеттік банктің Семейдегі бөлімшесі ашылғаны туралы маңызды ақпараттар ұсынылған. Ғалым Семейдің ұзақ мерзімді делдалдық рөлінің Қазақстан тарихындағы 1917 жылға дейінгі кезеңде ешбір елді мекеннің мәдени, қоғамдық-саяси оқиғалардың ошағы ретіндегі рөлімен салыстыра алмайтындығын айтып өтеді. Ғалымның осы пікірлері заманауи контексте де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Семей қазіргі тәуелсіз Қазақстан тарихында да рухани, мәдени және ғылыми орталық ретінде мәртебесін сақтап келеді. Профессор Ж.Қасымбаевтың Семей қаласының тарихына арналған еңбектері Қазақстан тарихының ерекше беттері ретінде ұрпақтың зертесінде мәңгілікке сақталады.

Қорытындылай келе, Семей қаласының тарихын зерттеу барысындағы Жанұзақ Қасымбаевтың үлесі, қазақстандық тарих ғылымындағы елеулі жетістіктердің бірі болып табылады және келешек ұрпақтарға осы өлкенің мәдени мұрасын танып-білуге көмектеседі. Зерттеуіңіздің методологиялық негізі ғылыми танымның қағидаттарына терең бекітілген. Бұл қағидаттарға объективтілік, тарихилық, жүйелілік және даму принциптері жатады, олар зерттеу процесінде әртүрлі кезеңдер мен оқиғалардың себептері мен салдарларын анықтауға мүмкіндік береді. 1718-1917 жылдар аралығындағы Семей қаласының дамуы, осы кезеңдегі маңызды тарихи оқиғалар және өзгерістер зерттеудің негізгі фокуссында тұр. Бұл кезең қаланың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірінің қалыптасуы мен дамуы үшін маңызды болып табылады. Зерттеуде пайдаланылған әдістерге талдау және жинақтау, жүйелендіру, салыстыру жатады, бұлар нақтылы фактілік материалдарды зерделеуге, олардың арасындағы байланыстарды ашуға және кең ауқымды тарихи контекстте бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір қолданылған әдіс ғылыми зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдалып, зерттеу жұмысының жан-жақтылығын және тереңдігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, зерттеуде жаңа тарихи көзқарастарға ерекше назар аударылады, бұл Семей қаласының тарихын кеңірек контекстте қарастыруға және оның Қазақстан мен Орталық Азия тарихындағы рөлін жаңа перспективадан бағалауға мүмкіндік береді. Бұл көзқарастар зерттеу нәтижелерінің ғылыми қоғамдастық пен кең аудитория үшін құндылығын арттырады және тарихи сананың жаңаруына үлес қосады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласының жұртышылық өкілдерімен кездесті\ 2019 жылғы 26 сәуір [Электрондық ресурсы] https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/working_trips/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-semei-kalasyynun-zhurshylyk-okilderimen-kezdesti (дата обращения: 28.10.23)
2. Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718-1917 гг.). - Алматы, 1998. - 276 с
3. Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг.: Социально-экономический аспект. Алматы: Ғылым, 1990. -180 с.;
4. Мұқатаева Зәуре Қадырбайқызы «Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы (1917-1940ж.ж.). Астана: 2001.-166 б.
5. Бутлер Г.Ф. Из истории революционного движения в Семипалатинской области в 1905-1907 гг. //За власть Советов.- Семипалатинск 1961.
6. Абрамов Н. Областной город Семипалатинск.//Записки Русского географического общества. - СПб., 1861./Н.Абрамов - священник. Родил: ся в 1812 г. в Кургане. Был учителем, потом оставил эту работу. Написал много статей о городах и крепостях Казахстана. Умер в 1870 г. в должности советника Семипалатинского областного правления/А.Алекторов Указатель книг, журнальных и газетных статей. - Казань, 1990. - С. 54).
7. Земляницын И. исторический очерк Семипалатинска и его торговли//Материалы для статистики Туркестанского края. - Вып.IV. СПб 1876.
8. Никитин В.П. Исторический очерк Семипалатинского края.//Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г. – Семипалатинск, 1898
9. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казвхстана к России. -М., 1957.С. 214-215.
10. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана сРоссией в XVIII-начале XIX вв. -М., 1960. -С. 90-92.; ее же: Присоединение Казахстана к России 30-40-х гг. XVIII века. -Алма-Ата, 1948. -С. 170)

11. Кенжебаев С. *Ұлы Октябрь және Қазақстан Советтері*. Алматы: Наука, 1980. – 110 б. (20).
12. Елеуов Т. *Қазақ ауылында Совет Окіметінің орнауы мен нығаюы*. Алматы: Қазақстан, 1967. -232б. Соныкі. Қазақстанда Совет Окіметі қалай орнады. Алматы: Казмемлбас., 1957. -210б.
13. Ковальский С. *За власть Советов*. Алма-Ата: Казгосиздат., 1957.-120с.
14. Григорьев В. *Противостояние (Большевики и непролитарские партии в Казахстане)*. Алма-Ата: Казахстан, 1989. - 252с.
15. Агалаков И. *Советы Сибири. 1917-1918г. Новосибирск, 1972. - 200с.*
16. Шумяцкий Б. *Сибирь на путях к Октябрю*. Иркутск. 1989. - 140с.
17. Елагин А.С.. *Социалистическое строительство В Казахстане в годы гражданской войны*. Алма-Ата: Казахстан, 1966.-195 с.
18. Поляков Ю.А. *Переход к НЭПу и Советское крестьянство*. -М.:1967.-289с.
19. Куртов И.А. *Новая экономическая политика в Казахстане*. Алма-Ата: Казахстан, 1973. -274с.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БАҒАЛАУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

АНУАРБЕКОВА А.К.

*магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Бағдарламалық жасақтама мен веб-сайттардың көптеген түрлері студенттерге қашықтықтан оқытуда тарихпен танысуға, оқуға көмектеседі. Бұл бөлім қолжетімді барлық нәрселерге жан-жақты шолу болып табылмайды, оның орнына ол тарих онлайн сабағына арналған ең танымал және пайдаланушыға ыңғайлы технологиялардың кейбірін көрсетіп, оларды қалай пайдалануға және қалай студенттерді бағалауға болатынын үлгісін көрсетеді.

Тірек сөздер: Қашықтан оқыту, тарих, бағалау, платформа, уақыт кестелері, сюжетті картаға түсіру және Edpuzzles

Интерактивті цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, оларды қазіргі білім беруде пайдалану өзектілігі арта бастады. Бұл технологияларды сыныпта қолдану кәсіби құзіреттіліктер мен дағдылардың дамуына ықпал етеді. Зерттеудің мақсаты - озық технологияларды сабақ, дәріс, семинарларда қолдануды түсіндіріп, тарихты оқытудағы және бағалаудағы тиімділігін арттыру. Офлайн сабақты қашықтықтан оқытуға дәл көшірудің ешқандай жолы жоқ. Әдетте 50-90 минуттық дәрісті жазу студенттерді қызықтырмайды және олардың онлайн қарауы екіталай. Дәріс барысында лектор қоя алатын сұрақтар онлайн дәріс арқылы мүмкін емес болып көрінуі мүмкін. Бұл тарауда студенттерді онлайн оқытуда тарихты зерттеуге тарту үшін педагогика мен бағалауды дамыту үшін әртүрлі технологиялар мен әдістерді қалай қолдануға болатыны қарастырылады. Онлайн сабақтар офлайн сабақтармен бірдей бола алмаса да, технологияны қолдану арқылы олар қатаң және қызықты болуы мүмкін. Уақыт кестелерін, сюжеттік карталарды, Edpuzzles және онлайн экспонаттарды пайдалану арқылы нұсқаушылар студенттердің тарихи ойлауға, аналитикалық дағдыларға және оқу нәтижелеріне қатысуының тартымды әдісін қамтамасыз ете алады.

Технология түрлері

Хронология бағдарламалық жасақтамасы (Timeline Software)

Оқытушылар өз оқушыларына әсер етуге тырысатын оқытудың кейбір маңызды нәтижелері уақыт өте келе, себеп пен маңыздылықтың өзгеруі болып табылады. Студенттер бұл идеялар туралы оқулықтан немесе монографиядан оқи алады, бірақ олар мазмұнын, ең алдымен, оқытушысымен немесе сыныптастарымен нақты уақыт режимінде қарым-қатынас жасай алмаса, түсінеді ме? Мұны жүзеге асырудың бір жолы - студенттерге уақыттың өзгеруі мен себептілік туралы түсініктерін ұсынуға мүмкіндік беретін уақыт шкаласы бағдарламалық құралын пайдалану. Нұсқаушы зерттеулерді уақыт кестесін пайдалануға енгізе алады немесе студенттерден курс барысында ұсынылған материалдарды пайдалануды сұрай алады.

Timeline бағдарламалық жасақтамасы соңғы бірнеше жылда ұзақ жолдан өтті. *Timeline* бағдарламалық жасақтамасының көпшілігі жүктеуді қажет етпейді, ақысыз және ортақ пайдаланылады. Студенттерден бағдарламалық құралды пайдалануды сұрамас бұрын, оны өзіңіз пайдалану ұсынылады. Бұл нұсқаушыларға тапсырмалар бойынша жақсырақ нұсқаулар жазуға, уақыт кестесін құруға кететін уақытты түсінуге және қажет болған жағдайда студенттерге ақаулықтарды жоюға көмектесуге мүмкіндік береді [2,13].

Уақыт кестесін құру студенттерге курстық материалмен өзара әрекеттесуге және оны жаңаша ұсынуға мүмкіндік береді. Оқытушы студенттен тек курстан немесе одан әрі зерттеуден алынған оқуларды пайдалануды талап етуі мүмкін, бұл тапсырманың осы түрімен мүмкін болады. Студент уақыт

кестесін ұсынған кезде, олар екі беттен тұратын рефлексия қағазын жібереді, онда олар білгендерін және олар үшін не жаңалық болғанын көрсетеді. Бұл курстың оқу нәтижелеріне оңай қол жеткізе отырып, нұсқаушы қалағандай егжей-тегжейлі немесе минималды болуы мүмкін.

Сюжетті картаға түсіру

География - тарих студенттері үшін ортақ компонент. Барлық тарих нұсқаушылары студенттерге өздері оқып жатқан тарихтың қай жерде және қашан орналасқандығы туралы кеңістіктік түсінік беру үшін оқытудың белгілі бір кезеңінде карталарды пайдаланады. Онлайн сабақта карталарды орналастыру және студенттерге оларды тексеруге нұсқау беру оңай. Студент картаны жылдам қарап шығуы мүмкін немесе карта викторинасы болса, одан әрі емтихан тапсыруы мүмкін, бірақ олар карталармен және жалпы географиямен қалай айналысады? Мұны істеудің бір жолы-сюжетті картаға түсіру арқылы онлайн курсыңызда жобаның болуы. Студенттерге сюжеттік карталарды жасауға арналған әр түрлі ақысыз, ыңғайлы бағдарламалық жасақтама бар.

Географиядан басқа, сюжеттік карталар сабақтастық пен өзгеріс ұғымдарымен орталық тарихи ойлау мен талдау дағдыларын біріктіреді және адамдар, орындар мен уақыт арасында байланыс орнатады. Сюжеттік карталар жоғарыда сипатталған ұғымдарды көрсету үшін интерактивті карталарды, мультимедианы және мәтінді пайдалануға мүмкіндік береді. Кейбір сюжеттік карта бағдарламалық жасақтамасы географиялық ақпараттық жүйені (ГАЗ) картаға түсіруге мүмкіндік береді[1,29].

Студент жасай алатын жоба түріне мысал келтіру үшін мен француз тарихшысы ретінде бас киімді киемін. Студент Король Людовик XVI-ның Вареннеске ұшуын зерттейтін сюжеттік картаны жасай алады, бұл француз Революциясының үнін өзгерткен әйгілі оқиға. Студенттің бұл оқиғаны сюжеттік карта арқылы қалай түсіндіре алатынының нұсқалары шексіз. Студент картаны Людовик XVI-ның Парижден Вареннеге дейінгі жолын көрсету үшін пайдалануы керек. Олар Вареннеске ұшу кестесін көрсету үшін картадағы тоқтау нүктелерін пайдалана алады, бірақ сонымен бірге картадағы нүктелерді корольдің ұшуына әкелген жағдайды талқылау үшін пайдалана алады. Негізінде, студент осы оқиға картасын жасау үшін зерттеулерді пайдалануы керек; олар сондай-ақ патшаның ұшуы мен оның адамдарға әсері арасында байланыс орнатуы керек. Сюжеттік карта жобасы тапсырманы орындағыңыз келгендей қарапайым немесе күрделі болуы мүмкін. Соңында бағалаудың қандай да бір түрінің болуы өте маңызды, мысалы, рефлексия немесе технологиялық жұмыс. Егжей-тегжейлі нұсқаулар мен талаптардың болуы да өте пайдалы, себебі бұл нұсқаушының электрондық хаттарға жауап беру уақытын үнемдейді.

Онлайн экспонаттар

Студенттерден мұражайлармен немесе қойылымдармен танысу үшін мұражайларға бару қиын. Дегенмен, оқытушылар кейде студенттерге тақырып бойынша қосымша білім алу үшін материалдық мәдениетпен өзара әрекеттесу қажет екенін біледі. Мұны істеудің бір жолы - студенттерді онлайн экспонаттармен таныстыру. Цифрлық әлем үнемі кеңейіп келеді және көптеген мұражайлар, тарихи қоғамдар және басқа да тарихи тұлғалар адамдардың өз материалдарымен үйден қарым-қатынас жасау жолдарын жасауда. Бұл экспонаттарды табу үшін тікелей мұражай веб-сайтына өтуге немесе басқа іздеу жүйелерін пайдаланып, онлайн экспонаттарды табуға болады. *Google Arts & Culture* мұндай экспонаттарды табуға арналған жақсы іздеу жүйесі[3,46].

Онлайн экспонаттар белсенді қатысу және бағалау арқылы курсыңыздың көрсеткіштері мен оқу нәтижелерін жақсарта алады. Таяу Шығыс тарихы курсыңда оқу нәтижелерінің бірі студенттерге аймақтың үш негізгі дінін салыстыру және салыстыру болып табылады. Барлығы дерлік бұл қиын міндет екендігімен келісе алады, ал студенттерге Иудаизм, Христиан және Ислам діндерінің айырмашылықтарын түсіндіретін оқулар тағайындалғанымен, кейбіреулерге олардың қалай сәйкес келетінін түсіну қиынға соғады; студенттер айырмашылықтарды жақсы түсінеді, бірақ ұқсастықтарды түсінбейді.

Студенттерге ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға көмектесудің бір жолы - Дж. Пол Гетти мұражайы жасаған "Үш діннің өнері: таурат, киелі кітап, құран" атты онлайн көрме[4,279]. Бұл көрмеде өнер туындыларын егжей-тегжейлі сипаттайтын осы қасиетті кітаптардың жарықтандыруы қарастырылған. Студенттер көрменің сипаттамаларын оқып, өнер туындыларын аралай алады. Осы онлайн көрмеге байланысты бағалау студенттерден оқу және онлайн көрме туралы ойлануды және осы үш конфессияның өзара байланысын түсіндіруді сұрайды. Интернеттегі экспонаттардың бұл түрлері студенттерге материалдық мәдениетпен және басқа да тарихи дереккөздермен танысуға мүмкіндік береді. Онлайн сабақтарда онлайн экспонаттарды пайдалану студенттердің өзара әрекеттесетін материал түрін жақсартуға және студенттерге басқа орта арқылы оқу нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесуге мүмкіндік береді.

Edpuzzle

Көптеген тарих нұсқаушылары сабақтарда фильмдер немесе деректі фильмдер көрсетуді пайдалы деп санайды. Бейнежазбалар оқудағы немесе сыныптағы пікірталастардағы идеялар мен

тұжырымдамаларды растайтын көрнекі дәлелдер береді. Көбінесе нұсқаушылар студенттердің көргендері туралы ойлануды немесе ойлауды сұрайтын осындай бейнелерге байланысты жиынтық баға алады. Сонымен, оқытушылар студенттердің бейнелерді көруін қалай қамтамасыз етеді және тапсырмалардың осы түрлерін бағалаудың жақсы жолы бар ма?

Қол жетімді ең жақсы құралдардың бірі - Edpuzzle, ол нұсқаушыларға студенттер бейнелерді көріп жатқанда бағалау жүргізуге мүмкіндік береді. Edpuzzle және соған ұқсас бағдарламалық жасақтама нұсқаушыларға Edpuzzle-ге бейнелерді жүктеп салуға, содан кейін студенттер жауап беруі үшін сұрақтарды бейненің белгілі бір нүктелеріне қоюға мүмкіндік береді. Студенттер сұрақтарға тез жауап бере алмайды және жауап енгізбестен бейнені жалғастыра алмайды. Сұрақтар бейнеде әртүрлі пішімдерде болуы мүмкін, мысалы, бірнеше жауаптан таңдау немесе ашық сұрақ. Edpuzzle сонымен қатар оқытуды басқару жүйелерінің көпшілігімен және бағалар кітабына тікелей енгізілген ұпайларды алуға мүмкіндік береді. Бейнелерді Тікелей Edpuzzle-ге жүктеуге немесе Edpuzzle-дегі YouTube құралы арқылы қол жеткізуге болады. Егер сіз өзіңіздің жазылған дәрісіңізді қолдансаңыз, Оны алдымен YouTube-ке жүктеу Edpuzzle-ге оны тезірек өңдеуге мүмкіндік береді [5,22]. Нұсқаушылар түсінуді бағалау үшін әр түрлі сұрақтарды қолдана алатын болса да, бұл тек есте сақтау мен түсінуді қажет ететін бағалаудың негізгі деңгейі екенін біліңіз. Егер нұсқаушы студенттерге жоғары деңгейдегі дағдыларды көрсеткісі келсе, Edpuzzle-ден тыс басқа тапсырма орындырақ болады.

Қорытынды. Оффлайн форматта да, қашықтан оқыту форматында да жоғарыда көрсетілген материалдар, уақыт кестелері, сюжетті картаға түсіру, Edpuzzle, онлайн экспонаттар, сондай-ақ басқа құралдар сияқты технологияларды пайдалану оқытудың басқаша және тиімдірек тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Егер оқытушылар қолжетімді технологияны қолдануға дайын болса, бұл сіздің онлайн сабағыңызды тартымды және студенттерге бағытталған ете алады, сонымен бірге студенттердің оқу нәтижелеріне сәйкес келеді және лайықты баға алуына көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- McCormack, Suzanne K. "Teaching History Online to Today's Community College Students." *Journal of American History* 101, no. 4 (2015): 1215–1221.
- Lane, Lisa. "Reducing Distance in Online Classes," in *Teaching the Humanities Online: A Practical Guide to the Virtual Classroom*, ed. Steven Hoffman, 13–25. London and New York: Routledge, 2011.
- Edgar, Dale. *Audio-Visual Methods in Teaching*. New York: Dryden, 1969.
- Mehanna, Wassila Naamani. "E-Pedagogy: The Pedagogies of E-Learning." *Research in Learning Technology* 12, no. 3 (2004): 279–293.
- Allen E, Seaman J. *Going the Distance: Online Education in the United States, 2011*. Oakland, CA: Babson Survey Research Group.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ АРХЕОЛОГИЯ КАК МЕТОДИКА ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА И ЭФФЕКТИВНОСТИ У УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

ЕРМАГАМБЕТОВА АЙНУР НУРЛАНОВНА

магистрант Института истории и права

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

научный руководитель: к.и.н, Касенова А.Д.

Алматы, Казахстан

Аннотация. Статья представляет собой обзор нового подхода к преподаванию истории в школах. Автор описывает педагогическую археологию как инновационный метод, направленный на стимуляцию интереса школьников к предмету. Основной акцент делается на том, что этот метод предоставляет учащимся уникальную возможность погружения в прошлое и развития критического мышления и исследовательских навыков. Статья представляет анализ и практический опыт применения данного метода обучения в школьной программе. Статья обращается к идее "раскапывания" знаний, представляя процесс исследования исторических и культурных "слоев" прошлого. В контексте образования педагогическая археология подчеркивает активное и самостоятельное изучение материала, стимулируя при этом критическое мышление, исследовательские навыки и творческое мышление у учащихся.

Ключевые слова: педагогическая археология, критическое мышление, образовательный процесс, методика, творческое мышление.

Актуальность. Педагогическая археология представляет собой инновационный метод обучения истории, направленный на активизацию интереса школьников к предмету. Она предоставляет уникальную возможность погружения в прошлое, развивая при этом критическое мышление и

исследовательские навыки. Этот метод позволяет учащимся "раскапывать" знания, исследуя исторические и культурные "слои" прошлого. В образовательном контексте педагогическая археология акцентирует внимание на активном, самостоятельном изучении материала, развивая при этом критическое мышление, навыки исследования и творческое мышление у учащихся[2].

Педагогическая археология создает атмосферу исследования и открытия, что способствует формированию интереса к предмету обучения. Учащиеся становятся "археологами" своего собственного образовательного пути. Этот метод акцентирует внимание на активном учебном процессе, где ученики сами участвуют в процессе изучения, а не просто принимают информацию. Это способствует более глубокому пониманию и усвоению материала.

Основные принципы педагогической археологии. Педагогическая археология обучает учащихся исследовательскому подходу к знаниям. Они формулируют вопросы, проводят анализ, делают выводы на основе полученных знаний. Метод акцентирует развитие критического мышления, поскольку учащиеся оценивают информацию, анализируют различные точки зрения и принимают обоснованные решения на основе своего исследования. [6]

Педагогическая археология помогает в контекстуализации учебного материала, позволяя учащимся видеть историю в широком культурном, социальном и временном контексте. Педагогическая археология играет ключевую роль в трансформации учебного процесса, делая его более интересным, эффективным и вовлекающим для учащихся.

Историография. Идеи педагогической археологии начали формироваться в конце 20 века. В 1990 г. А.М. Буровским был впервые предложен термин «педагогическая археология». Автор также рассматривал связь и обоюдное влияние педагогики и археологии и методические аспекты, касающиеся детских археологических кружков. В начале 2000-х годов педагогическая археология начала активно развиваться как методология обучения. Исследователи и педагоги активно внедряли принципы археологии для создания интерактивных, исследовательских учебных сред. С появлением современных технологий, таких как виртуальная и дополненная реальность, 3D-моделирование и онлайн-ресурсы, педагогическая археология получила новые инструменты для обогащения образовательного процесса. В последние десятилетия были проведены множество исследований, подтверждающих эффективность педагогической археологии в улучшении обучения и стимулировании интереса учащихся [3].

Сегодня педагогическая археология интегрируется в различные уровни образовательных систем, от начальной школы до высших учебных заведений. Она используется в различных дисциплинах для создания увлекательных и образовательных уроков. Педагогическая археология становится все более признанной и популярной в обществе. Учитывая современные вызовы в образовании, такие подходы предоставляют новые возможности для обучения. В истории развития педагогической археологии видно постепенное внедрение этой методологии в образовательные практики, подкрепленное технологическими инновациями и активными исследованиями. С развитием технологий, таких как виртуальная реальность, веб-приложения и 3D-моделирование, педагогическая археология получила новые инструменты для улучшения образовательного процесса. [7]

Методы исследования в педагогической археологии. Использование археологических методов в образовании позволяет создать более глубокое и исследовательское понимание истории образовательных систем, их эволюции и влияния на общество.

Где педагогическая археология может быть успешно применена:

Разработка учебных материалов, вдохновленных археологическими методами, позволяет создать интерактивные образовательные ресурсы. Это могут быть виртуальные экскурсии, 3D-модели образовательных структур, а также аутентичные реплики учебных материалов из прошлого.

Применение педагогической археологии в современном образовании. Использование принципов педагогической археологии способствует созданию активных уроков с исследовательским подходом. Учащиеся могут заниматься "раскопками" архивов, проводить анализ исторических документов, создавать виртуальные реконструкции образовательных процессов. [1]

Методы педагогической археологии активно вовлекают учащихся в анализ и оценку источников, формирование собственных вопросов и выводов. Это способствует развитию критического мышления и навыков самостоятельного исследования.

Применение современных технологий, таких как виртуальная и дополненная реальность, позволяет визуализировать историю. Это делает учебный процесс более увлекательным и наглядным для учащихся. Вовлечение учащихся в проектную деятельность, связанную с археологическими методами, способствует развитию творческого мышления. Это может быть создание собственных исследовательских проектов, тематических выставок или даже реализация археологических "раскопок" на уровне школьного двора.

Преимущества педагогической археологии: Активное обучение: Школьники становятся участниками образовательного процесса, что способствует более глубокому усвоению материала.

Развитие исследовательских навыков: Педагогическая археология развивает умение анализа, сравнения и синтеза информации. Стимуляция интереса: Опыт "раскопок" создает эмоциональную привязку к предмету истории, повышая мотивацию школьников.

Коллективная работа: Групповая деятельность способствует развитию коммуникативных и коллективных навыков. Этапы урока с применением методики педагогической археологии:

1. Подготовка: Определение темы урока и создание сценария "раскопок". Выбор исторического периода или события для изучения.

2. Введение: Введение в тему с использованием видеоматериалов и изображений. Объяснение сути "раскопок" и представление 3D-моделей артефактов.

3. 3D-моделирование: Презентация 3D-моделей артефактов, связанных с выбранной темой. Возможность студентам взаимодействовать с 3D-моделями на компьютерах или других устройствах.

4. Педагогическая Археология: Распределение студентов в группы для "раскопок". Выдача реплик артефактов или их изображений для анализа.

5. Исследование и Обсуждение: Групповая работа: анализ артефактов, формулировка гипотез, обсуждение результатов. Привлечение студентов к дебатам и обмену мнениями.

6. Создание Проектов: Использование полученных знаний для создания своих исторических проектов. Презентация и обсуждение проектов в классе.

3. Использование 3D-моделирования в Домашних Заданиях. Предоставление студентам возможности исследовать 3D-модели артефактов дополнительно. Самостоятельные проекты с использованием 3D-моделей для более глубокого понимания материала.

4. Оценка: Формативная и суммативная оценка включает в себя оценку групповой и индивидуальной работы, участие в дискуссиях, и качество созданных проектов.

5. Заключение: Подведение итогов, обсуждение впечатлений и полученных знаний.

Способствование интереса к истории через погружение в виртуальный мир прошлого с использованием технологий. Эта методика сочетает в себе преимущества педагогической археологии и 3D-моделирования для создания образовательного опыта, стимулирующего интерес истории учащихся. Преподаватели могут внедрять археологические находки и исследования в стандартные учебные программы, чтобы студенты могли более глубоко понимать исторические процессы и события. Разработка специализированных курсов, посвященных археологии и ее роли в историческом анализе.

Педагогическая археология как методика повышения интереса и эффективности у учащихся на уроках истории:

Практические занятия: Организация практических занятий, таких как археологические раскопки в контролируемых условиях или виртуальные экскурсии по археологическим памятникам.

Использование археологических находок в классе для проведения анализа и дискуссий.

Мультимедийные ресурсы: Использование археологических видео, виртуальных туров и интерактивных ресурсов для визуализации исторических периодов. Привлечение к обучению компьютерных технологий и геоинформационных систем для анализа археологических данных.

Исследовательские проекты: Поддержка студенческих исследовательских проектов, включающих археологические методы, такие как анализ артефактов, палеогеография и дендрохронология. Способствование развитию аналитических навыков студентов через работу с археологическими данными.

Междисциплинарный подход: Интеграция археологии с другими дисциплинами, такими как антропология, география, геология, чтобы обеспечить более полное понимание исторических процессов.

Применение технологий: Использование современных технологий, таких как виртуальная реальность, для создания более интерактивного обучения археологии и истории.

Заключение. Таким образом, педагогическая археология - это не только метод обучения, но и приключение, погружающее школьников в увлекательный мир прошлого. Ее внедрение в образовательный процесс может значительно улучшить эффективность обучения и пробудить страсть к изучению истории у будущих поколений.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Абдикаримова, А., и Тулегенов, А. (2018). "Проблемы внедрения археологических методов в обучение истории в школах Казахстана." (Abdikarimova, A., & Tulegenov, A. "Challenges of Implementing Archaeological Methods in History Teaching in Kazakhstan Schools.") *Вестник Карагандинского университета. Серия Педагогика*, (3), 21-26.

Беляев, Д. (2015). "Использование археологии в обучении истории: опыт Российского государственного архива древних актов." (Beliaev, D. "The Use of Archaeology in Teaching History: The Experience of the Russian State Archive of Ancient Acts.") *Вестник Российского государственного архива древних актов*, (2), 139-146.

- Голдберг, П., и С. Пичард (eds.). (2012). "Teaching Archaeology in the Twenty-First Century: Opportunities and Challenges for Undergraduate Education." Springer.
- Голдберг, П., и С. Пичард (eds.). (2012). "Teaching Archaeology in the Twenty-First Century: Opportunities and Challenges for Undergraduate Education." Springer.
- Головина, О. (2017). "Использование археологии в уроках истории в российских школах." (Golovina, O. "The Use of Archaeology in History Lessons in Russian Schools.") Материалы V Всероссийской научно-практической конференции "Современные методы и технологии в образовании", 242-247.
- Госсельин, М. (2016). "Engaging Archaeology in the Classroom: The Role of Archaeology in Education and Society." *Archaeological Review from Cambridge*, 31(2), 33-49.
- Зиммерман, Л., Робертсон, Д. (eds.). (2017). "Teaching Archaeology in the Twenty-First Century." Springer.
- Костин, А. (2019). "Роль археологии в формировании исторического мышления студентов." (Kostin, A. "The Role of Archaeology in Developing Historical Thinking of Students.") *Научно-методический электронный журнал "Концепт"*, 26(1), 363-368.
- Макинтош, Д., Макгуайр, Л. (2017). "Engaging Students with Archaeology through Experiential Learning." *TeachingHistory*, 49(4), 45-49.
- Макинтош, Д., Макгуайр, Л. (2017). "Engaging Students with Archaeology through Experiential Learning." *TeachingHistory*, 49(4), 45-49.
- Сагдиева, А. (2020). "Применение археологии в учебном процессе по истории в средних школах Казахстана." (Sagdieva, A. "Application of Archaeology in the History Teaching Process in Secondary Schools of Kazakhstan.") *Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия*, (1), 112-118.
- Смит, Г. (2010). "Archaeology as a Tool of Civic Engagement." Lanham, MD: AltaMira Press.
- Харрис, Э. (2004). "Archaeology and Education: The Classroom and Beyond." Routledge.
- Хауэр, Ф. (2006). "The Past in Prehistoric Societies." Routledge.

БАСТАУЫШСЫНЫПТАРДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚИТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

ТАСМАНОВА АЛТЫНАЙ КЕЛИСБЕКОВНА

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназия
Түркістан, Қазақстан.

Білім – адамзатты алға ұмтылдырып, дамуға, өркендеуге ынталандыратын ең қуатты күш. Гуманитарлық бағыттағы пәндер оқушының қиялын шарықтатып, шығармашылық әлеуетін шыңдап, бойындағы жасырулы таланттарын жарқыратып дамытып, рухани, интеллектуалды тұрғыда дамуға оң ықпалы басым ең маңызды пәндер қатарына жатады. Гуманитарлық пәндер тілдердің ғажайып сиқырлы әлеміне саяхат жасап, халқымыздың толқымалы, ғажайып тарих парақтарын ақтарып, өткен өмірдің сахналарын көз алдарына әкеп, қазақтың бай көркем әдебиет әлемінде ақындар мен жазушылардың небір ғажап туындыларын оқушы көңіліне ұялатып, ішкі әлемін байытуда ықпал басым пәндер болып саналады. Мектепте бұл пәндерді оқытуға ерекше көңіл бөлген жөн. Баланың ішкі жан дүниесін кемелдендіруде, олардың бойына ізгі қасиеттер дарытып, отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде таптырмайтын құрал[1].

Жаһандану үдересі күннен-күнге өмірімізге дендеп еніп, қазіргі жас ұрпақтың өзінің түпкі тамырынан, ұлттық құндылықтарынан ажырап қалу қаупі туындаған қазіргі кезеңде гуманитарлық пәндерді жаңа заманға лайықты форматта, әдістерді түрлендіріп, баланың ойлау қабілетін дамытуға ерекше назар аудара отырып жоспарлау маңызды болып отыр. Жаңартылған мазмұндағы оқыту әдістерін гуманитарлық бағытқа лайықтап қолдану – ең ұтымды әдіс[2].

Гуманитарлық пәндерді оқытқанда ескеру қажет жайттар:

- Оқушылардан бұрын мұғалімнің өзі гуманитарлық пәндердің ерекшелігін, табиғатын сезіне білуі шарт. Мұғалім пән саласын және гуманитарлық ғылымдардың ерекшеліктерін терең түсінуі керек. Бұл оған сәйкес оқыту әдістері мен стратегияларын таңдауға мүмкіндік береді.

- Тапсырмаларды тақырыптың ерекшелігіне сай өзгертіп, толықтырып, оқулықтан тыс краеведі етіп құрауға көңіл бөлу. Бұл оқушының ойлау жүйесін дамытады, білім көкжиегін кеңейтеді.

- Бәсеке күннен-күнге күшейіп келе жатқан қоғамда өз ойын тайсалмай, сауатты жеткізуге, өз позициясын қорғап, дәлелдей білуге дағдыландыратын әдістерді көбірек қолданған дұрыс.

- Гуманитарлық пәндерге бейімі бар оқушыларға жеке, қосымша тапсырма беріп, оның бойындағы дарынын ашуға, шыңдауға барынша қолдау жасау маңызды.

Гуманитарлық пәндерді оқытудың өзіндік ерекшеліктері болады. Ол нақты ғылымдарға негізделген жаратылыстану пәндеріне қарағанда шығармашылық ізденіске толы, баланы тәрбиелеуге, үлкен өмірге азық болатындай мол білім қорымен қоса, ұлттық, рухани, адамгершілік тәрбие беру көзі.

Сабақта жағымды оқу ортасын құрып, қызығушылығын, арттырып, назарын сабақта ұстап тұру үшін түрлі әдістер қолдану қажет. Белсенді оқыту әдістерін қолдануда мынадай әдістерді гуманитарлық бағыттағы пәндерге тиімді деп ұсынуға болады:

1. Пікірталас ұйымдастыру. Белгілі бір тақырыпты өтіп болғаннан соң, пікірталас ұйымдастыру. Пікірталаста өзінің ұстанымын қорғап, оны дәлелдермен нақтылауды, өз пікіріне өзгелерді сендіру дағдысын мектепте меңгерген оқушы өмірде, кәсіпте өз ойын ашық айта алатын, өзгелерді өзінің артынан жүргізе алатын көшбасшылық қабілеті дамиды.

2.«Егер де» әдісі. Оқушыны ойландыратын, креативті, ерекше, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін шындайтын керемет әдіс. Бұл гуманитарлық бағыттағы пәндерге өте ұтымды әдіс. «Егер автор болсаң шығарманы қалай аяқтар едің?», «Егер сен хандық дәуірде өмір сүрсең не істер едің?», «Егер қазақ тілінде зат есімдер мүлдем жоқ болып кетсе не болар еді?» деген секілді баланы кеңірек, стандарттан тыс ойлауға үйрететін сұрақтар арқылы бұл әдісті кез келген тақырыпқа лайықтап қолдануға болады.

3.«Ең, ең, ең» әдісі. Шығарма мазмұнына немесе тарихтан белгілі бір тақырыпты өту барысында «Ең әсерлі сәті», «Ең қайғылы оқиғасы», «Ең қызықты сахнасы», «Ең ойландырған сәті» деген секілді түрлі айдармен оқушылардың өз бетімен ізденуге бағыттайтын тәсілін қолдануға болады.

4.Рөлдік ойындар. Оқушының түрлі рөлдерді сезініп, оның табиғатын аңғара білсе, жалпы кейіпкердің жан-дүниесін түсініп, тарихи кезеңнің ерекшелігін терең бағамдап, сараптай біледі.

5.Топтық жобалар. Коммуникативтік, адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады. Оқушыларды топта бірлесе жұмыс жасауға жұмылдыра білу үшін де тапсырма дұрыс құрылымдалып, оқушылардың арасында бір-бірімен сауатты қарым-қатынас құруына ықпал етеді. Топтық талқылауларда оқушылар тақырыптың әртүрлі аспектілерін талқылайды және талдайды. Жобалық жұмыс, мұнда оқушылар белгілі бір тақырыпты өз бетінше зерттеп, зерттеу нәтижелерін ұсынады.

6.Әртүрлі оқу материалдарын қолдану. Мұғалім оқулықтарды, мақалаларды, бейнероликтерді және т.б. түрлі оқу материалдарын пайдалануы керек. Бұл оқушылардың пәнді жан-жақты түсінуге және алған білімдерін практикада қолдануға көмектеседі және тақырыпты жан-жақты қырынан танып, өз бетінше ой түюге мүмкіндік береді.

7.«Оқы, ойлан, зертте!» әдісі. Өз бетінше іздену дағдыларын дамыту. Оқушыға тақырыпқа қатысты 2 кейіпкердің іс-әрекеттерін салыстыруға, талдауға, зерттеуге тапсырма беруге болады. Екі қоғамның бір-біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін ғылыми негізде фактілермен дәлелдеп келуге тапсырма беру арқылы оқушының тарих бойынша білімін тереңдетеміз. Мұғалім оқушыларды талқылауға, талдауға және мәселені шешуге белсенді қатыса алатын белсенді және тартымды сынып ортасын құруы керек. Топтық талқылаулар, мұнда оқушылар тақырыптың әртүрлі аспектілерін талқылайды және талдайды. Оқушылар белгілі бір тақырыпты өз бетінше зерттеп, зерттеу нәтижелерін ұсынады[3].

Отансүйгіштік қасиеті баланың бойында табиғаттан, ананың сүтімен, әкенің қанымен, туған жердің топырағымен бойына сіңетін асыл қасиет. Әр адам үшін өз туған жері жүрегіне жақын, көңіліне ыстық, десе де осы табиғатымыздан болмысымызға сіңген патриоттық рухын оттай лаулатып, бойында ұлттық құндылықтарды ұялатуда гуманитарлық пәндердің рөлі ерекше. «Күш-- білімде» демекші, туған халқының көркем тілінің бастауынан сусындап, бай әдеби мұраларынан сусындап, халқымыздың басынан өткен небір нәубәт жылдардың бейнесін көз алдына әкеліп, білім нәрімен бой түзеген оқушының бойында патриоттық сезім табиғи түрде қалыптасады. Патриоттықты тек өз халқын сүйіп, өзгелерді кемсітуден аулақ болады. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген нақылын жадына тұтып, адамзаттық деңгейде өзінің туған тілін, тарихын, болмысын, табиғатын, ұлттық ерекшелігін сүйеді және адамзаттың бір бөлшегі ретінде биік өрелі тұлға болып қалыптасуына мұрындық болуда гуманитарлық пәндердің маңызы зор[4].

Қорыта келгенде, оқушының сапалы дамуы үшін гуманитарлық бағыттағы пәндерді сапалы ұйымдастырудың маңызы зор екенін ұғындық. Болашақтың келбетіне көз салсақ, әлемдік деңгейде жаһандану дәуірі өмірімізге тығыз еніп келе жатыр. Бұл оқушының бәсекеге қабілетті, логикалық ойлау жүйесі мықты, ерекше, креативті шешім шығара білетін ойлы, саналы, өзінің мықты тұсын дәл танып, оны қолдана алу қабілеттерін талап етіп отыр. Әртүрлі өмірлік жағдайда оны саналы сараптап, одан шығудың оңтайлы тәсілін таба білетін тапқырлықты, даналықты, саналылықты қажет еткен жаңа заманға лайықты тұлға қалыптастыруда гуманитарлық пәндер нағыз көмекші. Ана тілінің тылсым әлемін танытып, көркем әдебиет пен тарихына құрмет сезімін ұялата отырып, болашақ ұрпағымызды ел іргесін берік ұстайтын отансүйгіш, білімді, білікті, мықты етіп тәрбиелеуге көп үлесін қосатын гуманитарлық пәндерді білімнің таза, мөлдір бұлағына тенеуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бахтин М.М. К философским основам гуманитарных наук / Собрание сочинений 7-ми томах. Т. 5. - М: Русские

словари, 1997. - с. 8

2. Штейн С.Ю. Матрица гуманитарной науки. – Москва: РГГУ, 2020. – 192 с.

3. Эпштейн С.М. Знак_пробела. О будущем гуманитарных наук. - М: НЛО, 2004.

2. <https://buki.kz/news/gumanitarnyi-profil-obuceniya-v-skole-cto-eto-takoe-i-komu-podxodit/>

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ МӘСЕЛЕСІ

АБДУРАХМАНОВА К.Р.

аға оқытушысы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
Тараз қаласы., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қалыптастырушы бағалаудың күнделікті жүзеге асатын білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау баяндалған. Қалыптастырушы бағалау оқу үрдісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен білім беруші арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі жазылған.

Тірек сөздер: Қалыптастырушы бағалау, интербелсенді бағалау, коммуникативтік құзіреттілік, патриотизм.

Аннотация. В статье описано ежесдневное формирующее оценивание, определяющее уровень усвоения знаний и умений. Формативное оценивание – это вид непрерывного оценивания, позволяющий своевременно корректировать учебный процесс, обеспечивающий обратную связь между обучающимся и преподавателем.

Annotation. The article describes the daily formative assessment that determines the level of knowledge and skill acquisition. Formative assessment is a type of continuous assessment that allows timely correction of the educational process, provides feedback between the learner and the teacher.

Ключевые слова: Формативное оценивание, интерактивное оценивание, коммуникативная компетентность, патриотизм.

Keywords: Formative assessment, interactive assessment, communicative competence, patriotism.

Еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысынан өтуде. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Елбасымыз: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады! Сондықтан ұстазға жүктелетін жүк ауыр», - деп атап көрсеткен болатын. Ал, қазақ ата-бабамыз «тәрбие – тал бесіктен» деп бекер айтпаған.

Мұғалімнің негізгі міндеті – оқушымен қарым-қатынас, оларға шығармашылық үшін жағдай жасау, еркіндік беру. Белсенді, саналы ойлай алатын, ауызша, жазбаша, көзбен көру арқылы өз болжамдарын дәлелдерімен ұсына алатын, келешегіне сенімділікпен қарайтын, жаңашыл идеяларды үнемі жаңартып отыратын тұлға тәрбиелеу. Білім беру мен тәрбие жұмысын қатар алып жүру, ұрпақ бойына, тұлғасына көзбен көрсету арқылы дәлелдеу үлкен күш-жігерді қажет етеді. «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде патриоттық, азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, білімпаздық, толеранттылық сияқты ортақ құндылықтарды ұлттық кодты сақтай отырып, жас ұрпақ бойына сіңіру көзделеді.

Жаңа заман талабына сай жаңа технологиялардың, әдіс-тәсілдердің, әсіресе, сын тұрғысынан ойлаудың біржақты болып қалуын шектей отырып, өзінің ойлау қабілетінің шама-шарқын біліп, балалардың интеллектуалдық қабілетін жоғары деңгейде дамытуға ат салысу, қазақ халқының рухани құндылықтарын бала бойына сіңіруді көруімізге болады. Оқушы тек білімді ғана меңгеріп қана қоймай, білімі мен ойлау қабілеттерін, өздерінің проблемаларын шешу құзіреттілігін қалыптастыруына, ақпаратты құзіреттіліктерін дамытуына, коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыруына мүмкіндік жасауға жағдайлар жасау. Ал, адамшылық қасиеттерін жоғары деңгейде дамыта отырып, ұрпақ болмысын қалыптастыру – ұстаздың қолында (Амантайұлы, 2012: 228).

Ұлттық құндылықтарымызды балалардың бойына қалай дарытамыз? Міне бұл сұрақтың жауабын былай берсе болады. Құндылықтарды іс-әрекет арқылы, сұрақтар арқылы, кері байланыс, рефлексия арқылы. Бұл баланың бойында өз Отанына, еліне деген сүйіспеншілік, құрмет, адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Әрбір жас ұрпақ өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуі тиіс.

Тарихты тануды сол өлкенің атауы мен шығу төркінін зерттеуден бастайды. Оқушыларға зерттеу жұмыстарын да өз өлкесінің тарихын анықтауға береді. Біздің еліміздің әрбір тасы жатқан бір тарих. Бұны

зерттеп, зерделеу бүгінгі ұрпақ алдында тұрған үлкен міндет.

Оқушыларды ұлттық құндылықтарға, шығармашылыққа баулу үшін тағы бір қажеттілік - баланы психологиялық дайындықтан өткізу, яғни педагогтің психологиялық әсері шығармашылық кезеңде баланың шабытын оятып, құлшындырып, еліктіріп отырады. Осынау сақ даласын көргенде, иен даланы тарихи оқиғалармен сабақтастыра баяндағанда оқушыға ұстаздың берер психологиялық әсері қандай болмақ: «Бұндай кең жазиралы, сұлу табиғаттың, иесі, өз Отанымның келешек ұрпағы мен екенмін!» мақтаныш сезіммен еліне деген патриоттық құндылығы қалыптасады. Ал, құндылыққа бағытталған тәсіл оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Құндылықтарға бағытталған ұстаным қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабалар мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді. Өртүрлі тарихи кезеңдегі өз елінің тарихын зерделеу арқылы оқушылар тарихи үдерістің біртұтастығы мен сабақтастығын түсінеді.

Ұлттық құндылықтарға баулуда әйгілі шетелдік ғалымдар мен тарихшылардың дәйексөздерімен танысып, талдау да ұтымды болмақ. Бурьянов В.С.: «Қазақ халқының да осы адамзат қоғамында өзіндік орны, ерекшелігі, сыр-сипаты мен мәртебесі бар. «Қазақтар деген ғаламат халық! Өмірді олар ойыншық көреді, қауіп-қатерден, өлімнен қорқу дегенді білмейді. Олардың кішкене қара көздерінде ержүректілік оты жанып тұр».

Васильев А.А.: «Бостандыққа сүйіспеншілігі, кіші-пейілдігі, сенімі мен білімге құмарлығы – қазақтарға тән қасиеттер...»

Завалишин И.: «Қазақ өте қонақжай, қонақты ерекше құрметтейді, қадір тұтады, шын көңілмен уәде берсе, басынан айырылса да оны орындайды! Қазақтар өте батыр халық. Олар қалмақтармен, жоңғарлармен талай рет соғысып жеңіске жеткен. Олардың барлығы бала кезден бастап ат мініп жүргенге үйреніп кеткен, шабандоз. Егер сізден бір нәрсені өтінетін болса, айтатын сөзін батыл, тура айтады, жасқанбайды» (Кеніштайқызы, <https://adyrna.kz/post/25620>).

Аттиксон Т-В.: «Халықтың қаһармандық тарихын жырлаған ақынын малшылар зер салып тыңдап отырды... Шайыр тау мен даланың әдемілігін, жүйрік аттардың сұлулығын әндеткенде, оны тыңдаушылар сабыр сақтап отырды... , ал ұрыс-соғыс туралы жыр басталысымен, олардың бет-жүздерінде толқудың белгісі пайда болды. Қазақтарға қан жүгіргені соншалық, кейбіреу-лері, тіпті орындарынан атып тұрып, қалайша соғыс балталарына жармасқандарына өздері білмей қалды. Содан кейін тайпа көсемінің қаза тапқаны туралы әңгіме басталды, оны адамдар түнеріп тыңдады».

Брем Адольф Эдмунд: «Қазақтың әйелдері мен қыздары киім, әшекейге қызығу жағынан біздің әйел-қыздардан кем түспейді. Шығыс елдерімен, салыстырғанда, онша қымтанбайды. Мұсылман еместермен қарым-қатынастары да анағұрлым еркін» (Меңілбаев, 2019: 129-133).

Ресейдің Ташкенттегі елшісі Бурнашев Т.С.: «Қазақ орталарында оларды бір ойдың айналасына біріктіріп отыратын күш не десек: қауіп төңген кезде ортақ мүдде, құқықтарын қорғау үшін, жағдайларына қарамастан, ауызбірлікте болады. Қазақтар әдет бойынша ат мініп жүреді. Қазақтар батыл... халық...».

Неміс этнографы Георги Иоганн Готлиб: «Тумысынан олардың ақылы кең, өздері тақыршақ жерлерді жақсы көреді, көңілшек, мейірімді, өте сезімтал келеді, демек, қанішер емес. Әйелдері үй шаруасына ұқып-тылығы, жинақылығы, адал ниеттілігімен ерекшеленеді; тұтқындарға жандары ашып, өздеріне қауіп төндіретін-деріне қарамастан, қашып құтылуға көмектеседі. ...Өздерін тым еркін ұстайды, ешқайсысы біреудің құлы не малайы болуды қаламайды. ...Халыққа туыс деп қарайды. Ханға аса бағынбайды, бірақ қасиетті тұлға дегендей өте құрметтейді».

Н. Зеланд: «...Бұл халық аң аулауда ерекше батылдығымен ерекшеленеді. Қазақтың жападан жалғыз аю, тіпті жолбарыс атуға шығатын мысалдары аз емес». Әйелдерінің бет әлпеттерінде ақылдың белгісін жиі көруге болады. Өнегелік жағынан қарағанда, олардың шыдамдылығы, еңбекқорлығы, ұқыптылығы ер адамдардан асып түсті».

А.Кастальский: «Қазақ әуендері кең тыныстылығымен, жан-жақтылығымен, өзінің тамаша ырғақтылығымен ерекше-ленеді, әндерінің құрылымдары да бөлек, күтпеген жерден шырқай шығатын, ешкімге ұқсамайтын әуезділігі де таң қалдырады, ән иірімдерінің құлаққа жағымдылығын айтып жеткізудің өзі қиын. Тыңдаушыны бірден өзіне баурап алады. Бірде өте нәзік, кейде көңілді көтеретін сұлулық бар».

Бұдан өзге қазақ халқы туралы венгер түркологы, лингвист, саяхатшы Вамбери Герман, швед саяхатшысы, географ, этнограф Гедин Свен ғалымдар өте жақсы мінездеме айтып, жоғары баға беріп кеткен (Токмурзаева, 2019: 163-169).

Осы жерде, шетелдік саяхатшылар мен зерттеушілердің қазақ жұрты туралы осындай жоғары пікір айтуына не себеп болды екен сұрақ туса, оған бір-ақ сөзбен жауап беруге болады: Қазақтың ұлттық

тәрбиесі қай заманда да биік тұрған!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Амантайұлы Б. Фибрат. -Алматы, 2021. – 228 б.

2. Кеніштайқызы Г. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу – ұрпақ алдындағы міндетіміз. <https://adurna.kz/post/25620>

3. Меңілбаев Ғ.А. Қазақтың шынайы тарихын жазатын уақыт келді. // Вестник КазНПУ им. Абая. – 2019. -№1-2. – С 129-133.

4. Токмурзаева А.Ж. Қазақ хандығы билерінің бейбітшілік концепциясы. // Вестник КазНПУ имени Абая. – 2019. -№1, - С 162-169.

АЙТЫЛҒАН ТАРИХ: ҚЫТАЙДАН ОРАЛҒАН ҚАЗАҚ РЕПАТРИАНТТАРЫНЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ

ИСАНОВА Г., ҚАМЫСБЕК Г., АХМЕТОВА С.

«7M01603-Тарих: Тарихи білім берудегі сандық технологиялар»

мамандығының 2 курс магистранттары

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Жоба жетекшісі: т.ғ.к., қауымд. проф. Мырзатаева З.Б.

Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Тарихи зерттеулердің жаңа технологияларын игеру мақсатында орындалған ғылыми жобада қашан да болсын өзекті репатрианттар тақырыбы таңдалынып алынды. Ұлттық бірегейліктің қалыптасу процесінде ерекше үлесі бар қандас бауырларымыздың айтқан әңгімелері қазірге дейін етек алып келе жатқан тіл мәселесі, әлеуметтік экономикалық мәселелердегі кейбір қиыншылықтарды шешуге ықпал ете алады. Тереңдетілген тарихи сұхбатқа негізделген студенттік жоба алғашқы тәжірибе болды. Бес қандас бауырларымыздан тарихи сұхбат алынып, аудио-видео жазбалары құжаттандырылды, мұрағатқа өткізілді.

Түйін сөздер: Айтылған тарих, тарихи сұхбат, аудио-видео материалдар, дерекқор құру, репатрианттар, Қытай, естеліктер.

Бүгінгі таңда шетелдерде тұрып жатқан қандастарымыздың тарихи Отаны – Қазақстанға оралу мәселесі мемлекеттік деңгейде қаралып, заңды негіздер жасалынған. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған күнінен бастап шетелдегі сан миллион қазақтармен рухани-мәдени салаларда байланыс жасауға, олардың атажұртқа оралуына мүмкіндік туғызуға айрықша назар аударылып келеді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шетелдегі қандастарымызды Атамекенге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің парызымыз» деп шеттегі қазақ азаматтарын өз атамекенінде тұруға шақырған болатын [1]. Үкіметпен қоғамның күш-жігерінің арқасында репатриацияланған қазақтардың көпшілігі жаңа өмірге сәтті бейімделіп, қазақстандық қоғамның толыққанды мүшелеріне айналды. Қытайдан оралған қазақ репатрианттарының естеліктерінен «айтылған тарих» зерттеу құралы негізімен Қытайдан келген қандастарымыздың Қазақстанға бейімделу үдерісін зерттеу, екі жақты мемлекет өмірін салыстыру, көзқарастарын анықтау мақсатында бірнеше репатрианттардан сұхбат алынды. Кеңес заманындағы және тәуелсіздік жылдарындағы репатриация үрдісінің ерекшеліктерін айқындау; репатрианттардың тарихи отанына келгендегі кездестірген әртүрлі қиыншылықтары мен тыныс-тіршілігін көрсету, Қазақстандағы репатриация үрдісінің ерекшеліктері мен жетістіктерін ашып көрсету міндеттері алға қойылды.

Осы мақсатта Қапас Айтқұмаш (1954ж.т.) [2], Сағынған Қаншай (1985ж.т.) [3] есімді қытай репатрианттарынан тарихи сұхбат алынды.

Респондент Қапас Айтқұмаш (2004 ж. Қытайдан көшіп келген) естігені бойынша ата-бабаларының ұжымдастыру жылдары Қазақстаннан Қытайға көшу кезінде көрген қиындықтарын баяндады [2]. Қытайда тұрған кездегі тұрмысы мен Қытай фермалары туралы қызықты мәліметтер берді. Ертерек Қазақстанға көшіп келмегеніне, жас өмірін Қытайға қызмет етуге жұмсағанына өкініш білдірді, алайда «су ішкен құдығына түкірме» деген қазақ мақалын да негізге алатынын айтты. Қытайда жүрсе де 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғанда, Қазақстанның көк туын желбіретіп атойлап бір кісідей қуанғанын, бақытты сәттерінің бірі екенін айтты. Тарихи отанына оралып, балаларын тәуелсіз Қазақстанда тәрбиелеп өсіріп жатқанына дән риза.

Респондент Сағынған Қаншай (2012 ж. Қытайдан көшіп келген) [3] тарихи отанына білім алу мақсатында отбасынан тек өзі ғана келген. Себебі Қытай елінде білім алу ақылы болған. Ал Қазақстанда біріншіден мұның бәрі тегін, екіншіден алғаш көшіп келген жылдары мемлекет тарапынан үлкен қолдау

болды. Алғашында орыс тілін білмегендіктен қиналғандығынын жеткізді. Сағынған Қаншай жоғары оқу орнын бітіріп, диплом алып, отбасын құрып Қазақстанда тұрақтап қалды. Қазіргі таңда оқушыларға физика пәнінен сабақ беріп, білім саласына өз үлесін қосып отыр.

Әлемде болып жатқан саяси жағдайды ескере отырып, жер бетіндегі барша қазақтарды өз еліне оралуға шақырды, басқа мемлекеттер қазақтарды ешқашан өз ұлт өкілдеріндей қабыл алмайтынын жеткізді.

Қытай репатрианттары қазақ мәдениеті мен әдет-ғұрпының сан алуан қырларын сақтап келгендіктен Қазақстанға бейімделуі оңайырақ болған. Ал тілдік бейімделуі қиынға соққан.

XXI ғасырдың басында қандастарымыз Қытайдан Қазақстанға көшіп келе бастады. Солардың бірі респондент Бисабек Гүлнар (2005 ж. Қытайдан көшіп келген) [4] қазіргі таңда Алматы қаласы Наурызбай ауданы бойынша №176 мектеп-гимназиясында математика пәнінің мұғалімі. Жеке өмірінде аяулы жар, ардақты ана. Айта кететін бір жәйт респондентіміздің сұхбат барысында толыққанды ашық ақпарат бере қоймады. Себебі оның ата-анасы, туысқандары әлі ҚХР тұрады екен.

Респондент Нұрдәулет Ділмұрат (2019 ж. Қытайдан көшіп келген) [5] тарихи отанына отбасымен бірге келген. Бастапқыда мал дәрігері болып жұмыс істеген. Қазақстанда еңбекақының аздығына байланысты отбасын асырау қиындаған. Кейіннен саудамен айналысқан. Қазіргі таңда жеке кәсіпкер. Сұхбат кезінде респондент барынша ашық болды. Басынан өткен қиындықтарға қарамастан балаларын Тәуелсіз Қазақстанда өсіріп жатқанына, тарихи отанына оралғанына өкінбейді.

Мақала Кеңес Одағы кезеңінде ҚХР-нан тарихи отанына оралған (1961) репатрианттардың елге бейімделу процестерін талдауға арналады. Сол мақсатта Асенов Маулен [6] деген азаматпен тарихи сұхбат ерекше ақпаратты болды.

1961 жылы Советтік Қазақстанға 15 отбасы шамамен 35 адам болып оралды. Отанға оралған ағамыздың алдынан көптеген қиындықтар кездескен болса керек. Сұхбат берушінің естеліктері негізінде сол кезеңдегі қандастарымыздың құқығының аяқ асты болғанын, сыйластықтың төмен болғаны байқалды. «Көшеде кетіп бара жатсақ кейбір балалар үйлерінен жүгіріп шығып, «қытайлық» деп кемсітетін. Осы себептен қызды да, ұлды да ұрамыз, барлық бұзықтық осыдан шықты ғой» [6], -деп Маулен ағамыз бір күліп алды.

Асенов Маулен 1-сыныпты Қытайда оқыған. Кеңес заманындағы білім жүйесі мен Қытай Халық Республикасының білім жүйесін салыстыру мақсатында Маулен ағамызға сұрақ қойдым. Қытайда әсіресе, математикалық бағыт тереңірек оқытылады екен. Маулен ағамыздың замандастары «Қытайдан келгеннің бәрі математик бола ма?» [6], - деп таңқалысқан көрінеді. Ол жақта заңның мықтылығының көрінісі бірде-бір оқушы тәртіп бұзбайтынын айтты. Сауатын Қытайда ашқан ағамыз Отанына оралғаннан кейін өзі танымайтын әліпбимен жалғастыруына тура келген. Бірақ бұл өзгеріс білім алуға және мектеп бітіргеннен кейін жоғарғы оқу орнына түсуіне еш кедергісін келтірмеді. Сөз соңында респондентіміздің Қазақстанға деген сүйіспеншілігі шексіз және Қытайда туғанымен өз Отанын Қазақстан деп есептейтінін айтты.

Жалпы зерттеулер көрсетіп отырғандай, көші-қон саясатындағы басты мақсат, халықтың демографиялық жағдайын көтеру және оларға барынша жағдай жасау болып отыр. Тарихи Отанынан жүздеген, ондаған жылдар бойы сырт жүрген қандастарымыз өзінің ұлттық мәдениетін сақтап, атадан балаға мирас етіп, этномәдени мұраларының қалпын бұзбай келе жатыр. Ұлттық нақыштағы дәстүр, өнер, мәдениетіміздің кейбір ұмыт бола бастаған тұстарын толықтырып, жандандыруда. Сондықтан дәстүрлі мәдениетіміздің жұрнағын таратушы қандастарымыздың ұлттық мұраларының сақталуы мен өзгерісін, жергілікті ортаға бейімделу мәселелерін зерттеу арқылы ұлттық идеяны қалыптастырып, қазақ елінің біртұтастығын қамтамасыз ете аламыз. Сонымен қатар, этнодемографиялық ахуалдың да қазақ халқы үшін белгілі бір жоғары нәтижеге көтерілуі үшін репатрианттар тақырыбының маңызын жоққа шығаруға болмайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев Қ-Ж.К.: «Оралман» Деген Сөзге Қарсымын // NEWSROOM+ 2 Сәуір, 2019 [<https://old.newsroom.kz/3095-toqaev-oralman-degen-sozge-qarsymyn.html>]. Қаралған күні: 20.02.2023.
2. Қанас Айтқұмашпен (1954 ж.т.) сұхбат. Сұхбатты жүргізген Исанова Г. 20.03.2023 ж. 1 сағ. 30 мин. Алматы қ.
3. Сағынған Қаншаймен (1985 ж.т.) сұхбат. Сұхбатты жүргізген Қамысбек Г. 27.03.2023 ж. 1 сағ. 00 мин. Алматы қ.
4. Нұрдәулет Ділмұратпен (1985 ж.т.) сұхбат. Сұхбатты жүргізген Ахметова С. 20.03.2023 ж. 1 сағ. 00 мин. Алматы қ.
5. Сағынған Қаншай (1985 ж.т.) сұхбат. Сұхбатты жүргізген Ахметова С. 25.03.2023 ж. 1 сағ. 00 мин. Алматы қ.
6. Асенов Мауленмен (1985 ж.т.) сұхбат. Сұхбатты жүргізген Қамысбек Г. 21.03.2023 ж. 1 сағ. 00 мин. Алматы.

МЕКТЕПТЕ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

САГАТОВА Ж.М.

тарих пәні мұғалімі, Достық ЖОББМ

Орал қаласы, Қазақстан

Түйіндеме. Бұл мақалада мектепте тарих пәнін оқыту барысында оқушылардың ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс тәсілдері қарастырылған.

Кілім сөздер: тарих, әдіс, ғылыми – зерттеу, дедуктивті, индуктивті

Аннотация. В данной статье рассматривается обучение учащихся школы методам научно-исследовательской работы по предмету история.

Ключевые слова: история, метод, научное исследование, дедукция, индукция.

XXI ғасырдың басында адамзаттың даму тарихы өзінің жаңа технологиялық даму дәуірінен, яғни постиндустриалды даму деңгейіне жетті. Бұл ақпараттық қоғам дәуіріне ене отырып, біз адам өміріне қатысты барлық салалардың, соның ішінде білім саласының да жедел қарқынмен дами бастағанының куәсі болып отырмыз.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алу үшін, Қазақстанның жан - жақты дамуының бірден бір жолы ғылымдыр қырынан менгеру қажет болып отырғаны белгілі. Осы орайда мектеп қабырғасынан оқушыларды ғылыми – зерттеу жұмыстарына баулу қажет. Қазіргі заманғы дәуір оқушыдан тек оқу үдерісі барысында жекелеген пәндер бойынша алынған білімді ғана емес, бәрінен бұрын шығармашылық зерттеу қызметі барысында алынған тұтас білім мен шынайы өмір тәжірибесі негізінде тұжырымдалған тұтастай дүниені сезіну мен дүниетанымды көптеп талап етеді.

Б.С.Гершунский қазіргі заманғы білім берудің дағдысының мәнін талдай келе, білім беру саласының тиімді жұмыс істеуі жалпы түрде екі біріккен міндетті шешумен байланысты:

– осы саламен қамтылған әрбір тұлғаны, оның жеке дүниеге көзқарасы мен ментальдығын қалыптастыру, осы құндылықтарды білім беру (педагогикалық) мақсатын қою, мазмұны мен білім беру (оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту) үдерісі жүйесіне тікелей немесе жанамалып қосу жолымен оны қоршаған социум мен адамзат өркениетінің мәдени құндылықтарына тарту.

«Зерттеу» түсінігі «Үлкен кеңес энциклопедиясында» «жаңа білімді өңдеу процесі және таным қызметінің бір түрі болып есептеледі», – деп түсіндіріледі.

Зерттеу жұмысы дегеніміз - ғылыми әдістерді қолдана отырып, белгілі бір мәселеге немесе мәселеге байланысты жұмысты мұқият бағалау. Американдық әлеуметтанушы Эрл Роберт Баббидің айтуынша, " Зерттеу-бұл байқалған құбылысты анықтау, түсіндіру, болжау және бақылау үшін жүйелі зерттеу. Ол индукциялық және дедуктивті әдістерді қамтиды." деген болатын. Зерттеудің өзінің бірнеше түрі бар.

Индуктивті зерттеу әдістері байқалған оқиғаны талдайды, ал *дедуктивті әдістер* байқалған оқиғаны растайды. Индуктивті тәсілдер сапалы зерттеулермен байланысты, ал дедуктивті әдістер көбінесе сандық талдаумен байланысты.

Зерттеу түрлерінің жіктелуі: Зерттеуші зерттеу мәселесіне байланысты алғысы келетін мәліметтер түріне қарай әр түрлі зерттеу түрлерінің бірін таңдайды. Зерттеулерді мақсаттарына, назар аударатын уақыт кезеңіне және нәтижелерін мақсатты пайдалануына қарай әртүрлі тәсілдермен жіктеуге болады. Зерттеу мақсатына сәйкес зерттеушілік, сипаттамалық сипатта болады немесе түсіндірме зерттеу ретінде жіктеледі. Олар назар аударатын уақытқа сәйкес зерттеу көлденең қима және бойлық зерттеу ретінде екі бөлімге бөлінеді. Мақсатты пайдалану тұрғысынан зерттеулер теориялық немесе прагматикалық (утилитарлық) мақсаттағы зерттеулер ретінде жіктеледі. Теориялық мақсаттарға бағытталған зерттеулер әлеуметтік өмір мен қарым-қатынастағы заңдылықтарды ашуға немесе әлеуметтік құбылысты терең зерттеуге бағытталған. Утилитарлық мақсаттарға бағытталған зерттеулер, керісінше, әртүрлі әлеуметтік мәселелерді бағалау, шешу немесе шешуге үлес қосу мақсатында жүргізіледі.

Мақсаттарына сәйкес зерттеу түрлері: Алынатын дерек түрі бойынша зерттеудің үш негізгі түрі бар. Олар *зерттеушілік, сипаттамалық және түсіндірме* (гипотезаны тексеру) зерттеулер.

Зерттеушілік зерттеулер - Зерттеушілік зерттеулер дегеніміз-зерттеуші өзі көп білмейтін тақырыптарды зерттегенде немесе зерттеу тақырыбы салыстырмалы түрде жаңа болған кезде жүргізілетін зерттеулер. Зерттеудің бұл түрі зерттеушіге тақырып туралы алдын-ала ақпарат береді, олар үстірт ақпарат жинауға бағытталған. Әдетте үш жағдайда іздестіру зерттеулеріне басымдық беріледі:

а) егер осы уақытқа дейін зерттелетін топқа, процеске, іс-әрекетке немесе жағдайға жүйелі эксперименттік сараптама жүргізілмеген болса немесе өте аз зерттеулер жүргізілген жағдайда;

б) егер қызығушылық тудыратын тақырып икемді түрде зерттелмеген болса, егер бұл тақырып бойынша болжамға бағытталған зерттеулер тек қатаң бақылауда жүргізілген болса;

в) немесе белгілі бір тақырып осы ақпаратты жарамсыз деп танытындай өзгеріске ұшыраған болса, іздестіру зерттеулеріне артықшылық беріледі.

Зерттеушілік зерттеулердің әдетте үш мақсаты бар:

- 1) зерттеушінің тақырыпқа деген қызығушылығын қанағаттандыру және алдын ала ақпарат беру,
- 2) тақырып бойынша құрлымы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп жүргізілмегенін анықтау;
- 3) кейінгі зерттеулерде қолдануға болатын деректерді жинау құралдарын жасау. Басқаша айтқанда, барлау зерттеулерінің мақсаты зерттеушіге зерттеу мәселесін анықтау және жан-жақты зерттеулер жүргізу үшін қажетті ақпаратты беру болып табылады.

Зерттеу мәселесі туралы ақпаратты ең жалпы деңгейде жинау үшін іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Зерттеудің бұл түрі зерттеушіге өзін қызықтыратын тақырыбына туралы қолда бар ақпаратты береді бұл оған зерттеуге мүмкіндік береді және кейінірек жүргізілетін кеңірек зерттеулерге негіз дайындайды. Ізденуші зерттеуді аяқтағаннан кейін зерттеуші зерттеу тақырыбы бойынша жинаған ақпаратына сүйене отырып, зерттеу мәселесін нақтылайды. Зерттеушілік зерттеулер зерттеушінің қандай деректерді жинау құралдарын қолданатынын және оның зерттеуіне кімді қосатынын шешеді, қай зерттеудің әдісі оны қызықтыратынын таңдап, тақырыпты жақсы зерттеуге көмектеседі.

Зерттеушілік зерттеулердің негізгі шектеуі-зерттеу мәселелеріне қанағаттанарлық жауаптарды сирек алуға болады, өйткені олардың үлгілері зерттеу әлемін білдірмейді. Басқаша айтқанда, зерттеу барысында ақпарат жиналатын адамдар зерттеушіні қызықтыратын кең қауымдастықтың типтік мысалдары болып табылмайтын жағдайларда, зерттеуші толық емес ақпарат алуы мүмкін.

Зерттеушілікте зерттеу әдісі: Зерттеушілік зерттеулерде, зерттеуді бастамас бұрын тақырып туралы көп ақпарат болмағандықтан, зерттеу мәселелерін нақты құру мүмкін емес. Сондықтан зерттеудің бұл түрі сапалы әдісті қолдануды талап етеді.

Зерттеушілік зерттеулерге әдебиеттерге шолу, сараптамалық кеңестер және жағдайларды анықтау әдістері кіреді. Әдебиеттерге шолу-кез-келген зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат алудың бірінші кезеңі. Әдебиеттерді шолу тиісті әдебиеттерді анықтауды, сканерлеуді, оқуды және алынған ақпаратты жинақтауды және синтезде білдіруді қамтиды. Сарапшыларға кеңес беру әдістемесі-зерттеуші осы тақырып бойынша өз бетінше ақпарат ала алатын сарапшы адамдармен кеңеседі. Қорыта айтқанда дарынды да, қабілетті оқушыларды ғылымға баулып, ғылым арқылы еліміздің дамуына үлес қосуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Ақпанбетова, Г. (2010). Сабақта жана технологияны қолдану. Қазақ тарихы, № 3.

Жолдасов, Б. (2007). Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. Білім, № 5.

Кенеев, К., Ақалықова. (2006). Оқыту үрдісінде педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану. Білім, №3.

Тлеубергенова С. (2017) Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, (<https://oqu-zaman.kz/?p=17205> 01.03.2024).

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ТОҚБЕРГЕНОВА З.С.	Тарихи сана қалыптастырудағы отан тарихының рөлі.....	5
ӘБДІҚАЛЫҚ К.С., АБДИКАЛИКОВА Э.С.	Алаш қозғалысының алғашқы қалыптасу кезеңі.....	7
АЙТЕНОВА АСИЯ БАТЫРХАНОВНА	О казахском патриотизме: его истоки, традиции, преемственность....	10
КАНЕНОВА Г.Т., БИЖАНОВА Г.Х.	Заман талаптары және дәстүрлі мәдениеттің өзгеру кезеңдері.....	14
АБДРАЗАКОВА АЛМАГУЛЬ УМУРЗАКОВНА	Қазіргі білім беру жүйесінде отансүйгіштікке баулу ерекшеліктері.....	18
ТІЛЕБАЛДЫ ЖҰЛДЫЗ ҚАБЫЛДАҚЫЗЫ., ЖУГИНИСОВА Ж.	Ахмет Байтұрсыновтың қазақ ұлттық қозғалысындағы рөлі мен мұрасы.....	21
ТЕМІРХАНОВ Ғ.Б.	Қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы және Азаттық қозғалысқа тигізген әсері.....	23
СУЛЕЙМЕНОВ АСАН МҰХАНБЕТҰЛЫ	Қазақстандағы рухани құндылық мәселесі.....	27
ЕСТЕМЕСОВА А.О.	Мектептегі сабақтардағы патриоттық тәрбие және қоршаған әлем.....	29
САРИПБЕКОВА А.Т., НҰРХАНОВА Ғ.Б.	Жастарды патриоттық тәрбиелеу қазіргі білім берудің маңызды міндеті ретінде.....	31
ДЖУМАГАЛИЕВ Д.А.	Ключевые исторические события и личности в истории Казахстана (по материалам опросов экспертов г. Астана).....	34
ОСПАН ЖАЗИРА ОСПАНҚЫЗЫ	Қазіргі бала тәрбиесінің ерекшеліктері.....	35
БАЙГАРАЕВА АЙЖАН КУЛЖАБАЕВНА	Гуманитарлық пәндер бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.....	40
МУКУШЕВА Б.М.	Жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлттық құндылықтың маңызы.....	42
АСЕТОВА ГУЛЬБАНУ АРИПХАНОВНА	Болашақ мұғалімдерде оқушыларды гуманитарлық пәндерді оқытумен патриоттық тәрбие беру мәселелері.....	46
САУРБАЕВА РАЙСА САНАКОВНА	Ұлт болашағы білімді жастардың қолында.....	51
КУСМАНОВА А.С.	Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру.....	55
АЛИБАЕВА АЙНУР НАЗАРОВНА	Глобализация, культурная коммуникация и гуманитарные науки: взаимодействие в эпоху цифровой революции и формирование исторического сознания.....	57

ИСКАКОВА АЛИЯ СЕРИКБАЕВНА	Заманауи білім нәтижесіне қол жеткізу.....	61
СТАМКУЛОВ РУСЛАН, АРЫНОВА ДИНАРА	Музейлерде тарих сабағын ұйымдастырудағы жұмыс түрлері.....	63
ЕЛШІБАЕВА Ғ.Қ.	Мектеп жасындағы балаға тәрбие беру құралы – тілдік бірліктер.....	64
KUANYSH SAGYNOVA., SAMAT ZHUMATAU	State, public and scientific and pedagogical activity of S.Saduakasuly (based on new archival and written data).....	67
БЕГАРИСОВ Р.А., ӘЛІМҒАЗИНОВ Қ.Ш.	Қайраткер Қабылбек Сарымолдаевтың мемлекеттік қызмет жолы (1923-1938).....	76
ТҰРҒЫНБАЕВА ЛӘЗИЗА МАРАТҚЫЗЫ	Қазақ этнонимінің әлеуметтік мәні мен мазмұны.....	80
ҚҰЛЖАН ҚАЙНАР, ШОЛПАНҚҰЛОВА Қ.А.	«Қазақ» газеті – Алаш тарихының дереккөзі.....	81
АМАНГЕЛДІ Қ.	Қазақстанға депортацияланған халықтар тарихы (Солтүстік Кавказ халықтары мысалында).....	84
АБИШЕВА ЖАНАТ РЫСБЕКОВНА	Алаш қозғалысы және Ахмет Бірімжанов.....	87
ЕРМАХАНОВА Р.Б., ДҮКЕНБАЕВА З.О	Реформатор тұлға – Шерхан Мұртаза.....	91
АКНМЕТКАЛИЕВА А., SAMAT ZHUMATAU	The activity of Zh.Shayakhmet as the first Secretary of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan (1946-1954).....	94
МУКЫШЕВА А.М., УДЕРБАЕВА С.К.	Қазақ кино туындыларының мекені - «Қазақфильм» киностудиясы.....	99
НҮРКЕНОВА ЛӘЗЗАТ., САМАТ ЖҰМАТАЙ	Елдің қалаулы азаматы – Қайролла Мұқанұлы (1932-2020).....	102
ӘКІМБЕК Д., ШОЛПАНҚҰЛОВА Қ.А.	Қазақ даласынан шыққан Мысыр билеушісі-сұлтан Бейбарыс.....	104
РАХМЕТУЛЛА Ш.Т., ТОКБОЛАТ С.Т.	Роль Кенесары хана в интересах Русского государство в Среднеазиатских конфликтах.....	107
СУШЫ Д.М., УСЕНОВА А.М.	Сөйлеу тілінің жалпы бұзылысы бар балаларға гуманитарлық білім беруде интерактивті оқыту әдістері.....	111
ОМАРХАНОВА А., САМАТ ЖУМАТАЙ	The motif of the Miraculous Birth of Heroes In Ancient Turkic Written Monuments.....	114
ЧАЛОВА АИДА ҚАНАТҚЫЗЫ	Роль географических условий в формировании политики Российского правительства в 1868 году в тургайской области.....	116
БЕГАРИСОВ Р.А., ӘЛІМҒАЗИНОВ Қ.Ш.	Қайраткер Қабылбек Сарымолдаевтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы.....	123

КОРЕҮЕВА САНҮА., SAMAT ZHUMATAU	Shota-Aman Ualikhan: life and social and architectural activities (1932-2021).....	126
БАЗАРБЕКОВ ҒАЛЫМБЕК ЖЕНИСБЕКОВИЧ	XVII-XVIII ғғ. Ертіс бойындағы қазақ, орыс, қалмақ қатынастары....	129
AKZHOL AKZHAN., SAMAT ZHUMATAU	Segizseri: life and military and diplomatic service(1818-1854).....	134
БЕЙСЕНОВА Ж.Ж.	Патриоттық тәрбиенің маңыздылығы.....	137
ИБРАГИМОВА ЖАНАР	Сырдарияның төменгі атырауындағы қарақалпақтардың қоныстану тарихы және этникалық құрамы.....	140
ТУЛЕЕВА ЖАНАТ МЫРЗАШОВНА	Тарихи ойлау концептісі негізінде оқытудағы ұлттық құндылыққа негізделген әдіс- тәсілдердің тиімділігі.....	142
ПАЛЫМБЕТОВА ҰЛБОСЫН	Түркістан өлкесіндегі XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси процестер.....	146
АБИКЕЕВ К.	Жоңғар шапқыншылығы ауызша деректерде.....	149
KHASANOVA AIDA ZHANTURINA	Ways To Teach Children A Set Of Ancient Specialties In Early Professional Orientation In Preschool Organizations.....	153
СИМУҚАНОВА Г.С. МАЦЮК Д.А.	Профессор Сейдімбек: көшпелілер өркениетінің рухани болмысы туралы.....	156
ШАЙДОЗЫМ Н.Д.	К.Нұрпейісов зерттеулеріндегі Ә. Бөкейханов және Алаш.....	160
РАХМАЛИЕВА Л.А.	Тарихи сана қалыптастырудағы гуманитарлық ғылымдардың ролі....	163
САДЫКОВА Л.К., ДЖАКИПОВА Т.У.	Діни сауаттылық – ұлт болашағы.....	166
NURSULTANOVA L.N., SURABERDI T., BAIDILDAEVA A.	Foreign Investments In The Economy Of Kazakhstan: The European Vector.....	168
АМИРХАНОВ А.Д.	Колониальная политика царской власти по отношению казахам Астрахани.....	172
ТУЛЕГЕНОВА А.Ж., ҚАРСЫБАЕВА Ж.А.	Тарих сабағында хронологияны оқытудың тәсілдері мен құралдары.....	176
ЖАКУПБЕКОВА Э.А., САДЫКОВА Л.К., ҚАЗЫБАЕВ С.Қ.	Эмпатия болашақ кәсіптің моралдық компоненттерінің бірі ретінде.....	179
БУЛЕЕВА А.И.	Гуманитарлық пәндерді оқытудағы патриоттық тәрбие беру мәселелері (Махамбет Өтемісұлы атындағы қазақ драма театрының тарихы негізінде).....	182
ИСАНОВА ГУЛНАЗ ТОЛЕУХАНКЫЗЫ	Санжар Асфендияровтың «Қазақстанның ежелгі дәуірден бергі тарихы» еңбегі.....	185

ДЖУМАБАЕВА М.Х.	Патриотическое воспитание молодого поколения на примере изучения наследия «Алаш».....	189
ШИЛИКБАЕВА А.М.	Тарих пәнін оқытуда деректермен жұмыс істеу сауаттылығын дамыту тәжірибесінен.....	192
ИБРАГИМОВ М.А.	Көшпелілер мәдениетінің үлгісі.....	197
САДЫКОВА Л.К., ЖАКУПБЕКОВА Э.А.	Еңбек адамының мәртебесі.....	201
СУАТОВА ФАРИДА БОЛАТОВНА	Тұлғаны жан-жақты дамытудағы басты көрсеткіш-құзыреттілік.....	203
ДЮСЕМБЕКОВА ЖАДЫРА МАЛИКОВНА	«Ақ Жол» газетінде көтерілген ашаршылық мәселелері.....	206
ҚАМЫСБЕК ГҮЛЗАТ НҮРМАХАНБЕТҚЫЗЫ	Ж.Қасымбаев зерттеуіндегі Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектісіне қатысты тұжырымдарын талдау.....	208
АНУАРБЕКОВА А.К.	Педагогика және бағалауда жаңа технологияларды қолдану.....	214
ЕРМАГАМБЕТОВА АЙНУР НУРЛАНОВНА	Педагогическая археология как методика повышения интереса и эффективности у учащихся на уроках истории.....	216
ТАСМАНОВА АЛТЫНАЙ КЕЛИСБЕКОВНА	Бастауыш сыныптардағы гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру.....	219
АБДУРАХМАНОВА К.Р.	Тарих сабақтарында ұлттық құндылықтарға баулу мәселесі.....	221
ИСАНОВА ГҮЛНАЗ., ҚАМЫСБЕК ГҮЛЗАТ., АХМЕТОВА САМАЛ	Айтылған тарих: Қытайдан оралған қазақ репатрианттарының естеліктері негізінде.....	223
САГАТОВА Ж.М.	Мектепте тарих пәнін оқытуда ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың әдістері.....	225

Ғылыми басылым

«Нұрпейіс оқулары» аясындағы
«Жаңа тарихи сана қалыптасуы контекстінде Отан тарихын зерттеудің мәселелері»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
ЖИНАҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ
15 наурыз 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
**«Проблемы изучения Отечественной истории в контексте формирования нового
исторического сознания»**
в рамках «Нурпеисовских чтений»
15 марта 2024 года